

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ
ИНСТИТУТЫ

**ҚОҒАМНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ КЕЗЕҢІНДЕГІ
ТҮЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Ұжымдық монография

Алматы, 2025

ӘОЖ 1/14
КБЖ 87.3
Қ 57

*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған, 21.10.2025 ж. №4 хаттама*

Жауапты редактор:

философия ғылымдарының докторы, профессор **С.Е. Нұрмұратов**

Сарапшылар:

философия ғылымдарының докторы, профессор **М.С.Сәбит**
философия ғылымдарының докторы, профессор **Б.М.Сатершинов**

Қ 57 Қоғамның өзгерістері кезеңіндегі тұлғаның қалыптасуы.
Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институты, 2025. – 292 б.

ISBN – 978-601-311-343-2

Бұл ұжымдық еңбекте қазіргі тарихи кезеңдегі адам тұлғасының қалыптасу мәселелері жан-жақты талқылаудан өткізілді. Заманауи кезеңдегі Қазақстанның орнықты дамуына әділеттілік қағидатын пайдаланудың оңды шешімдері ұсынылады. Әсіресе, тарихи-мәдени зерттеулер, әлеуметтанулық сараптамалар, философиялық түйіндемелер тұрғысынан тұлға феномені ғылыми тұрғыдан кеңінен тұжырымдалды. Сонымен қатар қоғамның жаңғыруы кезеңіндегі қазақстандықтардың қазіргі замандық тұлғалық деңгейдегі құндылықтық және бірегейлену мәселелері мен цифрлық технологиялардың өрбуі кезеңіндегі проблемалар талқыланды.

Жұмыс еліміздегі адам және тұлға философиясының қалыптасуы мен дамуын зерттеумен айналысатын мамандарға, ғалымдарға, жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына, магистранттары мен докторанттарына және тақырыпқа қызығатын қалың оқырман қауымға арналған.

Ұжымдық монография АР19677167 «Қоғамның тұтастанған қайта пішімделуі жағдайындағы тұлғаның рухани қалыптасуы мәселелері» атты гранттық жобаның ауқымында орындалды.

ӘОЖ 1/14
КБЖ 87.3

ISBN – 978-601-311-343-2

© ҚР ҒЖБМ ҒК «Философия, саясаттану
және дінтану институты» ШЖҚ РМК, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
1 ТҰЛҒА ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ- ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Тұлғаның қалыптасуы мен дамуы туралы концептуалдық ғылыми-теориялық тұжырымдар.....	11
1.2 Шығыс пен Батыс сұхбаты аясында әмбебап тұлға мәселесінің философиялық пайымдалуы.....	19
1.3 Философиядағы тұлға мен тұлға философиясы.....	38
1.4 Ислам философиясы тарихындағы адамның тұлғалық қырлары.....	45
1.5 Ислам философиясындағы кемел адам идеалы хақында.....	59
1.6 Дәстүрлі қоғамдағы тұлғаның қалыптасуының ерекшеліктері.....	71
2 ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ҮШІН ЖЕКЕ ТҰЛҒА МӘРТЕБЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	
2.1 Қазақ ағартушылық философиясындағы жеке тұлғаның рухани қалыптасу мәселелері.....	90
2.2 Қазақ зиялылары дүниетанымындағы жеке тұлғаның сипатталуы.....	117
2.3 Қазақ дүниетанымындағы келісім концептісінің тұлғаның қалыптасуында алатын орны.....	143
2.4 Қазақ шешендік сөз өнері – қоғамдағы тұлға қалыптасуының этнорухани мектебі	164
2.5 Қазақ қоғамындағы тұлғаның рухани қалыптасу үдерісі: еркіндік және жауапкершіліктің арақатынасы.....	187
2.6 Қазақтың тарихи және заманауи рухани дүниесіндегі тұлға құндылығы: концептуалды бағыт-бағдарлар.....	208

3 ЗАМАНАУИ КЕЗЕҢДЕГІ ҰЛТ РУХАНИЯТЫҢДАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ ЖАСАМПАЗ РӨЛІ

3.1 Қазіргі Қазақстан қоғамы және жеке тұлғаның рухани қалыптасуы.....	219
3.2 Еркіндік пен жауапкершілік құбылыстарының заманауи кезеңдегі тұлғаның қалыптасуына ықпалы.....	237
3.3 Отандық кәсіби философияның тұлғалары және ұлт руханияты.....	249
3.4 Қазіргі кезеңдегі мега-әлеуметтің трансформациялануы мәселесі: адамның «бұқаралануы» құбылысы.....	259
3.5 Рухани құндылықтар бастауы – жан әлемі.....	270
ҚОРЫТЫНДЫ.....	288

КІРІСПЕ

Тұлға философиясы мәселесі халқымыздың қазіргі тарихи кезеңдегі маңызды мәселелерінің қатарына жатады. Себебі еліміздің тәуелсіздігімен қоса оның тарихи санасында адам болмысына қатысты түбегейлі этикалық қасиеттерді қастерлеу, дәріптеу үрдісі қалыптасып келеді. Қазақстандықтар соңғы жылдары өткен тарихи кезеңдерге сын көзбен қарап, өзінің оңы мен солын түгендей бастады, болашағына үлкен стратегиялық жоспарлар жасап, әрбір қандасымыздың тағдырына барынша көңіл қойып, оның жеке өмірінің халықтың ділімен астарласып жататындығына назар аудара бастады. Бұл халқымыздың менталдық, құндылықтық қырлары бойынша әжептеуір есейгендігінің белгісі. Оқырмандарға ұсынылып отырылған бұл ұжымдық монография өз кезегіндегі тұлғаны философиялық сипаттауға қатысты қазақ тіліндегі жүйелі еңбек болып табылады. Ұжымдық монографияның авторлары біртұтас еңбек жасай отырып, зерделеуге қатысты өз белсенділіктерін, ерекше позицияларын барынша сақтауға тырысты.

Қазіргі кезеңдегі күрделі процестер әлемнің тағдыры үшін үлкен маңызы бар. Көрші мемлекеттердегі үлкенді-кішілі әлеуметтік, саяси өзгерістер, кикілжіндері мен проблемалары, олардың алға өркениеттік мағынадағы жылжу үрдістері еліміздегі гуманитарлық саладағы зерттеушілерді алаңдатпай қоймайды. Өйткені қазіргі кезеңдегі ақпараттық өзара байланыстар, хабардың жету шапшаңдығы, тіптен, алыстағы елдерді де өзара бір-біріне жақындата түскендей. Міне, осындай жағдайда адам тұлғасының келелі дүниетанымдық-философиялық мәселелері тек зерттеушілердің ғана назарын аудартпай, халқымыздың алдыңғы қатарлы зерделі тобын түгелдей алаңдататы. Әділеттілік қағидатының қазақстандық әлеуметте негізгі этикалық бағдарға айналуы қазіргі қайта пішімделу үдерісінің негізгі басымдық танытатын жағдаяты.

Бүгінгі адамзаттық біртұтас қауымдастықтың құрылымын құрайтын әр алуан әлеуметтік топтардың ішінен этникалық қауымдардың мәдениетінің, дінінің, ділінің мәселелері алдыңғы орынға көтеріліп отыр. Қазіргі әлемде ол архаикалық этникалық қауымдастықтардан бастап, суперэтностарға дейін әлеуметтік-саяси, экономикалық құрылыстары әртүрлі және басым көпшілігінде полиэтникалық болып келетін екі жүзден астам елдің құрамына кіреді. Әлемді шарпыған «этникалық ренессанс» өзінің күрделі, құбылмалы, қайшылықты, қақтығысты сипатымен ерекшеленеді. Этникалық мәселелердің рөлінің күшеюі өз халқының мәдениетіне, әрбір жеке тұлғасының тағдырына, дүниетанымына деген қызығушылықты оятатын этникалық сана-сезімнің өсуімен байланысты және бұл этникалық белгілердің тұлғааралық, ұлтаралық және мемлекетаралық қатынастарда үстем болуы байқалып отыр. Бұл құбылыстар өз кезегінде этникалық деген ерекшеліктің саясаттандырылуына әкелетіні анық.

Әсіресе, философиямен қатар әлеуметтік психологияда кеңінен пайдаланылатын «тұлға» терминінің гуманитарлық білімде қомақты орны бар. Жалпы тұлғаның, сондай-ақ этникалық, діни, әлеуметтік, жыныстық, жас шамалық және кәсіби қауымдастықтардың ішкі тоқтамы мен өзіндік санасын белгілеу үшін бірегейлік ұғымы да барынша қолданылады. Қазіргі кезде осы ұғымдар ұлттық деңгейдегі мәдени феномендер аясына да кеңінен еніп отыр. Адам туылғаннан бастап белгілі бір құндылықтар жүйесін, әдетте, сол күйінде қабылдайды. Мысалы, отбасылық, топтық, ұлттық, мемлекеттік, өркениеттілік деңгейлерде. Еркін таңдау қабілеті тек шығармашылық типтегі тұлға деңгейіне көтерілген адамдарға тән болып келеді.

Жалпы нәсілдік, этникалық, діни және т.б. дискриминациялар жеке адамның эволюциялық қажеттілігі барысында оны топтық бірегейлік формасына енуге мәжбүрлейді. Тұлғалық қалыптасуға нұқсан келтіреді. Мұндай топтар көп жағдайда өз ынтымағының арқасында өмір сүруге бейімді келеді. Мұндай қауымдастықтар, американ футурологы Олвин Тоффлердің айту-

ынша, «психосфералық» бірлік идеясымен қамтамасыз етіледі. Жалпы алғанда, заманауи кезеңдегі мәдени бірегейлік – адамның өзін-өзі белгілі бір нақты мәдени ортада сезіну деңгейі деген орынды.

Бұл ғылыми-зерттеу жұмысы тұлғаны негізгі философия тұрғысынан ғылыми зерделеуді басшылыққа ала отырып еліміздің тұрақты және серпінді дамуы аясында ұлттық тарихты тұтастай зерделеудің теориялық негізін құруды қамтамасыз етеді және онда тарихи сананың дамуы мен қалыптасуы Қазақстанның дамуының маңызды рухани ресурсы және қазіргі әлемнің дамыған әділетті мемлекеттердің қатарына енудің ерекше рухани факторы болып табылатыны анық екенін көрсетеді.

Қазіргі жаһандық әлемнің жоғары талаптарына жауап беретін философиялық білімді алу мен дамытудың жаңа мүмкіндіктерін іздеуден тұратын жаһандық философиялық процестің даму логикасы философиялаудың батыстық және шығыстық түрлерінің тығыз интеграциясын талап етеді. Қазақстандағы философияның серпінді дамуы – тарихи-философиялық және мәдени мұраның қалыптасу және үйлесу жағдайында мәдени, әлеуметтік, экономикалық және саяси шындықты түсінуде философиялық реңкті белгілейтін қазіргі заман мәселелері бойынша руханилықты молайтудағы қайта құру процесі. Жаңа Қазақстанның дамуы да тұлға мәселесімен астасып жататыны анық.

Қазіргі әлемде халықтардың дүниетанымдық жүйесінде қоғамның көптеген негізгі құндылықтарын қайта қарау жүріп жатыр. Философия маңызды рөл атқаратын жаңа шындықты бәріміз терең түсініп, байыптауымыз керек. Ол ғылыми құралдардың берік арсеналына, онтологиялық, гносеологиялық және аксиологиялық әзірлемелерге, қойылған сұрақтарға жауап іздеуге арналған Шығыс және Батыс дискурстарының теориялық негізіне ие. Қазіргі уақытта философиялық рефлексия бұрынғыдан да өзекті. Өйткені, философияның ерекшелігі – ол дүниенің дамуының салдары мен болашағын көруге мүмкіндік беретін жаһандық көзқарасты қамтамасыз ететін білімнің әмбебап түрі болғанында.

Қазіргі Қазақстанның тағдыры үшін бұл міндет біздің еліміздің дағдарыстан кейінгі кезеңде әлемдік қауымдастықта қандай ұстанымға ие болатынына, республиканың Жаңа Қазақстанды түсіну мен құру мәселесіне не әкелетініне және қалай болатынына байланысты нақтыланып, еліміздегі әлеуметтік-мәдени ортаны өзгертуге үлес қосады. Жаңа, әрине, түбегейлі шындықты түсінуімізге талпыну үшін әлеуметке өзгерістер әкеледі. Бұл Кеңестік философияда ғылыми салмағы, кәсіби деңгейі жоғары болған сол кездегі Қазақстан философиясына да әсер етті. Әмбебап бағыттылығымен және кеңестік философияның бір бөлігі бола отырып, ол өзінің көптеген салалары бойынша кәсіби зерттеулерді дамыта отырып, әлемдік философияның орнықты мәселелерін қамтыды.

Саяси-идеологиялық тәуелсіздік алған қоғам алдынан жаңа көкжиектер ашқан қазіргі жағдайда қазақстандық философия ұлттық өзіндік санаға, философияның ұлттық бейнелерін зерттеуге, философиялық дүниетанымның шынайы тамырларына және ұлттық-мәдени тамырларға бет бұра бастады. Бұрын философияның ғылыми ізденістерінің шетінде қалған, жетілмеушілік кұрсауында болған ұлттық философия жандана бастады.

Ғасырлар тоғысында орын алған екі елеулі оқиға – үстемдік етуші маркстік-лениндік дүниетанымнан бас тарту және қазақ философиясының мазмұнын зерделеуге үндеу – қазақ философиясының қазіргі келбетін, оның мәселелері мен мазмұнын айқындап берді. Марксизм философиясы мен оның әдістемесінің моноидеологиялық ықпалынан бас тарту автоматты түрде Қазақстанда философиялық зерттеулердің өркендеуіне немесе оның алға жылжуына әкеліп соқтырмағанын ерекше атап өткен жөн. Қазіргі философияның зерттеу саласының көптүрлілікке қарай барынша кеңеюі және бұрынғы жағдайға қарағанда өзінің жеке философиялық болмысының мәселелерін тереңірек түсінуге бағыттады. Дегенмен, плюрализм өзінің жағымсыз жағын да көрсетті, мұнда әртүрлі ілімдердің идеологиялық көптігі адамның дүниедегі өмір сүруінің шарттары мен мүмкіндігін анықтау үшін

нақты идеологиялық бағыттардың бастапқы нүктесі мен теориялық негізін таңдауға белгілі бір кедергі болды.

Қоғамдық қатынастарды түбегейлі қайта пішімдеумен байланысты Әділетті Қазақстан құрылысының күрделі мәселелері философияның мәртебесін, оның қоғамдағы орны мен рөлін қайта қарастыратын идеологиялық мәселелер кешенінің дамуын анықтайды. Қазақстандық философтар адам бойындағы терең қағидаларды, сол арқылы дүниедегі адам тағдырын түсіндіруге арналған жаңа, бұрын белгісіз болып келген, шын мәнінде келешегі зор теориялық тәсілдерді игеріп, өздерінің ғылыми зерттеулеріне жаңа идеологиялық негіздерді енгізуде. Мәселен, теориялық жағынан жаңашыл болып келетін ұстаным тұлғаны қоғам мен адам байланысындағы жетекші рухани күш ретінде қарастыру. Сыртқы факторлардан гөрі ішкі имманентті қайшылықтарды уақытылы шешіп отыру маңызды екені пайымдалады. Адам өзіне өзі жасауға ұмтылуы үстемдік етуіне басымдылық беріледі, сөйтіп, оның шығармашыл, әділетті, креативтік қасиеттеріне негізгі басымдықтар беріледі.

Егер бұрын қазақстандық философия мұндай ұғымның жоқтығынан және оны тек «қоғамдық ой» ретінде қарастыруынан көрінетін қазақ философиясына тиісінше мән бермесе, қазіргі уақытта философияның бұл бағыты қазақстандық философияда жетекші бағытқа айналды. Қазіргі кезеңде қазақ философиясының жаңаша ашылуы және оны жаңа тарихи шындықтарда қайта қарастыру жүріп жатыр. Қазақ философиясының ауықымында зерделенген тұлға феноменіне қатысты мәнін, бастауын, мазмұнын және мәдени-тарихи даму кезеңдерін зерттеу маңызды және көптеген ұғымдар соңғы кезде өзіндік сыни философиялық ой толғаулардан өтуде. Ұжымдық ғылыми монографияда түркі және қазіргі қазақ философиясының тарихына арналған бірқатар бөлімдерде тұлға мәселесін ғылыми талдау барысында инновациялық зерттеу әдістері қолданылды.

Қазақ философиясы қазақ дүниетанымы мен танымының квинтэссенциясы ретінде ғалымдар тарапынан жаңа идеялық-

әдіснамалық позициялардан қарастырылып, зерттеу еңбектерінде өзінің толықтығымен, тарихи дамуымен, сабақтастығымен, өзіндік ерекшелігімен берілген. Зерттеушілер еңбекте еліміздің рухани жаңғыруы ғана емес, шынайы әлемдік және ұлттық философияға үлес қосуға, тұлға проблемасын пайымдауға үндеу мәселелерін ерекше өзектілікпен көтеріп отыр.

Ұжымдық монография авторлары: Нұрмұратов С.Е. – кіріспе, 1.1, 1.2, 1.5, қорытынды; Жаңабаева Д.М – 1.2; Нысанбаев Ә.Н. – 1.3; Құрманғалиева Ғ.Қ. – 1.4; Тұмашбай Т.Е.– 1.4; Қоянбаева Г.Р. – 1.5; Барлыбаева Ғ.Г. – 2.1, 2.5; Келдинова А.Б. – 2.2; Ержанова А.Ж – 2.3; Раев Д.С. – 2.4; Қожамберлиев Б. – 2.4; Жанпейісов Н.Қ. – 2.4; Нүсіпова Г.И. – 2.5, 3.2; Аташ Б.М. – 2.6; Тайжанов А.Т. – 3.1; Карибаев О.О. – 3.3; Сартаева Р.С – 3.4; Бейісбай С.Е. – 3.5.

1 ТҰЛҒА ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ- ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Тұлғаның қалыптасуы мен дамуы туралы концептуалдық ғылыми-теориялық тұжырымдар

Ғылыми әдебиетте, оның ішінде философиялық, әлеуметтанулық, психологиялық әдебиетте тұлға феноменін түсіндіруде толық концептуалды әр қилылық байқалады. Адамды категориялық қарастыру барысында тек жеке адам (индивид), даралылық және тұлғаның тұтастанған өзіне жіктемелейміз. Бір қарағанда олардың арасында ешқандай айырмашылық жоқтай көрінеді. Мәселен, тұлға феноменін сипаттауда бұқаралық ақпарат құралдарында және арнайы әдістемелік әдебиеттерде «Тарихи тұлға» ұғымымен қатар «ұстаз тұлғасы», «мектеп оқушысының тұлғасы», «инженер тұлғасы», «спортшы тұлғасы», тіпті «қылмыскер тұлғасы» деген тіркестерді жиі кездестіруге болады. Бұл жалпы ғылыми жіктемелеудің қарапайым түрлері және философиялық пайымдаудың әлі де өзіндік белең алмағанының белгісі. Бірақ философиялық талдау мағынасында жеке адам, даралылық және тұлға ешқашан өзіндік қарапайым синонимдар болып табылмайды.

Жалпы философияда құбылысты интерпретациялауда қарапайым синонимдерге мүлдем орын жоқ, бірақ зерделеу барысында өте жақын мағынадағы ұғымдар болатыны мойындалады. Сондықтан енді осы бағытта адам құбылысының осы көріністеріне қысқаша сипаттама беріп көрелік. Құбылыстың нақтылығы және сонымен бірге түсініктің анықтығы үшін біз жеке, даралылық мен әмбебаптық, сәйкестік және айырмашылық категорияларымен жұмыс істейтін боламыз (олардың синергиялық және диалектикалық-логикалық мағынасында). Осы категориялардың

аясында адам тұтастық құбылысы ретінде жеке, даралық және тұлғаның ерекше формалары ауқымында өмір сүретіні белгілі. Олардың бір-біріне өту мүмкіндіктері шектелмейді. Өйткені болмыстағының барлығы өзара байланыста, өзара қатынаста және даму үстінде болады.

Адамның жеке адам – индивид ретіндегі абстрактілі әмбебаптық келбетінде барлығынан басым болатын өзіндік ерекшелік бар: оның басқа адамдардан айырмашылығы оның құраушы, анықтаушы атрибуты емес; керісінше, ең бастысы – оның басқалармен сәйкестігі деуге болады. Сондықтан жеке адам қоғамдағы «басқалар сияқты» формуласымен сипатталады. Адам индивидуалдылық ретінде абстрактілі ерекшелік элементі басым болатын ерекше нәрсе: оның басқалардан айырмашылығы (яғни бірегейлігі) дәл оның құраушы атрибуты. Адамда жеке адам ретінде өзіміздік принципі гипертрофияланады, осыған байланысты оған өзіндік центризм, өзіндік өлшем, өз заңы (автономия), ерік-жігер және өзін-өзі бекітуге құштарлық тән болып келеді. Кейде кейбір жеке адамдар барлық ындының өзінің жеке мүддесіне қарай бұрып отырады.

Адамның табиғи құштарлығы әлеуметтегі жүзеге асуы, паш етілуі барысындағы өте мықты қозғаушы күштердің бірі. Бұл фактордың қайнар көзі, түп тамыры руханилық әлемінен ғәрі табиғи инстинктерге арқа сүйейтін болғандықтан көп жағдайда адамның зердесі мен пайымына бағынбай кететін кездері де болады. Ал енді қазақ тіліндегі құштарлық құбылысын сипаттаудағы психологиялық ұғымдар палитрасында – ынтықтық, ынтызарлық, ындын, іңкәрлік және құмарлық түрінде өрнектеліп жүргені белгілі. Бұл терминдік консрукцияларды контекстке байланысты ұтымды қолданған орынды. Сонымен құштарлық күрделі құбылыс және адамның ақылы мен пайымы оны басқаруы да қиынға соғатын күшті адами табиғи сезім. Діни терминологияда «нәпсі» деген ұғымның қолданылатыны белгілі. Кез келген діни жүйедегі қағидаттар мен ережелер нәпсіні тиюға шақырады.

Индивидуалдылық, немесе даралылық – ол адам бойындағы қандай да бір болса да оның бірегейлігін айшықтайды, табанды

түрде ерекшелейді, тіпті оны дамытуға тырысады. Бұл әсіресе «шығармашылық әлемі» деп аталатын кәсіптердің өкілдеріне (суретшілер, ақындар, актерлар сияқты зиялы қауым өкілдеріне) тән, кез келген мәнер, мінез-құлық, кез келген қыңырлық және т.б., бір сөзбен айтқанда: жақсы және жаман субъективтіліктің кез келген көрінісі. Олардың барлығына дерлік атрибут талантылық немесе дарындылық, тіпті данышпандық ретінде тасымалдаушы рөл атқарады. Осыған байланысты даралылық деген ерекше құбылыс тек жағымды ғана емес, сонымен қатар жағымсыз қасиеттерге ие болуы мүмкін. Даралылығымен танылған талай тарихи тұлғалардың кейбір көпшілікке ұнай қоймайтын қасиеттері болатынын барлығымыз тарихтан білеміз және оған өзіміз кеңпейілділік танытып, ақтап алып та жатамыз. Пушкиннің мінезіндегі шәлкестіктер оны бірнеше дуэльге шығуға итермеледі, Достоевский карта ойынына құмар болды, ал Бауыржан Момышұлы болса өзінің тұлғалық сұсымен мысы басып, талайды иойындатты, кейде өзінен алыстатты және тебіrentті. Мінезді өзгерту, түзетпелеу немесе жөндеу оңай шаруа емес екені анық. Оған мықтылардың мықтысының қаухары жетеді.

Нақты жән біртұтас Тұлға ретінде адам – бұл ерекше феномен, оның негізі мен құраушы кейпі белгілі бір әмбебаптық болып табылады. Ол басқалармен бірдей немесе олардан ерекшеленетін нәрсеге ұмтылмайды. Тұлға ретінде адамда, қосалқы формада индивидуалдылық та, жекелік те болады, бірақ тек оң мағынада ғана. Демек, қоғамды ыдыратушы ниет те, оған қарсы тұру қадамдары да оған бірдей жат. Тұлға – «Адам» деп аталатын құбылыстың ең дамыған биік түрі. Демек, адам нақты, әмбебап, біртұтас адам ретінде ғана өз ұғымына толық сәйкес келеді. Дүниедегі адам өмірінің негізгі деңгейлері тұлғада үйлесімді түрде біріктірілген, жүйеленген. Қазақ «адамына қарап ауылын таны» дейді. Сонымен эоeуметтік субъектінің қажеттілік-пайдалылық деңгейі ұмтылыс-құндылық деңгейіне бағынады да, екеуі де жоғары, мағына тудырушы деңгейге бағынады. Жоғары және мағына тудырушы үнемі жаратымпаздықты тудырудың қайнар көзі және оған нағыз Тұлға

ғана өз үлесін қоса алады. Тұлға деңгейіне жетпеген жеке адам өзінің деңгейіндегі әлеуметтік функциясын орындап, «дүниеге бір кірпіш болып қаланып», өзінің автономиясында жүре беруі әбден мүмкін. Бұл әлеуметтік және тарихи эволюцияның өзіндік ішкі имманентті заңдылығы.

Тұлғаның өмірлік ұстанымы өзгеріп отыруы мүмкін және оның ахуалдық деңгейі өзінен жоғарғы ахуалдық деңгейге бағынады, ал екеуі де жеке дүниетаным мен ұлттық дүниетанымға бағынады. Толыққанды Тұлға – бұл жеткілікті және кейде жеткіліксіз логикамен мәселелерлі қою және оны шешу қабілеті ғана емес, сонымен бірге өзі осы жерде және қазір деңгейі жеткіліксіз болған мәселелермен бетпе-бет келуге дайын адам. Ол қиындықтардан қорықпайды және онда ксенофобия жоқ десе де болады. Тұлға шектелген, фрагменттенген атомдық, механикалық және органикалық типтегі әлеуметтік байланыстарды жеңіп, көп қырлы және әмбебапты қасиетті, тұптамалы үйлесімді байланыстар құруға тырысады. Сондықтан этикалық реттеу тұрғысынан ол қарапайым мораль нормаларына, императивтері мен максималарына (институционалданбаған нормативтік реттеудің соңғы формасы) емес, асқақ мораль нормаларына, руханилық императивтері мен максималарына барынша бағытталған.

Адамның жеке тұлға ретіндегі басты қасиеттері – еркіндік, шығармашылық және руханилық. Еркіндікті ерекше баяндап, тұжырымдап алмай адамның сан қырлы қасиеттеріне толыққанды жауап беру де қиын. Өздеріңіз білетіндей, көптеген философтар «бір нәрседен еркіндік» және «бірнәрсе үшін еркіндік» дегенді ажыратады; көбінесе біріншісі теріс, екіншісі оң деп саналады. Шын мәнінде, екіншісі де теріс, тек теріске қарсы. Әрине. «бір нәрседен бостандық» теріс болып табылады, өйткені ол өзіне емес, нақты нәрседен бас тартуға, оны теріске шығаруға негізделген.

Сондықтан ол осы жағымсыз нәрсемен немесе біреумен үнемі байланыста болады, оның бар болуын болжайды, демек, оған тәуелді. Демек, бұл бостандық емес, тек еркіндікке теліген тәуелділіктің бір түрі. «Бірнәрсе үшін бостандық» жағдайында адам

өзін бір нәрсеге немесе біреуге арнайды, еркіндіктің жоқтығынан, тәуелділіктен бас тартады (оған ұқсайды). Бірақ әрбір нәрсе, тіпті біреу де белгілі, шекті, шектеулі. Бұл жағдайда адам шын мәнінде өзін бір нәрсеге немесе біреуге байланыстырады және, демек, оған тәуелді: егер адам осы нәрседен немесе біреуден айырылса, ол бірден еркін болады. Кейде адам өмірінің мәні мен мағынасын белгілі бір құбылыстармен байланыстырып, барынша жапсырып қояды. Мәселен, кейбір жан өзін белгілі бір мамандыққа жастайынан телиді, сол үшін барлық бойындағы қасиеттерін сарп етеді. Ол үшін бостандық сол мамандықтың ішінде ғана.

Мұндай еркіндік – «бір нәрседен бостандыққа» да дәйекті балама емес, сондықтан ол тек ойдан шығарылған еркіндік және мәні бойынша сол теріс еркіндіктің тазартылған түрінен басқа ештеңе емес. Адам өзін белгілі бір қиындықтардан алып қашса, ол басқа жерде толық еркіндікте боламын, өзімнің мүмкіндіктерімді кеңірек жүзеге асырамын деген тәтті үмітпен өмір сүреді. Мәселен, басқа елде жүрген мигранттар қсындай ұстанымды басшылыққа алған қауымдастық өкілдері. Өз елінен бостандықтамын деген адам оның бәрібір тығыз байланыста қалып отырғанын бірте-бірте сезінеді. Ауылдан қалаға көшкен қоныс аударушы да толыққанды бостандықты, еркіндікті сезінбейді. Оның жүрегінде ауылдың барлық қалыптары, ділі орнығап қалғанын сезінеді. Сондықтан «бір нәрседен бостандық» деген түсінік көбінесе салыстырмалы тұжырым болып қала береді.

Ал егер табиғи детерминациялар жүйесінен абстракцияланатын болсақ, онда сыртқы еркіндік дегеніміз қандай формада және мазмұнда болса да, адамның өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерінің шекарасын белгілейтін қоғамдық берілген нормалар мен шектеулер, тыйымдар мен ережелер жүйесі. озбырлыққа және тіпті адамға қарсы ниеттерге нақты еркіндік). Ішкі еркіндік – адамның ішкі рухани әлеміндегі мұралар жиынтығы. Ол неғұрлым ішкі жағынан еркін болса, ол үшін шешуші шарт ретінде сыртқы еркіндіктің маңызы аз болады, ал керісінше, ол неғұрлым аз ішкі еркіндік болса, соғұрлым оның іс-әрекеті, мінез-құлқы мен іс-

әрекеті сыртқы сипаттағы және дәрежесімен анықталады. Қоғам ішіндегі еркіндік жеке адамның ішкі еркіндігіне әсер етумен болады, бірақ түбегейлі өзгерте алмайды. Жеткілікті дамыған ішкі еркіндік болмаса, сыртқы еркіндік адамға рухани қуатты аз береді және көбінесе теріс нәтиже береді (қоғам үшін де, «еркіндік» үшін де). Өйткені, ішкі еркіндік дамытылады (ең алдымен адамның өзінің субъектілігі арқылы), ал сыртқы еркіндік белгілі әлеуметтік құрылым арқылы қамтамасыз етіледі (қоғам, мемлекет, партия, ру, т.б.).

Жеке тұлғаны анықтаушы ретінде ішкі еркіндік барынша дамыған адам. Шығармашылық – еркіндіктің болуы үшін негізгі шарт. Бірақ адам архитектурасында белсенділікке дейінгі, белсенділік және белсенділіктен жоғары деңгейлер бар. Шығармашылық құбылысы соңғысына бағытталған. Шығармашылық, Г.С.Батищев атап өткендей, оған шығармашылық іс-әрекеттің сипатын бере отырып, әрекетке енуі мүмкін (белсенділік деңгейіне дейін төмендейді). Соңғысында объективтілікке баса назар аударылады. Шығармашылықтың өзі ішкі еркіндіктен бастау алса, шығармашылық белсенділік ең алдымен сыртқы еркіндікпен байланысты. Бірақ еркіндік – ішкі және сыртқы – жауапкершілікпен байланысты, ол ішкі және сыртқы болуы мүмкін. Жеке тұлға үшін негізгі басымдық ішкі жауапкершілік болып табылады. Сондықтан да шығармашылық шынайы жауапкершілікті қажет етеді. Ал бұл жағдайда біз көптеген философтардың, оның ішінде Н.А.Бердяевтің шығармашылық негіздеуді қажет етпейтін тезисін жоққа шығаруымыз керек іспетті.

Сонымен, тұлғалық болмыс – адамның нақты өмір сүруі және оның негізгі белгілері – ішкі еркіндік, жоғары руханилық (бұл арқылы ең алдымен, жоғары адамгершілікті, оның адамгершіліктен айырмашылығын айтып отырмыз) және де еркіндік болудың негізгі жолдары ретіндегі шығармашылық пен руханилық атап өте аламыз. Осы және басқа да атрибуттардың үйлесімді қатынасы тұлғалық болмысқа оның өзіндік тұтастығын береді (бұл жерде жәй тұтастық емес, өйткені адам жай ғана жеке тұлға ретінде тұтас бола

алады, атап айтқанда тұтастық, яғни барлығына деген бейтараптық деуге болады). Өзінің маңызды қасиеттерінің толықтығымен ерекшеленеді. Тұлға, оның үстіне, кез келген тұрақты шкалага, әсіресе, әрине, әлеуметтік анықталған масштабтарға сәйкес келе бермейді. Демек орталанған статистикалық тұлға болмайды. Әрбір тұлға өзінше рекше құбылыс. Ол өзінің әлеуметтік қатынастарға қатысуы арқылы көптеген орталанған белгілерден асып түседі. Адамзат қоғамының және сол сияқты қажеттілік пен тұтынушы патшалығының тарихқа дейінгі жағдайында адамның тұтас тұлға, яғни жеке тұлға болуы өте қиын, тіпті мүмкін емес екенін есте ұстаған жөн. Әлеуметтік деңгейлерде, оның адами архитектурасының барлық аспектілерінде, жалпы қоғамда болудың барлық формалары мен тәсілдер сұрыптау арқылы тұлғалықтың қалыптасу заңдылығын айқындай аламыз.

Кейбір деңгейлерде немесе аспектілерде адам өзін оның тұжырымдамасына сәйкес келетін тұлға ретінде көрсетеді, ал басқаларында – жай даралық немесе тіпті жеке тұлға ретінде. Адам жол бере алмайтын жалғыз нәрсе – бұл жағымсыз даралылықтың көріністері. Жоғарыда айтылғандар жеке болмыстың негізгі атрибуттарына – еркіндікке, шығармашылыққа, руханилыққа да қатысты болып келеді. Жоғарыда айтылғандардан шығатыны, әрбір адам өзінің онтогенетикалық дамуында үш кезеңнен – жай жеке адам кезеңінен, даралылық кезеңінен және тұтастанған тұлғалық кезеңнен өтуі керек. Бұл оның шектеулі дамуының аяқталып, шексіз жетілдірілуінің басталуын білдіреді.

Кез келген даму, адамның жеке адамнан (индивидтен) тұлғаға қарай дамуы терістеу ырғағы мен оған жатқызылған сублимация механизміне бағынады. Индивидуалдылық индивидті жоққа шығарады және оны өзінен-өзі сублимацияланады: адамның жеке адам ретіндегі нақты анықтығы, жоғарыда атап өтілгендей, абстрактылы, ал адамның жеке тұтастанған тұлға ретіндегі нақты анықтығы, керісінше, бірдей абстрактілі ерекшеліктен жоғары және бірегейлігі барынша нақтыланған және әмбебаптанған қауымдастық толықанды мүшесі.

Тұлға өзіне сыни көзбен қараушы және терістеуді терістеуші: ол индивидуалдылық пен индивидуалдылықтың жағымсыз анықтамаларын өзінен алып тастайды; бұл әмбебаптық пен даралықтың, әмбебаптық пен бірегейліктің нақты синтезі. Тұлға ерекше қасиеттерге ие, бірақ шексіздікке ашық, кейде ерекшеден асып түседі деп айта аламыз. Сонымен, тұлғамен адамның онтогенетикалық тарихқа дейінгі кезеңі аяқталады, былайша айтқанда, оның нақты тарихы басталады (басталуы керек), қысқаша айтқанда, кез келген алдын ала белгіленген масштабқа қарамастан, болудың абсолютті қозғалысы деген сипаттамаға лайықты.

Барлық уақытта адамдардың басым көпшілігі кәмелеттік жасқа толып, өмірінің соңына дейін даралылық сатысында қалады. Көбісі тәуекелге бармай, қаламай, жоғары көтеріле алмай, даралылық сатысына көтеріліп, жердегі тіршілігін осы кезеңде аяқтайды. Ал жеке биік деңгейге өте аз ғана адам жетеді. Ал барлық мәселе тұлға болып қалыптасу үшін адам өзінің даму инерциясын жеңіп, өзінің жетілу жолына түсуі керек. Бұл адамнан керемет, мақсатқа сай күш-жігерді, рухани қуатты, ерлікті талап етеді. Тұлға, айтқандай, өзін-өзі жетілдіруден басталады және ол өзін-өзі жетілдіру жұмысын жүзеге асырған кезде ғана өмір сүреді. Және бұл жұмыс өзінің кішкентай әлемінде оқшаулану арқылы емес, керісінше, басқа адамдармен (мүмкіндігінше) үйлесімді типтегі байланыстар мен қарым-қатынастарды үнемі кеңейту арқылы жүзеге асырылады. Міне сондықтан тақуалық жолдағы діндар мен өзін шектеп тастаған терең интраверт жан басқалармен үйлесімді қаиынаста болмайды. Нақты қарым-қатынастер процесінде жеке тұлғаның шынайы өзін-өзі жетілдіруі тұрақты өзін-өзі асып түсу сияқты құбылыстар орын алады, ал енді жетілу жолына түскен адамға барған сайын биікке көтерілу сияқты мүмкіндіктер ашыла түседі.

1.2 Шығыс пен Батыс сұхбаты аясында әмбебап тұлға мәселесінің философиялық пайымдалуы

Қазақстандық философ М.С. Орынбековтің пайымдауынша: «Қазақ ұлттық философиясының өзегі адам мәселесі, оның онтологиялық, мәндік және танымдық күштерін анықтау. Бұл өз кезегінде кешікпей адам мәселесін, оның мәнін талқылауға өрбиді, ал оны жақынырақ анықтасақ, онда ол оның руханилығы, оның болмыстық және мәдени мүмкіндіктері мен болашағының өзегі екені анықталады» [1, 3 б.]. Осыған орай қазіргі Шығыс пен Батыстың сұхбаты контекстінде ұлттық философияның өзегін осы адам болмысын сан түрлі қырларын бағамдау, жіктемеулеу құрайтыны анық.

Демек, адамның рухани әлемі көптеген тарихи, мәдени, әлеуметтік құбылыстармен қиюласып, астасып жататыны анық. Әсіресе, оның субъект ретінде қалыптасуына мәдениет саласындағы мүмкіндіктердің әсері ықпалды болып келеді және мәдени кеңістіктің даму векторын, құндылықтық болашағын айқындауға тарихи тұлғалар үлкен үлес қосатыны анық. Тарихи кезеңдерден ұтымды нәтижелермен өту үшін нағыз жасампаз тарихи тұлғалардың қисынды әрекеттері қажет-ақ.

Кез келген қоғамдық дамудың қоғамға және жеке азаматтарға қажеттігі қалай маңызды болса, жалпы ұлттың сапасы үшін үйлесімді, әділетті руханияттың өрбуі сондай қажет. Адамзат тарихындағы кез келген ұлттың тарихындағы өзіміздің өткенімізде ежелгі замандағы Заратуштра, Қорқыт ата, орта ғасырлардағы әл-Фараби, Баласағұн, Қашқарилар, қазақ тарихы кезеңіндегі Асан қайғы, ақындар мен жыраулар, билер мен хандар және кейінгі қазақтың данагөйлері Шоқан, Ыбырай, Абай мен Шәкәрімдер және Алаш арыстары тарихи тұлғалық биікке көтерілген азаматтар болды. Олардың негізгі әс-әрекеттері мен көтерген идеялары жеке бастың шектеулі мүддесі мен философиясының төңірегінде қалған жоқ, адам тұлғасын әлеумет мүддесіне, болашағына барынша сәйкес келетін жан-жақты кейіптеуге деін көтерген еді және

«Толық адам» деп аталатын ерекше сапалық тұжырымдаманың төңірегінде қалыптасты, өрбіді және өзгелергі өнеге болды.

Кез келген тарихи дәуірдің әлеуметтік кеңістігіндегі адами рухани дамудың бағыт-бағдарын анықтау тұлға мәселесін жеткілікті деңгейде философиялық, дүниетанымдық сараптаудан өткізумен астасып жатады. Сондықтан ғылыми нысан ретінде тұлға құбылысына зерттеушілердің қалай назар аударылып келгеніне тоқталамыз. Жалпы адам мәселесі әлемдік және отандық барлық философиялық бағыттардың орталық проблемасы екені белгілі. Соның ішінде тұлғаны, оның қалыптасуы мен әрқилы қасиеттерін айқындаумен қоса зерттеу жүйелі түрде ежелгі заманнан бастап қазіргі күнге дейін өзіндік маңыздылығын жойған жоқ. Керісінше, ғылым мен білімнің жетіліп, оның мүмкіндіктері артқан сайын күрделі тұлғалық келбеттің қыры мен сырын ұғынуға деген талпыныстар күшейе түсуде. Жалпы философияның тұлғалық мағынасын ашу ерекше сипаттағы мәселе екені анық. Өткен онжылдықтарда «Тұлға философиясы» деген ғылыми бағыттың елімізде пайда болуы да кездейсоқ емес [2]. Тұлға құбылысына ғылыми жіктеме жасау гуманитарлық ғылым үшін маңызды бола бермек. Қазақстандық философия мектебінде тұлға мәселесіне ерекше теориялық мән беріп, елімізде оған тарихи және заманауи маңызды феномен ретінде назар аударып, ғылыми зерттелуіне үлес қосқан Ж.М. Әбділдин, Қ.Ә. Әбішев, М.С. Сәбит, А.Х. Қасымжанов, С.Ю. Колчигин, Ә.Н. Нысанбаев, Н.К. Сейтахметов, Ғ.Қ. Құрманғалиева, А.А. Хамидов және т.б. мамандар еді.

Тұлғаның қасиеттерін сипаттау барысында оның әртүрлі қырларын зерттеп, терең зерделеу ғылымның сан қилы түрлерінің зерттеу объектілеріне айналып, түрлі теориялар мен концепциялардың дүниеге келуіне ықпал етті. Мәселен, әлемдік және отандық психология саласындағы тұлға теориясы мәселесіне қатысты төмендегідей концептуалдық бағыттарды атап өтуге болады: психодинамикалық (З. Фрейд), жеке даралық (А. Адлер), аналитикалық (К.Г. Юнг), эго-теориялық (Э. Эриксон), гуманистік

(Э. Фромм), мәдени-әлеуметтік (К. Хорни), диспозициялық (Г. Олпорт), когнитивтік (Дж. Келли) және т.б. [3, 291 б.].

Бұл жерде философиялық тұрғыда тұлға теориясына жіктемелеулер жасаған Ларри Хьелл мен Дэниел Зиглердің дихотомиялық қағидатқа сүйенген талдауына назар аударуымызға болады. Авторлардың еңбегінде тұлғаны философиялық мағынада сипаттау үшін төмендегідей тоғыз түрлі ұстанымға сүйенуге болатындығы айтылады: 1. Еркіндік пен детерминизм. Адамның өз әрекеттері үшін жауапкершілігі маңызды болып келе ме, әлде ол сыртқы факторларға тәуелді болып келеді ме деген сауалдарға сүйенеді. 2. Рационалділік пен иррационалділік. Адам рационалді қисынмен өмір сүре ме, әлде оны иррационалды күштер билеп ала ма? 3. Холизм мен элементаризм. Жеке адамды қоғамның біртұтас әлемінің бөлігі деп қарастырылады ма, әлде әрбір адамның іс-қимылы ерекше дүние деп санала ма? 4. Конституционализм мен инвайронментализм. Адамның іс-әрекеті ішкі физикалық күштің өнімі ме, әлде сыртқы факторлардың нәтижесі ме деген сауалдарға сүйенеді. 5. Өзгергіштік пен өзгермегіштік. Әр түрлі теорияларда адамның тұлғаның өзгергіштігінің шекарасы туралы түсініктер әр қилы. 6. Субъективтілік пен объективтілік. Адам өзінің жеке әлеміндегі тәжірибеге сүйеніп өмір сүруші немесе оның іс-қимылдары сыртқы факторлармен анықталады. 7. Белсенділік пен реактивтілік. Адам өзінің қадамдарын өзі анықтайды немесе сыртқы әлемнің түрткілеріне реакция ретінде қимылдайды. 8. Гомеостаз бен гетеростаз. Адам негізінен ішкі дүниесінің тепе-теңдігіне мән береді немесе өзін паш етудің жаңа қырларын ашуға ұмтылады. 9. Адам болмысының танылуы мен танылмауы. Ғылым өзінің дамуында адам болмысын толық тануға мүмкіндік береді немесе ғылыми танымның мүмкіндігі адам табиғатын толық тануға шектеулі күйде болады деген көзқарастардың ауқымы пайымдалады [4].

Жоғарыда айқындалған тұлғаны зерттеудің теориялық бағдарларының ішінен жоба зерттеушілер өздерінің концептуалдық ұстанымдарды бағамдау арқылы заманауи кезеңдегі тұлға

мәселесін зерделеудің жаңаша негіздерін айқындауға талпынады. Сондықтан технологиялық және техникалық даму заманында адам болмысын жіктемелеу үшін кешенді, пәнаралық ғылыми зерттеулердің қажеттігі көрініп тұрғаны белгілі. Соның ішінде тұлғаның және оның санасының қалыптасуы мен дамуының өзгермелі күйлерін зерттеу психология, философия, антропология, мәдениеттану сияқты тағы да басқа ғылымдарда көрініс тапқанын белгілі [5]. Қоғамдағы мәдениеттің құрылымындағы маңызды құбылыстарды рухани қалыптастыратын негіздерді зерттеу ерекше айқындыққа ие болуы тиіс. Яғни тұлға санасының өзгерген күйі әртүрлі халықтар мен этникалық қауымдастықтардың мәдениетін психологиялық талдау барысында көрініс табатын сананың әртүрлі формаларының жиынтығы ретінде қарастыруға болады [6]. Сондықтан мәдениет пен қоғамда тұлғаның әртүрлі сипатының болуы табиғи құбылыс, тарихи шындық. Бірақ «тарихи тұлға» құбылысы шоқтығы биік тұратын дүние екенін есте есте ұстаған орынды.

Тұлға дүниетанымын ғылыми зерттеу тек философиялық «күрделі» проблемамен ғана байланысты емес (кез-келген физикалық нәрсе кез-келген феноменальды қасиетке ие болуы мүмкін) [7], сонымен қатар адами болмысты өлшеу немесе модельдеудегі әдіснамалық қиындықтарға байланысты осы таным мәселесін зерттеу барысында көптеген негізгі ұғымдар түсініксіз болып, ол турасындағы көзқарастар ғылыми орта шеңберінен шыға алмай қалуы да ғажап емес [8]. Демек, ұғымдар ғылыми сұрыптаудан өту керек және әзірге ғылыми әдебиеттерде кездесетін анықтамалар өзіндік ерекше және кейбірі қайшылықты. Сонымен қатар, адам болмысы құбылыстарын анықтауға немесе байқауға болатын эмпирикалық критерийлер де әзірге бұлыңғыр екені байқалды. Осы тұрғыдан келгенде тұлға құбылысын жан-жақты зерттеу қазіргі ғылым үшін өз маңыздылығына ие болады. Осы құбылыстарды Қазақстан заманауи мәдениетінде зерттеу барысында әріптестеріміздің ерекше нәтижелерге жету мүмкіндігі бар екендігі белгілі. Себебі тарихи тамыры өте көне замандарға

тартатын мәдениеттер жөнінде біршама құнды мәліметтер жиналды, рухани мұра игерілуде және бүгінгі күнде ұлттық тарихи жадымызда дәйекті деректер аз сақталғанына қарамастан арнайы ғылыми зерттеу барысында біршама табысты зерттеулер жасаудың мүмкіндігі бар екендігін айта кеткен жөн.

Тіпті исламға дейінгі өмір сүрген және қазіргі таңда да салт-жоралғылардың арасында өзіндік болмысын жоғалтпаған діни мазмұндағы қабылдаудың ерекше формасы болып табылатын кейбір діни бағыттардың ұлттық құндылықтарға негізделіп қоғамда көрініс тауып жатуы осының сипаттары болып табылады. Қазақстандағы сопылық және тәңіршілдіктің дәстүрлі исламмен қатар өмір сүруі осының бір дәлелі. Ол ежелгі тарихи тұлғалар Қорқыт, Игүнеки, Баласағұни, Бакырғани, Ясауи, Әл-Фараби сияқты ойшылдар мен ғалымдардың шығармашылықтарында көрініс тауып, ұлттық салт-санамызда ерекше орын алғанынан байқаймыз. Әсіресе, қазақ билері мен шешендері, хандары мен қазақ зиялылары сияқты тұлғалар мен кейіпкерлердің халық арасында рухани мұрасын сараптасақ, ол жерден тұлға құбылысының тарихи ерекше түрлерін аңғаруға болады. Сонымен қатар, қазақтың ауыз әдебиетіндегі ертегі, лирикалық-эпостық жырлардан да тұлға келбетінің ерекше қырларын байқаймыз.

Ал қазақ даласындағы адам болмысын бағалауға қатысты деректерді талдасақ, онда одан қазіргі Жаңа және әділетті Қазақстан құруға бағытталған үрдістерге үлкен ғылыми нәтижелер қосуға болады. Әрине, өркениетті дамудың Батыстық инновациялық үлгісін әлеуметтік прогресс жолында болуға басшылыққа ала отыру маңызды, әсіресе, цифрландыру пәрмені жылдан жылға ұлғайып келе жатқанын атап өту керек. Бірақ адамның шынайы табиғатын, болмысын зерделеуде ұлттың рухани құндылықтарын, адамзаттың жеткен мәдени жетістіктерін дұрыс бағалауға да тиістіміз. Сонда жана рухани кеңістіктегі нақты ықпалдасуды көре аламыз. Индивидтік деңгейдегі жеке адам тұлға мәртебесіне көтерілу сатыларын байқай аламыз. Өзінің бойынан жауапкершілік, адалдық, әділдік қасиеттерін орнықтырудың

арқасында танымдық дағдарыс пен дүниетанымдық нигилизмге ұшырамайтын жас буынның қалыптасуы маңызды.

Дүниедегі тіршіліктен философиялық тереңдікті, жасампаздықты іздеу тарихи тұлғаға тән қасиеттерге жатады. Данагөй Абайдың рухани мұрасында «білім, ақыл және жігер жақсылыққа, ізгілікті істерге, адамдарға деген сүйіспеншілікке бағытталуы тиіс» деген талап бар [9]. Жалпы сынаққа кез келген адам күнде түседі. Әрине, жоғарыда аталған нормативті ойлар мен талаптар адамзат тарихында Абайға дейін де айтылғаны белгілі. Сондықтан тұлға болам деген пенде әр уақытта өз деңгейінде болса да даналықты барынша әлеуметтік практикада басшылыққа алуы тиіс. Осы қисынды жағдаятты өзінің әлеуметтік ортасында жақын және үйлесімді кейіпте жеткізе білу де үлкен өнер екені сөзсіз.

Жалпы Еуразия даласында қалыптасқан өркениеттік дәстүр бойынша адам құқығы мен еркін қорғаудың, қазақ халқының жоғары философиялық-құқықтық мәдениетін ұстаған әдеп-ғұрып заңдарының жинағы саналатын Тәуке ханның «Жеті жарғысы» еді. «Жеті жарғы» адам құқығына қатысты көптеген жаңашыл ұстанымдар енгізді. Қазіргі заманауи терминологияға сүйенетін болсақ, онда бұл жинақтың құрылымында кейінгі ғасырлардағы қазақ қоғамының жалпы бағыт-бағдарын анықтайтын әлеуметтік өмір сүру, некеге отыру, жер-мүлік құқығы, яғни негізінен азаматтық және экономикалық құқықтар жүйесі қалыптасты. Міне сондықтан дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік қызметіндегі негізгі қағидаларының бірі – қоғамдағы өзара келісім мен саяси тепеңдікті сақтау, бірлік ұстанымы екені белгілі.

«Өзіңді танып білуге талпыну және заманауи талаптарға сай өзгеру» – бұл өркендеудің баспалдағы, халқымыздың аса мән берген даналықтың үлгісі.

Әрине, Абай кертартпалық танытқандарды барынша сынап отырғаны бегілі. Атақты «Қара сөздерінің» негізгі ойы осы мәселе төңірегіне топтасқаны белгілі. Әрбір адам үшін нақты болмыс сол адамның өзінің тіршілік ету ауқымы мен өмір сүру кеңістігі. Ал оның өмірінің бағыты мен мазмұны «мен қалай ойлаймын,

калай әрекет етемін, солай тіршілік етемін, солай өмірдің нәрін сезінемін» деген қағидалық үлгіге саяды. Өзін-өзі шыңдау арқылы кемелдену, дарынын паш ету арқылы жасампаздық – адамның өзіндік дамуының мәңгілік тұғыры, іргетасы. Абайдың тереңнен суыртпақтаған адам болмысына қатысты философиялық идеясы осыған меңзейді. Жігер, ақыл, жүрек – үштігінде жүрек негізгі орынды алады. Ал Шәкәрімнің «арлы ақылға», «ұжданға» ден қоюы да бекер емес.

«Тұлға болу» деген сөз арлы ақылдылық пен әділеттілікті ұштастыру және ақиқатты барынша өзіне бағдар ету. Сонда ғана ол бейнелеген әлемнің, өмірдің мәні солғын тартпайды, әрлене түседі. Адам ғұмырының мағынасы күйрей бастамыс үшін, жалпы адамзат тарихының келбеті сүреңсізденбеу үшін, әлеуметтік ортада және руханиятта алға қарай жылжудың көрінісі байқалуы үшін қоғамдағы тұлғалық қалыптасуы мен дамуы орнықты болу керек. Кез келген қоғам рухани және әлеуметтік жандану үдерістері болуы қажет, сонымен қатар әрбір мемлекетке қоғамдағы руханияттың сапасы ауадай қажет.

Рухани кеңістіктің негізін құрайтын тарихи және заманауи элементтер мен маңыздылықтар жеткілікті. Солардың ішінде руханияттың мәнін терең де ауқымды анықтайтындар – ұлттық философия мен әдебиет, мәдениет пен онын түрлері, рухани қазынаның басқа да элементтері осы екі үлкен тұғырлардың айналасында өрбиді, дамып отырады. Олардың даму деңгейі, қоғамдық өмірге тигізетін әсері және қоғамдық сананы белгілеудегі алатын орны ерекше. Дамыған елдердің тәжірибесі осы ойды айғақтап, бекітіп отыр, оған көптеген мысалдар келтіруге болады. Мәселен, Шығыс елдері арасынан Жапония елінің саяси-әлеуметтік және руханияттық тәжірибесі басқа елдерге үлгі боларлықтай қабілеті бар. Біз неге сондай деңгейге көтерілмеске.

Абай заманымен салыстырғанда қазіргі кезде көптеген ғылыми және адами мәселелерге түбегейлі жаңаша қарауға мүмкіндіктер туды. Философиядағы бұрынғы жетістіктерімізді толық жоққа шығару емес, тек жана дүниетанымдық тұрғыдан

тарихи құндылықтарға сараптау жасау, ақиқатты шынайы, нақты сипатта іздеуге ұмтылу болып табылады. Қазақ ұлттық менталитетінің негіздері мен дәстүрлі саяси мәдениеттің іргелі категорияларын талдай келе, қазіргі қазақстандық қоғамдағы билік қатынастары жүйесіндегі саяси дәстүрдің рөлін менталитет пен тарихи сананың өзара байланысы ауқымында ашып көрсетуге болады. Ұлт менталитеті негізінен халықтың рухани өміріндегі ділдік бейімділіктер мен этникалық таптаурындық негізде қалыптасқан ұстанымдардан тұрады. Ал тарихи сана соның белгілі тарихи кезеңдегі және кеңістіктегі әлеуметтік және ғылыми-танымдық көрінісі деуге болады.

Жалпы қоғамдағы адамаралық, қауымдастықаралық қатынастарда өзара келісімге және ымыраға келу дәстүрі – қазақ халқының руханиятындағы негізгі этикалық ұстанымдардың бірі. Осы этноәлеуметтік құбылыс гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан алғанда жан-жақты зерделеуді қажет етеді. Бұл құндылықтық бағдарлар қазақ ұлтының бірнеше ғасырларға созылған тарихи дамуы барысында саяси дүниетанымдық феномен ретінде қалыптасты. Әсіресе, тарихи санада этникалық ағзаны, құрылымды жою механизмін жүзеге асыруға жол бермейтін факторларды күшейту қадамдары жасалып отырылды, солардың қатарына қоғамдағы рухани және діни жүйелердің, саяси-құқықтық құрылымдардың тетіктерінің тиімді қызмет етуі жатады. Міне, осы жағдайларға ерекше назар аударатындар тарихи тұлғалар.

Қазақ халқы өзінің ұлттық иммунитетін осы қадамдар арқылы өз тарихында нығайтып отырған. Бірақ белгілі бір әлеуметтік институттардың жетілмеуінен тарих тезінде халық талай қиыншылық замандарды, зобалаңдарды басынан кешіргенін де білеміз. XX ғасырдағы аштық жылдарын басынан өткізу, этнос өкілдерінің өздерінің туған өлкесінен үдере көшуі өзінің рухани зардабын тигізді және ұлттың мінезіне, этнопсихологиялық келбетіне біршама нұқсан тигізді. Алаш арыстары болып саналатын ұлт зиялылары жоғарыда қайшылықты жағдайды сыни

бағалаған тарихи тұлғалар еді. Бірақ тарихи тұлғалар да, зиялы қауым да тарихи зұлматқа қарсы тұра алмады, халық орасан зор зардап шекті.

Қазіргі заманның руханияттын жетілдіретін, әлеуметтік кеңістігін сауықтыратын басымды бағдарлардың қатарына жоғарғы саяси-мәдени және құқықтық тетіктерді барынша мықты деңгейде қалыптастырып, оларды тарихи қалыптасу барысында тиімді пайдалану жатады. Рухани иммунитетті нығайту арқылы әлеуметтегі жауапкершіліксіздік, жағымпаздық, жемқорлық сияқты теріс мағынадағы қоғамда орнығып қалған қоғамдық дамудың ауытқушылықтарымен күрес қажет және мінез-құлықтардың көлеңкелі беттерін жеңу міндеті тұр. Әрине, әлеуметтік әділеттілікті орнықтырудың тетігін революциялық өзгерістермен байланыстыратын замандастарымыз да көп. Бірақ оның орнына қоғамда барынша сабырлылықпен орнықты әлеуметтік қайта пішімдеудің эволюциялық жолы тиімдірек болары сөзсіз. Бұл жерде рухани құндылықтарды, рухани дамуды насихаттау құндырақ.

Жоғарыдағы аталған құбылыстармен қатар адамгершілік жетілуге жетелейтін этикалық құндылықтарды этникалық сананың құрылымында толығымен сақтап отыру керек, кейде жаңадан өрбіту абзал. Тарихи эволюцияның сан түрлі соқпақтарының әсерінен өзгерістерге ұшырап отырған құндылықтар да бар. Сондықтан кейбір моральдық деформациялар қоғамдық санада орын алуы да мүмкін. Әрине, қазақ халқы өзінің рухани келбетін көршілес, үзінгілес өмір сүріп келе жатқан ұлт өкілдерімен біріге отырып нығайтып, жаңа заманға сәйкес өзінің ұлттық және азаматтық бірегейлігін паш етуі тиіс. Абай өз заманында сыни ойлау тұрғысынан өз халқымыздың өмір сүру салтына қатысты кемшіліктерге байланысты біршама ескертпелер жасады. Бұл тұжырымдар өз халқын шексіз сүйоден, болашағы үшін әділетті қам жеуден туындаған әрекет болатын еді. Гуманизм принциптерін өз дүниетанымына бағдар еткен тарихи тұлғаның бұл мәселені байқамауы мүмкін емес еді және ол ашық күрестен гөрі айналма жолдың дұрыс екенін анықтағанын зерделеуге болады. Тарих

үдеріс пен әлеуметтік кеңістікте тарихи тұлғаның ерекше орынын анықтау арқылы өзіміздің болашаққа сенімімізді арттыра түсеріміз анық.

Әркім өзіндік философиясына ең сенімді, басты ізгілік идеяларды, қағидаттар мен мақсаттарын белгілеп алуы абзал. Ол үшін адамның рухани кемелділігі өршіл көзқарасты қалыптастыруға, бақыт пен құштарлыққа қол жеткіземін деген мақсатын шындауға көмектесуі қажет. Батыс философиясында осы мақсат басқаша түсіндіріледі: абсолютті ақиқатты ақыл, логикалық ойлау процесі арқылы ұғынып, іске асыруға болады. Абайдың айтуынша, дана адамдағы білім, ақыл және жігер жақсылыққа, ізгілікті істерге, адамдарға деген сүйіспеншілікке бағытталуы тиіс. Әлеуметтегі даналық негіздері нұрлы жандылықпен, арлы ақылмен, әділеттілік және ақиқатпен ұштасып жату керек. Рухани жаңғыру – өте күрделі және қиын процесс екені белгілі. Біздің халық өзіне ұлттық мұрат ретінде даналық пен түсінікті белгілеп, адамзаттың сара жолына шығуға мүмкіндік беретін жалпыадамзаттық құндылықтар антиномиялары мынадай: «өмір – өлім», «махаббат – жеккөрушілік», «еркіндік – тәуелділік», «сенім – сенімсіздік», «ақиқат – адасушылық», «шындық – жалғандық», «бақыт – бақытсыздық», «әділеттілік – әділетсіздік». Олар ұлт дүниетанымының әмбебап категориялары ретінде қазіргі кезеңде тұлғаның рухани тәуелсіздігін анықтауда өзінің әдіснамалық маңызын жоғалтпайды.

Рухани кеңістікті құрайтын элементтер саны көп. Солардың ішіндегі оның мәнін терең де ауқымды анықтайтындар – ұлттық тарих пен мұралар, философия мен әдебиет, мәдениет пен онын түрлері, рухани қазынаның басқа да элементтері осы үлкен тұғырлардың айналасында өрбиді, дамып отырады. Олардың даму деңгейі, қоғамдық өмірге тигізетін әсері және қоғамдық сананы белгілеудегі алатын орны ерекше. Дамыған елдердің тәжірибесі осы ойды айғақтап отыр, оған көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазіргі кезде көптеген ғылыми және адами мәселелерге түбегейлі жаңаша қарауға мүмкіндіктер туындауда. Жана ұлттық дүниетанымдық тұрғыдан тарихи құндылықтарға сараптау-

лар жасау, ақиқатты шынайы, нақты сипатта іздеуге ұмтылу – болашақты анықтайтын заманауи тренд болып отыр. Қоғамның рухани өміріндегі құндылықтардың өзіндік келбеті мен сипаты көп өзгерді. Бұл құбылысты қоғамдық, тарихи процестегі әртүрлі көріністер, көрнекті тұлғалардың іс-әрекеттерімен байланыстырмай терең түсіндіру мүмкін емес.

Діни құндылықтардың ерекшеліктерін, олардың ғылыми, этникалық дүниетанымға тигізген ықпалын жаңаша сараптау керек. Рухани тәуелсіздігіміз басқа елдің зерттеушілерінің бізді бағалаған еңбектеріне тәуелді болуы шарт емес. Осы уақытқа дейін рухани құндылықтарымызды солардың айтқан ойларына сәйкес пайымдаушы едік, әлі де сол үрдіс жалғасуда. Өзімізді өзіміз бағалайтын, тіпті өз пайымдауларымызды бөтен жұртқа телитін кезіміз жетті. Қазақтың болмысына, мәдениетіне, табиғатына сай келетін, соны айғақтай түсетін рухани тәуелсіздік дәрежесіндегі дүниетанымдық көзқарас тәжірибелеріне, әлемдік және ұлттық мәдени тарихына арқа сүйегенде зерттеу мазмұндырақ шығары сөзсіз.

Қазіргі және келер ұрпақтар алдындағы, ХХІ ғасырдың басындағы аса зор жауапкершілік осы тәуелсіздігімізден айырылып қалмай, еліміздің келе-шегін қамтамасыз ету, дамыту, кемелдендіру. Осы тұрғыдағы өзекті мәселелердің бірі – ұлттық тарихи мұраларымызды дәріптеу, насихаттау екені анық. Әрбір халық тарихи даму кезеңінде өз болмысын ойлау жүйесі және дүниетанымы арқылы зерделейді. Ұрпақтан-ұрпаққа рухани құндылықтарды жеткізу ұлттық құндылықтардың тұрақты жүйесін жасайды. Сыртқы дүниедегі өзіне ұқсас қоғамдық өлшемдерді ішкі қажеттіліктерге жаратып, ұлттық діл негіздерін қалыптастыруға мүмкіндіктер ашады. Осыдан келіп дүниетанымның негізгі мәні тек дүниені тануда ғана емес, онын мәнді мақсатын адамға байланысты пайымдау екені көрінеді.

Дүниежүзілік қауымдастыққа ұлтымыздың терең дүниетанымдық ойларын, өзінің шынайы болмысын және бай мәдениетін көрсетуде діл табиғатын дұрыс зерделегеніміз қажет. Бұл мақсатты іске асыру жолында бұрыннан қалыптасқан, сіресіп

қалған көптеген ұғымдар мен қағидаларды сын көзбен қарап, жаңаша методологиялық шешімдер жолын ұсынғанымыз абзал. Осы мәселе арнайы және кешенді түрде қарастырылып, қазақ дүниетанымының күрделі де ажырамас бөліктері бірқатар құнды зерттеулерде өз орнын тапты. Ал осы зерттелінген мәселелерді гуманитарлық білім тарапынан байыта түсіп, халқымыздың ішкі рухани дүниесінің өзекті проблемасы ретінде көрсете білгеніміз аса қажет екені айдан анық.

Осы қатынастардың әлеуметтік және мәдени-психологиялық алғышарттары ретінде ынтымағы, бірлігі мықты қоғамдастықтың қалыптасуын атауға болады. Қоғамдастық өзінше бір тарихи институт, оның пайда болуы арқылы қоғам өз мәніне, діліне ие болуының қабілеті деп қараған жөн. Қоғамдастықтағы ділге ие болған тұлғалардың әлеуметтік белсенділігін, өзін-өзі көрсете білудің бейнелерін олардың рухани тектілігі арқылы айшықтауға болады. Осы мәселеге арналған әл-Фарабидің және тағы басқа ойшылдардың еңбектерінде атап көрсетілгендей, ілкі қазақ рухани жүйесінен келе жатқан дәстүр бойынша әрқашан «нақты адам қоғамын», бакытқа, тендікке жету жолдарын қарастыруға қарай бет бұрған жөнді.

Халқымыздың ділін оның тарихынан бөліп қарастыру мүмкін емес. Оның тарихи даму жолы діл табиғатын бірге қалыптастырған. Сонау ертеректе-ақ еңбек үдерісіндегі ортақ қарым-қатынас толыса келе, бірте-бірте өмір нысандарын туындатуға, жеке меншіктік және мүліктік теңсіздікке негізделген қоғамдық құбылыстың орнауына жағдай жасайды. Бұл материалдық өндіріс процесінде танымдық және бағалаушылық негіздердің қосарлануына әкеліп соғады. Осының өзі, жалпы алғанда, кейіннен тірші-ліктің дүниетанымдық бағдарына қарай икемделеді. Сөйтіп қоғамдық санада әлеуметтік мінез-құлықтың салты, ережесі, дәстүрі ретінде тіркеледі де адамдардың тарихи қауымдастығының, сондай-ақ, қазақтың ата-тегінің өмір салтын, руханиятын реттеп отырғаны белгілі.

Қауымдық сана қоршаған ортаның ерекшеліктеріне, қауымдық болмыстың тіршілік-тынысына байланысты дамып

отырады. Табиғатты игеру барысында адамдардың практикалық іс-әрекеттерін бейнелейтін алуан түрлі әдет-ғұрыптары, әпсаналары, қарапайым түсініктері пайда бола бастады. Олардың бәрі қауымдық өмірдің күнделікті тәжірибесін жинақтаудың, танымның, көбінесе, сезімдік сатысына тән өзіндік нәтижелерін қорытудың негізінде дүниеге келді. Ал енді түсініктер жүйесі философиялық таным биігіне көтерілуі үшін белгілі бір әлеуметтік орта, этникалық сана белгілі бір сапалы деңгейге шарықтауы тиіс. Ол үшін поэтикалық сипатта әлемді қабылдау, игеру, көркем бейнелеу аздық ететіні анық. Сапалы өзгерістердің іргетасы болып логикалық тұжырымдардың, философиялық пайымдаулардың жүйесі қалыптасуы тиіс екені білгілі.

Қазақ ақын-жыраулары халық өмірінің алмағайып-аласапыран, тарихта қалу-қалмауы екіталай кезеңінде тұрмыс кешіп, өз толғауларында сол тарихи кезеңдегі көкейтесті, күрделі де қиын мәселелерге жауап іздеп, соның бірден-бір жоқшысы бола білді. Жалпы, қазақ халқы – бүкіл түркі халықтарының ата қонысын сақтап қалған халық ғана емес, ол өзінің ұлттық психологиясын, ділін, тілін, терең философиялық ойын жүйелей білген халық. Сөзден күмбез соққан шешендері мен «қара қылды қақ жарған» тура билері, хандары болашақты болжай білген қарттары, ойшыл философтары болған. Мұны ғасырдан ғасырға, атадан балаға мұра болып қалған көне жазба мәдени ескерткіштеріміз, рухани мұраларымыз растайды. Дегенмен, XX ғасырдың басында кеңес Үкіметі алып келген әлеуметтік, саяси өмірдегі күрт өзгерістер ғасырлар бойы қалыптасып келген ұлттық болмыстағы қоғамдық, этникалық, дүниетанымдық қатынастарын күйретіп кетті. Ондай сынаққа әрең шыдап, қауымдастық тарих сахнасынан түгелдей жойылып кету алдында болғанымыз тарихи дерек екенін жоққа шығара алмаймыз.

Қазақтың болмыс шындығына, бақыланушы және қабылданушы әлемге жақындығы, бұл болмысқа етенелігі уақыт пен кеңістікті адамның ішкі әлемін, тіршіліктің басқа әлемін, болмыс мәнін, ар-ождан бастауларын түсінулерінен көрініс тапты.

Мұның барлығы дүниенің негізін құрайтын Ақиқат заңдылығын мойындауға қарай талпыныстардан туындайды, осы ерекше ұлттың дүниетанымы талай рет трансформациялық үдерістерге ұшырап, небір қыспақтан өтті. Бірақ тарихтың барлық сынағынан жоғары деңгейде өткен мұралар негізінен қазіргі заманға дейін жетті. Тарихты нағыз сұрыптаушы тетік және ол сонымен қатар көп нәрсені өзгертуші алапат күш десе де болады. Жер бетіндегі барлық халықтар осы сұрыптаудың арқасында өздерінің ұлттық мәдениетінің сұлбасын, негіздерін қалыптастырды.

Ұғымдар жүйесінің қалыптасып, дамуы әлеуметтік субъектінің ой кешуінің сезімдік-деректік нұсқасынан рационалдық игеруге өту барысында жүзеге асады. Себебі заттар мен құбылыстардың өзара қатынастарын, байланыстары мен жалпы қасиеттерін көзбен көріп, қолмен ұстауға болмайтындықтан негізінен ақыл қуатымен зерделеу, пайымдау арқылы ғана танып білуге болады. Жалпы ұғымдар жүйесінің қатары неғұрлым көбейіп, олардың таным ауқымдылығының барынша кеңеюі табиғат сырларынан адамды алшақтата беретіні сияқты көрініс табады. Ал шын мәнісінде ұғымдар байлығы адамдарды әлемнің тылсым сырын танып-біліп, табиғат күштерін игеруге итермелейді, Ақиқат заңдылығына жақындата түседі.

Сонымен, ұлттық ділді тарихи құндылықтар мен заманауи объективтік жағдайдың өзара ықпалдасуы қалыптастырады. Оны қазақтың көшпенді өмір тұрмысынан, көшпенді мал өсірушілердің өндіріс тәсілінен, тұрмыстық болмысынан анық көруге болады. Халықтың ділі – мифтерден бастау алған әдет-ғұрыптар, діни сенімдер, ырымдар мен пайымдар, жыл айыру мен мал бағудан туындайтын астрологиялық көзқарастар, мал анатомиясының ерекшеліктерінің білгірлігі, сәндік ою-өрнек өнеріндегі көшпенді тұрмыс бейнелері және күрделі рухани болмыс құрылымындағы осы көріністердің бейнеленуі. Осылай қоғамның материалдық негіздерінің дамуы оның рухани ерекшеліктеріне де біршама әсері бар. Дегенмен ұлттық ділдің ішкі заңдылықтары қай жағынан алғанда да рухани айшықтардың мол әсері арқылы өзгеріске

ұшырап отырады. Адамдардың нақты қоғамдық қатынастардың негізінде қалыптасатын ойлау жүйесі, өмір салтының санасында берік орын алған ақпараттық өрістері ұлттық ділдің қалыптасуына, өзгеруіне зор ықпал етеді. Жалпы, қазақ халқының ата-тегінің ілкі замандағы және бергі замандағы тарихынан айқын байқауға болады.

Ежелден келе жатқан қазақ халқының тарихи санасы кездейсоқ қалыптасқан жоқ. Ол этникалық сананың өзінің болмысына деген қатынасы ретінде қалыптасу кезеңдерінен өтті. Заманаи кезеңге дейін басымдық танытқан дәстүрлі принциптегі қоғамдар өздерін дәстүр ареалы, кеңістігі негізінде қалыптастырып, дәстүрлі тәжірибелер арқылы өздерін паш етті. Әрине олардың өзіндік ерекшеліктері мен бірнеше айырмашылықтары бар. Әсіресе оның анық байқалатын салалары – әлеуметтік өмірді қалыптастыруда діни немесе мифологиялық түсініктерге тәуелді болуы; дамудың кезеңділігі; қоғамның негізінен ұжымдық сипатқа арқа сүйеуі және ерекше дарашылдықты қолдамау сияқты сипаттамалар.

Қоғамның және әрбір жеке адамның рухани дамуының халықтың рухани мұрасын объективті бағалаудағы маңызы зор. Себебі, біз адамның мәндік келбетін шынайы түрде танитын болсақ және руханилық құбылысымен тығыз байланыстырсақ ғана сыни талдауды қамтамасыз ететін рухани даму заңдылығының іргетасын мойындаймыз. Адамның табиғи қырының ерекшеліктері бізді табиғат әлемімен үйлесімді болуға, тіршіліктің қатал да тұрақты заңдылықтарын мойындауға шақырса, екінші рухани жағы тек адамға қатысты рухтың нәзік әлемін өрбітумен тікелей байланысты. Табиғи инстинктің, қажеттіліктердің сұраныстарын қанағаттандырумен айналысуда белгілі бір шектеулер болу керек, өйткені ол адамдағы пендешілік негіздегі өзімшілдікті күшейтеді. Қоғамдағы барлық теріс әрекеттерге барған адамдардың барлығының негізінен бір ғана осал жері бар. Ол – пенденің өмірде адами рухани даму жолда болмауы, табиғи инстинктің қақпанына толықтай түсуі. Міне осы процестерді рухани мұраны объекті бағалауға біршама кедергілер келтіреді. Мәселен, қазіргі

кезеңге дейін мемлекеттік архивтерде құпиялық деңгейде көптеген материалдардың жатуы соның бір көрінісі екені анық.

Жалпы қоғамдағы агрессияның, соғыстардың, жемқорлықтың, барлық қылмыстардың қайнар көзі рухани кембеғалдықта жатыр, тіпті, білімді азаматтың өзі рухани дамусыз көптеген дипломы бола тұрып, тек атақ пен байлыққа қол жеткізуді ойласа, онда ол өзімішліктің құрсауына түсіп қалды деген сөз. Рухани даму адам үшін ауадай қажет құбылыс және ол қасиет ретінде бала кезден тәрбиеленуге тиісті рухани бағдар, іргетас. Дүниеде ешнәрсе кездейсоқ болмайды. Өзінен гөрі өзгенің мүддесін ескеріп, үнемі әділеттілік тұрғысынан мәселелерді шешуге тырысу жеке адам үшін рухани дамудың алғашқы баспалдағын басумен бірдей. Рухани даму жолында болу бір сәттік қана әрекет емес. Ол адами рухани ерлік жолында болу. Өмірдің өзі майдан болатын болса, осы күрес алаңында өзімішлілік деген іштен салатын құбылысты жеңіп отыру. Сол арқылы қоршаған адами әлемде, әлеуметтік кеңістікте шынайылықпен рухани мұраны игеруге болады. Жалпы философия мен басқа мәдениеттің құрамдас бөліктерінің, әсіресе этикалық пен эпикалықтың өзара түйісетін, ықпалдасатын жері осындай мәселелерді ғылыми талдаудан өткізуде екені анық.

Сонымен, шын мәнінде адамды адам ететін басты қасиет – рухани даму үдерісінде болу. Ал енді бұл дамудың алғышарттарын анықтау үшін, кейбір сипаттарын баяндау үшін рухани мәдениетті өркендетуге талпынған тарихқа жүгініп көрелік. Адамзат тарихының бастауларына назар аударсақ – діннің алғашқы пайда болуына негіз болған сала өнер болып табылады. Аңыздар философияның қалыптасуына негіз болған сияқты, ал ол өз кезегінде өнердің дамуымен астарласа келе білім мен ғылымның туындауына іргетас боды, сөйтіп, қазіргі өркениеттік құрылымдардың негіздері бірге-бірге тарихи қалана бастаған еді. Міне, осыдан байқағанымыз – адамзат тарихының әр түрлі кезеңдерінде пайда болған діни ағымдардың адам болмысы үшін кездейсоқ құбылыстар еместігі. Ақиқатында олардың жүйе болып мәдениетке енуінде, дәстүрге айналуында адамның тұтастай болмысты игеруге деген түпкі рухани сұранысы жатыр.

Адамның рухани дамуының тағы бір көрінісі – оның шығармашылығы. Ол адамға тән еркіндіктің, әркімнің дарындылығының, шынайылықтың, еңбекқорлықтың әлеуметтік практикада жүзеге асуы болып табылады. Әрбір еңбектің нәтижесі шығармашылықтан туындап отырса, онда дүниедегі көптеген қайшылықтардың шешілгендігінің белгісі болар еді. Бірақ, тұлға ретінде қалыптасып келе жатқан жеке индивид көп жағдайда өз қалауына сәйкес келмейтін істерді атқару кезеңінен өтеді. Міне, осы сынақтардан сүрінбей өту, яғни қандай еңбекті болса да шынайылықпен атқаруға тырысу рухани даму жолына түскен азамат үшін міндетті өмірлік асу болып табылады. Сынақтың адам үшін үлкені мен кішісі жоқ, күнәнің де маңыздысы, немесе маңызсызы болмайды. Адам олардың барлығына да жауапкершілікпен қарағаны жөн. Сонда ғана ол өзінің «Менін» төменгі сатылардан биік деңгейге дейін жетілдіре алады.

Рухани даму жолынан алыстаған адам әрқашанда өзімшілдіктің, менмендіктің қақпанына түседі. Оның ақылы, пайымы мен зердесі, толық өзіндік болмысы жеке бастың сұраныстарын күйттеуге көшеді. Ондай адам ар-ұяттың бақылауынан тыс өмір сүре бастайды, адамның бойындағы рухани қасиеттерден арыла бастағанын өзі сезбей де қалады. Тіпті, дарыны белгілі бір салаларда көрініс берген кісілердің «шебердің тәкаппарлығы» деп аталатын құбылыстың торынан шыға алмай, соның ауқымында өзінің шығармашылығын шектеп қалатын кездері де болады. Міне, сондықтан рухани құлдырауға түсуге кез келген пенденің ұшырауы қаупі үнемі болып тұрады. Сондықтан әркімнің де өз әрекетіне, іс-қимылына мұқият қарап, оны үнемі талдап отыруы шарт екені айқын.

Жалпы алғанда бұл дүниеде дарынды емес бала жоқ екені мамандарға белгілі, әрбір адамға тіршілік етуге, өмір сүруге берілген мүмкіндік – бұл дарынды керемет жүзеге асырылуларға тиісті әлеуеттің бастауы, Ғаламның өзіндік гүлденуінің қайнар бұлағы. Шын мәнінде әрбір адамның бойында орасан зор рухани байлық бар, яғни ашылуға тиісті дарындылықтың көздері жа-

тыр. Тек соның нақты көзін тауып, дамыта білу қажеттілігі тұр. Мәселен, әдетте ақындықты туа біткен қасиет деп есептейді. Әрине, өнердің қай саласында да биікке көтерілу үшін табиғи бейімділік керек, сонымен қатар үлкен шыдамдылық пен еңбексүйгіштік те керек. Ал, енді рухани даму жолына түспеген дарынды адам шығармашылықтық ауыртпалыққа толы жіңішке жолымен жүруге шыдамайды.

Бұндай рухани дәстүр даму деңгейі жоғары, тарихи процестер біркелкі ырғақпен өтіп жатқан елдерде үйлесімді түрде қалыптасқан және әрі қарай дамуда. Ал, құндылықтық бағдарлардың күрт өзгеруіне ұшырап отырғаны үшін рухани тұтыну мәселесі кейбір стихиялы процестерге айналу үстінде болды. Бұл адамдардың дараланған рухани дамуына өзінің белгілі бір ықпалын тигізеді. Демократиялық процестердің көрініс бере бастауы, туелсіздік алғаннан бері жарнамалардың алуандығына әкеліп соқтырды. Әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдары жастардың санасын жүйелі тәрбиелеудің орнына кейде бұрмалай бастады. Еркіндікті жалау етіп, біздің еліміздің, халқымыздың дәстүрлі рухани бағдарларына тарихи тұрғыдан алғанда жат құндылықтар құрылымын көпшілікке ұсына бастады. «Нарық бәрін ақтайды», «іскер адамның нәтижеге қол жеткізуіне кедергі болмасын» деген ұстанымдар өтпелі кезеңнің алғашқы жылдарында белең алып кеткен еді.

Бұл процестер рухани даму жолында күрделі сынақтар, шынықтыру кезеңдері болды. Қоғамда болып тұратын әртүрлі манипуляциялардың тұптамыры адамдардың рухани сұраныстарының ауытқуларымен астасып жатады. Шын мәнінде адамдардың шынайы рухани құндылықтардың (адамгершіліктік, эстетикалық, танымдық, құқықтық, этникалық және т.б.) негізінде даму жолында болуы ешқандай алдаусыратуға, яғни манипуляцияға жол бермес еді. Ал кез келген рухани мәдениеттегі кемшілік пен олқылықтар белгілі бір қиындықтардың, бұрмалаулардың өрбуіне негіз болуы мүмкін. Сондықтан рухани тұтынудың тәрбиеленуі азаматтардың балалық шағынан қалыптасқаны тиімді. Бұл

практикалық жағынан маңыздылығы зор мәселе. Балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарының кезек күттірмейтін, алғы шептегі басымдылық танытатын іс-әрекеттеріне айналғанда ғана рухани мәдениетіміздің іргетасы мықты болып, азаматтардың мәдени деңгейі жоғарылай түсері анық.

Рухани құндылықтарды қалыптастыруға оны өрбітуге қатысқан субъект сонымен қатар оларды қолдануға, яғни тұтынуға да қатысады. Сөйтіп, ол басқа субъектілермен әлеуметтік ортада рухани қатынаста болады. Міне, осы қатынастардың нәтижесінде нағыз шынайы рухани құндылықтар социумда екшеленеді, сұрыпталады, квазидеңгейдегі формалары тарих сынағына шыдай алмайды. Бірақ, қоғамдық дамудың басымдық танытатын бағдарлары, ұстанымдары жалған құндылықтарды жоғары көтерсе, ауытқу (флуктуация) жолына түссе, онда белгілі тарихи кезеңде көпшілік бұл құндылықтық жүйелердің шылауында болуы да мүмкін. Мәселен, рухани қолданудың, тұтынудың бағыты қоғамдық санадағы манипуляцияларға (жарнама арқылы БАҚ-тың өзіне пайда іздеген қызметі мен өнердің коммерциялануы, утилитаризм жолына түсуі заманында) тәуелді болатын кезеңінде өмір сүріп отырмыз. Әсіресе, бұл құбылыс жастардың дүниетанымына, ұстанымдарына қатты ықпалын тигізеді. Рухани қажеттіктер стандарттанған постмодерндік типте қалыптасып, эстетикалық талғам мен құндылық өзінің көркемдік әрқилылығын жоғалта бастайды. Бұл кез келген ұлттық мәдениеттің төлтумалығына, оның өкілінің азаматтық келбетінің даралылығына нұқсанын келтіретін теріс үрдіс екені де белгілі.

Ал, енді рухани тұтыну мәдениетінің жалпы деңгейін көтеру үшін әрбір адамның рухани мәдениетке келу жолын ашумен қатар, сол субъектілердің рухани қатынастарындағы (адамгершіліктік, моральдік, эстетикалық, діни, құқықтық және т.б.) биік деңгейді қалыптастыруды ойлану керек. Өйткені, рухани құндылықтардың қоғамдағы рейтингі, абыройы субъектаралық сұхбатта шындала түседі, мәртебесі беки түседі (немесе керісінше тиісті бағасын ала алмайтын күй кешеді). Демек, адам қоғамдық қатынастарға тікелей

қатынаса отырып, ол өзінің рухани құндылықтар жүйесін әрқашан сынақтан өткізіп отырады. Сөйтіп, ол іріктеулер мен сұрыптаулар жасау арқылы әлеуметтік кеңістік пен тарихи санада қордаланған мәдени дамудың інжу-маржандарын өзінің дүниетанымына, өмірлік жолына рухани азық етеді. Бұл аталған процесс көбінесе идеалды жағдайларда жүзеге асатын дүниелер болып келеді. Ал шын мәнінде жеке индивидтің құндылықтар жүйесі қоғамда басымдық танытатын бағалаулар мен жаңадан қалыптасып отыратын дәстүрлер қисынына өте тәуелді болып келеді.

1.3 Философиядағы тұлға мен тұлға философиясы

Неміс тіліндегі «Man» бейтұлғалық есімдігі Мартин Хайдеггердің философиялық жүйесінде терең онтологиялық мәнге ие ұғымға айналған. Ол – адамның шынайы болмысынан алыстаған, жаттанған күйін сипаттайтын бейне. «Man sagt», «Man fragt», «Man gefragt» – «айтылады», «сұралады», «сұрақ қойылады»... сияқты сөз тіркестері философияда субъект емес, бейтұлғалық бастау атынан сөйлейтін сананы білдіреді. Бұл сұрақтар мен пайымдаулар кімнің атынан айтылады? Хайдеггер үшін бұл – ең маңызды онтологиялық сұрақтардың бірі. Өйткені мұнда ойлаудың мәні мен философиялық рефлексияның шынайылығы түйіседі. Бұл – философиядағы тұлғалықтың, тұлғалық философияның өзекті мәселесі.

«Man» бейнесінде көрініс табатын бейтұлғалық философия бізге күнделікті тіршіліктің әлемін ашады, бұл жерде күнделікті өмірдің «тіршілік қамы» жүзеге асады. С. Кьеркегор, М. Унамуно сынды ойшылдар осы тіршіліктің трагедиялық сипатын тереңнен ашып көрсеткен. Мұндай сана деңгейіндегі адам болмыстың терең қабаттарына жете алмай, күнделікті философияның тұтқынына айналады. Бұл тұтқындықтан құтылу – тұлғасыз әлемнен арылу, өз болмысын шынайылықта табу, «Man» емес, «Men» болу, өзіндікпен және әлеммен болмысқа бірге жету дегенді білдіреді. Бұл – философияны түсініп, оны жасайтын адам үшін басты міндет.

Бейтұлғалық философия адамды шынайы болмыстың әлемін тануға және соның бір бөлігі болуға жетелемейді. Тек тұлғалық философия ғана – яғни философиялық рефлексия тұлғаның өзімен тығыз байланыста жүргенде ғана болмыстың мәні және тұлға болмысындағы философияның мәні туралы сұрақтар қоюға қабілетті. Мұндай тұлғалық философияны тек өзін еркін тұлға ретінде тану арқылы ғана жасауға болады және одан да маңыздысы, философияда жүзеге асу үшін, адам өзі еркін тұлға болуы тиіс.

Ресейлік белгілі философ Федор Гиренко өз сұхбатында: «Философия тұлғалық акт болудан қалды, ол кәсіпке айналды, бұл сөзсіз еркін ойлау кеңістігінің тарылуына алып келеді», – дейді. Бұл, өкінішке қарай, қазіргі философияда баяғыдан басталған гуманитарлық дағдарыстың айғағы. Танымал ғалымдар гуманитарлық Ренессансқа жақындау туралы оптимистік болжамдар айтқанына қарамастан, «еркін емес ойлау» феномені туралы ойдан үстірт, беткі, практицизм философиясы, күнделікті өмір философиясы туындайды. Мұндай философия әлемнің тұтастығы, Мәңгілік пен осы әлемдегі бірегей оқиға – Тұлға сияқты феноменологиялық деңгейде анықталатын мәселелерден алыс.

Бүгінгі философиялық кеңістік сұхбатқа құрылған, плюрализм презумпциясына сүйенген еркін философиялық дискурстар алаңы ретінде сипатталғанымен, философиялық тұжырымдамалардың бейтұлғалығы барған сайын сезіледі. Философтардың өз дауысы бұл көпжүзді, әрі сонымен қатар бірсарындылыққа айналған шығыс-батыс дискурстарының арасында жоғалып бара жатқандай. Қазіргі философиялық әдебиетте постмодернистік ұстанымдардың басым болуы тұлғалық бастаманы ғана емес, тұтас тұлғалық философияны деконструкциялауға алып келді.

Ролан Барт нақтылаған атакты «автордың өлімі» концептісі тұлғалық контексті, әсіресе философиядағы тұлғаны қайта жаңғыртуды қажет етпейді. Әрине, постмодернизм өкілдерімен және постмодернистік көзқарастағы философтармен «автордың өлімінде» «оқырманның қайта тууы» үшін жаңа мүмкіндіктер бар деген пікірлер бойынша пікір таластыруға болар еді, бірақ

постмодернистік көпмағыналы «субъектінің қайта тірілуі», «скриптор» сияқты вариацияларға терең үңілу қажеттігі жоқ.

Философияның тұлғалық мәнін проблематизациялау – бұл мәнсіз ешбір философиялық концепция шынайы концепция бола алмайды, онсыз ол онтологиялық ұмытылуға ұшырайды. Тұлғалық философия – бұл әрқашан тұлғаның экзистенциалды әрекеті, онда әлеммен, адамдармен және өзімен бірге болу, болмыстық сезімі мен тәжірибесі қамтылады. Дәл осындай философия – бұл еркін тұлғаның философиясы, адамның шынайы болмысының тереңінен туындайтын философия.

Осындай философияны Н.К. Сейтахметов жасайды, ол «тұлғалық мазмұнды философиялық теорияның ажырамас бөлігі деп есептеді, ал философиялық мәдениетті меңгеруді... тұлғаның шығармашылық өзін-өзі тануының үдерісі деп білді. Тұлғаның философиялық теорияның тереңіне енуі – өзінің өзіндік санасының тереңіне бойлауымен пара-пар» [1]. «Философияның тұлғалық мәні» – деп аталатын оның докторлық диссертациясы неміс философиясы мен Батыстың неклассикалық философиялық жүйелеріндегі тұлғалық мазмұнды талдауға арналды. Бұл тақырыпты көп талқылап, негізгі ұстанымдардың үйлесімін анықтап, ең бастысы – кез келген философиялық жүйе тұлғалық сипатта болады деген тұжырым жасалды. Себебі «философ өзінің философиялық еңбегін жасап жатқанда, ол тек өзінің тұлғалық күйзелістерін біріктіріп қоймай, оларды жойып жібермейді, керісінше өзінің дара болмысын терең түсіну жолымен жүреді» [2].

Тұлғалық философия мәселесі С. Кьеркегор еңбектерінде-ақ философияның нағыз болмысы ретінде қарастырылып, оның бастауы – тұлғалық негіз екені айқындалған болатын. Ал М. Полани ғылыми таным үдерісінде тұлғалық тәжірибемен, сол тәжірибе арқылы қалыптасатын тұлғалық білімнің маңызын ашып көрсетті. Персонализм бағытындағы теориялар тұлғаның мәнін діни-теологиялық контексте негіздеді. Бұл тұжырымдардың барлығы тұлғалық философияның негізгі қағидаларын айқындайды:

тұлғалық еркіндік, тұлғалық жауапкершілік және М. Хайдеггер атап көрсеткендей, тұлғаның ар-ожданы. Аталған ұстанымдар философиядағы тұлғаны танытушы әрі тұлғаның өзін көрсететін өкілетті негіздер болып табылады.

Тұлғалық философия тәжірибесі көрсеткендей, шынайы философия шығармашылық иесі – тұлғаның терең өмірлік толғаныстарынан туындайды. Бұл философия – өмірлік мәні бар сұрақтардың жауабын іздейтін, өмірді философиялық тұрғыда қайта пайымдайтын, тұлғаның ішкі әлемінен бастау алатын таным. Ал керісінше, философияға еліктеуші эпигоны үшін ол – өзгенің өмірінен алынған көмескі көшірме ғана. Эпигондық философия – бейтұлғалық философия үстемдік еткен заманда жиі кездесетін формаға айналып барады [3].

Бейтұлғалық философия – бұл түсінікке алып бармайтын философия, себебі шынайы түсіну тек тұлға мен оның философиялық рефлексиясы арқылы ғана жүзеге асады. Философиялық тіл шынайы болмыстың символдық мағынасын иеленгенде ғана мәнді болады. Ал бұл тілдің құрылымы – тұлғалық ойлау мен философ-философия жасаушы тұлғаның болмысымен анықталады. Сондықтан тұлғалық философия – бұл ең алдымен философтың тұлға ретінде қалыптасуы, тұлғалық болмысының философиялық тілде көрініс табуы.

Философиялық жүйелерде тұлғаның орны мен рөлі диалогқа бейімделген философия құрылымында толық ашылады. Мұндай философия өзге бағыттармен, мектептермен, жүйелермен өзара байланысқа түсуге дайын, ашық күйде болады. Бұл диалог рухани үндестікке негізделеді және терең түсіністікке жетелейді. Мен көптеген жылдар бойы философиялық түсіністік мәселесімен айналысып келемін және бұл бағытты қазіргі заман үшін аса өзекті философиялық бағдар ретінде бағалаймын. Түсіністікке жету мүмкіндігі – философиялық жүйелердегі тұлғалық контекстке тікелей байланысты.

Бұл жерде нені меңзейміз? Көбіне белгілі бір философиялық шығармашылық жайлы сөз болғанда, біз мынадай пікірлерді

естіміз: «Қазіргі замандастары түсінбеді», «оның еңбектері бағаланған жоқ» және т.б. Мұндай баға көбінесе қалыптасқан, бірақ түсінілмеген тұлғаның бейнесін алға тартады. Алайда бұл пікірлер философиялық мұраны түсінуге ықпал ете ме? Мәселен, Сократ замандастары тарапынан түсінілді ме? Әлде ол түсінілмегені үшін жазаға тартылды ма? Бұл сұрақтар – философиялық түсіністіктің күрделі де өзекті мәселелері.

Философиядағы өзара түсіністік мәселесі – тұлғалық философия мен тұлғалық коммуникацияның мәнін айқындайды. Тұлға философиясы философиялық диалогқа шақырады және түсіністікті – өзара сөйлесудің, қарым-қатынастың негізі ретінде таниды. Мәселен, Н. Бердяевтің «Еркін рух философиясы» атты еңбегінде тұлға мәселесі философиялық жалғыздық пен қарым-қатынас тәжірибесі арқылы ашылады. Ол тұлға мәселесін сұхбат мәселесімен тығыз байланыстыра отырып, түсіну феноменіне алып келеді. Бердяев тұлға мен тұлғалық философияның «жасырын» және «иррационалдық» сипаты туралы орынды пікір айтады. Алайда меніңше, философия тұлғалық сипатқа ие болған жағдайда ғана оның ішінде түсіністікке апарар бастапқы нүкте, яғни онтологиялық мәнге негізделген философиялық дискурс тундайды.

Философиялық еркіндік аясында дүниеге келетін шығармашылық әрқашан өзге философиялық жүйелермен, мектептермен және бағыттармен сұхбатқа ашық болады. Себебі мұндай философияның өзінде-ақ бұрынғы ойшылдармен сұхбат жүріп жатады. Осы тұрғыдан алғанда, Н.К. Сейтахметовтың философиялық шығармашылығы – еркін ой мен тұлғалық рефлексияның үлгісі. Ол өз еңбектерінде философиядағы тұлғаның орны мен тұлғалық философияның маңызын ашуға тырысты. Мәселен, «Философиялық мәдениеттің тұлғалық мәні», «Герман идеализмінің адамгершілік мағынасы», «Толерантты сананы қалыптастырудың полисемантикалық және әлеуметтік-философиялық контекстері», «Неміс классикалық идеализміндегі еркіндік мәселесі», «Логика және шығармашылық», «Қоғамдық

тұтастықты зерттеудің дүниетанымдық қағидалары», «Қарым-қатынас пен тұлғаны дамытудағы әлеуметтанулық-мәдени мәселелер» атты еңбектерінде тұлғааралық өзара түсіністіктің онтологиялық табиғаты мен философия арқылы ашылатын ұрпақтар арасындағы диалог кеңінен қарастырылды.

Қазіргі философияда қарым-қатынас мәселесі түсіністік мәселесімен тығыз байланысты түрде көрінеді. Себебі бүгінгі таңдағы рационалдық құрылымдар – мінез-құлық пен қатынаста тиімді бола алмай отыр. Адамдар мен әлеуметтік институттардың өзара «өткізбейтіндігі», бір-бірін түсінбеуі, жатсыну мен өшпенділікке ұласқан қатынас формалары адамзаттың болашақ эволюциясына қауіп төндіруде. Күнделікті өмірдегі мәнді бағдарлар жоғалып, мағынасыздық сезімі белең алууда. Бұл – қазіргі адамның өмір сүруінің маңызды құрылымдарына деструктивті ықпал ететін факторлар екендігін көрсетеді [4].

Тұлғалық философия тәжірибесі тағы да дәлелдейді: шынайы философия – бұл тұлғаның өз өмірінің терең толғаныстарынан туындайтын ойлау жемісі. Ал оған тек еліктеуші үшін философия – өзгенің болмысын көшірген бәзбір бейтұлғалық бейнеге айналып қалады.

Тұлғасыз философия – бұл түсінуге алып келмейтін философия. Себебі тек тұлға мен сол тұлға тудырған философия ғана «түсіну» деп аталатын үдерісті жүзеге асыра алады. Философиялық тілдің құрылымы тұлғалық ойлаудың құрылымына және философ-тұлғаның болмысына тәуелді. Сондықтан тұлғалық философия – бұл, ең алдымен, философтың тұлға ретінде қалыптасуы мен орнығуы. Тұлғаның философиялық жүйелердегі маңызы мен рөлі басқа философиялық бағыттармен, мектептермен, жүйелермен сұхбаттаса алатын философия құруда көрінеді. Мұндай сұхбатта рухани үндестік орын алады, ал бұл үндестік өзара түсіністікке жол ашады.

XXI ғасыр адамзат қауымдастығы үшін қарым-қатынастың сұхбаттық парадигмада құрылуы қажеттігін нақты көрсетті. Әлемдік жаһандану жағдайында қарым-қатынастың антропологиялық

контексті аса маңызды бола түсті. Өйткені қазіргі таңда бізге тек адамзат тарихын жасау емес, сонымен бірге адамның өзіндік тарихын жасау қажет. Бұл – тек диалог барысында өзге тұлғаны, оның көзқарасын, оның тұлғалық философиясын және өзінің болмысымен болуға деген құқығын мойындау арқылы ғана мүмкін болады. Коммуникация тек өзара түсіністікке қол жеткізілген жағдайда ғана шынайы сипат алады.

Қазіргі қазақ философиясы – әртүрлі бағыттар мен мектептерді қамти отырып, толерантты сана қағидаларына негізделген түрлі философиялық ілімдермен коммуникативтік дискурста дамып келеді. Бұл – Н.К. Сейтахметов айналысқан маңызды ғылыми бағыттардың бірі. Алайда философия толеранттылық шеңберінде жасалатын болса, ол тұлғалық бола ала ма? Бұл – күрделі де өзекті мәселе. Егер тұлғалық философия еркін тұлғаның шығармашылығы ретінде қарастырылса, толеранттылық еркін рефлексияға шек қоя ма? Менің ойымша, керісінше: толеранттылық – тұлғалардың еркін өзіндік рефлексиясының бірден-бір мүмкін болу шарты. Себебі тек тұлғалық философия ғана өзіндік сынға, өзінің ұстанымының әмбебап еместігін мойындауға қабілетті.

Сократтан бастап толеранттылық – тұлғалық философиялық ойлаудың негізгі принциптерінің бірі болды. Ол өзінің шәкірттерінен сұхбаттық ойлау мәдениетін өзінен кейін де сақтауды талап еткен еді, өйткені философия дін иелерінің құпия ілімі емес. Ақиқат ешқашан қатынас үстінде болмайды, ол тек коммуникацияда ғана болады [1]. Сондықтан тұлғалар арасындағы сұхбатта сұхбаттық ізденіс жүзеге асады. Толеранттылық мәселесі – түсіну мен келісім феномені төңірегінде өрбитін мәселе. Бұл келісімге жету тек тұлғалық сұхбаттың нәтижесінде ғана мүмкін болады.

Философиядағы тұлға әрдайым толерантты тұлға ретінде қатысып отырады және диалогқа әрқашан ашық. Тек тұлғалық философия ғана шынайы әмбебап келісімді жүзеге асыра алады, себебі ол айырмашылықтарды сақтау, қолдау және тіпті ресми түрде мақұлдау арқылы жүзеге асады. Шынайы келісім – айырмашылықтарды басып-жаншу арқылы емес, керісінше,

оларды сақтау, ілгерілету арқылы жүзеге асады. Мұндай келісім – ішкі түсіністікке, рухани тартылысқа, ұлттық болмыстар мен менталитеттердің үндестігіне сүйенеді. Сондықтан, келісім – өзара түсіністік контекстінде қарастырылады.

Бұл тәсіл шындықты танып-білу тәжірибесін ғылыми әдістеме аясынан тыс кеңістікке шығарады. Өйткені өзара түсіністік тек рационалды түсіндіру іс-әрекеттеріне ғана негізделмейді. Ол эмоцияны, интуицияны, экспрессияны және өмірлік даналықты да қамтиды.

Әдебиеттер

1 Сейтахметов Н.К. Личностный смысл философской культуры. – Алматы, 1993. – 120 с.

2 Нысанбаев А. Глобализация и проблемы межкультурного диалога. – Алматы, 2004. В 2-х томах.

3 Соловьев В.С. Философские начала цельного знания // Соловьев В.С. Сочинения в 2 т. Т.2. – М.: Мысль, 1988. – С. 194.

4 Делез Ж., ГваттариФ. Что такое философия? – М.: Институт экспериментальной социологии, СПб.: Алетейя, 1998. – С. 256.

1.4 Ислам философиясы тарихындағы адамның тұлғалық қырлары

Мұсылман философиясында адамның қоғамдық субъектілігі оның болмысының мүмкіндігіне қарай рухани құндылықтар негізінде анықталады. Әл-Кинди бойынша: «Болмысқа иелік жасаушының барлығы ақиқатқа ие. Ақиқат тану үшін қажетті, тиісінше заттарда танылуға жатады» [1]. Әл-Киндиде, адам бұл ақылды, өлімді тірі жан және бұл түр «тек» арқылы түзіледі, оның субстратын осы «тек» құрайды, ал ол оның формасын және әлдененің формасын қабылдайды. Бұл көзқарас бойынша, адам өзінің ұрпағы арқылы белгілі бір сабақтастыққа ие болады және ақылын нақты әрекет түріне айналдыру арқылы қоғамдық ортасын, оның әлеуметтік жүйелерін түзеді.

Абстракциялық ойлау адамның Жаратушымен қатынасындағы руханилығын, оның әлемін түзеді. Ол білім арқылы

құндылыққа, іс-әрекеттілік формасына енеді. Әл-Фараби бойынша, философияның негізгі зерттеу нысаны, ол интеллекцияның пайымдалғыш объектілері, адамды коректендіруші күштердің қалыптасуын анықтау, ақиқаттың тіршілікке, болмысқа сәйкес келуі мәселелері. «Ақиқат дегеніміз тіршілікке сәйкес келетін, заттың ақиқаттығы сол затқа тән болмыс және соның болмысының үлесі. Кәметтік болмыс», – деген түсінікті білдіреді [2, 232 б.]. Ғалымның көзқарасынша болмыс кемелді сипатқа ие болған сайын, адамның танымы мен пайымдауыда күрделі мәндерге ие болады.

Көрнекті философ-ғалым А.Х. Қасымжанов әл-Фарабидің бұл ойын мынадай көзқарасымен береді, яғни «Әрекетті ақыл жалған дүниенің ішкі заңы, Логосы. Әл-Фараби үшін ақыл адамның психологиялық белгілерінің бірі ғана емес, ол оның мүмкіндіктерінің жоғары көрінісі» [3, 85 б.]. Сондықтан әл-Фараби шығармашылығында қоғамды басқарудың екі шарттары ажыратылып көрсетіледі. Ол өлшемдер әрекеттердегі ерікті қабілеттерді шындай түсуші, шын бақытқа бастайтын, қала мен халықтарды қайырымдылықпен басқаруды; қиялдағы бақытқа қол жеткізетін әрекеттерді, қабілеттерді нығайту арқылы басқаруды көздейді. Қалаларды, халықтарды бақытқа жетелейтін еркін әрекет және әдеп-ғұрыптардың негізін құрайтын қайырымдылық этикасы.

Әл-Фараби заманында адамның діни және қоғамдық басқарудан, өз таңдауын жасауда ерікті болуы қолөнер арқылы және адамдардың шынында да қайырымды, ізгілікті болуы арқылы туындайтын әрекеттерді бірі болған. Өйткені діни фанатикалық көзқарастарға ие қоғамдарда білімнің адамның таным көкжиегін кеңейтуші құндылығына қарағанда, оның тек құрал формаларында қабылдануын, қолданысын білдіреді. Алайда әл-Фараби теориялық деңгейлерде Алла тағала адамға әрекетшіл парасат арқылы аян береді деген көзқарасынан бас тартпайды. Ғалымның көзқарасынша, дана кемеңгер философ ойлау қабілетінің теориялық, практикалық және қиялдау қабілеттеріне ие, аян берілетін адам. Ол кемел адам деген көзқарасты ұстанады. Әл-Ғазалидің ойларында да даналық ақыл арқылы танылатын қабілет.

Адамның кәсіптік бағыттылығы, яғни колөнерінің даму деңгейі, оның кемелділігінің шарттарын түзеді, яғни, ол зергер жер өңдеушіге қарағанда өнерлі деген көзқарасты ұстанады. Сонымен бірге білімді діни және діни емес салаларға жіктеп, ақыл Алланың аманаты және адамның ең игі белгісі деген ойда болады. әл-Ғазалидің фәлсафаға қатысты көзқарасы таза теологиялық бағалау арқылы көрініс береді. Әл-Ғазали бойынша, «Фәлсафаға келетін болсақ, онда ол дербес ғылым саналмайды және ол төрт дербес білімнің бөліктері. Олар, геометрия мен арифметика, логика, ілім әл-иллахиат және жаратылыстану ғылымдары. Қалам барлық қауым үшін міндетті, қажетті саланың бірі, ол бұқараның жүрегін зиянды нәрселердің жақтастарының ой тұтуынан сақтайды» [4, 91 б.].

Әл-Ғазалидің фәлсафаға қатысты сыны, бұл болмыс пен ойлаудың, ақылдың сәйкестігінің өлшемі болған ғылым саласының әдеттегі санадан биік тұруынан деп ойлаймыз. Бұл туралы әл-Ғазалидің өзі Жаратушы Аллаға адамның жақындауы үш бөлікке бөлінеді деген көзқараста болады. Олар: әрекетсіз білім, білімсіз әрекет (мысалы, сұлтанның әділдігі) және үшіншісі білім мен әрекеттің қосылуы, бірігуі. Осы білім мен әрекеттің бірігуіне ие ақыл иелері ретінде ғалымдар мен қайырымды іс жасаушыларды атайды.

Жалпы әл-Фарабидің ұғымындағы әрекетшіл интеллекция мен белсенді сана, оның қайырымдылық, ізгілік категориялары адамның өз ақылымен, шешіміне ойлау арқылы ұғынуды білдіреді. Адам қандай қоғамда өмір сүрмесін білімнің құндылықтарымен өзінің еріктілігін, дербестігін және ойлау еркіндігін сақтап қала алады және оның қоғамдық жасампаздықтың объектісіне айналдыра алады. Сондықтан мемлекеттер билік арқылы қызмет атқарғанда өзінің халқының білімді болуын стратегиялық ойлаудың индикаторларына қосуы қажет. Академик Ғарифолла Есім, бұл өлшемді Абайдың шығармашылығы негізінде ғақлия деп атайды. Атап айтқанда, «Алланы тануда Абай екі тәсілді қолданған. Бірі – нақлия (бұрыннан айтылып жүрген сөздермен) дәлелдері, екіншісі

– ғақлия (ойлы, ақылмен) дәлелдері. Сұрау ақыл иесі адамнан болмақ. Мұны Абай ғәділеттілік дейді» [5, 367 б.].

«Сұрау ақыл иесі адамнан болмақ» ойынан діни контексті алып тастап, оны қоғамдық ракурсқа аударатын болсақ, біз қоғамдық дамудағы қайшылықтарды анықтай аламыз. Атап айтқанда, қазіргі қазақстандық қоғамда саяси биліктің де, қарапайым азаматтардың да әділеттілік категориясын түйсініуінде біршама сәйкессіздіктер бар. Бұл сәйкессіздік азаматтардың саяси идентификациясына кері әсер етеді және халықтың саяси мінез-құлығында апория, маргиналдылық және деградация, оклохратия секілді теріс құбылыстардың орын алуына алып келеді. Ол құбылыстар өз кезегінде мемлекеттің өзіне қауіп төндіреді. Философиялық ойлау тұрғысынан алғанда мемлекеттегі кез келген саясат азаматтардың қажеттіліктеріне сәйкес ұйымдастырылмайтын болса, онда мұндай іс-әрекеттілікте керілік пайда болып, елдің қуатын сарқуы мүмкін. Сондықтан мемлекет оперативтілік ойлауында жеке мүдденің басымдығы салдарынан жеңіске жеткенімен, стратегиялық болашағында өзі құрған қақпанға өзі түсіп қалуы мүмкін.

Біз бұл қоғамдық ойлаудың сипаттарын әл-Фарабидің де, әл-Ғазалидің де философиялық ойлауынан анықтаймыз. Дегенмен бұл ғалымдардың адамның қоғамдық қызметіне қатысты ойларында қағидалық ерекшеліктер бар. Яки, әл-Фарабидің ойлауында азаматтық білімдер діни білімдерден жоғары қойылады, ал әл-Ғазалидің идеяларында діни білімдердің маңыздылығына назар аударылады. Адамның еріктілігі тек қоғамдық мазмұнда ғана жаңара алады. Ал, адамның Жаратушы құдыреті алдындағы болмысына дәрменсіздіктің тән екенін профессор А.Д. Құрманалиева өз зерттеулерінде былай анықтайды. «Ислам дінінің негізгі өзегі – Құранда адам баласы ерік бостандығы бар ерік иесі саналынып, ол өз ісі үшін жауапты саналынады, ал екінші жағынан абсолютті еріктің иесі Алла болғандықтан, адам дәрменсіз. Сол себепті исламда тағдыр мәселесі төңірегінде пікір таластыруға тыйым салынған» [6, 15 б.].

Ислам философиясында Жаратушы мен адам қатынасында, шынында да өз ерігінен айырылған, дәрменсіз. Алайда бұл діни

этикалық әрекетті қоғамдық ойлаудың формасына айналдыруға болмайды. Сондықтан Қ.Яссауи ілімінде адам адамның алдында еркін, Алла алдында құл болып табылады. Әл-Фарабидің адам еріктіліктен қуат алады деген ойы оның қалалық, яки қоғамдық сипатын білдірсе керек. Бұл ой біздің қоғамдағы дін қайраткерлерінің ойлауында орын алып отыр, яғни олар діни этикамен қоғамдық этиканың арақатынасын шатастыруы салдарынан адамдардың саяси, тарихи, мәдени дүниетанымына адастыру әрекеттерін енгізуде. Қоғамдық дәрменсіздік регрестің белгісі. Әл-Ғазалидің өзі шығармаларында Алла әрекетсіздікті ұнатпайды деген пікірде болады. Әл-Киндидің адамды ақылды тірі жан деп анықтауы, бұл ислам дінінің негізгі мәнін білдіреді. Яки, дін бойынша Алла адамды өзіне ұқсас етіп жаратқан және оның өзге тірі жандылардан ерекшелейтін бірден бір қасиеті де осы оның ақылы және тіршілігінің жалған дүниедегі шектілігі. Тиісінше, адам өлімді, бірақ бұл күй оған тек осы дүниеде ғана тән. Өйткені адамның тіршілігі мәңгілік, ол арғы дүниеде қайта тіріледі. Бұл пікір әл-Ғазалидің фәлсафасында да кездеседі. Әл-Ғазали бойынша адам өз өзінің ішкі жан дүниесін тану арқылы, ішкі жігерін тәрбиелеу жолымен Жаратушының сырлы ақиқатын танушы, әсемдігін сүюші тірі жан. Сондықтан әл-Ғазали, «Адам ол бастапқы болмасада, ол мәңгі. Оның тәні өлім құшушы және өзін кіші тұту оның рухани ақиқаты. Ол үшін ең жоғары деңгей періштелер әлеміне көтерілу» [7, 17 б.] деген көзқарасын білдіреді.

Көрнекті философ А.Х. Қасымжановтың зерттеуінше әл-Фараби ұғымындағы адам әлеуметтік мәнге ие және оның кемелділігі оның адамдардың бір жерде біріккен өмірінің мазмұнымен анықталады. Адамдарды біріктіруші мақсат, ол әрине бақытты, қайырымды қоғам құру табылады. А.Х. Қасымжановтың көрсетуінше «Бұл жерде қоғам адамдардың рухани бірлігі деген ой жүгіріп өткенімен, ойшыл қажеттіліктер, құралдар және еңбек бөлінісі туралы айтады. Қоғамдық организмнің үйі немесе ұяшығы үш қатынастарға ие: ер мен әйел, үй иесі мен қызметші, ата-ана мен балалары» [3, 144 б.].

Әл-Фараби мен әл-Газалидің адамның мәнін екі өлшемнің негізінде қарастыруымен ерекшеленеді. Философтар Ж.А. Алтаев пен Ә. Құранбектің зерттеулерінде «Әл-Фарабидің адамды ақыл парасатты жануар (хайуан ақли), азаматтық жануар (хайуан мадани), ал адам мен оның өмір жағдайын зерттейтін ғылымды азаматтық философия», - деген мағынадағы мәліметтер бар [8, 33 б.]. Ал әл-Газалидің адамы ішкі жігеріне жүгінген өзін өзі тану арқылы Алланың ақиқатын тануға бағытталған тіршілік иесі.

Ғалымдардың ұқсастығы адамның миссиясын бақытқа ие болу, бақытты ұғыну, сезінуге құрылған, бірақ оған қол жеткізу шарттарында ерекшеліктер бар. әл-Газали «Адамның бақыты ақиқатты мистикалық таныммен Жаратушыға ибадат жасауымен, құлдық мойынұсынуымен түйінделген. Ғашықтықтың бір көрінісі зікір. Адамның рухи ақиқаты мәңгі өмір сүру» [7, 104 б.] деген көзқарасты білдіреді. Мұндағы негізгі тұжырым ол білімді рационалдық сипат және иррационалдық сипат ретінде қарастыруға түйінделген. А.Қасымжанов әл-Фарабиді талдауда «білім дүниені рационалды ұғыну» [3, 81 б.] деген ойын білдіреді.

Иә, шынында да қоғамды басқару, оны қалалардағы надан, адамгершілікке жат әрекеттерден арылу «белсенді сананы» қажет етеді. Әл-Газали бақыт білім мен мейірімді іспен ұғынылады, себебі адам біліммен көмкерілуі себепті, адам болып қалады деген. Осы кемелді адам ислам және түркі, қазақ дүниесінің философтарына ортақ ұғым. Біз бұл білім сабақтастығын Абай шығармашылығынан айқын байқаймыз. Абай Құнанбайұлы өзінің отыз жетінші қара сөзінде жарты адам және толық адам деген ұғымды ажыратады және көзқарасы әл-Газалидің этикалық, моралдық тұжырымына, ойлауына сәйкес келеді.

Хакім Абай өзінің отыз сегізінші қара сөзінде «Ол қиянатшыл балалары, талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хәтта иман иғдиқадқа да қиянатпен болады. Бұл қиянатшылдар – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман. Олардың кәмәләт таппағы қиынның қиыны. Олар шала мұсылман», - деген ойын білдіреді [9, 92 б.]. Бір өкініштісі, бұл моралдық – рухани құндылықтар

мен әрекеттер қазіргі қазақ қоғамыныңда нақты көрінісін сипаттайды. Тиісінше, қоғамдық мақсатты өзінің жеке мүддесіне қолданушы, екіжүзді мінез-құлық сақталып отыр. Сондықтан біздің қазіргі ахуалымыздағы жартылай, шала тіршілікте әлемнің бір елінде ұтымды қызметін атқарып отырған, басқару менеджменттері «мутацияға» ұшырап, басқа тиімсіз қырынан бой беруде. Мұндағы негізгі өлшем, ол адамдардың мінез-құлығында Алланың үкімінен қорықпау және бір біріне деген сенімсіздіктің орын алуы еді. Сенімсіздік адамды да, қоғамды да жегідей жейтін құрттардың бірі. Тиісінше, біздің халықтың бойында қоғамдағы, тұлғаралық қатынастағы әділет пен әділетсіздік қағидасын, өзінің жеке өміріне қауіп төнбейінше, дұрыс бағаламау қалыптасып отыр. Бұл да адамның бойындағы немқұрайлықтың бір түрі. Ал Абай Құнанбайұлы толық адамның белгісін жауанмәрттіліктен, адамгершіліктен табады. Сонымен бірге толық адам ғылымды, рақымды, ғадалатты ұғынған және сиддиқ (шындық), кәрәм (ізгілік), ғапылды (даналық) әрекеттілікке ұштастырған адам есебінде қарастырады. Сонымен бірге Абай Құнанбайұлының толық адамы «Құдай тағаланың жолы деген жолда Алла тағаланың өзіндей ниhoятсыз болады. Сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, сол таза мұсылман, толық адам делінеді» [9, 94 б.]. Абай данамыз бойынша «Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылықты сүйемектіктен өсер», - дей отырып, адамның мінез-құлығына тән теріс әрекеттерді сөгеді. Абай Құнанбайұлының өз пайданды ойлама, еңбек ет, білім ал, дос арттыр, қастық ойлама, өтірік айтпа, өз өзінді өзгешеліктен артық көрсетпе секілді моралдық қағидалары қазіргі уақытқа дейін ұрпақтың тәрбиесіне қажетті этикалық ұстаным саналады. «Толық адам» бұл жан жағы жұмыр келген ақыл иесі. Бұл жұмырлық бір ғадаләт, ғылым мен рақымның негізінде қалыптаспайды. Абай ол үшін әл-Фарабиден жеткен әрекетшілдікті қазақ қоғамына насихаттайды. Бұл әрекетшілдікті руханилық өлшемі ретінде ақыл, қайрат, жүректің тазалығы толықтырады деген ойда болады. Бұл туралы Хакім Абайдың:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек», - дейді.

Абай Құнанбайұлының осы адамның қалпы, жүрек ұғымы ислам фәлсафасының негізгі тірек ұғымы болып табылады. Алланың сырлы әлемін жүрекпен тану, сезу, жүректің құпия әлемге ашық терезелері, жүректің басты қорректендіруші күші түсініктері әл-Фарабидің ілімінде де, әл-Газалидің ілімінде де бар. Фәлсафада «толық адам» кемелділіктің жиынтығы деген ұғымы аталған ойшылдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Мұндағы басты ерекшелік, ол кемелділіктің өлшемі ретінде қоғамдық компетентті және тұлғалық-моралдық компонентті негізге алуы. Профессор Н. Сейтахметова мен М. Смагуловтың зерттеуінше «Фәлсафа мен суфизмде кемелді адам Жаратушымен үйлесімділікке қол жеткізген рухани иманды, адамгершілікті адам. Бұл өз өзіңмен болу дегенді білдіреді» [10, 106 б.]. Профессор Н. Сейтахметова анықтаған кемелділіктегі өз-өзіңмен болу әдісі әл-Газалидың шығармашылығында төрт унванды, қырық асылы, негізі бар қағидалар ретінде алынады. Сонымен бірге адамның кемелділігі осы сатылардан өту арқылы өзінің эстетикалық күйіне қол жеткізеді.

Әл-Газали адамның кемелденуінің жолын сопылықпен байланысты зерттейді. Бұл унваннан өту сатыларының бірінші кезеңін өзің туралы ақиқатты тану, екінші кезеңін Жаратушының ақиқатын тану, үшінші кезеңін жалған дүниенің ақиқатын тану, төртінші кезеңін баки дүниенің ақиқатын тану құрайды. Тиісінше, бұл таным деңгейлері төрт дінгеке жіктеледі, олардың екеуі сыртқы, екеуі ішкі сипаттарға ие. Бұл сипаттардың ішкі құрамын табиғаттың әдепсіз белгілерінен жүректі тазарту, жүректі табиғаттың арлы белгілерімен көркемдеуді құраса, онда сыртқы белгілерін Жаратушы бұйрықтарын орындау және адамшылықтың этикалығы құрайды. Әл-Газали ілімінде де жүректің ішінде білімге деген бір айрықша терезе бар және ол интуиция мен аян арқылы ашылады. Сондықтан кемелділікке жетуде тән жүрекке бағынған және де мистикалық таным ішкі қайнарды біртіндеп ояту арқылы

толықтыққа ие болады. Бұл туралы Абай Құнанбайұлы «Жүректің ақыл суаты, Махаббат қылса Тәңірі үшін», - деп ой түйеді.

Әл-Газали жүрек ақиқаттың ішкі мәні деп, ақиқат дегеніміз өз кезегінде рух пен жан, оның шын иесі жасампаз Жаратушы деген ілімді дамытады. Әл-Газали: «Жүректі сырлы, мистикалық таным: 1) Жаратушының болмысын; 2) Жаратушының ақиқатын; 3) Жаратушының әсемдігін; 4) дүниенің жалғандығын тану арқылы жүреді» [7, 30 б.]. Әл-Газалидің бұл әдісі Жаратушы махаббатына бөлену жолындағы тақуалықтың, сопылықтың сыры саналады. Жаратушыны ішкі жан дүниенмен сезініп, өзінді Аллаға қызмет ету жолына арнау шын мұсылманның арманы және оның әсемдігіне деген кіршіксіз пейілі болып саналады. Профессор Д. Кенжетайдың зерттеуі бойынша «Кемелділіктің себебі, махаббат. Кемелділік моралдық құндылықтармен өлшенеді» [11, 18 б.]. Адамның өзімен болу дегеніміз бұл нәпсіден тыйылу, құмарлықты басу. Мағжан Жұмабаев «Батыр баян» жырында «Жүрегім, мен зарлымын жаралыға, Сұм өмір абақты ғой саналыға», - десе, онда бұл ойды әл-Газали «Діндер үшін жалған дүние абақты болса, ал дінсіз үшін жұмақтың өзі», - деген ойда болады. Ж. Сандыбаевтың зерттеуінше: «Газалише адамның кемелденуі ахлақты тәрбиелеу, яғни адамның рухани адамгершілік қасиеттерін дамытып, кемеліне жеткізу болып табылады» [12, 13 б.].

Сонымен бірге бұл рухани және діни сабақтастықта әл-Фараби мен әл-Газалидің саяси философиялық көзқарастарында да ортақтық пен ерекшелікті көзқарастар бар. Әл-Фараби бойынша адам кемелділікке жету үшін адам қауымдарын түзу қажет деп санайды. Қоғамдарды толық қоғам, толық емес қоғам ұғымдарына жіктеп, толық қоғамның ұлы, орта, кіші түрлерін ажыратады. Ұлы қоғам – барша адамзат қоғамдарының жиынтығы, орта – бір халық түріндегі қоғам, кіші – тұрғындардан құралған қоғам деген түсінікті береді. Бұл көзқарас қазіргі қоғамтану ғылымында өз орнын сақтап, қоғамдардың классификациялануы осы тәртіппен жүргізіледі.

Әл-Фарабидің пікірі бойынша адамдардың қоғамдарға бірігуі мен өзара әрекеттерінің мақсаты, сол бақытты қоғамды

қайырымдылық шарты негізінде құру болып табылады. Мұндағы басты ерекшелік, ол қоғамға бірігу адамдардың өз еріктерінен нәр алып, ол өнер, кәсіп арқылы дамиды. Сонымен бірге адамдар арасындағы қатынас туыстық дәстүр, үй ортақтығы және мекен ортақтығы арқылы түзіледі деген ойда болады. Ал әл-Ғазали бойынша қажеттіліктер тәннің саулығы үшін қызмет атқарып, ол қоғамның құрылысымен, өзара көмектің деңгейімен және ынтамақтастықпен өлшенеді. Мақсаты адамдарды киіммен, ас ауқатпен, баспанамен қамту. Әл-Ғазали пікіріндегі басты ерекшелік, ол басқарушы халықтың тәндік саулығын қамту, қажеттіліктерін өтеуге қызмет атқаруы тиіс. Бұл қажеттіліктер тәннің өтеуін, тәннің өтелуі жүректің өтеуіне, ал жүрек ақиқатты тануға ықпал жасайды деген ойда болады. Бұл билеушінің де, қажеттіліктерді өтеуде, өнерде жалған дүниенің еншісі ретінде зерттеледі.

Әл-Кинди бойынша ұрпақ түрлі индивидтерден құралады, бірақ олар бір мақсатқа, идеяға бірігудің құрбанына айналып, ұрпақтық ерекшелігін жоғалтып алады. Ұрпақтық дихатомия әлсіз көрініс береді және әлеуметтік топтық бәсекелесу өлшемдері сезілмейді. Бұл болашақ өмір мәңгілік дүниенің баспалдағы болып табылады. Әл-Кинди: «Уақыт- қозғалыстардың реттік саны, өткенді болашақпен жалғастырып тұратын «қазір» [13, 35 б.] деген анықтама береді. Француз философы А. Корбен өзінің еңбегінде ислам дүниесінде формалар уақытқа қарағанда кеңістікте ойланады деген пікірін білдіріп, ислам философиясындағы уақыттың екі түрлі бағамдалуын ажыратады. Олар: «заман афаки – объективті дүние уақыты, сандық уақыт; заман анфуси – жан дүниенің ішкі уақыты, сапалық уақыт. Формалардың бірізділігі бір уақыттылық формасымен ауыстырылады» [14, 27 б.].

Тиісінше, ғалымдардың пікірінше ислам дүниесінің адамы ұрпақ атрибуты ретінде кеңістікте тұрақты, өзгерместен жасаушы формада қалып қояды. Өйткені объективті дүние адамның іс-әрекеттілігінен тәуелсіз, керісінше оның жан дүниесіне қысым жасаушы құбылысқа айналып кетуде. Әйтседе мұсылманшылықта уақыттың қадірін, оның өзектілігін түсінуге адамды тәрбиелеу

ерте жастан қолға алынады. Мұсылман адам орындауы тиіс парыздардың әрбірінің өзінің уақыттық шегі бар. Яки, адам өзінің Жаратушыға құлшылығын орындауда белгіленген уақыттан кешігетін болса, онда оның әрекеті қабыл болмауы мүмкін. Сондықтан уақыт адамға өлшеніп ақылмен бірге берілген Алланың аманаты. Ұрпақ тәрбиесінде әрбір уақыттың жауапкершілігі және сұрауы болады. Ол бала балиғат жасына толғаннан бастап, отбасы құруы, ұрпақ сүюуі, ұрпағым салиқалы болсын деп тәрбие беруі және ақиреттік дүниеге дайындалуына шейін өзінің уақыттық өлшемдері бар. Бұл әрекеттілікті әл-Фараби «Өмір уақыттың ішінде»,- деп түйіндейді [2, 27 б.].

Қазіргі заманда ислам философиясы әлемдік философиялық мұраның бір саласы ретінде адамның дүниеге көзқарасы мен өз болмысын тануындағы Жаратушы құдыреті, табиғаттың сыры және адам іс-әрекеттілігі арасындағы үйлесімді ойлауды зерттейді. Бұл өзгеріс діни дайын ойлаудың шегінен шығу күнә әрекеті емес, адамның қалалық мәдениетті, ондағы өнерді, білімді меңгеруі арқылы ізгі, қайырымды, сауатты орта құрылысына бағытталған. Әл-Фарабидің адамы мен оның әлеуметтік-этикалық көзқарасы утопиялық сипатқа ие емес. Адам өз заманы мен өмірін сырттан бақылап, сыни ойлауға қабілетті, өзіндік ұйымдастыруға ие тұлға ретінде қалыптасуы керек.

Қазіргі уақытта бұл тенденция ақпараттық қоғамның адамның ізденісін жеңілдету арқылы дайын ақпараттың негізінде ойлауды ұсынуынан көріп отырмыз. Біздің қоғам осы ойлау формасының тұзағынан шыға аламай отыр. Адамның ойлауын жетілдіру арқылы қалалардағы өндіріс, сауда саттық, шаруашылықтың түрлері ұйымдастырылады. Бұл дәстүрді түрік халқының экономикалық өміріндегі «эснаф» іскерлік этикасының қызметінен көре аламыз. Түрік философы Синан Өзбек тарихшысы Иналчықтың шығармалары негізінде «эснаф» іскерлік этикасын «Фүтүбет» моралі құрайтынын келтіреді. «Фүтүбеттануларда» маңызды бір мораль құралы идеалды адам кәсібі, дұрыс іс түрінде түсіндірілді. Мұқтаждығы болғандарға жәрдем беру, қонақ сүйерлік,

құрбан болу, сүйеніш, тірек болу, үлкендерге құрмет, бір біріңе қарсы сөйлеуден, өсек айтудан тартыл, босқа жүрме секілді құндылықтармен бірге; «тіліңе, беліңе, қолыңа хакім бол» сөздерін идеалды адам кәсібі секілді түсіндіреді» [15, 165 б.].

Бұл іскерлік мәдениет формасына ұқсас мораль қазіргі заманғы қазақ қоғамындағы шағын және орта кәсіпкерлік сферасына қажет болып отыр. Дегенмен таза діни этикалық-моралдық қағидаларды сақтап қызмет көрсетудің орнына, дәстүрлі емес діни ағымдар арасындағы басқару тәсілі ретінде орын алу-да. Осы дәстүрлі емес діндердің идеологиясына жастардың көптеп тартылуын, олардың діни білімінің әлсіздігін ескеретін болсақ, бұл тенденция ұлттық мүдде деңгейінде елімізге қауіп төндіреді. Сондықтан да әл-Ғазали діни білімі әлсіз адамдарға діннің құндылықтарын біртіндеп, оқыту арқылы қалыптастыруды ұсынады. Яки, әл-Ғазали діннен хабары жоқ адамдардың арасында дінді дұрыс оқытпау, имамдардың өз көзқарасын ортақ сенімге қосуы салдарынан діни фанатизм орын алатындығын ескертеді. Мұндай діндерді қайта тәрбиелеудің өте күрделі екенін, имамның дүмше екендігіне назар аударады. Бұл туралы профессор Б. Сатершиновтың: «Бүгінгі ұрпақтың ертеңгі дамуы өткеннің тарихи тағылымына тәуелді, рухани сабақтастық сақталмаса, адам аяғында нық тұра алмай тайғанақтайды, ақырында жаттануға ұрынады», - деген ойы бар [16, 25 б.].

Еліміздің кеңестік кезеңдегі тарихынан белгілісі, ол өзіміздің қазақ ұлтының көптеген өкілдері бір ұрпақ ауысып, өзінің діни, ұлттық және рухани сабақтастығынан ажырап қалды. Әл-Ғазалидің «Бақытқа жету әліппесі» шығармасында перзент тәрбиесіне ата-ананың қатысуы серік, ұстаз жағдайында орын алуы тиіс және бала, перзент ол ата-анаға Алланың бұйыртқан аманаты. Ата-ананың міндеті Алла жолындағы саликалы ұрпақты тәрбиелеу және оны көзінің қарашығындай сақтап, жеткізу. Әл-Ғазалидің көзқарасынша ата-ана өз перзентіне тәрбие беруде мынадай қағидаларды сақтауы қажет және баланы тек жақсымен сұқбат құруға дайындау керек. Әл-Ғазали: «Перзентті тәтті тағам мен жаңа киімге үйір қылмауы керек. Бұл баланың уақытын

босқа өткізу; баланың жан дүниесін рухани нәзіктікке тәрбиелеу қажет; бала тәрбиешісі де сыпайы болуы қажет; тамақты аз аздап ішу қажет; әдепті балалардан үлгі өнеге алу қажет; әке баласына сабырлылықты, шыдамдылықты, айбаттылықты үйрету қажет; күндіз ұйқыдан сақтандырып, түнде қатты төсекте жатуы тиіс; баланың көңілін түсірмеу қажет; тіленшілік, қайыршылықтан сақтау қажет; үлкенді құрметтеуі, бейәдеп сөйлемейуі тиіс; уәдеге берік болып екі жүзділіктен сақтануы тиіс» [17, 15 б.].

Әл-Ғазалидің бұл тәрбиелік қағидасынан ұрпақты тәрбиелеудің діни аскеттік образын байқаймыз. Сонымен бірге перзент тәрбиесінде ата-анамен бала арасындағы қатынасқа өзге де әлеуметтік агенттердің қатысуының деңгейін анықтаймыз. Бұл әлеуметтік агенттер перзенттің әлеуметтену үрдісіне қатысуын, оның педагогикалық қызметін анықтайды. Яки, ұрпақ тәрбиесі қоғамдық ортада жан жақты және толыққанды жүрген кезде ғана, оның іс әрекеттілігі нәтижелі болады. Ұрпақ тәрбиесінің мақсаты көркем мінезді, нәпсіден тыйылған адамды қалыптастыру болып саналады. Әл Ғазали: «Көркем мінез жанның қадірін ақылмен танып, көзбен көрінетін тәннен жоғары тұрады. Адамның ішкі дүниесінде төрт үстін бар. Бұлар әдемі болмайынша мінезде көркем болмас. Осы төртеуі тең түсіп, жарасса ғана мінез көркемделеді. Олар: білім күші, ашу күші, шауһат және осы күштің арасындағы әділдік күші», - деген анықтама береді [18, 23 б.]. Мұндағы білім күші концепциясы кемелділіктің қалыптасуының бір шарты, бұл қағида әлі де өзекті. Өйткені адам білім күші арқылы өзін қоршаған ортадағы құндылықтарды интерпретациялаудан өткізіп, өзінің қоғамдық, тұлғалық потенциалын қалыптастырады.

Әдебиеттер

1 Аль-Кинди. О первой философии. [Текст]. [Электронный ресурс]. Режим доступа: classics.nsu.ru/World/alkindi.htm. Дата обращения: 20.04.2022.

2 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. [Мәтін]. Жалпы редакциясын басқарған Қасымжанов А.Х. – Алматы: Ғылым баспасы, 1978. – 232, 367, 309, 27 б.

3 Қасымжанов А.Х. Аль-Фараби. Второе издание. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – С.85, 144, 81.

4 Абу Хамид Мухаммад аль-Газали ат-Туси. Возрождение религиозных наук. [Текст]. – Махачкала: Нуруль иршад, 2011. – С. 91.

5 Ғарифолла Есім. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 367 б.

6 Құрманалиева А.Д. Әл-Ғазали мен Ибн Рушдтың философиялық дискурсы тақырыбында 09.00.03 – Философия тарихы бойынша философия ғылымдары докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2009. – 15 б.

7 Абу Хамид Мухаммад аль-Газали ат-Туси. «Кимийа-йи са‘адат» («Эликсир счастья»). [Текст]. – Москва: Издательство «Ихлас», 2011. – С.17, 104.

8 Алтаев Ж.А. Әл Фараби және заманауи қазақ философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 330 б.

9 Абай. Қара сөздер. [Мәтін]. – Алматы: Атамұра, 2020. – 94 б.

10 Сейтахметова Н. Смагулов М. Концепция «инсан аль камил» как модель совершенного человека и ценностная роль в образовательном процессе. // Адам әлемі философиялық және қоғамдық гуманитарлық журнал. – 2017. – № 1 (71). – С. 106.

11 Кенжетай Д. Иасауи мен әл Фараби мұраларындағы антропологиялық тұжырымдар // Әл Фараби. Әлеуметтік гуманитарлық зерттеулер журнал. – 2020. – № 4 (72). – 17, 18 б.

12 Сандыбаев Ж. Әбу Хамид әл-Ғазалидің адамгершілік ілімін тарихи-философиялық талдау тақырыбында 09.00.03 – Философия тарихы бойынша философия ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған авторефераты. – Алматы, 2009. – 13 б.

13 Ғарифолла Есім. Дүниетаным баяны. – Алматы: Дәуір баспасы, 2020. – 235 б.

14 Корбен А. История исламской философии. – Москва: Прогресс-Традиция, 2010. – С.25, 27.

15 Синан Өзбек. Көшпелі түрікмендердің органикалық интеллектуалы Отман баба. Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің хабаршысы. Тарих, философия, дінтану сериясы. – 2021 – № 3 (136). -165 б.

16 Сатершинов Б.М. Тарихи сана тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы, 2011. – 225 б.

17 Имам Әбу Хамид әл-Ғазали. Бақытқа жету әліппесі. [Мәтін]. – Алматы: Баспалар үйі, 2014. – 215 б.

18 Имам Әбу Хамид әл-Ғазали. Жан тәрбиесі. [Мәтін]. – Алматы: Баспа үйі, 2014. – 230 б.

1.5 Ислам философиясындағы кемел адам идеалы хақында

Ислам философиясында оның алғашқы қалыптасу кезеңінен бастап-ақ әртүрлі ағымдар мен бағыттар пайда болды. Бұл философиялық мектептердің сан алуандылығы мен байлығы дін аясынан тысқары жатқан ізденістердің – қоғамдық әрі жалпыхалықтық идеалдарға жету талпыныстары мен кей жағдайда атеистік көзқарастарды ашық негіздеуге дейінгі қуатты ағымдарымен толықты. Ортағасырлық ислам ойы ерік бостандығы мен зұлымдықтың қайнар көзі, жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру және ізгілікті адамды тәрбиелеу, адамның өз әрекеттері үшін адамгершілік жауапкершілігі сияқты маңызды этикалық мәселелерге ерекше назар аударды. Бұл ұғымдар төңірегінде теологиялық және философиялық ойдың әртүрлі бағыттары қалыптасты, кейде ымырасыз пікірталастар жүріп отырды. Сонымен қатар, әртүрлі ислам философиялық мектептері кемел адам идеалын іздеумен шұғылданды және ол әр ағымда өзінше түсіндірілді [1].

Ортағасырлық діни дәстүрге сәйкес, адамның күнәһарлығы себепті оның кемшілігі шыншыл өмір сүру арқылы түзетілуі тиіс деп есептелді. Бұл дегеніміз тағдыр соққыларына мойынсұнып қабылдау, әділетсіздікке төзімділікпен және батылдықпен қарсы тұру, адамгершілік өсиеттерге сай өмір сүру, өмірдегі қиындықтар мен қайшылықтарды тағдыр сынағы ретінде қарастыра отырып, оларды кішіпейілділікпен еңсеру.

Ортағасырлық мәдениетте Құдай тек жаратушы бастама ғана емес, сонымен қатар әлемнің терең мағынасы мен түпкі мақсаты. Ислам дүниетанымындағы Құдай идеясы онсыз өзге барлық идеалдар мен мақсаттар өзінің маңыздылығын жоғалтатын кемелдіктің бейнесі. Мұсылман мәдениетіндегі ізгілікті адам моделі қатаң нормативтілікке негізделеді және бүкіл болмыстың Абсолютке толық тәуелділігі туралы түсінікпен айқындалады. Адамның тағдыры мен мінез-құлқының алдын ала анықталуы Құранның көптеген аяттарында айтылады. Дегенмен, Құранда

соқыр фатализмге қарсы тұратын аяттар да бар. Фаталистік идея мұсылман теологтары тарапынан исламның этикалық жүйесінің негізіне айналды. Бұл көзқарас әсіресе әл-Ғазалидің еңбектерінде айқын көрініс тапты [2].

Ортағасырлық исламдық дәстүр бойынша адам басқа тіршілік иелері секілді жаратылғанымен, ерекше мәнге ие, өйткені онда құдайылық пен жерлік, ізгілік пен күнәһарлық қатар үйлесім тапқан. Адам жаратылысынан еркін. Құдайға құлшылық ету адамның міндеті ретінде уағыздалады, себебі адам осы міндетті атқару арқылы Құдайға Абсолютті тұлға ретінде ұқсас болуға ұмтылады. Адамның Құдай белгілеген жолмен өз еркімен жүруі, оның болмысының мәнін білдіреді, алайда бұл болмыс шынайы, эмпирикалық өмірде әрдайым көріне бермейді. Онда адам Құдайға ұқсас болудан алыс екендігін көрсетеді. Құдайдың адамгершілік қағидаларын ұстану, болуға тиісті жағдай, демек бұл адамның шынайы, ізгілікті болмысына, яғни кемелдікке қайта оралуының мүмкіндігі.

Мұсылмандар арасында тағдырдың алдын ала белгіленуі туралы догма төңірегіндегі дау-дамайлар мен күрестер алғашқы халифалар дәуірінде-ақ басталған болатын. Егер адамның барлық іс-әрекеті ежелден Алла тарапынан алдын ала жазылған болса, онда адам өз қылықтары үшін қалайша жауап бере алады? Алланы бәрінен құдіретті, әрі мейірімді жаратушы ретінде тану мүмкін бе? Егер Ол шексіз құдірет иесі болса, онда жақсылық пен жамандық та Оның еркімен болады, демек, Ол бәріне мейірімді емес. Ал егер Алла шексіз мейірімді болса және зұлымдық одан келмесе, онда Ол барлық нәрсені басқаратын құдірет иесі бола алмайды, яғни адам тағдырын анықтамайды. Ортағасырлық санада адамзат тарихы моральдық сипатта түсіндіріледі. Жақсылық пен зұлымдықтың арақатынасы – рух пен материяның, жан мен тәннің күресі ретінде қарастырылады; еркін таңдау мәселесі – адам еркі мен Құдай тағдырының арақатынасы түрінде пайымдалады; адамның кемелденуі Құдаймен қауышу жолы ретінде; ал адамзат тарихы мен қоғамдық тәртіп Құдай әділеттілігінің

(теодицеяның) көрінісі ретінде бағаланады. Кәләм іліміндегі фаталистік дәстүрге тән кемел адам туралы ілімге қарсы алғаш болып пікір білдірген әрі ойланған мұсылмандар – қадариттер еді. Олар адамның ерік бостандығын және оның өз әрекеттері үшін Алла алдында жауапкершілігін қорғады. Адам еркінің бостандығы жайлы ілімді мутазила бағытына жататын теологтар да қолдады. Жалпы алғанда, абсолюттік фатализмді жақтаушылар мен ерік бостандығын белгілі бір деңгейде мойындайтындар арасындағы пікірталас мұсылмандық ой тарихының бүкіл кезеңінде байқалып, XIX–XX ғасырларда ерекше өзектілікке ие болды [3].

Суфизм бүкіл ислам мәдениетіне зор ықпал етті. Суфилер де Құдайдың жаратылыстық, материалдық әлемге эманация (яғни ағып шығу, таралу) ретінде енуі идеясынан бастау алады. Ислам догматикасындағы «Алладан басқа тәңір жоқ» деген негізгі қағида оларда «Құдайдан өзге болмыс жоқ» деген тұжырыммен толықтырылады. Бұл тұжырым мистикалық пантеизмнің формуласы ретінде көрініс табады. Суфийлердің ілімі бойынша, Құдайлық мәннің жердегі көрінісі мүміндердің рухында орын алуы мүмкін. Осыған сәйкес, олар белгілі бір талаптарды орындау арқылы тікелей Құдаймен байланыс орнатуға мүмкіндік алатын «кемел адам» концепциясын дамытты. Мұндай байланыс ерекше экстаздық халде ғана мүмкін, ал ол күйді сөзбен сипаттау немесе рационалды түсіндіру мүмкін емес. Суфизммен исламдағы өзіндік монашестік өмір салты – дервиштермен де байланысты, олар кедейлікте өмір сүріп, үздіксіз Құран оқумен, зікір айтып, ел аралап жүргенімен танымал болған. Суфийлік «әл-инсан әл-камил» – «кемел адам» концепциясындағы кемелдіктің өлшемі басқа адамдармен салыстыру арқылы емес, Абсолютпен, яғни Құдаймен немесе кейде Буддамен жақындық деңгейімен анықталады. Өйткені идеалдылықтың өлшемі дүниелік емес, діни нормалармен шектелмейтін, тіпті олардан да биік тұрған, трансцендентті шындыққа бағытталған ұғым. Бұл шындықпен қатар ол адамның ішкі «Меніне» де байланысты. Мұндай өлшемді таңдау адамның биологиялық-элеуметтік табиғатынан гөрі, оның құдайлық, рухани мәніне назар аударудың нәтижесі болып табылады.

Суфизмдік түсіндіру бойынша, адам бойында Құдайлық пен жаратылғандық бөлінбес бірлікте тоғысқан. Адам тек дара тұлға ретінде емес, бүкіл адамзаттың өкілі ретіндегі болмысында ғаламдағы ең кемел жаратылыс. Басқа барлық болмыс түрлері Абсолюттің сансыз атрибуттарының бірінің ғана көрінісі болса, адам болмысы сол атрибуттардың барлығын бойына сіңірген синтез ретінде қарастырылады. Оның бойында бүкіл жаратылыс пен әлемдік шындықтардың мәні бірігеді. «Вахдат ал-вуджуд» («болмыстың біртұтастығы») жүйесінде адам – микрокосм, яғни әлемнің барлық құрылымын өзінде қамтыған кішкене әлем, ал макрокосм – үлкен әлем. Бұдан да тереңірек алғанда, адам – Құдай мен әлем арасындағы делдалдық буын, жаратылыстық және космостық болмыстың бірлігін қамтамасыз етуші рухани көпір іспетті.

Адам өз табиғи болмысын ақтау үшін кемелдікке ұмтылуы тиіс. Адам өмірінің мәні – өзін-өзі үздіксіз жетілдіруді қажет ететін жоғары міндетті орындауда. Бұл жолда тек қоғам бекіткен тәртіп пен заң ережелерін сақтау жеткіліксіз. Заң – көрінетін, сыртқы болмыста бағыт сілтейтін құрал ғана. Ал шынайы болмысқа жетелейтін рухани жолға түскендер үшін «маяк» қызметін қасиетті ұстаздар атқарады. Олар адам мен Құдай арасындағы рухани байланысты орнатушы, жанның жолбасшысы ретінде танылады.

«Ал-инсан ал-камил» («Кемел адам») ұғымының метафизикалық әрі діни түсіндірмесіне рұқсат беру – тұлғаның адамгершілік тұрғыдағы жетілу қағидасын оның зияткерлік деңгейіне сәйкес әртүрлі формада қалыптастыруға мүмкіндік берді. Суфизмді ұстанғандардың көпшілігі – қарапайым, жиі сауатсыз халық үшін бұл жолдағы бағдар – ұстаз-сопы, қасиетті адам болды. Оның өмірі мен іс-әрекеті үлгі ретінде қабылданып, соған еліктеу қажет деп есептелді. Көп жағдайда олар бұл үлгіні ойланбастан, соқыр сеніммен қабылдады, соның салдарынан кейде олардың рухани әлсіздігі мен аңғалдығын өз мақсатына пайдаланған билікқұмар, арсыз адамдардың қолындағы құралына айналып жатты.

Суфизмде адам – өз «менін» танып, кемелдікке жету жолында өзін-өзі жетілдіре алатын жаратылыс иесі. Сондықтан, адамгершіліктің өлшемі мен жақсылық пен жамандықтың айырымын анықтайтын индикатор – сол адамның өзі бола алады. Бұл жерде адам болмысының ең терең мәні – өзін табу мен Құдаймен қайта қауышу жолындағы рухани жетілуге бағытталған. Суфизмдегі «ал-инсан ал-камил» тұжырымдамасы дәстүрлі исламдық діни сенім жүйесінен, кем дегенде, екі маңызды қырынан ерекшеленеді. Біріншіден, адамда Құдайлық мәннің болуы және оның Құдаймен бірігу арқылы өзінің шынайы болмысына қайта оралуы мүмкіндігі туралы идея Құдайдың табиғаты адамға имманентті деген қорытындыға алып келеді.

Бұл тұжырым ислам теизміндегі Құдайдың абсолютті трансценденттілігі туралы ұстаныммен үйлеспейді. Екіншіден, жеке адамның «ал-инсан ал-камил» деңгейіне жету мүмкіндігін мойындау фатализм идеясына қарсы келетін көзқарас болып табылады. Егер адамның барлық іс-әрекеті алдын ала тағдырмен анықталған болса, онда кемелдік жолына түсу мәнсіз болар еді. Ал бұл жол – суфизмнің басты идеясы мен тәжірибелік ілімінің негізі. Осыдан барып, Құдайдың құдіреті мен адамның ерік бостандығын үйлестіру ұмтылысы туындайды. Джалал ад-Дин Руми ерік бостандығын «капиталға» теңейді: кім оны орнымен пайдаланса, сол пайда табады, ал кім дұрыс қолданбаса немесе теріс пайдаланса, Қиямет күні жазаланады. Руми бұл даудың, яғни, Құдайлық детерминизм мен ерік бостандығын жақтаушылар арасындағы қайшылықтың ақылмен шешілуі мүмкін емес екенін мойындай отырып, мәселені «жүрек билік ететін» рухани кеңістікке көшіру қажеттігін алға тартады.

Осылайша, суфизмдегі ерік бостандығы адамның сыртқы дүние ықпалынан тәуелсіз түрде таңдау жасау қабілетін білдіреді. Адамгершілік өлшем адамның өзі не нәрсені жақсылық деп танығаны. Дегенмен, суфийлік ерік бостандығы шартты және шектеулі: бұл еркіндікке тек рухани жолдан өтіп, кемелдікке жеткен таңдаулы жандар ғана қол жеткізе алады. Ал көпшілікке

ұстазға бағыну міндетті саналады. Жеке пікір айту мен еркін таңдау құқығы адамның рухани тазару жолында жүріп өткен азапты тәжірибесінің нәтижесі, істің ақиқатын табуға деген тоқтаусыз ұмтылыспен келген сый болып табылады.

Мұсылман философтарының «адам дегеніміз не?» және «кемел немесе ізгілікті адам қандай болуы тиіс?» деген сұрақтарға берген жауаптары көбіне діни догматизмге қарсы тұруда және антикалық философияның ықпалы негізінде қалыптасты. Бұл тұрғыда мұсылман Шығысындағы философиялық антропологияның ең көрнекті өкілдерінің бірі – әл-Фарабидің көзқарастарына арнайы тоқталған жөн.

Кемел адам мәселесі фәлсәфаның да өзекті тақырыптарының бірі болды. Бұл бағыттың көрнекті өкілі әл-Фараби өз еңбектерінде кемел адам бейнесін негіздеп берген. Ойшылдың пікірінше, идеалды басшы – кемел адам бейнесінің көрінісі, ал ол Платон сипаттаған философ-басшы бейнесіне ұқсас. Бұл жөнінде әл-Фараби өзінің «Бақытқа жету туралы» трактатында тікелей жазады. Онда ол былай дейді: философ-басшы «заттардың мәнін терең түсіне алатын, ғылымдарды игеру жолында сабырлы әрі табанды болуы керек. Ол табиғатынан ақиқатты және ақиқатқа берілгендерді, әділеттілікті және оны жақтаушыларды жақсы көруі тиіс; өз қалауында өзіншілдік пен менмендік танытпауы керек; тамақ пен ішімдікке құныкпаған, нәпсі мен алтын-күміске немқұрайлы қараған болуы тиіс. Сонымен бірге ол қоғамда жағымсыз саналатын әрекеттерден арланып, тәрбиелі, жақсылық пен әділетке бейім, ал жамандық пен әділетсіздікке қарсы тұра алатын байсалды адам болуы қажет. Бұған қоса, ол табиғатына сай келетін заңдар мен әдет-ғұрыптар бойынша тәрбиеленуі, өскен ортасының дініне қатысты дұрыс көзқарасты ұстануы, сол діннің ұсынған ізгілікті амалдарын бұзбай, тіпті оларды толық орындай отырып, жалпы жұрт мойындаған жақсы мінез-құлықтар мен әдепті әрекеттерге қарсы шықпауы тиіс» [4].

Әл-Фарабидің пайымдауынша, адамгершілікке бейім адам – тәрбие мен тәрбиелік дағдылардың нәтижесінде ізгі адамға ай-

налуы мүмкін. Ал мұндай тұлға тәрбиеден тыс қалған, мәдениет пен өркениеттен мақұрым, «жыртқышқа» ұқсас адаммен мүлдем қарама-қарсы. Егер табиғатынан барлық ізгі қасиеттерге бейімделген, уақыт өте келе бұл қасиеттері мінез-құлық деңгейіне көтерілген адам табылар болса, онда ондай адамның адамгершілік деңгейі адамдық ізгіліктер шегінен асып, тіпті құдайлық сипатқа жақындай түсер еді. Әл-Фараби осындай адамды антикалық дәуірдің ғұламалары «құдайы адам» деп атағанын айтады. Ал, керісінше, жамандыққа бейімделген және ол бейімділік әдетке айналған адам адамдық табиғаттан алыстап, хайуан не басқа бір төменгі жаратылыс ретінде сипатталған.

Әл-Фараби этикасының мақсаты – адам бойындағы ізгі қасиеттерді дамыту, тәрбиелеу және жетілдіру. Ал адам өзі де осындай ізгілікті өмір сүруге, жан дүниесінің ең ізгі ниеттері мен ұмтылыстары бойынша әрекет етуге ұмтылуы тиіс. Сондықтан әл-Фарабидің этикалық ілімінің іргетасы – адамның жан дүниесін зерттейтін психология болып табылады. Адамның ақылы, оның ниеттері мен құштарлықтарына бағыт беріп, тәрбиелеу арқылы оларды асылдандырып, байыптылық арқылы сезім мен аффектілердің шектен шығуын тежеп отырады.

Адам бойында бастапқыдан берілген, ішкі табиғатына тән шығармашылыққа және танымға қабілеттілік оның кемелденуіне және бақытқа жету мүмкіндігін анықтайды. Сондықтан әл-Фараби өз философиялық ізденістерінде әр адам мен бүкіл қоғам өмірінің басты мақсаты болып табылатын – бақытқа жету мен адамгершілік идеясын іске асыруға бағытталған үлгілі мемлекеттің эмбебап теориясын жасауға күш салды.

Осыған сәйкес, адам өзінің кемелдігіне де, бақытына да тек қоғамда және адамдар арасындағы әлеуметтік қатынастар жүйесі арқылы ғана жете алады. Бұл дегеніміз – әрбір адам өзінің табиғи бейімділіктерін, мінезін, темпераментін қоғам талаптарымен және оның құрылымымен салыстыра білуі тиіс. Бұл құрылым, өз кезегінде, адамның тек табиғи құлшыныстары, мінезі, нәпсісі мен сезімдеріне сай келетін жүріс-тұрыс шеңберінен кеңірек па-

раметрлер жүйесін талап етеді. Адамдардың «бірге өмір сүруінің» шарттары адамның тәрбиесін қажет етеді, яғни адам бойына табиғаттан берілмейтін, тек адамзат мәдениеті мен өркениеті арқылы қалыптасатын ізгіліктерді сіңіруді көздейді. Бұл ізгіліктер адамның тек өз қалауы бойынша емес, сондай-ақ міндет пен жауапкершілік негізінде әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Әр адамның бойында ізгілікті немесе керісінше, адамгершілікке қайшы әрекет ету мүмкіндігі бар. Әл-Фараби бізге жеткен трактаттарында адамгершілік табиғатын ашық түрде талдамаса да, оның негізгі әлеуметтік-этикалық шығармаларынан – «Бақытқа жету жолы», «Бақытқа қол жеткізу туралы», «Қоғамдық саясат» еңбектерінен – оның адамгершілік табиғатын түсінудегі теориялық бағытын анықтауға болады.

Ортағасырлық философиялық ойлар жүйесінде, соның ішінде әл-Фараби философиясында да, адамгершілікке негізделген өмірлік қатынас онтологиялық мәнге ие. Мораль идеологиялық тұрғыдан Құдайлық беделдің қағидаты ретінде қарастырылады, ал адамгершілік нормалар – Мұхаммед пайғамбар арқылы жеткізілген Құдай әмірлері мен өсиеттерінің жиынтығы. Адамның адамгершілік әрекеті – Құдайға құлшылықтың көрінісі ретінде қабылданды. Сондықтан адамның дүниеге қатынасы мен өмірлік ұстанымдары діни дүниетаным мен діни мінез-құлықтан ажырамас бірлік ретінде түсінілді.

Әл-Фараби ерекше атап өтетін бақытқа жетудің басты шарты – адамның ерікті әрекет етуі және бұл әрекеттің ерік бостандығына негізделуі. Әл-Фараби адам еркінің бостандығына, жақсылық пен жамандық арасынан таңдау еркіне үлкен мән берген. Ерік бостандығы – жанның парасатты қабілетіне негізделген, тек адамға ғана тән ерекшелік және ізгі қасиеттерді қалыптастыру мен бекітудің қажетті шарты болып табылады. Алғашқы ақылмен ұғынылатын ұғымдар мен бастамаларға жету адамның парасаты арқылы жүзеге асады.

Біздіңше, әл-Фарабидің мұндай ой тұжырымдары тек антикалық грек ойшылдарының идеяларын жалғастырумен

ғана байланысты емес, сонымен бірге, ортағасырлық ислам мәдениетінің рухани ізденістерінен туындаған философияның білімге бағытталған құндылық бағдарымен де түсіндіріледі. Кез келген әрекет, әсіресе адамның өмірлік әрекеті жоғары адамгершілікпен сипатталуы тиіс – бұл кез келген істің басты қағидаты. Өйткені ол Құдайға қызмет ету мақсатына бағынады, демек, ол ең жоғары, кемел бастауларға бағынышты. Адамның әрбір әрекеті, әрбір қадамы үшін ол ұялуға тиіс емес, керісінше, оның ісі басқаларға үлгі болатындай болуы қажет. Мұхаммед пайғамбардың істері мен өмір жолы барлық мұсылмандар үшін осындай үлгі ретінде санада сақталып, жазбаша түрде хатқа түсіп, шынайы мұсылманның ар-ожданының кодексіне айналды.

Аль-Фарабидің пайымдауынша, адамдар адам болмысының ақиқаттығын әртүрлі түсінеді. Біреулер үшін ол байлыққа негізделсе, енді біреулер үшін – ләззат пен рақатқа байланысты, ал кейбіреулер үшін бұл екеуінің де қосындысы. Адам ерік бостандығына ие болғандықтан, түрлі әрекеттер жасауға қабілетті және бұл әрекеттердің нәтижесі әрқашан жақсылық әкелмеуі мүмкін. Аль-Фараби, ежелгі грек ойшылдары Сократ, Платон және Аристотель үйреткендей, шынайы өмір жолын таңдау адамның эмпирикалық, күнделікті мақсаттарға ұмтылуында емес, яғни байлыққа, ләззатқа қол жеткізу сияқты сыртқы құндылықтарда емес, керісінше, ішкі табиғи, өз-өзіне жеткілікті өмір сүруде деп түсіндіреді. Мұндай өмір сыртқы жағдайларға тәуелді болмайды, ал эмпирикалық тіршілік пен оның құндылықтары тек мақсатқа жетудің құралы мен шарты ретінде қарастырылады, бірақ өмірдің өз мақсаты болып табылмайды [5].

Кемел адам туралы идея – әл-Фарабидің этикалық ілімінің шарықтау шыңы, философиялық толғаныстары мен ізденістерінің мәнін жинақтайтын тұжырым. Екінші Ұстаз ретінде танылған ойшылдың кемел адам үлгісін талдау бізді келесі қорытындыларға жетелейді. Бір жағынан, кемел адам образы нақты қоғамның дүниетанымына негізделген идеалдың жинақы көрінісі болса, екінші жағынан, бұл идея жеке мен жалпы адамзаттықтың

диалектикасында жалпыадамзаттық моральдық ақиқаттардың, жақсылықты іздеудің, өмірдің мәңгілік мағынасына ұмтылудың басымдығын көрсетеді. Себебі адамгершіліктің басты ерекшелігі – оның жалпыға ортақтығы, ал оның қағидалары – жаратылыстың әмбебап заңдары ретінде қабылданады.

Әл-Фараби адамның болмысының мәнін іздей отырып, оны ең алдымен адамгершілік кемелдікке жету жолында деп білді. Ол адам мен Ғалам үйлесімін кемел адам идеясы арқылы бейнеледі. Философтың әлеуметтік ілімі адам болмысының этико-әлеуметтік мәніне негізделіп, айқын этикалық бағытқа ие болды. Адам биологиялық тіршілік иесі ретінде дүниеге келгенімен, өзінің шынайы мәнін ол тек қоғамда, адамдар арасында өмір сүріп, өз бойындағы әлеуетін жүзеге асыру арқылы таба алады. Бұл әлеует – ізгілікті болу, әлемге жақсылық пен сұлулық енгізу қабілеті. Адам табиғатынан жақсы не жаман болып туылмайды. Жақсылық пен жамандық, әділет пен азап туралы білім адамда өмір жолында қалыптасады. Кемелдік мәселесі жеке тұлғаның барлық қырларының бір тұтас ішкі қағидаға сай жетілуі ретінде түсіндіріледі.

Әл-Фараби кемелдікті даналық пен шынайы білімді меңгерумен байланыстырды. Жоғары даналық ізгі адам болу дегенді білдіреді. Демек, кемел адам жоғары адамгершілікке ие, ізгі ниетті адам. Ізгілік – адамды жетілдіру барысында қалыптасатын жанның қажетті қасиеті, шынайы адамдық болмыстың реттеуші шартына айналады. Адамгершілік кемелдік – адам бойындағы жағымсыз қасиеттерге қарама-қарсы әрекеттер арқылы жетілетін қасиет. «Адамгершілік кемелдік – әлеуметтік мораль нормаларына толық сай келетін, ақылмен бағаланған мінез-құлық нәтижесі» ретінде көрініс табады [6].

Әл-Фараби әр адамда ерік бостандығы бар екенін мойындайды. Бұл белгілі бір мақсатқа жету үшін жасалатын әрекеттерді еркін таңдауға деген қабілет. Жеке адамның этикалық сапалары туа бітпейді, тек белгілі бір «этикалық бейімділік» ретінде беріліп, адамның өмір бойғы әрекеттері арқылы не жақсы, не жаман бағытта дамиды. Адам өмір жолын дұрыс қалыптастыру

үшін өмірінің мақсатын анықтауы қажет, ал оның өзегінде мінез-құлықтың қалыптасуы жатыр. Әл-Фараби үшін ерік бостандығы – адамның ақыл-парасатына негізделген, шығармашылыққа қабілетті тұлғаның мәндік сипаты. Ол кемел адам болу өте күрделі міндет екенін және тек таңдаулы адамдардың ғана қолынан келетінін айтады. Қоғамда адамның ақыл-ой қабілеттеріне байланысты адамның шынайы мақсатын түсінуге қабілетті және қабілетсіз болып келетін өзіндік иерархия бар. Дегенмен, кемелдік тек білімде емес, әрекетте де көрінеді. Адамгершілік кемелдік – бұл ең алдымен мейірімділік пен адамсүйгіштікке ие болу. Әл-Фараби үшін мейірімділік, құрмет, кешірім сияқты адами сезімдер прагматикалық рационалдылықтан маңыздырақ [7].

Философ адамгершілік үлгінің күшіне сеніп, кемел адамның басты міндеті болмыстың негіздерін өздігінен ұға алмайтын адамдарды тәрбиелеу және білім беру деп санады. Тәрбие – толыққанды адамды қалыптастыруға бағытталуы тиіс, мұндай адам адамгершілік қасиеттерге ие, ізгі ниет пен ерік бостандығы негізінде дұрыс әрекеттер жасайды. Мұндай тәрбие тек адам баласы өзіне ұқсастар арасында қалыптасқанда ғана мүмкін.

Кемелдікке жеткен адам келесі қасиеттерге ие болуы тиіс: жүрегі жұмсақ әрі ақыл-парасаты биік, шындықты сүйші және өтірікті жек көруші, намысқой және ар-намысын жоғары бағалайтын, рухани жетілуге ұмтылатын, дүниелік игіліктерге немқұрайлы қарайтын, әділетті, батыл, шешімді, борышына жауапкершілікпен қарайды. Әл-Фараби адам ешқашан өз құмарлықтарының хаосын толық жеңе алмайды дейді, алайда адам бақытқа жетуді қаласа, міндетті түрде адамгершілікке негізделген кемелдік жолына түсуі керек.

Әдебиеттер

1 Фон Грюнебаум Г.Э. Основные черты арабо-мусульманской культуры. Статьи разных лет. – М.: Наука, 1981. – 227 с. – С.33.

2 Свободомыслие и атеизм в древности, средние века и в эпоху Возрождения. – М., Мысль, 1986. – 285 с. – С.157.

3 Мец А. Мусульманский Ренессанс. /Пер. с нем., предисл., библиогр. и указатель Д.Е.Бертельса/. – М.: Издательство «ВиМ», 1996. – 544 с.; С.44.

4 Кимелев Ю.А., Полякова Н.Л. Наука и религия: историко-культурный очерк... – С.65-83; Чалоян В.К. Восток – Запад: Преемственность в философии античного и средневекового общества. – М.: Наука, 1979. – 216 с.; Аль-Фараби и духовное наследие. Материалы к Международной научно-теоретической конференции «Аль-Фараби в истории науки и культуры народов Востока». – Алматы: Кайнар, МП «Саржайлау», 1994. – 240 с.

5 Роузентал Ф. Торжество знания. Концепция знания в средневековом исламе. Пер. с англ. С.А.Хомутова. Предисл. и примеч. А.В.Сагадеева. – М.: Наука, 1978. – 372 с. – С.275.

6 Философия Абу Насра аль-Фараби. – Алматы: Ақыл кітабы, 1998. – 207 с. – С.47.

7 Фильштинский И.М. Арабская средневековая культура и литература. Сборник статей зарубежных авторов. – М.: Наука, 1978. – 216 с. – С. 4-5.»иметьсвоегодракона» - случай. Всеволода) либоженастаиватьнасухостиинепромокаемостисапог - отрицатьнасилиевлюбойформе, т.е., фактически, вопрекивсемутеоретизировать, теоретизировать, формируявидимостьжизненностиненасильственнойморали.в. «иметьсвоегодракона» - случай. Всеволода) либоженастаиватьнасухостиинепромокаемостисапог - отрицатьнасилиевлюбойформе, т.е., фактически, вопрекивсемутеоретизировать, теоретизировать, формируявидимостьжизненностиненасильственнойморали. Междутем, упрощениявтакомважномвопросебытьнедолжно.в. «иметьсвоегодракона» - случай. Всеволода) либоженастаиватьнасухостиинепромокаемостисапог - отрицатьнасилиевлюбойформе, т.е., фактически, вопрекивсемутеоретизировать, теоретизировать, формируявидимостьжизненностиненасильственнойморали. Междутем, упрощениявтакомважномвопросебытьнедолжно.

1.6 Дәстүрлі қоғамдағы тұлғаның қалыптасуының ерекшеліктері

Жыраулар поэзиясының эволюциясын мысалға ала отырып, қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы жауынгер-батыр тұлғалық үлгісіндегі сапалық өзгерістерді байқауға болады. Әрбір дәстүрлі мәдениетте ата-бабалар культі бар, бірақ оның формалары эволюциядан өтеді. Этнографтардың еңбектері дәстүрлі түркі дүниетанымында бұл эволюцияның тотемдік мифологияның өзіндік даралану схемасы бойынша жүзеге асқанын көрсетеді: ұжымдық тектік тотемдер культі – жеке тотемдер культі (нагуализм деп аталатын) – культ. көрнекті тарихи бабалар (аруақтар). Тотемдік-тайпалық бастау анонимді және ұжымдық болудан қалады.

Мифтік кейіпкерлер мен нақты тарихи тұлғалар өткен мен бүгіннің эталонына, үлгі-өнегесіне, дәнекеріне айналады. Қайтыс болғаннан кейін ержүрек жауынгер аруақ – рудың қамқоршысы болды. Өткен дәуірдегі батырлардың ерліктері туралы әңгімелер, олардың ерліктерін дәріптеу халық ауыз әдебиетінің негізгі сюжеті болды. Бұл ертегілер жастардың әлеуметтену процесінің негізгі құндылықтарын нақты тарихи тұлғалар мен олардың істерін эпикалық идеализациялау түрінде бейнелейтін дәстүрлі мәдениеттің ұрпақтар арасында берілуінде де үлкен рөл атқарды. Жеке үлгілерде тек қана емес, тек қана емес, рудың рухани бірлігі де рәсімделіп, жүзеге асырылды. Ортағасырлық қазақ поэзиясында даңқты бабалары көп адамдар жақсы адамдар деген сенім лейт-мотив болып табылады.

Түркі халықтарының ең көне қаһармандық эпостарынан мұра болып қалған, бүкіл «әскери демократия» дәуірінде мызғымас қайратты тұлға мұраты ортағасырлық жыраулардың бүкіл поэзиясына енген. Жыраулардың барлығы немесе түгел дерлік өздері атакты жауынгерлер, атакты қолбасшылар болғанын айта кеткен жөн. Бірақ көшпелі қоғамның стратификациясы, оның тұтастығы мен бірлігінің жоғалуы салт аттының идеалды үлгісін түсінуде

жаңа мотивтердің пайда болуына, ерлік эталонына гуманистік және теңдік принциптерін енгізуге әкеледі. Қызу шайқастарда әрқашан бірінші болу жеткіліксіз; Әскери ерлік, батылдық пен ерлік, батылдық пен қарсыласын жеңуге деген қажыр-қайрат пен қажымас аңсау ғана емес, сонымен бірге бейбіт шығармашылық еңбек, білімділік, мейірімділік, әділеттілік, парасаттылық қазақ ақындары оны бейнелеудегі 16-19 ғасырлардағы тұлғалық үлгінің қажетті құрамдас бөліктеріне айналады.

Қазіргі заманауи кезеңде ғасырлар бойына қалыптасқан әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, дүниетанымдық көзқарастар жаңғырылып, олардың орнына қоғамда қалыптасып жатқан жаңа жағдайларды түсіндіретін тың көзқарас кең өріс ала бастады. Қазіргі таңдағы бағдарлардың бастысы ретінде ұлттық ділге қажетті болып отырған болашаққа ұмытылатын «жетілген адам» идеясы және оның табиғаты мен мазмұнын ашып көрсету. Өркениетті мағынадағы адамды және қоғамымызды қалыптастыру ізгілікті құндылықтарды ұлықтайтын қауымдастықтың басты міндеті, ұлттық ділдің, ұлттық тәрбиенің алтын өзегі екені анық.

Қазақ халқының көп ғасырлық тарихында қордаланған руханият үлгілері тарихи жәдігерлер түрінде мол екені белгілі. Солардың қатарына ұлт философиясының негізін құрайтын дүниелерді де жатқызамыз. Елімізде ХХІ ғасырдың басында жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жоғарыда аталған құндылықтарды жинақтауда қомақты үлес қосты. Ұлттың тарихи субъект ретінде қалыптасуында философиялық пайымдаулар мен зерделеулердің атқаратын рөлі мен алатын орны орасан зор. Өзін-өзі тануға ұмтылған халық қана сыни сананың, оңтайлы ойлаудың барлық мүмкіндіктерін ашуға ұмытылады.

Қазақ философиясы өзінің теориялық, құбылыстық, құндылықтық сипаттамасы қырларынан алғанда этикалық қағидаттарды барынша дәріптеуші, ойларды ғылыми айналымға ендіруші және дүниетанымдық модель ретінде өрнектеуші танымдық және рационалды жүйе, ерекше парадигма. Қазақ философиясының зерттеу нысанының өзегінде адам проблемасы

тұрғанын да атап өткен жөн. Өткен ғасырларда қазақ философиясы поэтикалық сипатта көркем образдарды бейнелеу арқылы да көрініс берді. Абайдың философиясы поэзия мен рационалды танымдық жүйелердің синтезі. Сондықтан Абайдың дүниетанымын барынша ғылыми зерделеп, келесі ұрпаққа жеткізуге талпынбай толыққанды қазақ философиясы туралы айту қиын.

Әлемдік философиясының сонау біздің заманымызға дейінгі тарихынан қазіргі кезеңге дейін қарастырған негізгі мәселесі Адамның Әлемге қатынасы. Сондықтан қазақ философиясы да адам мәселесін, тұлғаның қалыптасуы мен дамуы проблемасын өзінің зерттеу өрісінде орталықтық басты проблема етіп келгені анық. Айта кететін тағы бір маңызды жәйт – елімізде тәуелсіздік жылдары түркі және қазақ философиясының әр түрлі қырларын арнайы зерттеумен айналысқан ғалымдар корпусы қалыптасты. Сонымен қатар әлемдік философияның тандаулы шығармаларын қазақ тіліне аударатын мамандардың қатарының көбеюі де қуантады. Қазақ философиясының өзіндік пәнін мойындатуға ат салысқан отандас философ ғалымдарымыз жеткілікті. Олардың ішінде О.А.Сегізбаев (қазақ философиясына арналған еліміздегі алғашқы орыс тіліндегі оқулықтың авторы) [10], Ж.М. Әбділдин, А.Қ. Қасымжанов, А.Қ. Қасабек [2], Ж.А. Алтаев [11], С.Б. Бөлекбаев [12], Г.Т. Телебаев [13], Ғ. Есім, Т.Х. Ғабитов [14], М.С. Сәбит, А.Т. Тайжанов, Ә.Н. Нысанбаев, Д.С. Раев, Г.Ж. Нұрышева, Г.Г. Барлыбаева, Н.Р. Мұсаева, Б.М. Сатершинов және т.б. көптеген кәсіби мамандар бар.

Қазіргі кезеңде қазақ философиясы этнофилософияның үлгісі ретінде әлемдік философия мен континенттік (Еуразиялық) философияның даму үдерістерімен өзінің заманауи эволюциясын сәйкестендіруге тырысатыны анық. Бұл жерде ешқандай қайшылық жоқ. Осы кезеңге дейін біздің мамандардың ғылыми зерделеулерінің арқасында көптеген түркілік және қазақ даласының тарихи тұлғаларының дүниетанымдық жүйелері философиялық талдаудан өткізілді, тарихи кезеңдеулер жасалынды. Бұрынғы тарихта айтылмай келген ұлт философиясына қатысты түсініктер

жүйеленді, сирек кездесетін ұғымдар байыпталды және жаңадан ұсынылған философиялық энциклопедиялық сөздікке енгізілді және көрші елдерде өткен ұлт философиясына арналған конференцияларда баяндалды [15]. Ол туралы соңғы уақытта жарияланған этнофилософияның ерекшеліктері туралы мақалалар мен «Ежелгі заманнан қазіргі дәуірге дейінгі қазақ философиясының тарихына» арналған бес томдық іргелі еңбектер топтамасында жақсы айтылады.

Адам проблемасын философиядан басқа гуманитарлық білімнің әр қилы салалары да зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Әсіресе, философияға жақын салалар – психология мен әлеуметтану тереңдеп бағамдауға ұмтылады. Философия адам мәселесін қарастырғанда оның әмбебап қасиеттеріне барынша жалпылама түрде ұғымдық сипаттама беріп, оның тұлғалық парадигмасына тұжырымдамалар жасауға ұмтылады. Ежелгі гректер «Адам барлық нәрсенің өлшемі» дегенде өз замананында кең тараған натурфилософиялық түсініктерін биікке көтеріп тастағандай әсер қалдырады. Демек, адамның рухани қалыптасуының элементтері жайлы түсініктер Антика заманында қылаң бере бастаған. Бірақ, әр заманның түсінігінің өз биігі болады. Кезінде Аристотель адамның әлеуметтік мәнін ашуға тырысып, оны сипаттамасын «саяси хайуан» деген форматпен шектеген еді. Демек, бұл жерде ғұлама біз табиғат әлемінен саясиленген қасиеттерімізбен ғана ерекшеленеміз деп тұрғандай боламыз. Саяси сипаттамаларымыз адам болмысының, адам тұлғасының бір қыры ғана деген абзал.

Кейінгі ғасырларда үстемдік ете бастаған христиан және ислам діндері адамды сипаттауда «Құдайдың құлы» деген парадигмамен шектеп, оның мүмкіндіктерін сенім территориясына орнықтырып келді. Діни сана адам проблемасына қатысты философиямен кейде ықпалдаса өрбісе, кейде бір-біріне ымырасыз қарсылық танытып келді. Шығыс мәдениетінде адамға деген көзқарас мифологиялық, этикалық және эстетикалық түсініктермен барынша астасып отырды. Ал енді, Еуропа тарихында діншілдік туралы түсініктерге қарсы тұрған

Ж.Ж.Руссо мен Л.Фейербах сияқты кейбір философтар адамды табиғаттың бір бөлігі ғана деп қабылдауға шақырды. Тіпті, материализм бағытаның өкілі Ж. Де Ламетри адамды техниканың құрылғыларына жақындатып, оған біршама қасиеттерімен сәйкес келетінін атап өтеді. Демек, жаны жоқ машина адамды түсіндірудің кілтіндей елестетеді. Қазіргі цифрлі технологияның өрбуі дәуірінде жасанды интеллектіге деген құмарлық адам мен технологияның ара-қатынасын жақындатуға деген талпыныс дегуге болады. Бірақ ескерте кететін нәрсе – ең дамыған жасанды интеллект, яғни техника мен машина ешқашанда руханилығы бар тұлғаға айнала алмайды. Ол әрқашанда бағдарламамен қызмет атқаратын технология болып қала береді.

Дүниенің өзі құрылымдық жағынан алғанда ақпараттар мен қуаттан құралатыны белгілі. Адамның негізгі қасиеті ақпараттарды жинақтап, білімге айналдырып, олардан туындаған тұжырымдардан практикаға қатысты бір шешімдерді ұсыну ғана емес, ол сонымен қатар тұлғаның әлемді, дүниенің әр түрлі қырларыын тұтастай рухани игеруін барлығынан жоғары қоюы болып табылады. Адам бойына жинақтаған адамгершілік қасиеттерімен ғана ерекше құбылыс болып саналады. Бұл жағынан алғанда әйгілі неміс философы И.Канттың адамды «моральге негізделген бұлжымас императивтерді дәріптеуші тіршілік иесі» деп атауы шындыққа сәйкес келеді. Мораль жоқ жерде адам да жоқ, тек зерденің субстанциясы, ақыл-ойдың дамуының шарықтау шегі ғана болуы мүмкін. Ол мүмкін биоробот деңгейінде болуы да мүмкін. Адамзат эволюциясында әр түрлі жолдармен қалыптасқан мәңгірттік қасиеттерді атақты жазушыларымыз Ш.Айтматов мен Ә.Кекілбаевтың көркем образдар арқылы өз шығармаларында талдаудан өткізуі кездейсоқ нәрсе емес. Данагөй жазушылардың кейінгі ұрпаққа тасымалдаған көркем образдар түрінде қалдырған тағылымдық ескертпесі деп қабылдаған орынды.

Әрине, қазіргі кезеңде жасанды интеллектті өрбіту ісі қазіргі ғылыми-техникалық даму қисынында әрі қарай жалғаса береді, цифрландыру технологиялық дамудың көрінісі ретінде қанатын

кең жая түсетіні анық. Бұл адамзаттың болашағын анықтайтын және қазіргі даму заңдылығына сәйкес келетін қағидат. Бірақ осы үрдістердің бағыт пен бағдары толыққанды түрде «Ақиқат заңына сәйкес келе ме, әлде кейбір тұстары келмей жата ма?» деген сауалдар философтар қауымын ойландырады және оларды жаңа ізденістерге шақырады. Цифрлі технологияның объективті үдеріс, оны басқа жаққа қарай бұру, немесе оның қасиеттерін барынша сынай бастау абырой әкелмейді. Себебі, техникалық және технологиялық даму өзінің даңғыл жолына шықты, енді адам техникалық логикаға, технологиялық қызметке тәуелді бола бастады. Ал осы процесті барынша гуманитарландыруға, ізгіліктендіруге, адамиландыруға үлес қосу гуманитарлық сала мамандарының парызы деген ойдамын. Техника мен технология адамның руханиятына қызмет ету керек. Біз олардың көлеңкесінде қалмауымыз керек.

Маркстік философия адамды барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы, өзіндік ерекше ансамблі ретінде қарастыруды ұсынды. Дегенмен бұл теорияда адамның биоэлеуметтік негізі басымдық танытып отырады. Шын мәнінде адамның рухани сипаттары мен қасиеттері нағыз басымдылық танытушы факторлар болғаны орынды еді. Себебі, адам болмысында үш түрлі құбылыстық матрица түйіседі. Біріншіден, әрбір жеке адамға генетикалық-табиғи жолмен берілген денесі, яғни ағзасы және оның ерекшеленген қасиеті ақыл-зердесі екені белгілі, екіншіден, субъектінің ерекше даралылығын танытатын жан дүниесі және үшіншіден, жеке адамды Жоғары Рухани Әлеммен, Ғарышпен байланыстыратын каналы, яғни рух әлемінен үнемі келетін қуатты жинақтауы, жүйелеуі жатады. Міне осы Үш қайнар бастау нағыз шынайы адам деген атқа сәйкес құбылысты қалыптастырады. Егер рухани әлемнің қағидаттары жеке адамның тұлғалық келбетін ашатын болған сайын ол нағыз шынайы өмір субъектісіне айнала түседі. Ал егер жеке адам табиғи инстинктердің ауқымынан шыға алмай, сол деңгейдегі қажеттіліктер мен мүдделерді қанағаттандырумен айналысса, онда пенделік-тоғышар форматтан аса алмайды.

Қоғамымызда талай жылдан бері көлеңкелі құбылысқа айналған жемқорлық пен сыбайластықтың негізгі дүниетанымдық бастауы осы табиғи шектеулер аумағынан адамның жеке тұлға сипатында шыға алмай қалуында болып отыр. Адамның шектеулі пайымдаулары, көзқарастары міндетті түрде рухани үйлесімділікті бұзады, девиантты әрекеттерге жетелейді. Сондықтан қоғам үшін әрбір азаматтың рухани жетілу жолында болып, алға қарай жасампаздықпен дамып отыруы ауадай қажет екені анық. Осы рухани тәрбие мәселесі біздің гуманитарлық сала үшін ортақ ісіміз, қасиетті парызымыз болмақ. Абай өзінің 15-ші Қара сөзінде әрбір адамның өмірдегі құбылыстарға, өзінің жекеленген тағдырына тікелей жауапкершілігі болатындығы жөніндегі мәселені қозғайды. Әркім өз ісіне, ойлары мен әрекеттеріне талдау жасау арқылы келесі күннің жаңа форматын жасайтынына толық сенеді. Демек, адамның бақыты да, соры да, жетістігі де, сәтсіздігі де өзіне байланысты екенін көрсетіп береді.

Кезінде атақты ағылшын жазушысы Шекспер өзінің өмір туралы түсініктерін өрнектей келіп адамзат дүниесінің тәршілігі театр сахнасы сияқты екенін, ал пенделер болса сол театрдағы актерлер сияқты әр қилы рөлдерді ойнайтынын айтып кетіп еді. Нидерландтық зерттеуші ғалым адам ойынға қатысушы ойыншы сияқты деген И.Хейзинга көптеген мәдениетанушыларға ерекше ой тастағаны да белгілі. Бұл жерде жоғарыда аталған тарихи тұлғалар адамның әлеуметтегі қимыл-қозғалыстық тұрсіпатын баяндағанын байқаймыз, ал белгілі психологтар З.Фрейд пен К.Г.Юнг жыныстық инстинктер мен ұжымдық бейсаналық негіздерді айқындаумен айналысты. Бұл ғалымдардың сіңірген еңбегі жалпы адам мәселесін әр түрлі қырларынан зерттеуге болатынын көрсетті. Зерттеушілік белсенділіктің көріністерін сан қырлы сипатын дәлелдегенінде болып тұр. Шыныменде адам болмысы әмбебап қасиеттерге толы. Сондықтан зерделеуші ғалым өзінің тапқан жаңаша аспектілерін ортаға салуға құқысы да бар. Ешкім де Ақиқаттың ішкі заңдылығын бірден ұстай алмайды, ол бірте-бірте ашылады.

Ғылыми ізденістер қателіктер жасауға да жол ашады және жаңалықтар әкелуге итермелейді. Ол үшін ізденушіні кінәлауға және әсіре ұлықтауға да болмайды. Жаңалық ашқан ғалым бұрынғы ғылымның барлық жеткен жетістіктерін пайдаланбаса алға жылжи алмайтыны хақ. Сондықтан адамды тану үшін ғылымның, ылыми ақпараттың рөлі мен маңызы зор. Қазіргі кезеңде осы ғылыми ақпарат негізінен ағылшын тілінде тарайды, интернет жүйелерінде орныққан. Демек, ғылымды игеру үшін тіл мен ақпараттық технологияны игеру жастар үшін өте маңызды кезең келді.

Немістің классикалық философиясы, орыстың діни философиясы адамның мәні мен өмірдегі атқаратын қызметін анықтарда білім мен шығармашылықтың зор екнін атап өткен. Дәл осындай түсініктер қазақтың Ұлы Даласында сонау түркі заманынан бері қалыптасқан еді. Орта ғасырлық түркі ойшылдары – Қорқыт ата, Қожа Ахмет Яссауи, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, М.Қашқари, Абай мен Шәкәрімдер адамның нағыз тұлға болып қалаптасуында толыққанды білімді игерудің маңызын ерекше атап өтеді. Демек, ұлылар әр түрлі ғасырларда, әр қилы өркениеттік орталарда ғұмыр кешкенмен түбегейлі маңызды мәселелерді тұжырымдауда бір-бірімен сәйкес келіп, үндесіп жатқан екен, үйлесімді мағынадағы пайымдаулар жасағанын байқаймыз. Жалпы даналықтың түп тамыры тарихи дәуірлердің әрқилығына, мәдениеттердің алыстығына қарамай ұқсас келіп жататындығы анық. Міне сондықтан түркі және қазақ философиясының жаухарлары дәріптелуі тиіс, сонымен қатар заманауи кезеңдегі әріптестеріміз өзіміздің жастарға рухани байлықты игеруді үйретуден жалықпауымыз керек.

Абай дүниетанымының маңызына тоқталатын болсақ, онда оның атақты «Қара сөздеріндегі» терең ойларға жаңаша ғылыми түсініктемелер жасауға итермелеп отырады. Абай өзінің 17-ші қара сөзінде Қайрат, Ақыл мен Жүректің өзара диалогын келтіре отырып, оған Ғылымді төреші етіп, төмендегідей тұжырымдар жасайды: « – Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің

бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – деген Жүректің сөзін келтіреді. Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты: – Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсең болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті. – Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті. – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. – Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым», деп қорытынды тұжырымдар жасайды [16].

Абай өзінің философиялық пайымдауларында адамның шынайы тұлға болып қалыптасудағы рухани кемелденудің маңызын ашып беріп кеткенін байқаймыз. Адамның жан дүниесінің тазалығын сақтауды дәріптеуі, басқа жұртты алаламай барлығына тең қарауға шақыруы нағыз әлеуметтегі әділеттілік қағидаттына сәйкес келетін адами дүниетанымдық қалыптасудың қайнар бастауын көрсетуі деуге болады. Абай дүниетанымына зер салып қарайтын болсақ, адамүнемі өзінің іс-әрекеттеріне сын көзбен қарап, тіпті әр қилы ойларын да еліктен өткізіп отыруы қажет. Бұл жерде

адамның тобырлық сананың надандығына, үстірттігіне еріп кетпей, әрдайым философиялық рефлексияға үйренуге шақырғандай әсер қалдырады. Демек, білімге құмарлық руханилықпен, адамгершілікпен астасып жатқанда ғана өмірге қажетті шынайы нәтижелер беретінін көрсетті. Адамның әрекеттерінде белгілі бір мағына болу керек, яғни саналы қадамдар маңызды. Бірақ одан да маңызды нәрсе рухани сезіммен, адамгершілік қағидаттарына сүйене өмір сүру одан да құдіреттілеу деген ой өрнектелген.

Адам діни көзқарасы бойынша мұсылмандық жолды ұстанған тарихи тұлға. Оның шығармашлығында Алла, Құдай, Тәңір деген ұғымдар жиі қолданылады және олар белгілі бір деңгейде синонимдер түрінде түсінілген. Бұл жерде дүниетанымдық мағынадағы эклектизм байқалмайды. Рухани әлемнің жаратушысы трансценденті әлем болса, адам үшін маңызды осы нақты әлем «жалған дүние» сияқты сипатталады. «Бес күндік ғұмыр» туралы Абайдың түсініктері діни әдебиеттерден алынған пайымдауларға жатыр. Қанша дегенмен заманның өзіндік ділі мен құндылықтар жүйесі Абайды да айналып өтпейді. Кейде пессимистік, депрессиялық күйге түсіп кетуінің өзі Абайдың кейбір психологиялық мәселелердің шешімін таба алмаған шақтарында туындағанын білдіреді. Абай ілімінің құндылығы ойлауға, ізденуге оқырмандарын итермелеуінде, сонымен қатар замандастары күн тәртібіне оған дейін толққанды қоймаған көптеген әлеуметтік және рухани мәселелерді қоя білуінде деген ойдамыз. Сондықтан Абай тарихи тұлға ретінде ерекше құбылыс болып танылады. Қазақ қоғамы дәстүрлі қоғамда беделді рухани тұлғаны қажет етті. Міне, сондықтан осындай қажеттіліктің арқасында Абай феномені қазақ жерінде пайда болды. Бұл жағынан алғанда басқа халықтардың тарихында көрініс берген тарихи тұлғалардың кейпіне ұқсақ Абайдың даналығын, ғұламалығын діріптейміз.

Абайдың рухани мұрасы диалогтық сипаттағы формада қалыптасқан шығармалардан жасақталған. Ол өзінің ойларын айтып, жазып отырып оқырмандарын сұхбатқа шақырады, мәселенің әр түрлі қырларын талдауға, маңызын сыни ойлауға

итермелейді. Ақиқатты білуге деген ұмтылыста монополия болуы мүмкін емес, сондықтан шығармашылыққа, ізденіске түрткі болған ойшыл ғана қадірлі болу керек. Осындай рухани триггер, жасампаздыққа итермелеуші тарихи тұлға Абай Құнанбаев болған десек қателеспейміз. Адамзат өркениеті тек пайғамбарлар арқылы берілген Жаратқанның канондық тұжырымдарына күмән келтірмейтін әдетіміз бар. Әрине, зайырлы қоғамда бұндай шектеулер де қойылды. Ал баска кез келген тарихита өз шығармашылығымен танылған данагөйдің көзқарасы сыни талдауға түсуі мүмкін. Дегенмен, сындарлылық пен жайдақ сыншылдықтың айырмасын білгеніміз абзал. Абай ілімін догма түрінде емес, сындарлы сипатта қабылдайтын ұрпақ қалыптасуын қалаймыз. Сыни талдаудың терең сыры мен қырын үйрету философ оқытушылардың қасиетті міндеті екені анық. Осы мағынада қазіргі жоғары оқу орындарындағы білім беру процесіне көңіліміз тола ма? Ойланатын мәселе. Әрине, студенттеріміз шынайы ғылыми ізденістердің жолында болғанын қалаймыз, онсыз адамзат дамуының эволюциясында бәсекелестікке шыдай алмай шетке шығып қалуымыз да мүмкін.

Қазіргі Қазақстандық гуманитарлық білім саласының философияға қатысты өкілдері гуманизм қағидаттарының Еуразиялық кеңістікте толық басымдық танытқандығын және рухани құндылықтардың оңды бағаланғанын қалайды. Өйткені, өзінің рухани құндылықтарын дәріптеген халық қана басқаларға сыйлы бола алады, өркениеттік дамудың кілтін қолына ұстайды. Қазіргі әлеуметтік дүниенің рухани тұтқасы мен тұғыры – адам өмірінің сапасын, қатынастардағы үйлесімділігін арттыруда екені белгілі және осы қағидаттар Абайдың рухани мұрасында толығынан көрініс береді. Сондықтан Абай іліміне біз қайтадан жаңа деңгейде орала береміз, әсіресе, қайшылықтар мен әлеуметтік дегбірсіздік жағдайында біз одан барынша рухани демеу іздейміз, жағашыл жолдарды анықтауға ұмтыламыз.

Азаматтарымыз қазіргі заманда өзіндік геосаяси, экономикалық қысымдар дәуірінде өмір сүріп жатыр. Соңғы кезде әлеуметтік

ғылым саласында қолданылып жүрген тоникалық қозғалмастық (қиын жағдайларда жол таппай қалшып қалу) деп аталатын жағдайға түсәп қалмау ішін, когнитивтік диссонансты (танымдық басымдылықтардың құнсыздануынан туындайтын күй) жеңу үшін біз дүниетанымдық парадигмамызды жасампаз модельдерге қарай өзгертуге тиістіміз. Қаңтар оқиғасынан кейін елімізде барлық салаларда көптеген әділетсіздіктер орын алып келгені жөнінде билік тарапынан ашық айтылды. Бұқаралық сана өзінің құндылықтар жүйесін қайта қарай бастады. Енді мәселені шешу керек деген ой туындады. Ол үшін қоғамдағы ғылым, мәдениет және ағартушы діннің арасындағы ықпалдасу үдерістері үйлесімді жүзеге асырған орынды. Заманауи кезеңде оның маңызын түсінетін, осы бағытта риясыз қызмет атқаратын зиялы қауым қалыптасқаны абзал. Әзірге бұл проблема елімізде өз шешімін күтіп отыр. Осы бағыттағы жасампаз белсенділік заманауи уақытта өте маңызды.

Қоғамдағы тұлғаның әлеуметтік рөлі және әлеуметтік мәртебесі

Адам әлеуметтік тіршілік иесі бола отырып, әртүрлі әлеуметтік топтармен қарым-қатынаста болып, бірлескен әрекеттерге қатысады. Алайда, адам толығымен бір топқа жататын жағдай іс жүзінде жоқ. Мысалы, адам шағын топ ретінде отбасының мүшесі болғанымен, кәсіпорын ұжымының, қоғамдық ұйымның, спорт қоғамының мүшесі. Бір мезгілде көптеген әлеуметтік топтарға еніп, ол олардың әрқайсысында топтың басқа мүшелерімен қарым-қатынасымен анықталатын позицияны алады. Мысалы, белгілі бір ұжымда ең жоғары лауазымды атқаратын кәсіпорын директорына спорт қоғамына кірген кезде жаңадан келген және біліксіз адам сияқты қарайды, т.б. ең төменгі орынды алады. Жеке адамның әртүрлі топтарға ену дәрежесін, сондай-ақ олардың әрқайсысында алатын орнын және оның әрбір топқа қатысты функционалдық мүмкіндіктерін талдау үшін әлеуметтік мәртебе және әлеуметтік рөл ұғымдары қолданылады.

Әлеуметтік мәртебе – әдетте топтағы немесе топтағы индивидтің басқа топтармен қарым-қатынасындағы дәрежесі немесе позициясы ретінде анықталады (кейбір әлеуметтанушылар әлеуметтік мәртебенің синонимі ретінде «әлеуметтік жағдай» терминін пайдаланады). Әлеуметтік рөл – бұл белгілі бір әлеуметтік мәртебесі бар адамнан күтілетін мінез-құлық. Балалардың мәртебесі әдетте ересектерге бағынады, ал балалар соңғысына құрметпен қарайды деп күтілуде. Әскерилердің мәртебесі бейбіт тұрғындардан ерекшеленеді: сарбаздардың рөлі тәуекелмен және анттың орындалуымен байланысты, оны халықтың басқа топтары туралы айту мүмкін емес. Әйелдердің мәртебесі ерлерден ерекшеленеді, сондықтан олар ерлерге қарағанда басқаша әрекет етеді деп күтілуде. Әрбір жеке тұлғаның көптеген мәртебелері болуы мүмкін, ал басқалар оның осы мәртебелерге сәйкес рөлдерді орындауын күтуге құқылы. Бұл мағынада мәртебе мен рөл бір құбылыстың екі жағы болып табылады: егер мәртебе құқықтардың, артықшылықтардың және жауапкершіліктердің жиынтығы болса, онда рөл – осы құқықтар мен міндеттердің жиынтығы шеңберіндегі әрекет.

Мәдени нормалар ең алдымен рөлдік оқыту арқылы меңгеріледі. Мысалы, әскери адам рөлін меңгерген адам осы рөлдің мәртебесіне тән әдет-ғұрып, моральдық нормалар мен заңдармен таныс болады. Қоғамның барлық мүшелері аз ғана рөлдерді қабылдайды, нормалардың көпшілігін қабылдау белгілі бір тұлғаның мәртебесіне байланысты; Бір мәртебе үшін қолайлы нәрсе екіншісі үшін қабылданбайды. Осылайша, әлеуметтену іс-әрекеттер мен өзара әрекеттесулердің жалпы қабылданған тәсілдері мен әдістерін үйрену процесі ретінде рөлдік мінез-құлықты оқытудың ең маңызды процесі болып табылады, нәтижесінде жеке адам шынымен қоғамның бір бөлігіне айналады.

Әлеуметтік рөлдерді меңгеру процесі. Әрбір жеке адам өмір бойы әртүрлі рөлдерді ойнауға үйренеді: бала, мектеп оқушысы, студент, әке немесе ана, инженер, өндірістегі ұйымдастырушы, офицер, белгілі бір әлеуметтік таптың өкілі және т.б. Рөлдік

оқытудың кем дегенде екі аспектісі бар: 1) атқаратын рөліне сәйкес міндеттерді орындауға және құқықтарды жүзеге асыруға үйрену қажет; 2) берілген рөлге сәйкес келетін көзқарастарды, сезімдерді және күтуді меңгеру маңызды емес. Екінші аспект ең маңызды болып көрінеді. Қазіргі жас әйелдердің барлығы дерлік үй шаруашылығын қанағаттанарлық және пайдалы қызметке айналдыратын көзқарастар мен үміттерді тез меңгере алады .

Рөл ұғымы белгілі бір жағдайда өзара әрекеттесу кезінде әрбір адамның өзінің мінез-құлқына да, басқа адамдардың мінез-құлқына да қатысты күтулерінің жиынтығын қамтиды. Жеке адам рөлді «жалған», шындыққа сәйкес келмейтін негізде немесе жаңа нәрсені алумен байланысты ойнаса да, ол әрқашан өзін қоршаған адамдардың мінез-құлқы мен мінез-құлқын жинақтауға және өз рөлін барынша адекватты орындауға ұмтылады. Мұндай әлеуметтік тәжірибелердің нәтижесінде адамның ішкі жан дүниесі өзгеріссіз қалмайтыны анық. Белгілі бір кәсіппен байланысты рөлдер тұлғаның өзгеруін соншалықты дәрежеде анықтайды, тіпті адамның кәсібін білмесе де, ол өзін мұғалім, шаруа, кәсіпкер немесе министр сияқты ұстайды деп айта аламыз. Тұлға және оның атқаратын рөлі белгілі бір әлеуметтік рөлдерді орындауға қолайлы белгілі бір психологиялық сипаттамалармен байланысты . Мысалы, сыртқы объектілер әлеміне бағдарланған көпшіл тұлға сатушы рөліне оңай бейімделе алады. Сонымен қатар, күнделікті сату міндеттерін орындау көпшіл тұлғаның қалыптасуына ықпал ететіні анық. Осылайша, бірте-бірте рөлдік оқыту барысында оның мәртебесіне тән жеке тұлғаның мінез-құлқы қалыптасады және оған тағайындалған әлеуметтік рөл толығымен қабылданады.

Белгіленген және қол жеткізілген мәртебелер мен рөлдер. Барлық әлеуметтік мәртебелерді екі негізгі түрге бөлуге болады: жеке адамға оның қабілеті мен күш-жігеріне қарамастан қоғам немесе топ белгілейтін және жеке адам өз күш-жігерімен қол жеткізетіндер. Қоғам күрделі құрылым болғандықтан, адамдар топ ішілік және топ аралық қатынастармен қатаң анықталған орасан

зор жауапкершілікті күнделікті орындаған жағдайда ғана оның институттары тиімді жұмыс істейді.

Міндеттерге келісілген қол жеткізуге қол жеткізудің ең қарапайым жолы – барлық әрекеттерді тағайындалған рөлдер жиынтығына бөлу және әрбір жеке тұлғаны туған сәттен бастап алдын ала белгіленген рөлдер жиынтығына дейін үйрету. Ерте балалық шақтан басталатын алғашқы рөлдік тренингтен кейін белгіленген рөлдер «табысқа жету жолы» деп аталатын белгілі бір критерийлерге сәйкес тағайындалуы керек. Жыныс пен жас қоғамда рөлдік рецепт үшін негіз ретінде әмбебап қолданылмайды. Нәсіл, ұлт және дінге қатыстылық та көптеген қоғамдарда белгіленген рөлдердің негізі ретінде пайдаланылады.

Кез келген қоғам үшін рөлдерді жасына қарай тағайындау бірдей маңызды. Индивидтердің үнемі өзгеріп отыратын жастық және жастық жағдайға бейімделуі – көпжылдық мәселе. Жеке адам бір жасқа бейімделіп үлгермей тұрып, екіншісі жаңа мәртебелер мен жаңа рөлдермен бірден жақындайды. Жас жігіт жастық шақтағы ыңғайсыздық пен кешендерді жеңе бастағанда, ол қазірдің өзінде жетілудің табалдырығында тұрады; Адам даналық пен тәжірибені көрсете бастағанда, кәрілік келеді. Әрбір жас кезеңі адам қабілеттерінің көрінуіне қолайлы мүмкіндіктермен байланысты, сонымен қатар ол жаңа рөлдерді меңгеру үшін жаңа мәртебелер мен талаптарды белгілейді. Белгілі бір жаста адам жаңа рөлдік статус талаптарына бейімделумен байланысты проблемаларға тап болуы мүмкін. Біздің қоғамда әсіресе жастық пен кәрілікке дайындықтағы сәтсіз әлеуметтену байқалады. Қарабайыр қоғамдардан айырмашылығы, бізде 18 жаста болатын ересектік кезеңін қоспағанда, нақты анықталған жас статустары жоқ. Ұл немесе қыздың ата-анасы ұлды немесе қызды қаншалықты жетілген деп санауға болатынын білмей, балаларымен жұбайы мен құрбы таңдауы, үйге қайту уақыты, ақшаны пайдалану, некеге тұру немесе неке қию туралы үнемі дауласады. неке. Бірақ жас жігіттің өзі оның күш-жігерінің көлеміне, өмірде жетістікке жету жолын таңдауына, саяси көзқарастарына, достарының шеңберіне және

т.б. қатысты белгісіздікте. Ерте жаста ата-анасына немесе басқа туыстарына тәуелді болып қалуды қалайтын жас адамның қиын таңдауларға жиі берілуі таңқаларлық емес.

Көптеген қарабайыр немесе дәстүрлі қоғамдарда кәрілік құрметтеледі немесе құрметтеледі, өйткені мұндай қоғамдарда адамдар негізінен өздерінің мінез-құлқын ежелгі және мойындалған әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, осы дәстүрлердің сақталуын бейресми бақылау негізінде қалыптастырады. Дегенмен, ежелгі дәстүрлер соншалықты маңызды рөл атқармайтын қазіргі қоғамда кәрілік тек қолайсыздықты тудырады.

Жылдам өзгеретін индустриялық қоғам егде жастағы адамдарға дана көшбасшылықтың көзі ретінде өте сирек қарайды. Қарт адамдардың бекітілген рөлі олардың күші мен қабілеттерінің әлсіреуіне байланысты зейнетке шығуға айналды, ал кейінгі өмірдегі олардың негізгі қызметі тек өзінің өмір сүруін сақтау болып табылады. Сондықтан қазіргі қоғамдағы қарт адамның рөліне көшу әрбір жеке адам үшін өте азапты және қиын.

Жыныс пен жас көптеген тағайындалған мәртебелердің екі мысалы ғана. Мұндай мәртебелердің барлығы әрбір жеке тұлға осы рөлдерге қатысты қоғамда қалыптасқан рецептілерге әлеуметтенген кезде ғана сәтті орындалатын рөлдерді қамтиды.

Қол жеткен мәртебелер мен рөлдер. Жеке таңдау және бәсекелестік арқылы қамтамасыз етілетін әлеуметтік жағдай қол жеткен мәртебе ретінде анықталады. Егер әрбір индивидтің топта немесе қоғамда оның жеке қабілеттері немесе қалаулары ескерілмей тағайындалған белгіленген мәртебелердің белгілі бір саны болса, онда қол жеткізілген мәртебелер осы адамның қабілеттерін, оның өнімділігін және, мүмкін, оны ескере отырып бекітіледі.

Қарапайым санада, яғни дәстүрлі қоғамдарда мәртебелер жиі белгіленеді және біреудің белгілі бір әлеуметтік позицияны иеленуі туылуына байланысты. Мысалы, ер адам туғаннан аңшы, балықшы немесе жауынгер болуға дайындалған. Қазіргі индустриалды қоғамдарда жеке тұлғалардың бір немесе басқа

лауазымды иеленуіне үлкен еркіндік бар. Бұл көбінесе оның табысты жұмыс істеуі еңбек ресурстарының өте маңызды ұтқырлығын талап ететіндігімен түсіндіріледі, сондықтан негізінен жеке тұлғалардың жеке қасиеттеріне, олардың күш-жігеріне сәйкес мәртебелерді өзгертуге нақты назар аударылады. Қоғамның мәртебелерді анықтаудағы әділдікке бақылау жасауы әлеуметтік жүйеге икемділік береді, бұл оған ең үлкен дарындылық танытатын адамдарға маңызды орын алу мүмкіндігін береді. Төлеуге болатын баға «өзін таба алмаған» және жаңа рөлдерге бейімделе алмайтындардың бәсекеге қабілеттілігінің жоқтығы болады. Бұл қалыптасқан жағдайға қанағаттанбайтын қосымша адамдар санының көбеюінен көрінеді. Жеке тұлғаның қол жеткізген мәртебесі оның жұмыс істеу саласын ғана емес, сонымен қатар достарын, ұйымдарын, оқу орнын және тұрғылықты жерін таңдауды талап етеді. Жеке тұлғаның мұндай әрекеттері оның ата-анасы алдын ала белгілемеген мәртебелерді алуына әкеледі. Бұл жағдайда жеке адам өзінің ата-бабаларының тәжірибесінен айтарлықтай жойылған жағдайларға тап болады, бұл оған жаңа рөлдерді қабылдауда тұрақты қиындықтар туғызады.

Белгіленген және қол жеткізілген мәртебелер түбегейлі ерекшеленеді, бірақ соған қарамастан. олар өзара әрекеттесіп, қиылыса алады. Мысалы, ер адамға президент немесе премьер-министр дәрежесіне жету әйелге қарағанда әлдеқайда оңай. Бір жағынан, ірі басшының ұлының, екінші жағынан, шаруа баласының жоғары мәртебеге жету мүмкіндіктері туралы да, аз дәрежеде де солай айтуға болады. Қоғамдағы негізгі әлеуметтік позиция (әлеуметтік-таптық мәртебе) ішінара белгіленеді (яғни, ата-ананың мәртебесін көрсетеді) және ішінара жеке тұлғаның қабілеттері мен ұмтылыстары арқылы қол жеткізіледі. Көп жағдайда белгіленген қол жеткізуге болатын мәртебелер арасындағы шекаралар тек ерікті, бірақ олардың концептуалды бөлінуі осы әлеуметтік құбылыстарды зерттеу үшін өте пайдалы.

Көптеген мәртебелерге қол жеткізуге болатын қоғамның идеалы – адамдардың өз қабілеттеріне сәйкес лауазымдарды

иеленуге ұмтылуы. Бұл жоғары таланттарды көрсетуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар кемшіліктерді ақтау мүмкіндігін жояды. Көптеген мәртебелер тағайындалған қоғамда адам өз жағдайын жақсартуды күте алмайды. Сыйақысы төмен немесе беделі төмен адамдар мәртебесі төмен болғаны үшін өзін кінәлі санамайды. Олардың әрқайсысы өз рөлі мен мәртебесін дұрыс, ал қазіргі жағдайды әділ деп санайды. Мұндай жеке адам өз ұстанымын басқалардың ұстанымымен салыстырмайды. Ол сенімсіздік сезімінен, амбициялық наразылықтан немесе өз мәртебесін жоғалтудан қорқудан ада. Бұл индивидтің әлеуметтенуі мәртебенің өзгеруін күтумен байланысты болмағандықтан туындайды; ол тек белгіленген рөлдерді үйренеді және қабылдайды. Сонымен қатар, егер тұқым қуалайтын кедергілер жойылса және адамның барлық қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндіктер ашылса, төмен мәртебені қабылдау қиын. Егер мәртебеге ие болу бәсекелестікке негізделсе және тиісті дайындыққа қол жеткізу әркімге ашық болса, онда мәртебенің төмен болуының себебі тек әрекетке қабілетсіздік пен қабілетсіздік болуы мүмкін. Дегенмен, бұл жағдайда да ортаншылық артықшылық құқықтарды, топтық квоталарды, жеңілдіктерді және т.б. пайдалана отырып, жоғары мәртебеге жету мүмкіндігін табады.

Қол жеткен мәртебе жеке қабілеттерге негізделген рөлдердің орындалуын барынша қамтамасыз етеді. Онымен бірге жүретін рөлдерді үйрену әдетте қиын және жиі қарама-қайшы келеді. Қазіргі уақытта қол жеткізілген мәртебелер адам әлеуетін тиімді пайдаланумен де, қол жеткізілген рөлдерге сәтсіз әлеуметтену жағдайында жеке адамның жеке рухани әлеміне тигізетін ең үлкен қауіппен байланысты болуы мүмкін.

Әдебиеттер

1 Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД «Аркаим», 2001. – 252 с.

2 Сейтахметов Н.К. Личностный смысл философской культуры. – Алматы: Ғылым, 2001. – 234с.

3 Сознание и общество: время трансформаций (философский анализ): Коллективная монография. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2020. – 440 с.

4 Хьелл Л., Зиглер Д. Теории личности. – Спб.: Питер Пресс, 1997. – 607 с.

5 Гордеева О.В. Измененные состояния сознания и культура: хрестоматия. – М: Когито-Центр, 2012. – 254 с.

6 Bourguignon E. Psychological Antropology. An Introduction to Human Nature and Cultural (Ch. 7. Altered States of Consciousness). Holt. Rinehart and Winston. – New York: Sidney, 1979. – 300 p.

7 Chalmers D. The conscious mind. – Oxford: Oxford University Press. 1996. – 287 p.

8 Revonsuo A. On the nature of explanation on neurosciences. In P. Machamer, R. Grush, & P. McLaughlin (Eds.), Theory and method in neurosciences (pp. 45–69). – Pittsburgh: University of Pittsburgh Press. 2001. – 320 p.

9 Абдильдин Ж., Абдильдина Р. Абай – гениальный мыслитель и гуманист. – Астана: Фолиант, 2015. – 232 с.

10 Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XX века / О.А. Сегизбаев. – Алматы : Ғылым, 1996. – 472 с.

11 Қасабек А., Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. Алматы: «Ер-Дәулет», 1994.-240б.; Қасабек А., Қасабек С. Искание истины. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 375 с.; Қасабек А., Алтаев Ж. Қазақ философиясы. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ баспасы, 2017. – 341 б.

12 Булекбаев С.Б. Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию. – Алматы: «Полингва», 2019. – 320 с.; Телебаев Г.Т. Тюркская философская традиция: вклад Ясауи и аль-Фараби // Социально-гуманитарные знания. № 1, 2019. – М., 2019. – С. 14-20; Телебаев Г.Т. Тюркская философия: основные категории в исторической ретроспективе // Milli fəlsəfə. – Bakı, Azərbaycan nəriyyatı, 2019. – 904 səh

13 Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы / ЖОО-на арналған оқу құралы. – Алматы: Лантар Трейд, 2022. – 265 б.

14 Философиялық энциклопедия. – Алматы, Лантар Трейд, 2021. – 614 б. (Құрастырушылар – Т. Х. Ғабитов пен С.Е. Нұрмұратов).

15 Нурмуратов С.Е. Роль и значение этнофилософии в современных условиях // Вестник Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева. – Бишкек, 2022. – С.20-27.

16 Құнанбаев Абай Қара сөздер. Он жетінші сөз. // <https://laro.kz/abay-kara-sozder/abay17.php>

2 ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ҮШІН ЖЕКЕ ТҮЛҒА МӘРТЕБЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

2.1 Қазақ ағартушылық философиясындағы жеке тұлғаның рухани қалыптасу мәселелері

Қазақ ағартушылық философиясы өз дәуірінің аясынан асып, бүгінгі қазақстандық қоғам үшін де өзектілігі мен құндылығын жоғалтпай келеді. Бүгінгі күн – қазақ халқының рухани мұрасын, тарихи өткені мен қазіргі болмысын қайта пайымдау кезеңі. Бұл, ұзақ жылдар бойы сананы шырмап келген стереотиптер мен догмаларды бұзған, қоғамдық санада түбегейлі өзгерістер орын алған тарихи бетбұрыс дәуірі. Мұндай кезеңде қазақ халқының тарихи және ұлттық даму ерекшеліктерімен сипатталатын ағартушылық философиясын зерттеу аса өзекті бола түсуде.

Қазақ ағартушылық философиясының басты ерекшеліктерінің бірі –оның айқын әлеуметтік бағдары. Сонымен қатар, адам болмысының мәні мен рухани ізденіс мәселелеріне терең назар аударуымен дараланады. Қазақ ағартушылары адам рухының дамуын қоғамның ілгерілеуінің негізгі шарты деп білді. Адамның ішкі кемелденуінсіз бұл дүниедегі кез келген әрекет мән-мағынасынан айырылады деген сенім олардың дүниетанымының өзегіне айналды.

Осы тұрғыдан алғанда, ағартушы ойшылдар жаңа адам бейнесін – білімге құштар, қоғамдық өзгерістерге бейім, белсенді тұлғаны қалыптастыруды насихаттады. Бұл идеялар XIX ғасырда қазақ даласында орын алған әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен тығыз байланысты еді. Атап айтқанда, тауар-ақша қатынастарының дамуы, отырықшылыққа көшу үрдісі және зайырлы білімнің таралуы Ресей империясының құрамындағы қазақ жеріне енген жаңа құбылыстар болды. Мұндай өзгерістер қазақ халқының дүниетанымын, салт-дәстүрін түбегейлі қайта

қарауды қажет етті. Сәйкесінше, қоғам жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделуі тиіс болды. Бұл бейімделу ескі ойлау формаларынан арылуды, өмір салтын өзгертуді талап етті. Дәл осы қажеттілік қазақ ағартушылығы мен демократиялық ой-сананың мазмұнын айқындап берді.

Қазақ ағартушыларының шығармашылық мұрасын зерделеу олардың өз заманына тән мәселелерді терең қозғағанын көрсетеді. Қазіргі таңда сол заманда айтылған идеялар шынайы бағасын алып отыр. Олар өз дәуірінен озық тұрған тұлғалар еді, өйткені бүгінгі күннің өзекті мәселелерін сол кезде-ақ күн тәртібіне қойған. Қазақ ағартушылығының көрнекті өкілдері өмірдегі жекелеген құбылыстарды философиялық тұжырым деңгейіне дейін көтере алды.

Сонымен қатар, олар өз халқы мен қоғамының ағартушылық идеалдардан алшақ екенін, олардың өмір сүру салтын адамға лайықты деп атауға болмайтынын терең түсінді. Шын мәнінде, қазақ ағартушылығы өз дәуірінде ортағасырлық діни-мистикалық дүниетаныммен күресте еуропалық ағартушылықтың рөлін атқарды. Ол әлем мен адам туралы ескі, догматикалық көзқарастарды, қоғамдағы адамның дәстүрлі орнын, өмір салтын сынап отырып, жаңа, ағартылған, белсенді тұлғаны ұсынды. Ағартушылық ой сол кездегі ескірген дүниетанымға қарсы тұрып, тұлға мен қоғамның дамуына жол ашты.

Қазақ ағартушылық философиясының мазмұны жалпыұлттық құндылықтар мен адамгершілік жауапкершілік туралы терең толғаныстармен өрілді. Бұл ағым үшін руханилық болмыстың мәнін танудың тәсілі, адамның бойындағы асыл қасиеттердің өлшемі, өмірдің мағынасы туралы ой кешудің негізі ретінде көрінді.

Адам мәселесі – философиядағы мәңгілік әрі өзекті тақырыптардың бірі. Ол ең көне дәуірлерден бастап философиялық ой-сананың назарында болды. Уақыт өткен сайын бұл мәселе де жаңаша сипатқа ие болып, қоғамдағы өзгерістерге сәйкес жаңа қырларымен көріне бастады. Себебі өмірдің өзі, адамзаттың білімі

мен адамның табиғаты үнемі өзгеруде. Әр тарихи кезеңде адам мәселесі жаңаша сипатта өзектіленіп, әр заман адамы оны өзінше түсініп, өзінше пайымдайды.

Қазақ ағартушылары өз халқын білімді, еңбекқор, адамгершілігі мол халық ретінде көргісі келді. Олар «Не істеу керек?» деген сұрақты қоғам алдына ашық қойды. Адамдарды қараңғылық пен кедейшіліктен қалай арылтуға болады? Жалған сенімдер мен әрекетсіздіктен қалай құтқаруға болады? Оларды еңбекке, білімге, бәсекеге қабілеттілікке қалай баулу қажет? Бұл сұрақтар сол дәуір үшін қойылғанымен, бүгінгі күннің де шындығына сай келіп, маңызын жойған жоқ. Керісінше, олар қазіргі қазақстандық қоғам үшін де өзекті болып қала бермек.

Адамға деген сенім, гуманизм идеясы қазақ ағартушылығының басты ұстанымы болды. Ағартушы ойшылдар бар күш-жігерін осы биік мұраттарға арнап, қазақ халқының рухын бейнелей алды. Олар жаңа дүниетанымның, адам мен әлемге деген жаңа көзқарастың жаршылары. Сондықтан, қазақ ағартушылық философиясы ұлттық философиялық ойдың ең биік шындарының бірі.

Қазіргі таңда ұлттық бірегейлікті айқындау және рухани жаңғыру жағдайында дала данышпандарының мұрасына қайта оралу, олардың идеяларын бүгінгі заман тұрғысынан қайта пайымдау Қазақстан қоғамының дамуында маңызды рөл атқаруда. Бұл үдеріс еліміздің егемендікке жету және рухани тұрғыдан тәуелсіз болуға ұмтылысымен тығыз байланысты.

Қазақ ағартушылық философиясының көрнекті өкілдері Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбайұлы. Сонымен қатар, Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы да ағартушылық ой-сананың дамуына зор үлес қосты.

Шоқан Уәлихановтың шығармашылық мұрасының маңызы ерекше. Оның ғылыми дарыны этнология, тарих, география, әдебиет, тіл білімі, құқықтану, әскери ғылым және философия сияқты сан алуан салаларда жарқырап көрінді. Ол айналысқан әрбір ғылыми салада өзінің өшпес ізін қалдырды.

Шоқан өмір сүрген кезең – Қазақстанның отарлануымен, яғни мемлекеттік тәуелсіздікпен қатар ұлттық еркіндіктен айырылу үдерісімен сипатталатын тарихи бетбұрыс дәуір болды. Бұл жағдай қазақ халқының тарихында күрделі сын-тегеуріндер туғызды. Осындай қиын-қыстау кезеңде Шоқан Уәлихановтың ұлылығы, оның туған халқының еркіндігінен айырылғанын терең түсіне отырып, сол кезеңнің тарихи мәнін ғылыми тұрғыда зерделей білуінде. Ғалым А.Х. Қасымжановтың: «Шоқан Уәлихановтың дүниежүзілік ғылым мен өз халқы алдындағы ұлы еңбегі – қазақтарды ерекше этникалық бірлік ретінде тарихи құқықтарын ғылыми тұрғыда айқын дәлелдеп, оларды әлем халықтарының қатарына қосты» деген пікірі бұл тұрғыдан өте орынды [1, 211 б.].

Шоқан Уәлиханов Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққан Жаңа замандағы тұңғыш ғалым. Ол аймақты, әсіресе адам болмысын ғылыми тұрғыда тануға жол ашқан тұлға ретінде ерекше бағаланады. Оның дүниетанымында адам мәселесі маңызды орын алды. Бұл тақырыпқа ол кешенді түрде келді: өлкенің географиясы, тілі, әдет-ғұрпы, этнографиясы, фольклоры, этностық құрылымы, ру-тайпалар мен халықтардың тарихы, қоғамның әлеуметтік құрылымы – барлығы да адамды тануға бағытталды. Оның ойларынан гуманистік ұстаным, адам болмысының мәніне рационалистік көзқарас және адамның жер бетіндегі толыққанды, бақытты өмір сүруге деген табиғи құқығын мойындау айқын аңғарылады.

Атап айтқанда, Шоқан шығармашылығында адам мәселесінің этикалық және әлеуметтік қыры кеңінен дамыды. Адам болмысының мәнін ашуда ол үшін негізгі мәселе – бақыт категориясы болды. Ойшыл шынайы бақытқа адам тек қоғам мүддесіне үлес қосқанда ғана жете алады деп сенді. Бұл көзқарас жалпы қазақ ағартушыларына тән идея. Олар қоғамдық игілікті ең жоғары құндылық деп білді. Осы ретте, Шоқан Уәлихановтың философиялық ойларының басты лейтмотиві халық бақыты мен жеке тұлғаның бақыты арасындағы өзара байланыс. Бұл өз кезегінде жеке және қоғамдық мүдделердің үйлесімділігін іздеуден туындаған.

Шоқан үшін қоғамдық игілік, ел мүддесі мен қоғам пайдасы жүзеге асырылуы тиіс әлеуметтік идеал ретінде қарастырылды. Алайда ол заманда қазақ халқы өзінің мүддесін толық ұғына алмады, бұл жағдай ойшылды терең қынжылтты. Оның пайымдауынша, жеке мен қоғамдық мүдделер арасындағы алшақтықтың басты себебі, ағартушылықтың жетіспеушілігі еді. Ол бұл үйлесімді тек ағартушылық қызмет арқылы орнатуға болады деп есептеді. Шоқан адамның шынайы бақытқа жетуі мен оның бойындағы жағымды адамгершілік қасиеттердің қалыптасуы білімге негізделген заңдар арқылы ғана мүмкін болатынына сенді.

Зерттеушілер атап өткендей, Шоқан Уәлиханов үшін адамгершілік ұғымы білім мен ар-намыс түсінігінсіз мүмкін емес [2, 19-б.]. Бұл қасиеттер болмаған жағдайда адамгершілік орнын бейадамгершілік жайлайды деп білді. Оның ойынша, адамгершілік нақты шектеулі ұғымдармен сипатталады, ал адамгершілік тазалық – бұл адамгершілікке тән ішкі рухани ахуал. Білім мен ар-намыс, осы адамгершілік тазалықты қамтамасыз ететін адамгершілікті құндылықтар. Ғалым ретінде білімді, ал текті ортадан шыққан адам ретінде ар-намысты жоғары қойған Шоқан бұл екі ұғымды ең жоғарғы адамгершілік өлшемдер деп бағалады [2, 18 б.].

Шоқан Уәлиханов адамның жағымды адамершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін еркіндіктің қажеттілігін ерекше атап өтті. Дегенмен, еркіндік адамның адамгершілік тұрғыдан өсуі үшін жеткіліксіз – оны дұрыс пайдалана білу керек. Мұндай қасиет тек білімді, көзі ашық адамға тән. Ал надан адам еркіндікті дұрыс пайдалана алмайды. Тіпті одан да тереңірек, ойшылдың пікірінше, надандық еркіндікті теріс пайдалануға итермелейтін ғана емес, адамгершілік құлдырауға апаратын басты себеп.

Бұл ойларын ол нақты мысалдар арқылы да негіздеді. Мысалы, «Алты шаһардың немесе Қытайдың НАН-Лу провинциясының (Кіші Бұхара) шығыстағы алты қаласының жағдайы» еңбегінде «Халық саны» атты бөлімінде ол ерекше салт, әйелдердің шетелден келген жолаушылармен уақытша некеге тұру дәстүрі туралы жазады. Ғалым былай дейді: «Бұл әдет бойынша әйелдерге

еркін таңдау мен сезім бостандығы берілгенімен, білім мен ар-намыс ұғымдарының болмауына байланысты неке одағына деген құрмет қалыптаспайды, сол себепті Шығыс Түркістан әйелдері адамгершілік тазалықпен ерекшеленбейді» [3, 166 б.]. Осы және басқа да көптеген тұжырымдарынан Шоқан Уәлихановтың ойынша, жағымды адамгершілік қасиеттердің дамуына еркіндік қаншалықты қажет болса, білім мен ар-намыс та соншалықты маңызды екені көрінеді.

Өзінің мәдениеттанулық ой-толғамдарында Ш. Уәлиханов өркениет дегеніміз тек материалдық мәдениет қана емес, ең алдымен, бұл – өркениетті адам екенін атап өткен. Яғни, білімді, бай елде өмір сүретін, поэзияны, әдебиетті, ғылымды жатсынбайтын, рухани әлемге жақын адам. Оның түсінігінде, прогресспен ағартушылық идеяларына негізделген адамгершілік тәрбие мен білім – ұлттың өзін-өзі дамытудың маңызды жолы, ал мәдени жаңғыру жолындағы алғашқы қадам – жаппай ағарту ісі болуға тиіс.

Шоқан Уәлиханов халықтардың мәдени дамуы үшін олардың өзара ықпалдастығы мен жақындасуының қажетті шарт екенін көтеріп, «Сот реформасы туралы жазбада» былай деп жазды: «Біз еуропалық, жалпыадамзаттық ағартушылықты игеру және оған жетуге кедергі келтіретін барлық тосқауылдармен табанды күрес жүргізу – дамуға және өркениетке қабілетті әрбір халықтың түпкілікті мақсаты болуы тиіс деп есептейміз» [4, 80 б.].

Шоқан Уәлихановтың мәдениетке тұтас әлеуметтік құбылыс ретінде қарауы оның идеялық эволюциясымен өзара үйлесіп, ойшылдың біршама жүйелі әрі толыққанды тұжырымдамасын құрайды. Жалпы алғанда, мәдениет мәселесі қазақ ойшылының терең мазмұнды әрі сан қырлы шығармашылық мұрасын ішкі бірлікке келтіретін, оны тұтастандыратын негізгі ұғымдардың бірі ретінде көрініс табады.

Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде «мәдениет» ұғымының мағынасы көпқырлы болып келеді және оның шынайы мәні нақты тарихи және идеялық контекст аясында ғана толық ашылады. Көп

жағдайда бұл ұғым «білімділік», «ағартушылық» түсініктерімен мағыналас ретінде қолданылады. Сонымен қатар, мәдениет адамның және қоғамның тәрбиелілік деңгейін, адамгершілік ахуалын, гуманистік болмысын сипаттайтын ұғым ретінде де түсіндіріледі. Жалпы алғанда, Ш. Уәлиханов үшін мәдениет – бұл адамның қызметінің нәтижесі, яғни рухани немесе материалдық салалардағы шығармашылық әрекет не олардың үйлесімді тұтастығы. Ол мәдениетті табиғи немесе құдайлық бастаулардан тыс, адамның саналы іс-әрекетінің жемісі ретінде қарастырады. Мәдениетті адамның шығармашылық күш-қуатының көрінісі ретінде пайымдаған ойшыл оның гуманистік маңызын терең түсінді.

Ш. Уәлихановтың мәдениет пен мәдени-тарихи үдеріс туралы көзқарастары Шығыс халықтарының тарихи-әлеуметтік өмірін терең зерттеу нәтижесінде қалыптасты. Бұл тұрғыдан алғанда, оның идеялары сол дәуірде енді ғана қалыптаса бастаған прогрессивті шығыстану ғылымына қосылған баға жетпес үлес болып табылады. Ағартушы ғалымның мәдениеттанулық тұжырымдамасы – сол кезеңдегі кең таралған нәсілшілдік, шовинистік және еуроорталықтық теорияларға ғылыми тұрғыдан берілген сын. Уәлиханов «ғылыми еуроорталықтық» деп аталатын көзқарасқа да (Н.И. Конрадтың термині) қарсы шықты. Бұл бағыт Еуропа ғылымының өлшемдерін Шығыс халықтарының дүниетанымы мен болмысына әділетсіз түрде телу әрекетімен сипатталатын.

Қазақ ағартушысы өз халқының мәдени ерекшеліктері мен өзіндік болмысын қорғауды басты міндеттердің бірі деп білді. Сонымен қатар, ол дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыру арқылы мәдениеттің интернационализациясы идеясын қолдады. Яғни, ол қазақ халқының оқшаулануынан арылып, әлемдік мәдени кеңістікке жақындасуын көздеді. Сондықтан, Ш. Уәлихановты жаңа қазақ мәдениетінің бастауында тұрған реформатор тұлға ретінде бағалауға толық негіз бар.

Сонымен қатар, ол өз халқын орыстандыру мақсатын көздеген жоқ, қайта, Қазақ даласының мәдени жаңғыруын көне ұлттық

дәстүрлер мен орыс және жалпыеуропалық мәдениет элементтерінің үйлесімді синтезі негізінде, әлемдік өркениеттің озық тәжірибесін игеру арқылы жүзеге асыруды көздеді. Ойшылдың пайымдауынша, кез келген жаңашылдық міндетті түрде дәстүрлерді ескере отырып енгізілуі тиіс. Жаңаша әрі өміршең мазмұнмен толыға отырып, мәдениет ұлттық болмыстың өзіндік белгілерін сақтауы қажет.

Ш. Уәлиханов өз алдына арнайы этикалық немесе эстетикалық теория жасау мақсатын қоймаса да, бұл салаларға қатысты негізгі мәселелер жөнінде өз көзқарасын айқын білдірді. Әсіресе оның эстетикалық ұғымдар мен көркем шығармашылық заңдылықтарының табиғи негіздерін ашуға ұмтылысы ойшыл еңбектеріндегі маңызды қырларының бірі ретінде көрінеді.

Ш.Уәлихановтың эстетикаға қатысты көзқарастары, негізінен, халық ауыз әдебиетін талдау барысында қалыптасты. Қазақ және қырғыз халықтарының ауызша поэзиясына терең назар аударған ойшыл бұл мұралардың мазмұны мен нұсқаларын зерттеуде өлшеусіз еңбек сіңірді. Шындығында, осы халықтар өзінің фольклорлық дәстүрлерінің байлығын алғаш рет ғылыми тұрғыда жүйелеп, хатқа түсіріп, зерттеген Шоқан Уәлихановқа қарыздар десек, артық айтқандық емес. Атақты «Манас» эпосын алғаш рет халық жыршысынан жазып алып, оны ғылыми айналымға енгізген де – Шоқан Уәлиханов. Ол тек жырды қағаз бетіне түсіріп қана қойған жоқ, сонымен қатар оның маңызын алғашқылардың бірі болып терең бағалап, фольклортану және шығыстану ғылымына үлкен үлес қосты. Өз еңбектерінің бірінде ол былай деп жазады: «Манас – бұл энциклопедия, халықтың барлық ертегілері, аңыздары, хикаялары, географиялық, діни, ақыл-ой және адамгершілік түсініктері бір тұлғаның – Манас батырдың айналасына топтастырылып, бір заманда орын алған тұтас дүние. Бұл – халықтың өз бойынан туындап, ұзақ жылдар бойы пісіп-жетілген жемісі – нағыз халықтық эпос, бір сөзбен айтқанда, дала Илиадасы» [5, 70 б.].

Халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне Уәлиханов халық даналығының көрінісі ретінде қарап, олардың қиялға толы

бейнелеріне қарамастан, шынайы өмірдің іздері мен көріністерін нақты бейнелейтінін атап өтеді. Оның пікірінше, қазақ поэтикалық ойлау жүйесіне тән маңызды ерекшеліктердің бірі – наивті реализм, яғни өмір құбылыстарын қарапайым, бірақ шынайы түрде бейнелеу, сондай-ақ жыршылардың ұрпақтан-ұрпаққа жеткен материалды жеткізуде ерекше ұқыптылық танытуы.

Сонымен қатар Уәлиханов қазақ аңыз-эпсаналары туралы: «Бұл бүкіл халықтың аузынан біртұтас бейне ретінде шыққан туындылар» [6, 302 б.] – деп жазады және олардың тарихи шындықпен үндес келетінін айқын көрсетеді. Осылайша, Шоқан Уәлихановтың эстетика мен фольклор жөніндегі ойлары ұлттық мәдениетке деген ғылыми және терең құрметке негізделгенін аңғарамыз.

Шоқан Уәлихановтың ойлау ырғағы мен пульсі – оны өмір бойы толғандырған бір басты мәселе төңірегінде қалыптасқан: бұл – халық өмірінің қайнар көздері, халықтың тағдыры, оның бүкіладамзаттық құндылықтар мен өркениетке қосылу мүмкіндіктері. Шоқан – өз халқының жүрегінен шыққан, оның терең арман-тілегінен тамыр алып, сол халықтың мұратын, болашаққа ұмтылысын өзінше бейнелеген тұлға. Бұл – оның шығармашылығының басты өзегі, оны сырттан келген мәдени ықпалмен ғана түсіндіру мүмкін емес [1, 216 б.].

Шоқан Уәлиханов бүкіл ғұмырын ақыл-парасат пен гуманизм идеалдары жолында аянбай күресуге арнады. Ол халқының экономикалық және мәдени тұрғыда өркендеуі үшін ең басты шарт – оны әлемдік мәдениет кеңістігіне ықпалдастыру деп білді. Осы мақсатта ол ұлттық шеңберде шектелуге, кертартпа көзқарастар мен мәдени оқшаулануға қарсы шығып, қоғамдық санада жаңашылдық пен ашықтықты орнықтыруға ұмтылды.

Ж.М. Әбділдин мен Р.Ж. Әбділдина өздерінің «Шоқан Уәлиханов – ұлы ғалым және ойшыл» атты еңбектерінде: «Шоқан Уәлиханов өз халқының нағыз патриоты бола отырып, оның тарихи болашағына кәміл сенді, халқының тағдырын білім мен ағартушылық арқылы жақсартуға болады деп білді және оның құқықтарын қорғауға әрдайым ұмтылды», деп орынды атап

көрсетеді. Бұл тұжырымды академик В.В. Бартольдтың да пікірі қуаттай түседі. Ол «Торғай» газетіндегі рецензиясында: «Ол өз халқын шын жүрегімен сүйді, бұл даусыз. Ол ең алдымен қырғыз (қазақ) халқын, содан кейін Сібірді, одан соң Ресейді, ақырында бүкіл адамзатты сүйемін деп айтатын», – деп жазады [7, 28-б.].

Қазақтың көрнекті ағартушысы әрі ғалымы Шоқан Уәлиханов халық жадында әрдайым мәдени өрлеу, ағартушылық және қоғамдық прогресс жолындағы күрескер тұлға ретінде сақталып қалмақ. Шындыққа адалдық, өз халқына деген терең сүйіспеншілік және бар күш-жігерін елін өркениет жолына бастауға арнау, міне, осы ұмтылыстар Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың ғылыми және қоғамдық қызметінің өзегін құрайды. Бұл өзін ғалым деп атауға ұмтылатын әрбір адам үшін ғылыми ізденістің өлшемі мен қозғаушы қуатына айналуы тиіс үлгі. Шоқан Уәлихановтың нағыз патриотизмі де осы биік мұраттардан көрінеді және дәл осы қасиеттер оның қазақтың тұңғыш ғалым-ағартушысы ретіндегі ұлылығын айқын көрсетеді.

Қазақ халқының тағдыры, оны ағарту, қазақ қоғамын бүкіладамзаттық құндылықтар мен өркениеттік прогреске қатыстыру жолдары мен тетіктері – Шоқан Уәлихановты терең толғандырған өзекті мәселе болды. Дәл осы мәселе көрнекті қазақ ойшылы, ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің де өмірлік мұратына айналды. Екі ойшылдың философиялық-этикалық көзқарастарында зұлымдыққа, әділетсіздікке және моральдық азғындыққа қарсы күрес идеясы ерекше орын алып, олардың рухани мұрасының өзегіне айналды. Бұл ағартушылық қызметтің ортақ рухани бағыт-бағдарын айқындайтын терең мағыналы тақырып.

Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұрасы – философиялық дүниетаным мен гуманистік бағытқа толы, жоғары адамгершілік рухпен нәрленген жарқын үлгі. Оның дүниетанымының қалыптасуына шығыстанушы В.В. Григорьев пен К.Д. Ушинский бастаған педагогикалық ағымның ықпалы зор болды. Алтынсарин халықтың болашағын, ең алдымен, балалардың жалпы білімге кеңінен тартылуымен байланыстырды.

Ол өзі құрастырған «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясын» балаларды «нағыз білім мен пайдалы мәлімет бере алатын ғылыми әрі терең басшылықтарға» бастайтын жолбасшы ретінде бағалаған [8, 78 б.].

Ыбырай Алтынсарин қазақ зиялыларының басты адамгершілік борышы – халықтың мұң-мұқтажын терең түсініп, соған жанапшыр болу деп білді. Ол бұл жөнінде: «Біздің үлесімізге бәрін жаңадан жасау, енгізу, қараңғы ортаға жаңалық дарытып, оны барынша жарықтандыру секілді ең ауыр, ең жауапты міндеттер тиіп отыр...» – деп жазған [9, 63 б.]. Қоғам игілігі үшін қам жеу, елдің байлығы мен қуатын арттыру, оның экономикалық және мәдени дамуына үлес қосу – азамат пен патриот тұлғаның рухани қалыптасуының басты шарттары деп білді. Осы міндеттерді орындау – өмірдің шынайы мәні дегенге Ыбырай Алтынсарин кәміл сенген.

Тұлғаның қалыптасу жолдарын ой елегінен өткізе отырып, ол адам баласына бейқам өмір сүру жазылмағанын, оның жан дүниесі туған елін көркейту ісіне үлес қоспайынша, шынайы тыныштық таба алмайтынын пайымдады. Бұл ойды ол: «Менің бүкіл жан дүнием үнемі бір ғана тілекке ұмтылды – пайдалы адам болу, ал бүгінде осы мақсатқа жетіп жатырмын деген ой – мен үшін ең үлкен жұбаныш», – деп білдірген [9, 26 б.].

Ыбырай Алтынсарин мұғалімдер қауымы үшін аса құнды бағыт-бағдар ретінде Я.А. Коменскийдің еңбектерін жоғары бағалады. Ол XVII ғасырдың көрнекті философы әрі педагогы Я.А. Коменскийдің «Ұлы дидактика» атты еңбегімен жақсы таныс болған. Қазақ ағартушысының «дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру», «табиғаттан үйрену», тек кітаптық түсіндірмелермен шектелмей, ғылым мен өнер бейнелері мен өмірлік тәжірибеге сүйену» секілді талаптары Коменскийдің идеяларымен терең үндестік табады.

Я.А. Коменскийдің этикасы – тек ізгілік туралы білу ғана емес, сонымен бірге шынайы өмірде қоғамға пайдалы, адамгершілікті тұлға болуды талап етеді. Бұл этикалық қағидаттар ежелгі грек ойшылдарының этикалық көзқарастарына барып тіреледі. «Ұлы

дидактикада» Я.А. Коменский этика саласындағы ұлы авторитет ретінде Аристотельге бірнеше мәрте сілтеме жасайды. Оның тәрбиеге қатысты негізгі қағидалары мен әдістеріне чех ойшылы таңданыс білдіреді.

Я.А. Коменский сияқты, қазақ ағартушысы да тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуіне, яғни сезім мен құмарлықты тежеуге, ашу-ызаға бой алдырмауға, адамгершілікке ұмтылысты нығайтуға бағытталған көзқарасты ұстанды. Ы. Алтынсарин адамның басқа адамдарға әділ болуға, қажет болса, басқалар үшін жол беруге, қоғамға мүмкіндігінше көбірек пайда келтіруге дайын болу секілді адагершілік қасиеттерін тәрбиелеуді маңызды санады.

Ыбырай Алтынсариннің пікірінше, рухани жағынан қалыптасып келе жатқан тұлға адамгершілік тәжірибені тек жанды қарым-қатынас барысында ғана жинақтай алады. Қазақ ағартушысы адамның жалқаулыққа, еріншектік пен әрекетсіздікке бой алдырмауы үшін оны еңбекке және пайдалы іске баулитын ұзақ мерзімді, жүйелі әрі адамгершілік мазмұндағы іс-әрекетке тарту қажет деп есептеді. Ол адам шынайы бақытқа жету үшін «өзінің адал еңбегімен өмір сүріп жатқанын айтуға лайық» болуы тиіс деген этикалық қағиданы ұстануды ұсынды.

Аса көрнекті орыс педагог-философы К.Д. Ушинский де еңбекті тұлғаның адамгершілік тұрғыдан қалыптасуының негізгі өлшемі деп санағаны мәлім. Оның «Еңбектің психологиялық және тәрбиелік мәні» атты мақаласында былай делінеді: «Адамның денесі мен жүрегі еңбекке мұқтаж, егер қандай да бір себеппен адам өмірде жеке еңбектен айырылса, онда ол тура жолдан жаңылады да, оған екі ғана жол ашылады: біріншісі – өмірге деген тойымсыз наразылық, күйзеліс пен ішпыстырарлық селқостық, ал екіншісі – адамның өзін-өзі байқатпай, ерікті түрде құртуы, яғни балалық еркеліктер мен хайуандық құмарлықтар деңгейіне түсіп кетуі» [10, 308 б.].

Еңбектің адам тұлғасын рухани қалыптастырудағы шешуші рөлін терең түсіну, оны адамның жан-дүниесін жалқаулық пен бойкүйездіктен арылтатын қуатты күш ретінде бағалау, сондай-ақ

еңбекті адамның табиғи қажеттілігі ретінде қарастыру, Ыбырай Алтынсарин шығармашылығына тән негізгі ерекшеліктердің бірі. Ағартушының «Атымтай жомарт» әңгімесінде [8, 121 б.] еңбектің адамгершілік өмірдегі маңызы сипатталса, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» атты туындысында [8, 160 б.] еңбектің табиғилығы мен онсыз ұрпақтың дамуы және тіршіліктің мүмкін еместігі көркем бейнемен жеткізіледі.

Ы. Алтынсарин адамның да дамып, кемелденуі үшін еңбек етуі тиіс екенін және ол ұрпақ өмірінде де жалғасуы қажет деген тұжырым жасаған. Қазақ ағартушысы өмірдің қуанышы еңбекте екенін, тек еңбек арқылы ғана адам өз арман-мақсатына жете алатынын нық сеніммен алға тартқан.

Адал еңбек пен шектен шықпауды сақтау – Ыбырай Алтынсариннің ойынша, адам бақытының негізі. Еңбек, ізгілікке адалдық пен адамгершілік тазалық – осы үшеуі бір-бірімен ұштасқанда ғана адамға лайықты өмір сүру мүмкін болады деген тұжырымды ағартушы «Таза бұлақ» атты әңгімесіндегі астарлы ой арқылы дәлелдеп береді [8, 170 б.].

Қазақ ойшылы қайырымдылық деп – халыққа пайда әкелетін істерді есептеген. Оның пікірінше, жақсылық жасау – әрбір адамның адамгершілік борышы.

Ы. Алтынсарин үшін қоғам дамуы мен зияткерлік прогресс адамгершілікпен және тұлғаның рухани қалыптасу мәселелерімен тығыз байланысты. Қазақтардың ата-қоныстарын әділетсіз басып алуға қарсылық білдіру, салт-дәстүрлерді сақтау қажеттігі, ұлттың «адамгершілік саулығын» қамтамасыз ету – ағартушының халықтың болашағы мен рухани жетілген тұлға туралы терең толғаныстарының мәнді бөлігін құрайды.

Атап өтерлік жайт, қазақ ағартушылығының қалыптасуы қазақ қоғамының ішкі даму барысымен дайындалған, әрі бұл үдеріс ұзаққа созылған рухани және әлеуметтік тоқыраудан шығу жолдарын іздеудің табиғи қажеттілігінен туған заңды құбылыс болды. Қазақ ағартушыларының философиялық көзқарастары, қазақ философиясының өзегін құрайтын этикалық идеялары мен

тұлғаның рухани кемелденуі жөніндегі ой-толғамдарын талдау – қазақ халқының тарихи сынақтардан сүрінбей өткен, азап пен ауыртпалыққа қарамастан, рухани тұтастығын сақтай білген дана халық екенінің айқын дәлелі.

Жазушылар, философтар мен ақындар – бұлар адам жанын, тұтас халықтың рухын қалыптастыратын, қоғам өмірінен еш ажырамайтын рухани тіректер. Сондай тұлғалардың бірегейі – Абай. Оның шығармашылығы жоғары адамгершілік мұраттарға негізделген. Абай өз халқының рухани өмірімен, дәуірлік шындығымен тығыз әрі табиғи байланыста болды. Өзі өмір сүрген уақытқа адал болған адам ғана шынайы мәңгілікке қол жеткізеді. Абайдың болмысын ерекше ететін де осы, ол адам баласын толғандырмай қоймайтын терең мәселелерді философиялық әрі көркем тілмен жеткізе білді. Сондықтан біз бүгінгі күннің мәнін тереңірек ұғынғымыз келсе, Абайша ой толғауға тырысамыз. Оның мәңгілік мағынаға, өмірдің шын мәнін іздеуге, адам абыройын асқақтатуға бағытталған пайым-тұжырымдары қазіргі заманда бұрынғыдан да өзекті болып отыр.

Егер философияны өзінің бастапқы мағынасында – даналыққа құштарлық, өзін-өзі тану және өмірдің мәнін ұғыну ретінде, тек рационалды-логикалық білімнің ерекше формасы ғана емес, жалпы адами ойлаудың әмбебап формасы ретінде қарастырсақ, онда Абайды толық мәнінде философ әрі терең ойшыл деп тануға болады. Ол өз шығармаларында қазақ халқының тіршілік, мораль және этика жөніндегі түсініктерін, арман-мұраттарын көркем тілмен бейнелей отырып, ұлттық ойлау жүйесін жаңа биіктікке көтерді.

Адамгершілікке негізделген биік мұраттарға бар шығармашылық қуатын арнаған Абай, қазақ халқының рухани болмысын терең әрі шынайы бейнелей білген тұлға. Ол біздің ғана емес, болашақ ұрпақтың да замандасы. Абай уақыттан озып ой толғап, келешекке көз тігіп, адам мен қоғамның мәңгілік мәселелерін көтерді. Оның дүниетанымы – шынайы даналықтың көрінісі: ол күнделікті тіршіліктің шекарасынан шығып, өз дәуіріне биіктен қарады, замана тынысын терең сезінді.

Абай қазақ халқының дүниетанымының қайталанбас болмысын ашуға ұмтылды. Бұл болмыс – ұлттың мәдени коды іспеттес. Қазақ ойшылы – этномәдени бірегейліктің бастауында тұрған, ұлт рухының ұйытқысы болған кемеңгер. Оның тарихи рөлі – қазақ халқының рухани тұтастығын, мәдени-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы маңызымен ерекшеленеді.

Абай біз үшін неге қайта-қайта жаңалық болып ашыла береді? Бұл, бәлкім, оның өзі үшін де, адамның үнемі тылсым, толық ашылмайтын құпия ретінде көрінгендігінен болар. Абай адам табиғатына үңіле отырып, өз болмысына да сырт көзбен қарап, оны «жұмбақ жан» деп сипаттағаны бекер емес:

«Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» [11, 48 б.].

Абайдың ақиқатқа, сұлулық пен ізгілікке деген ішкі ұмтылысынан адамды бәрінен жоғары қойғанын көрсетеді. Адам – оның философиялық ізденістерінің мәні мен мақсаты. Абай үшін адам – әлемнің өзегі, жаратылыстың биік шыңы, қоғамның негізі мен бастауы. Ол адамды жаңартудың жолдарын іздеді, жақсылық жасауға тырысты, рухани кемелденуге үндеді, адам мүмкіндіктеріне шексіз сенді.

Шығыс даналығы қашан да құрғақ рационалдылықтан, салқын әрі жүйесіз ой қорытулардан бойын аулақ ұстаған. Керісінше, ол поэзиямен үндестікте болып, терең философиялық ойларды көркем формада жеткізуді құп көрген. Абай да дәл сондай. Академик Ж.М. Әбділдин оның шығармашылығы туралы: «Ол өз халқының рухани мәдениеті мен ойлау жүйесін жаңа сатыға көтеріп, бұрын беймәлім болған көркемдік тәсілдер арқылы шындықты танудың жаңа кеңістігін ашты» – деп жазады [12, 92 б.].

Абайдың рухани ізденістерінің өзегінде дүниені және адамды түбегейлі жаңарту, адам бойындағы шығармашылық әлеуетті ояту, оны биік моральдық деңгейге көтеру, өзге мәдениеттермен өзара үндестікте болуға талпындыру жатыр. «Абай – ұлы ойшыл және гуманист» атты монографиясында Ж.М. Әбділдин мен

Р.Ж. Әбділдина Абай мұрасының дәстүрлі мәдениеттен түбегейлі ерекшеленетінін орынды атап өтеді: «Абай жаңа ойлау мен дүниетаным үлгілерін негіздеп, жаңа этикалық әрі эстетикалық құндылықтар қалыптастырды. Қазақ халқы үшін өмір сүрудің жаңа принциптері мен жаңа мұраттарын дәлелдеді... Оның шығармаларында сын нысаны ретінде қазақтар мен қазақ қоғамы бейнеленеді, алайда бұл – адамзаттық мәселелерді, ізгілік пен сұлулық идеяларын көтерудің өзгеше әрі өзіндік тәсілі» [13, 99 б.].

Абайдың шығармашылық мұрасында рухани кемелдену мәселесі – басты тақырыптардың бірі. Қазақ ойшылы бұл мәселені зерттеуде Шығыс философиясын жаңа деңгейге көтере білді. Егер Батыс философиясы философиялық жүйелер құруға, онтология, логика, гносеология сияқты теориялық мәселелерге көбірек назар аударса, Шығыс философиясы ең алдымен адамды, оның рухани қалыптасуын, жан дүниесі мен жүрек тәрбиесін, психологиясын зерттеуге ұмтылды. Батыс философиясы көбіне рационалды сипатқа ие болса, Шығыс ойшылдарын адамның ішкі әлемі, оның сезімі, эмоциясы мен тұлғалық болмысы көбірек қызықтырды. Осы тұрғыдан алғанда, Абай өз шығармашылығында Шығыс философиясының дәстүрлерін жалғастырды. Ол философиялық жүйе құрған жоқ, керісінше адамды, оның рухани дамуын, өмір мәнін, этикалық құндылықтарды, жақсылық пен жамандық, сұлулық туралы терең ой толғады.

Эмпирикалық, яғни күнделікті өмірдегі адам бейнесін сынға ала отырып, Абай шынайы, кемел адам тұжырымдамасын ұсынды. Бұл тұжырым күнделікті өмірде кездесетін бұрмаланған адам бейнесінен мүлде өзгеше. Абайдың пайымдауынша, шынайы адам – білімге, ғылымға ұмтылатын, ақыл-ойы жетілген, парасатты, рухани-адамгершілік тұрғыдан кемелденген, өзінің борышын терең сезіне алатын, жақсылық пен жамандықты ажырата білетін адам. Абай үшін нағыз адам – адал еңбекке сүйеніп өмір сүретін, жалқаулыққа, масылдыққа, жасына қарап артықшылық іздеуге мүлде қарсы тұратын тұлға. Тек еңбек арқылы ғана адам еркіндікке, бақ-берекеге қол жеткізе алады. Мұндай адамның

жүрегі сезімге толы, сұлулық пен үйлесімділікті терең түсіне біледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында абайтанушы ғалымдардың назарын Абайдың «толық адам» тұжырымдамасына, яғни тұтастыққа жеткен, парасатты әрі әмбебап тұлға іліміне ерекше аударды [14]. Шынында да, қазақ философының бүкіл шығармашылығы «толық адам» туралы терең толғаныстарға толы. Оның басты мақсаты – адам болу үшін не істеу керек және неден бас тарту керек екенін үйрету, адамдарды жақсылық пен жамандықтың нағыз мәнімен таныстыру болатын. Абай туралы: «ол – адамның рухани әлемі, абайлық ғалам, оның өзегінде адам тұрады» – деуге толық негіз бар.

Адам болмысы, оның этикалық және эстетикалық келбеті, өмірінің мақсаты мен мәні, оның сезімі мен зердесі ойшылды терең толғандырған. Абайдың этикалық идеалы эстетикалық идеалмен тығыз байланысты. Ойшылдың түсінігінше, адамгершілік кемелдік – этика мен эстетиканың бірлігі, бұл, өзінің эстетикалық құндылығына ие болмыс. Бұл тұжырымды ғалым М.С. Орынбековте атап өтеді: «Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін оқу, оның этикалық және эстетикалық ұстанымдарының бірлігін айқын көрсетеді. Сұлулық пен жақсылық, Абай үшін егіз ұғымдар, сондықтан жақсы адам – көркем адам. Абайдың өзі де дәл сондай адам болды. Ол өз заманының руханияты мен мәдениетін бойына сіңіріп қана қоймай, оларды одан әрі дамытты» [15, 129-б.].

Қазақ ойшылы Абай Құнанбайұлы адам тұлғасы туралы өз түсінігін қалыптастырып қана қоймай, шынайы, кемел тұлғаның қандай болуы керектігі жөніндегі өз идеалын ұсынды, сонымен бірге ондай тұлғаны қалай тәрбиелеуге болатынын да анықтап берді. Оның пайымдауынша, нағыз адам болудың алғашқы шарты – талап. Талап – адамның жан-дүниесі мен дене күштерін белгілі бір мақсатқа жету үшін жұмылдыратын қуатты күш. Осы талап арқылы адам өз мүмкіндіктерін жүзеге асырады.

Абай үшін шынайы адам болудың келесі маңызды шарты – еңбек пен әрекет. Абай еңбекті тек күнкөріс үшін ғана емес,

адамның тұлға ретінде қалыптасуының басты алғышарты деп білді. Оның терең түсінігінде еңбек – адамның рухани кемелденуінің негізгі жолы.

Адамгершілікке жеткізер маңызды құрал – шығармашылық ойлау. Абайдың пікірінше, ойлау қабілеті адамның табиғат құбылыстарын ғана емес, сонымен бірге адам өмірін де саралап, салыстырып, талдауға мүмкіндік береді. Осындай ойлау үдерісінде тұлға рухани тұрғыда өсіп, кемелденіп, жаман әдеттерден арылып, нағыз адамға лайық өмір сүруге бет алады. Абайдың сенімінше, адамның барлық кемшіліктері мен адасушылықтары білімсіздік пен надандықтың салдары.

Ойшыл өз еңбектерінде адам бойындағы мейірімділік, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік қасиеттерді саралап, олардың рухани кемел адамды тәрбиелеудегі маңызын атап өтеді. Бұл тұста Абай – әлемдік этикалық ойдың биік дәстүрлерін жалғастырушы тұлға ретінде көрінеді.

Абай шығармашылығындағы негізгі этикалық ұстаным – «Адам бол!» деген ұлы үндеу. Бұл үндеу ақын-философтың бүкіл шығармашылығының өзекті арқауына айналды. Оның гуманистік этикасының мәні – адамның өмірдегі орны мен мақсатын жоғары бағалауда. Абай үшін тұлға – ақыл мен парасаттың, еңбекқорлық пен білімділіктің, достық пен махаббаттың символы. Ол: «Күн мен ай – аспанның көркі, орман мен жидек – таудың көркі, ал жердің көркі – адам» деп, адамды жер бетіндегі ең ұлы құндылық ретінде дәріптейді. Ақын зор мақтанышпен: «Адам деген даңқым бар!» – деп жар салады [16, 161 б.].

Абай ілімі бойынша, «толық адам» – кемел адам – жақсылықты Құдайдың жазасынан қорқып емес, ар-ождан, ақыл мен халық алдындағы жауапкершілік сезімі арқылы жасайды. Шынайы ізгілікті адам – жақсылық жасағанда одан қайтарым күтпейтін, жақсылықты өз-өзінен, шынайы адами болмысынан туындаған қасиет ретінде орындайтын тұлға. Оның пікірінше, ізгілікті істер қоғамға, адамдарға пайдалы, жалпы мүддеге сай келетін әрекеттер.

Абай Құнанбайұлы кемел адам идеясына тоқталып қана қоймай, сол кемелдікке жеткізер нақты жолдарды көрсетіп, сонымен бірге идеал мен шынайылық арасындағы қарым-қатынасты терең философиялық тұрғыда зерделеді. Ойшыл идеал мен ақиқат өмір әрдайым сәйкес келе бермейтінін терең түсінді. Осы себепті де ол өмірде бар нақты адамды (қазақты) өткір сынға алды, себебі мұндай адам шынайы «адам» ұғымына сай келмейтін еді. Егер шынайы адамның қасиеттері – білімділік, парасаттылық, ғылымға ұмтылыс болса, ал шынайы өмірдегі адам – надан, ойлай алмайтын, ғылымнан алшақ тұлға. Егер нағыз адам адамгершілігі жоғары, парызын орындайтын болса, өмірдегі адам – түрлі азғындыққа бой алдырған жан. Егер кемел адам белсенді, еңбекқор, өз еңбегіне сенетін болса, ал нақты адам – енжар, жалқау, масыл. Осыған байланысты Абай өзінің парызы ретінде өмір сүріп жатқан қазақты, өз замандастарын әшкерелеуді, жан-жақты сынға алуды өзіне міндет санады.

Ойшыл жаңа идеялар мен дүниетаным негізінде өз заманының өмір салтын, құндылықтарын, идеалдарын, дүниетанымын қатты сынады. Оның шығармаларында сынның негізгі нысаны – қазақ пен қазақ қоғамы болды. Алайда бұл факт, жоғарыда айтылғандай, жалпыадамзаттық мәселелерді көтерудің өзіндік тәсілі ретінде қарастырылады.

Абай шығармашылығының өзегін құрайтын басты идея – өз халқын ағарту. Оның түсінігінде білім – мақсат, ол қандай да бір игілікке жетудің құралы емес, ол адамның дамуындағы негізгі іргетас. Қазақ ағартушысы білім адамның жан-дүниесін нұрландырады, рухани мәдениетін байытады деп санады. Абай үшін адамгершілік, білім мен таза еңбек байлық пен биліктен жоғары тұрады. Себебі, ойшылдың пайымдауынша, билік пен байлық уақытша және шектеулі құндылықтар, ал білім, еңбек, сүйіспеншілік пен мейірім адамды биікке көтеретін мәңгілік рухани құндылықтар. Философтың терең сенімі бойынша, тек білім мен ағарту арқылы ғана қазақтар өз тағдырына жауапты, саналы әрі белсенді азаматқа айнала алады.

Абайдың пайымдауынша, білім мен ғылым адамның рухани дамуының бастау көзі. Ол адам тұлғасының қалыптасу үдерісінің басты алғышарты ретінде дәл осы білім мен ғылымды атады. Оның ойынша, адам өмірінің мәні мен мақсаты – білім мен ғылымды меңгеріп, ғылыми шығармашылық биігіне көтерілу арқылы ғана жүзеге асады.

Сондай-ақ, Абай табиғи және әлеуметтік құбылыстардың даму қағидасына үлкен мән берді. Ол әлемге даму, өзгеріс тұрғысынан карауға талпыныс жасады. Бірқатар шығармаларында ойшыл диалектикалық идеяларды білдіреді. Оның пікірінше, бұл дүниеде Құдайдан басқаның бәрі өзгеріске, дамуға ұшырайды. Философ қоғамды ұрпақтардың үнемі ауысу үдерісі ретінде сипаттады. Ол «Қара сөздерінде» былай деп жазады:

Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдыңғы толқын – ағалар,
Артқы толқын – інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер [11, 189-б.].

Бұл жолдардан Абайдың өмірдің өткіншілігін терең түсініп, дүниеге даму мен жалғастық заңдылығы тұрғысынан қарағаны айқын аңғарылады.

Дәстүрлі санада ата-баба жолына, өмірлік қағидаттарға адал болу идеясы үстемдік еткен. Қазақтың дәстүрлі қоғамында өмірдің тұрақтылығы мен оның айналымы идеясы басымдыққа ие болды. Ал осы дәстүрлі идеяларға қарама-қарсы ретінде Абай өзгеріс пен даму идеясын жан-жақты дамытты.

Абай тек дәстүрлі идеялар мен көне өмір салтын сынға алып қана қойған жоқ, сонымен қатар оларға қарсы қоятын, прогресті, өркениетті өмір салтын білдіретін жаңа ұғымдар мен идеяларды ұсынды. Ол фатализм идеясын үзілді-кесілді жоққа шығарып, қазақтарды әрекетке, белсенділікке, жеке жауапкершілікке шақырды.

«Қара сөздерінде» Абай қазақтардың өмір сүру салтын басқа халықтардың тұрмысымен салыстыра отырып, қазақ тіршілігінің

дәстүрлі сипатына назар аударады. Ойшылдың пікірінше, басқа халықтар қазақтардан алға озып, еңбек ету, сауда жасау, өмір сүруге қолайлы жағдайлар қалыптастыру қабілеттерін дамытқан.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев Абайдың мерейтойына арналған мақаласында ұлы ойшылды еңбекке ын-таландырушы, жігерлендіруші тұлға ретінде сипаттайды [14]. Шынында да, Абайдың этикалық тұжырымдамасында «еңбек» ұғымы айрықша орын алады. Оның шығармаларында барлығында дерлік адамның өмірі мен қызметіндегі еңбектің маңызы туралы айтылатынын байқауға болады. Еңбекті Абай тұлғаның рухани қалыптасуының негізі деп санаған. Қазақ ойшылы терең сеніммен, еңбек адамның жанын көркейтеді, ал еңбек етпеген, жалқау адамның бойынан көбіне теріс қылықтар табылады деп есептеген.

Ж.М. Әбділдин еңбек туралы өте маңызды және терең пікір білдіреді: «Абай... қазақ қоғамына еңбектің жаңа түсінігін енгізді. Әрине, қазақтар Абайға дейін де еңбектің не екенін білетін. Бірақ олардың түсінігінде еңбек – тамақ ішу, демалу және т.б. сияқты күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде қарастырылды. Дәстүрлі мәдениетте еңбек көбіне адамның тыныштығын, қуанышын, бақытын ұрлайтын жағымсыз нәрсе ретінде сипатталатын. Ал Абай осы көзқарасқа қарсы шығып, еңбекті адамның болмысын айқындайтын іргелі ұстаным ретінде қазақ санасына енгізді. Сондықтан еңбек қоғамды дамытуда, адамды қалыптастыруда орасан маңызға ие» [17, 90 б.].

Абай еңбектің қосарлы мағынасын терең ашып көрсетті. Бір жағынан, еңбек адамның рухани дамуы үшін ерекше маңызды, себебі шынайы білімге тек еңбек арқылы ғана жетуге болады. Ал Абайдың терең сенімі бойынша, ғылымды игеру, білімге қол жеткізу – ең ауыр әрі күрделі еңбек. Екінші жағынан, еңбек – адамның тіршілік етуінің, өз бетімен өмір сүруінің басты шарты. Осы себепті, Абайдың пікірінше, өз еңбегіне сүйеніп өмір сүретін адам – құрметті адам. Осыған орай ойшыл масылдық психологияны, жалқаулықты, мән-мағынасыз тіршілік кешіп, еш іспен айналыспайтын адамдарды қатты сынады.

Еңбек, халқы үшін адал қызмет ету, бұл тұлғаның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің өлшемі, ең жоғары игілік деп есептейді қазақтың ұлы ақыны-философы Абай. Белгілі ғалым, профессор К.И. Нұрланова өзінің «Қазақ халқының көркем мәдениет эстетикасы» атты монографиясында: «Абай шығармашылығының лейтмотиві – әрбір адамның «кемел адамға» айналу жолындағы адамдық мәндік күштерінің еңбектің және мейірімділіктің арқасында ашылу идеясы. Бұл қасиет үнемі күш-жігер жұмсау арқылы ғана жүзеге асады. Сондықтан ақын рухани және жан дүниелік еңбекке қатысты талаптарды алға тартады», – деп орында атап өтеді [18, 89 б.].

Абай тұлғаның қалыптасу процесінде тәрбие мен қоршаған ортаның рөлін жоғары бағалай отырып, адам өзін-өзі тәрбиелеумен де жүйелі түрде айналысуы тиіс деген ойды табандылықпен насихаттады. Адам өзін сырттан қарап бағалай алуы керек, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау қажеттілігін үнемі естен шығармауы қажет. «Қара сөздерінде» Абай былай деп жазады: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзін өкінбестей қылықпен өткізіппісің?» [18, 89 б.].

Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаев өзінің Абайға арналған мақаласында ақын шығармашылығында меритократия мәселесіне – яғни адамның қоғамдағы орны мен беделі оның шыққан тегі мен әлеуметтік дәрежесіне емес, жеке сапалары мен еңбегіне байланысты анықталатынына ерекше назар аударады. Шынында да, Абай бүкіл шығармашылық жолында гуманистік идеяларды көтеріп, адамның қадірі оның шыққан ортасына, байлығына немесе атақ-даңқына емес, керісінше, халыққа қандай пайда әкеліп жатқандығына, оның рухани болмысына қарай анықталуы тиіс екенін айтқан.

Абай өз шығармаларында жаңа моральдық ұстанымдарды насихаттап, кез келген құбылысты даму мен тарихи өзгеріс

тұрғысынан қарастыруға тырысты. Ойшыл өз дәуіріндегі қазақ қоғамын, оның дәстүрлері мен таптаурындарын тек үздіксіз сынаумен шектелмей, сол арқылы қоғамның және адамның даму мүмкіндігін көрсетуге ұмтылды.

Абай дүниеде ештеңе бір орнында тұрмайды, бәрі де өзгереді, дамиды және адам да дамуға қабілетті деген тұжырымды берік ұстанды. Оның сенімі бойынша, адам надандық пен білімсіздік салдарынан түрлі кемшіліктерге бой алдырады, бірақ тәрбиелеу, білім беру, адамгершілік қағидаттарын сіңіру арқылы ол «Толық адам» бола алады.

Абайды, сөзсіз, тұлғаның рухани қалыптасу мәселесі терең толғандырды және ерекше қызықтырды. Бұл мәселе оның философиясында қазақтың білімді, дамыған азаматын тәрбиелеу қажеттігімен, қазақ халқы ішіндегі кемелденген тұлғаны қалыптастыру проблемасымен тығыз байланысты. Қазақ философы дәстүрлі қазақ санасын, шынайы эмпирикалық адамды жан-жақты сынға алып, мұны өзінің басты тақырыбы – тұлғаның рухани кемелденуінің қажеттілігімен, толық адамның қалыптасуымен байланыстыра қарастырғанын айқын түсіну қажет.

Абай қазақ халқы өркениетті елдермен тең дәрежеде өмір сүруі үшін, солармен бәсекелес бола алуы үшін түбегейлі өзгеруі, өзінің өмір салтын қайта қарап, жаңа дүниетанымдық бағдарлар қалыптастыруы қажет екенін жақсы түсінді. Осыған байланысты «қазақ философы жаңа адамның тұжырымдамасын, яғни тек өз күшіне және біліміне сүйенетін, еңбекқор, белсенді, білімді адам бейнесін» дәйекті түрде ұсынады [13, 134 б.].

Абай қоғамның тұтас өзгеріске ұшыраған жағдайындағы элеуметтік өмір мен рухани процестерді түсінуде маңызды ұғым – «жаттану» (отчуждение) мәселесін де зерделеген. Жаттанудың мәні – адамның қолымен жасалған заттар мен құбылыстар белгілі тарихи жағдайларда адамнан тәуелсіз, бөлек тіршілік ететін құбылысқа айналады, яғни адамның санасында шынайы өмірлік қатынастар бұрмаланып, теріс, жалған бейнеге енеді.

Абайдың ұлылығы – осы ұғымға алғашқылардың бірі болып назар аударып, оны қазақ шындығын талдауда тиімді қолдануында.

Ол өз дәуіріндегі қазақ қоғамының шынайылығын аяусыз сынап, оны терісіне айналған, шынайы құндылықтар бұрмаланған, ал жалған құндылықтар шын өмірдің мәні ретінде алға шыққан абсурдты жүйе ретінде бағалайды.

Нағыз ағартушы ретінде Абай жастардың білім алуын шын жүректен қолдады. Алайда ол білімге деген қоғамдағы көзқарастың жаттанған, бұрмаланған түрін әшкерелейді. Оның пайымдауынша, білім – адам өмірінің іргелі негізі, прогрестің басты факторы және адамгершілік дамудың тірегі. Сондықтан ол өз замандастарын ғылым мен білім алуға шақырды. Дегенмен шынайы өмірде ол білім мен оқудың рухани даму мен халыққа қызмет ету құралы емес, керісінше, билік пен артықшылыққа жетудің амалына айналғанын байқады.

Осындай жаттанудың, бұрмаланудың мәні мынада: адамдарды білімге, рухани мәдениетке баулу, сол арқылы халыққа қызмет ету сияқты асыл мұраттарды көздейтін білім беру үрдісі тарихи жағдайда өз маңызынан айырылып, гуманистік мақсатынан ажырап, керісінше, адамның ар-намысы мен еркіндігін төмендетуге, жан дүниесін басып-жаншуға қызмет ететін антигумандық құралға айналады.

Бұл жағдайда Абайдың дәстүрлі ағартушылық шеңберінен шығып, ағартушылық идеясына нақты, сыни және диалектикалық тұрғыдан келетіндігін байқаймыз. Осылайша, қазақ ойшылы тек абстрактілі ағартушы емес, қоғамдық-тарихи жағдайлардың бұрмаланған шындығында ағартушылықтың шектеулілігін және қайшылығын терең түсінген, сонымен қатар тұтастай алғанда ағартушылық ұстанымдарын ұстанған кемел тұлға ретінде танылады.

Тұлғаның қалыптасуы – күрделі әрі көпқырлы үдеріс. Бұл процесте діни құндылықтар мен дәстүрлі мәдениет айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Қазақ ағартушылығы философиясында тұлғаның рухани қалыптасу мәселесі – сенім, ақыл, адамгершілік пен әлеуметтік жауапкершілік арасындағы үйлесімді тепе-теңдік ретінде қарастырылды.

Қазақ ағартушылары діни және мәдени дәстүрлер тұтас және үйлесімді тұлға қалыптастыруға қалай ықпал ететінін терең түсінді. Олар діннің адам болмысына терең әсер ететінін атап өтті. Қазақ дәстүрінде ислам тек дін ғана емес, өмір сүру философиясы ретінде қабылданып, жауапкершілікке, мейірімділікке, еңбекқорлық пен білімге ұмтылуға жол ашты.

Ислам ғасырлар бойы қазақ халқының рухани өміріндегі негізгі тірек. VIII–X ғасырларда көшпелі тайпалар арасында ислам кеңінен таралғаннан кейін, ол дәстүрлі дүниетаныммен үндесіп, дала этикасымен үйлескен бірегей рухани синтез қалыптастырды.

Қазақ ойшылдары исламды тек дін ретінде емес, адамгершілік пен руханияттың негізгі қайнары деп таныды. Олар өз еңбектерінде қазақ руханиятын исламның жалпыадамзаттық құндылықтарымен ұштастырды. Қазақ ағартушылығы философиясы – бүкілтүркілік және жалпы мұсылмандық рухани жаңғырудың ажырамас бөлігі бола отырып, өзіне тән бірегей ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

Абай өз шығармаларында шынайы иман мен танымға ұмтылудың маңыздылығын баса көрсетті. Ол терең рухани мәнге бойламай, сыртқы діни рәсімдерді формалды түрде ғана орындауды өткір сынға алды. Ойшыл тұлғаның саналы рухани дамуын, сенімді терең түсініп қабылдауды насихаттап, дін қағидаттарына үстірт қарауға қарсы тұрды.

Абайдың пайымдауынша, шынайы мұсылман – тек сыртқы діни міндеттерді орындаушы ғана емес, алдымен ішкі рухани дайындығы бар адам болуы тиіс. Ол адам өзінің рухын арылтып, жанды аздыратын төмен құмарлықтардан бас тартуы қажет. Қазақ философы шынайы иман мен адамгершілік қағидаттары бір-бірімен үйлесімді және ажырамас деп сенді.

Қазақ ағартушылығы философиясы – қазақ халқының зияткерлік және рухани жаңғыру дәуірі. Қазақ ағартушылары көшпелі мәдениеттің дәстүрлі құндылықтарын, мұсылман дінін және әлемдік ғылым жетістіктерін үйлестіре отырып, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ұмтылды. Бұл философия

XXI ғасырда да өзектілігін жоғалтқан жоқ, өйткені рухани даму, мәдени бірегейлік және тұтас дүниетаным мәселелері бүгінде ерекше мәнге ие. Қазақ ағартушы-философтарының идеялары қазіргі заманның гуманизмге, толеранттылыққа, ғылым мен сенім арасындағы үйлесімге бағытталған дүниетанымымен үндесіп жатыр.

Қазіргі таңда қазақ ағартушылары ұсынған қағидалар заманауи білім беру, рухани даму және жаһандық гуманизм тұжырымдамаларынан көрініс табуда. Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, әлемге ашық болу, руханиятты, сыни ойлауды және білімге ұмтылуды дамыту, осының бәрі қазақ ағартушылары насихаттаған негізгі ұстанымдар.

Гуманизм, адамгершілік, жауапкершілік пен еркіндікке негізделген қазақ ағартушыларының дүниетанымы қазіргі қоғам үшін де маңызын жойған жоқ. Қазақ ағартушылығы идеяларының қазіргі заманғы тұлға тұжырымдамаларымен үндесуі, олардың құндылығы мен өміршендігін дәлелдейді. Бұл идеялар дәстүрлі құндылықтардың ғылыми біліммен және жаһандық гуманистік қағидалармен үйлесімді қатар өмір сүре алатынын көрсетеді.

Бүгінгі таңда, адамгершілік, білім беру және тұлғалық даму дағдарыстары орын алған жағдайда, қазақ философтары адамзатқа әмбебап жол ұсынады, ол саналы иман, білімге құштарлық және ізгілікке адал қызмет ету. Сондықтан қазақ ағартушылығы философиясы тек қазақ мәдениеті үшін ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастық үшін де өзекті болып отыр. Қазақ ағартушыларының идеялары – руханиятты, білім мен адамгершілікті ұштастырған үйлесімді тұлғаны қалыптастырудың сенімді жолын ұсынады.

Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай еңбектері ұрпақтарды әлі күнге дейін шабыттандырып келеді. Бұл нағыз ағартушылық, білім беру, сонымен қатар тұлғаның рухани және моральдық кемелдену жолы екенін дәлелдейді. XXI ғасырда әлем жаһандану, ақпараттық шудың көбеюі, діни радикализм мен әлеуметтік дағдарыстар сияқты сын-қатерлерге тап болып отырған кезде, қазақ ағартушыларының идеялары – адастырмай-

тын темірқазық іспеттес. Бұл философия бізге тек ағартушылық, сыни ойлау, моральдық ұстанымдар мен мәдениетке деген құрмет қана адамды шын мәнінде еркін және кемел тұлғаға айналдыра алатынын үйретеді.

Қазақ ағартушы-философтарының рухани мұрасы Әділетті Қазақстанды дамытудың тірегі бола алады. Айта кетерлігі, тұлғаның рухани қалыптасу қағидаттары қазақ ағартушылығы дәуірінің өкілдерімен ұсынылғанымен, олар өз заманының шеңберінде қалып қоймай, қазіргі әлемдік философиялық ойдың озық тәсілдерімен ұштаса алады. Қазақ ағартушылары бізге өз көрегендігімен, өмірлік маңызы бар түйінді мәселелер мен қайшылықтарды шешудегі даналығымен шабыт береді, адамзат мүмкіндіктеріне деген сенімді күшейтеді.

Әдебиеттер

- 1 Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 301 с.
- 2 Иманбеков М.М. Проблема становления самосознания казахского народа в творчестве Чокана Валиханова. Автореф. дис.к.филос.н. – Алматы, 2003. – 25 с.
- 3 Валиханов Ч.Ч. Соч. в пяти томах. Т.3. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 416 с.
- 4 Валиханов Ч.Ч. Соч. в пяти томах. Т.4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – 463 с.
- 5 Валиханов Ч.Ч. Соч. в пяти томах. Т.2. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии 1985. – 416 с.
- 6 Валиханов Ч.Ч. Соч. в пяти томах. Т.1. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – 432 с.
- 7 Абдильдин Ж., Абдильдина Р. Чокан Валиханов – великий ученый и мыслитель. – Астана, Фолиант, 2015. – 192 с.
- 8 Алтынсарин И. Собр. соч. Т.1. – Алма-Ата, 1974. – 275 с.
- 9 Алтынсарин И. Собр. соч. Т.3. – Алма-Ата, 1975. – 304 с.
- 10 Ушинский К.Д. Избр. педагог. соч. Т.1. М., 1953. – 410.
- 11 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. II том. – Алматы: Жазушы, 1995. – 384 б.
- 12 Абдильдин Ж. Собрание сочинений в двадцати пяти томах. Том XXV. – Астана, 2022. – 344 с.

13 Абдильдин Ж. Абдильдина Р. Абай – гениальный мыслитель и гуманист. – Астана: Фолиант, 2015. – 232 с.

14 Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан Ege men Qazaqstan, 9 қаңтар 2020 жыл.

15 Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. – Алматы: Білім, 1995 – 136 с.

16 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 1995. – 336 б.

17 Абдильдин Ж.М. Абай как великий мыслитель и гуманист Абай. Наследие. На перепутье... – Алматы: Агентство «Ал-Халел», 1995. – С. 88-95.

18 Нурланова К.Ш. Эстетика художественной культуры казахского народа. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 176 с.

2.2 Қазақ зиялылары дүниетанымындағы жеке тұлғаның сипатталуы

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы – қазақ халқы үшін күрделі де тағдырлы кезең болды. Бұл уақыт – отарлық саясаттың күшейген, дәстүрлі қоғамдық құрылымдар мен дүниетаным жүйесінің өзгеріске ұшыраған дәуірі. Осы кезеңде ағартушылық қозғалыс қазақ даласында кең өріс алып, жаңа ұлттық философия мен ойлау мәдениетінің қалыптасуына зор серпін берді. Қазақ ағартушылығы – бұл жай ғана білім беру немесе оқу-ағарту емес, бұл ұлттың рухани оянуын, тұлғалық жетілуін, қоғамның әділетті құрылымын іздеумен тығыз байланысты күрделі мәдени-философиялық құбылыс.

Бұл кезеңнің тарихи-контекстуалдық негіздері Ресей империясының отарлық саясаты қазақ қоғамында әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістерге әкелді. Бұл уақытта дәстүрлі көшпелі құрылымдар әлсіреп, елдің рухани-мәдени бейнесі елеулі трансформацияларға ұшырады. Сонымен қатар, ислам дінімен қатар, орыс және еуропалық ағартушылық ойлары да айтарлықтай ықпал етті. Ағарту мен прогресс идеялары, ғылым мен білімге ұмтылыс қазақ зиялыларының санасында жаңаша ойлауға түрткі болды.

Осындай ықпалдардың нәтижесінде Шығыс пен Батыс мәдениетінің тоғысында ұлттық жаңғыру идеясын көтерген жаңа буын қазақ зиялылары қалыптасты. Бұл буын өз халқының тағдыры үшін жауапкершілік алып, рухани және әлеуметтік жаңғырудың жолдарын іздеді. Атап айтқанда, олардың басты мақсаты – отарлық езгідегі ұлтты ояту, білім мен мораль арқылы тұлғалық және қоғамдық жаңғыруға жетелеу болды.

Осы тарихи сәтте Шәкәрім Құдайбердіұлы ерекше тұлға ретінде танылды. Ол Абай дәстүрін жалғастыра отырып, адамның рухани әлемін терең зерттеді және ұждан, ар, әділет секілді ұғымдарды философиялық тұрғыдан жүйеледі. Шәкәрім – Шығыс пен Батыс ойларын бойына сіңіріп, оларды қазақ дүниетанымымен байланыстыра білген бірегей ойшыл. Оның еңбектері ұлтты оятуға, адамды өз болмысын тануға жетелеуге бағытталды.

Шәкәрім дүниетанымындағы рухани бастау. Шәкәрім Құдайбердіұлы рухты адамның ішкі мәні, таным мен адамгершіліктің іргетасы ретінде қарастырады. Оның түсінігінде рух – мәңгілік және құдайлық бастау, адамның тәндік болмысынан жоғары тұратын, Алланың әмірімен жаратылған шынайы болмыс. Ол өзінің басты философиялық шығармасы «Үш анық» туындысында бұл туралы былай деп жазады: «Рух дегеніміз – Алланың әмірінен жаратылған, өлмейтін шын болмыс. Рух деген сөздің өзін Алланың әмірі дейді Құран» [1, 45 б.]. Бұл ой Шәкәрімнің рух жайлы көзқарасының өзегін құрайды. Ол рухты материалдық дүниеден тыс, мәңгілік және өзгермейтін ақиқат ретінде сипаттайды. Рухтың «Алланың әмірінен» жаралуы – оның тікелей құдайлық бастауға ие екенін білдіреді. Бұл – адамның тәні өткінші, ал рухы мәңгі деген идеяға негізделген. Шәкәрім Құранға сүйене отырып, рухты адам болмысының ең жоғары, ең таза мәні ретінде қарастырады. Оның көзқарасында рух – адам өмірінің мәнін, оның жауапкершілігін және моральдық таңдауларын айқындайтын негізгі күш.

Шәкәрім «жан» ұғымын биологиялық тіршілік иесінің қозғаушы күші ретінде сипаттайды, яғни тіршілікпен байланысты қабат. Мысалы, ол былай дейді: «Адамшылықтың алды –

ұждан, ар мен ұяттың қайнары – жан» [1, 47 б.]. Мұндағы «жан» мен «ұждан» арасындағы аралық дәнекер – рух. Рух арқылы адам ұжданға жетеді, ал ұждан – адам болмысының жоғары формасы.

Шәкәрім Құдайбердіұлының рух туралы ілімі ислам сопылық философиясымен терең байланысты, алайда онда қазақ дүниетанымына тән өзіндік ерекшеліктер мен моральдық-этикалық бағдарлар басым. Егер әл-Ғазали мен Сухраварди рухты Жаратушыға оралу жолындағы трансцендентті субстанция ретінде бейнелесе, Шәкәрім рухты – моральдық әрекет, ұждан және жауапкершілік ұғымдарымен тығыз байланыстырады. Бұл оны қазақтың ұлттық руханиятымен табиғи түрде сабақтастырып, ислам философиясы мен дала ойының бірегей тоғысуын көрсетеді. Шәкәрім рухты тек таным мен сенімнің емес, сонымен қатар әділет, мейірім, ар мен ұяттың бастауы ретінде бағалайды. Ол бұл туралы: «Ұждан – жанның тілегі» дейді [1, 49 б.]. Осы арқылы Шәкәрім рухты ұжданмен байланыстырып, ақиқат жолына бастайтын ішкі моральдық бағдар деп таниды. Бұл ұстаным оны сопылық іліммен терең үндестіре отырып, қазақ ой кеңістігінде қайталанбас философиялық тұлға ретінде орнықтырады.

Ислам философиясындағы аса көрнекті ойшыл Әбу Хамид әл-Ғазали рухты Жаратушыдан келген божестволық бастау ретінде сипаттайды. Оның әйгілі «Ихия улюм әд-дин» (Дін ілімдерін тірілту) атты еңбегінде: «Рух – бұл Алланың әмірінен келген нұр. Сол нұр арқылы адам хақиқат пен Жаратушыны тануға қабілетті болады» деп көрсетіледі [2, 17 б.]. Бұл түсінік Шәкәрімнің «Рух дегеніміз – өлмейтін, шын болмыс» деген сөзімен толық үндесіп тұр. Әл-Ғазали адамның болмысын бірнеше қабатқа бөледі: нафс (нәпсі) – ішкі қалаулар мен бейімділіктердің көзі, қалб (жүрек) – рухани түйсік орталығы, ал рух – Алламен байланыс жасайтын, адамның шынайы мәні. Осы үштік құрылымда рух – бұйрықты орындаушы, иманның қабылдаушысы және адам болмысын тазартушы күш ретінде қарастырылады. Бұл идея Шәкәрімнің де ұстанымымен сәйкес келеді, ол адамның рухани жетілуі мен ұжданға келуін рухтың сергектігімен байланыстырады.

Ислам философиясындағы ишраки (нұрлар) мектебінің негізін қалаған Шәһабуддин Сухраварди де рухты Жаратушының нұр әлемінен келген мәңгілік мән ретінде сипаттайды. Оның «Хикмат ал-Ишрақ» (Нұрлар даналығы) атты еңбегінде: «Рух – аспандық нұр. Ол уақытша тәнмен шектеледі, бірақ табиғаты бойынша иләһи әлемге жатады» деп жазылған [3, 99б.]. Бұл түсінік Шәкәрімнің «Рух – Алланың әмірінен» деген тұжырымымен мазмұн жағынан үндес келеді. Сухраварди философиясында рух – адамның нағыз «мені», ал тән – оның уақытша киімі іспеттес. Бұл ұстаным Шәкәрімнің: «Адам – ақ жүрек, таза ақыл, адал еңбек арқылы ғана кемелденеді» деген танымымен толық үйлеседі.

Осылайша, Шәкәрім, әл-Ғазали және Сухраварди арасындағы рух туралы түсініктердің негізінде ортақ желі жатыр және өзара үндестік байқалады. Шәкәрім жанды тіршіліктің қозғаушы күші, уақытша қабат ретінде қарастырса, рухты – адамның шынайы мәні әрі ұждан бастауы деп таниды. Әл-Ғазали үшін де рух – иләһи нұр, Алламен байланыстыратын тетік, ал нафс – адамның нәпсілік жақтары. Сухраварди ілімінде рух – нұр әлемінен келген жоғары болмыс, ал тән – рухты бүркемелейтін уақытша перде. Үшеуінің де философиясында рух адамның Жаратушымен байланысқа шығу құралы ретінде қарастырылып, оның қызметі адамның ішкі тазаруы мен кемелденуіне бағытталған. Шәкәрім ұждан арқылы ақиқатқа жетуді негізгі мақсат деп көрсетсе, әл-Ғазали рухты иманның қабылдаушысы ретінде көрсетеді, ал Сухраварди рухтың нұр әлеміне қайта қосылуы арқылы толық рухани көтерілу жолын ұсынады.

Ұждан – жеке тұлғаның рухани жетілудің іргетасы.

Шәкәрім Құдайбердіұлы философиясында ұждан ұғымы ерекше орын алады. Ол ұжданды – адам табиғатына туа біткен, Алла тарапынан берілген ішкі моральдық бағдар деп сипаттайды. Ұждан – адамның ар-ожданын, моральдық жауапкершілігін, шындық пен жалғанды, ізгілік пен зұлымдықты ажыратуға мүмкіндік беретін ішкі өлшем. Бұл ұғым Шәкәрімнің рух, жан, ақыл, жүрек және еңбек туралы тұтас антропологиялық көзқарасымен тікелей байланысты.

Шәкәрім рухани жетілудің негізін үш қасиетпен айқындайды: ақ жүрек, таза ақыл, адал еңбек. Бұл ұғымдар оның адамгершілік концепциясының тірегі. Ойшыл былай дейді: «Ақ жүрек, таза ақыл, адал еңбек – осы үшеуінің басы қосылса, шын адам сол» [1, 58 б.]. Мұндағы:

- Ақ жүрек – ар-ождан мен ұжданның тазалығы, мейірім мен әділет бастауы;
- Таза ақыл – білім мен танымның әділетті жолмен қолданылуы;
- Адал еңбек – адам болмысының әлеуметтік және практикалық шынайылығы.

Бұл үштік өзара тығыз байланысты: ақ жүрек ұжданды оятады, таза ақыл шындықты тануға көмектеседі, ал адал еңбек – рухани биіктікке жетудің әрекеттегі көрінісі. Бұл ілім Абайдың «толық адам» концепциясымен де үндес, өйткені Шәкәрім өзінің ұстазы Абай ілімін жалғастырушы ғана емес, оны тереңдетуші де болды.

Шәкәрімнің ұждан туралы ілімі ислам философиясындағы фытра (туа біткен рухани табиғат) түсінігімен үйлеседі. Қасиетті Құранда былай делінеді:

«Алла әрбір адамды ислам дініне сай бейіммен (фытрамен) жаратты» [4]. Бұл аят адамның ішкі табиғатында жақсылыққа ұмтылыс, әділетке бетбұрыс бар екенін растайды. Ұждан – сол фытраның адам бойындағы әрекет етуші формасы. Бұл идеяны Әл-Фараби, әл-Газали, ибн Араби сынды мұсылман ойшылдары да өз еңбектерінде ұстанған. Мәселен, әл-Газали былай дейді: «Нағыз ақиқат пен ізгілік адамның жүрегінде бар. Бірақ оны ашу үшін жүрек тазаруы керек» [2, 214 б.]. Шәкәрім де осы ілімді жалғастырып, ұжданды жүрек арқылы танылатын рухани әділеттің көрінісі ретінде қарастырады. Бұл тұрғыда оның философиясы – ақыл мен жүрек, рух пен ұждан арасындағы үйлесімділікке негізделген моральдық антропология.

Шәкәрім философиясында ұждан – моральдық жауапкершіліктің өзегі. Қазақ ойшылы адамды ерікті таңдау иесі ретінде қабылдайды. Ол үшін моральдық жетілу мен рухани кемелдік адамның өз ішкі шешіміне тәуелді. Сондықтан ұждан – тек ішкі

бағдар ғана емес, сонымен қатар әрекет пен жауапкершіліктің баптауы. Ол былай дейді: «Ұждан – жанның тілегі» [1, 49 б.].

Бұл тұжырым бойынша ұждан – адамның ішкі әлемінде әділет, мейірім және шындыққа ұмтылуды іске асыратын күш. Бұл жерде Шәкәрім этиканы тек ережелер жүйесі ретінде емес, адамның ішкі болмысына негізделген рухани динамика ретінде ұсынады.

Ұжданды тек діни категориямен шектеуге болмайды – бұл адамзатқа ортақ, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына жинақтаған унитарлық моральдық бағдар. Шәкәрім үшін ұждан – Алламен байланыстыратын рухани көпір, сонымен қатар жердегі әділет пен жауапкершіліктің кепілі. Ойшылдың мына сөздері бұл ұғымның мәнін жинақтай түседі: «Ұждан – шынның өлшемі. Ұжданды тыңдаған адам – Алланы тыңдаған адам» [5]. Осылайша, Шәкәрім Құдайбердіұлының ұждан ілімі – қазақ философиялық ойының ғана емес, мұсылман әлеміндегі моральдық ілімнің де жарқын жалғасы болып табылады. Бұл ілім бүгінгі таңдағы рухани тәрбие, білім беру, ұлттық құндылықтарды жандандыру салаларында да өзекті мәнге ие.

Жеке тұлғаның рухани қалыптасуындағы ерік бостандығы және жауапкершілік мәселелері.

Шәкәрім Құдайбердіұлының философиясында адамның рухани дамуы мен кемелденуі ең алдымен ерік бостандығына және ішкі жауапкершілікке байланысты қарастырылады. Ойшыл үшін адам – өз тағдырын өзі қалыптастыратын субъект. Бұл идея оның антропологиялық және моральдық ілімінің өзегіне айналған.

Шәкәрім адамның жақсы мен жаманды ажырата алуы – табиғи ақыл мен рухани ерікке байланысты екенін атап өтеді. Оның айтуынша, адам тіршілігінде не болатыны – сыртқы жағдайларға ғана емес, ішкі таңдауына, ниетіне, ерік-күшіне байланысты: «Адамның жақсы мен жаманды тануы – оның ерік күшіне байланысты» [1, 52 б.]. Мұнда ерік – адамның моральдық әрекетке бару-бармауын анықтайтын іштей шешуші тетік. Шәкәрім ерікті таңдау арқылы рухани жауапкершілік пен ар алдындағы адалдықтың іргетасын қалайды. Адам – тағдыры алдын-ала

жазылған жан иесі емес, өзін-өзі жетілдіру арқылы кемелдікке ұмтылатын еркін болмыс.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұтылғанның өмірі» поэмасындағы моральдық таңдау және ерік мәселелері терең қарастырылады. «Мұтылғанның өмірі» – Шәкәрімнің 1910 жылы жазған автобиографиялық поэмасы, онда басты кейіпкер – Мұтылған арқылы тұлғаның рухани оянуы, ішкі жауапкершілікке келуі, ерікті таңдау процесі сипатталады. Поэmanın басында Мұтылған дүние қызығына беріліп, нәпсі жетегінде кетеді. Бірақ өмірінің соңына қарай ол өзінің ішкі әлеміне үңіліп, ар мен ұжданды тыңдай бастайды:

«Жаным менің – жалғыз шын дос,
Көпті аңсап, көп жапа жеп,
Ақырына көзім жетті,
Ұжданым – менің бақытым» [6, 82 б.].

Мұндағы «жаным менің – жалғыз шын дос» деген жолдар – адамның ішкі рухани өзегінің, яғни ұжданның, ерікті моральдық таңдаудың бастау көзі екенін көрсетеді.

Ал, «Адамдық борышын» өлеңіндегі жауапкершілік идеясы басымдыққа ие. Бұл өлеңінде Шәкәрім адамға өз еркімен таңдау жасайтын, бірақ сол таңдауы үшін жауап беретін моральдық субъект ретінде қарайды:

«Адамдық борыш – ар үшін,
Ел үшін еңбек ет, халқың үшін.
Мақтан үшін емес, бар үшін,
Жаныңды садаға ет халқың үшін!» [7, 76 б.].

Мұнда ар, борыш, жауапкершілік және қоғамдық міндет – бәрі адамның ерікті, ұжданды әрекетінің негізі ретінде көрсетіледі. Бұл – рухани еркіндік пен әлеуметтік жауапкершіліктің тұтас бейнесі.

«Мен ғылымға, дінге де, сын көзімен қараймын» өлеңіндегі сыни ерік тақырыбы көтеріледі. Шәкәрім танымдық және сенім жүйелеріне де еркін таңдау, сыни ойлау тұрғысынан қарауға шақырады. Бұл – интеллектуалдық еркіндік пен рухани адалдықтың көрінісі:

«Мен ғылымға, дінге де, сын көзімен қараймын,
Шын ақиқатты білсем деп, еңбегімді аямаймын.
Қашқаным жоқ діннен де, дін ғылымнан бөлінбес,
Шынның жолын іздесем, надандықтан қорғаймын» [7, 94 б.].

Бұл жерде Шәкәрім дінді соқыр сенім емес, ақыл мен ұждан сүзгісінен өткізу керек екенін айтады. Демек, ерік тек моральдық таңдау үшін емес, таным процесінде де маңызды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы XX ғасырдың басында Лев Толстойдың «Азбука мудрости» (Данышпандық әліппесі) шығармасынан бірқатар үзінділерді қазақ тіліне аударып, мораль, адамгершілік, ерік және ар ұғымдарын қазақ руханиятымен сабақтастырып қайта өңдеген. Бұл еңбекте Шәкәрімнің тек аудармашы ғана емес, интерпретатор ретінде де терең философиялық пайым жасағанын көруге болады.

Шәкәрімнің аудармасындағы басты философиялық ой – жақсылықтың ерікке негізделуі. Ол Толстойдың мына ойын өз көзқарасымен толықтырып береді: «Еріксіз жасалған жақсылық – жақсылық емес. Жақсылық ерікті түрде жасалса ғана адам ізгі бола алады» [7, 222 б.]. Бұл тұжырым адамның ішкі шешіміне, яғни ерік пен ұжданның үндестігіне негізделген әрекетті ғана шынайы адамгершілік деп таниды. Шәкәрім мұнда адамды ар-ұждан тұрғысынан таңдау жасай алатын еркін субъект ретінде көрсетеді.

Аудармада кездесетін келесі бір терең ой – шындық пен ар алдындағы адалдық. Шәкәрім былай дейді: «Шындықты жасыру – арды сату. Ал арды сатқан адам – өз рухын сатумен тең» [7, 224 б.]. Бұл пікір оның «Үш анық» еңбегіндегі: «Адамшылықтың алды – ұждан» деген ойымен үндес. Шәкәрім үшін ар мен ұждан – рухани жауапкершіліктің іргетасы. Толстойдың моральдық максималарын қазақ ұғымдарына бейімдей отырып, Шәкәрім нағыз адам болмысының өлшемдерін ұлттық дүниетаныммен астастыра береді.

«Данышпандық әліппесінде» Шәкәрім нәпсіге еріп жасаған жақсылық пен рухани ерікпен жасалған жақсылықтың айырмасын нақты ажыратады: «Өз құлқыны үшін жақсылық қылған –

саудагер. Нағыз жақсылық – ақысыз, ар алдында таза көңілмен жасалғаны» [7, 225 б.].

Шәкәрімнің Толстойдан алған тағы бір терең ой – мейірімділік тек ерікті түрде ғана шынайы болатыны: «Мейірімділік – еріксіз емес, жүректің қалауымен жасалғанда ғана қасиетке айналады» [7, 226 б.].

Аудармада Шәкәрім дін мен имандылық та тек ерік пен ұжданға сүйенгенде ғана шынайы болатынын көрсетеді. Ол Толстойдың дінді адамды қорқытып көндіретін жүйе емес, ар-ұжданмен тікелей байланысты рухани жол деп түсінгенін қазақ тіліне былай жеткізеді: «Діннің тамыры – ұждан. Ұждансыз дін – сыртқы қалып қана» [7, 227 б.]. Шәкәрім бұл ойды өзінің сопылыққа жақын, бірақ саналы және ерікті сенімге негізделген мораль философиясымен ұштастырады. Оның пікірінше, дін – ішкі рухани еркіндікке жетелейтін жол, ал еріксіз, қорқыныштан туған сенім – шынайы руханият емес. Бұл жерде ойшыл адамның этикасы прагматикалық мүддеге емес, рухани тазалық пен ар алдындағы ерікті шешімге негізделуі қажет екенін көрсетеді. Ол жақсылықтың құнын адамның ниетімен өлшейді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының адамның ерік бостандығы мен рухани жауапкершілігі туралы ілімі тек дәстүрлі ислам философиясымен ғана емес, сонымен қатар ХХ ғасырдағы экзистенциализм философиясымен де терең үндеседі:

- Батыс экзистенциализмі – адамның еркіндігін кейде трагедиялық жалғыздықпен, Құдайдан алыстаумен байланыстырады.

- Шәкәрім философиясы – еркіндікті Жаратушы мен ұжданға адалдық арқылы кемелдікке жетудің жолы деп бағалайды.

Экзистенциалистік ойшылдардың, әсіресе Серен Кьеркегор, Жан-Поль Сартр және Карл Ясперстің еңбектерінде адам ерік иесі ретінде қарастырылады, ал оның өмірлік мәні – таңдау және сол үшін жауап беру қабілетінде. Бұл идеялар Шәкәрімнің «ұждан», «ар», «ерік», «таза ақыл» ұғымдарымен өзара қабысып, рухани жауапкершілік философиясын қалыптастырады. Мәселен, Жан-

Поль Сартр өзінің әйгілі «Экзистенциализм – бұл гуманизм» еңбегінде: «Адам – өз жауапкершілігімен ғана анықталатын болмыс» [8, 29 б.] деп жазады. Бұл тұжырым Шәкәрімнің: «Адамның жақсы мен жаманды тануы – оның ерік күшіне байланысты» [1, 51 б.]. деген пікірімен толық үндеседі. Мұнда адам – өз әрекетіне жауапты моральдық субъект. Бұл жауапкершілікті ол ұждан арқылы сезінеді.

Шәкәрімнің ойынша, адам ішкі рухтың, яғни ұжданның үніне құлақ асу арқылы ғана шын мәніндегі еркіндікке жетеді. Ол былай дейді: «Ұждан – жанның тілегі» [1, 49 б.]. Бұл тұста ұждан адамның табиғи бағдарын білдіреді. Экзистенциалист С. Кьеркегор «The Sickness Unto Death» атты еңбегінде: «Адам өзін-өзі тану және моральдық жауапкершілікке келу арқылы ғана шынайы болмысқа жақындайды» [9, 84 б.] дейді. Кьеркегор мен Шәкәрімнің бұл тұжырымдары рухани шешім қабылдау сәтінде адамның ішкі азабын, ар мен ұждан дауысын, таңдау еркіндігін көрсетеді.

Карл Ясперс болса, адамның шынайы болмысы тек шекаралық, яғни экзистенциалдық дағдарыс сәттерінде ашылатынын атап өтеді: «Адам тек шекаралық жағдайларда ғана өзін таниды» [10, 35 б.]. Бұл идея Шәкәрімнің «Мұтылғанның өмірі» поэмасында да көрініс табады. Онда өмірдің ауыр сынақтарынан өтіп, қателіктерін түзеуге ұмтылған адам: «Ұжданым – менің бақытым» [6, 82 б.] деген шешімге келеді. Бұл – рухани кемелденудің белгісі. Шәкәрімнің еркіндік туралы көзқарасы – мұсылмандық руханият, сопылық және ағартушылық принциптерінің үйлесімі. Ол еркіндікті тек құқық ретінде емес, рухани жауапкершілік, ар алдындағы міндет ретінде қарастырады. Бұл ретте ол: «Ақ жүрек, таза ақыл, адал еңбек – осы үшеуінің басы қосылса, шын адам сол» [1, 58 б.] дейді. Бұл формула Шәкәрім үшін ерікті моральдық кемелдікке жетудің басты шарты. Сонымен қатар, бұл пікір Канттың «моральдық заң мен ардың әмірі» идеяларымен де үндес. Шәкәрімнің философиясында еркіндік – мақсат емес, ақиқатқа жету құралы. Ол еркіндікті Жаратушының сыйы ретінде түсіндіреді, бірақ бұл сыйды іске асыру үшін адам ұжданын тыңдап, ар жолымен жүруі қажет.

Осылайша, Шәкәрім Құдайбердіұлы – рух пен ерікті таңдау арасындағы байланысты тек теориялық деңгейде емес, күнделікті моральдық өмірдің негізіне айналдырған ойшыл. Ол экзистенциализм философиясымен үндес идеяларды өз заманына, қазақ болмысына лайықтап, ұлттық философиялық мектептің ерекше үлгісін қалыптастырды. Бұл үндестік Шәкәрімнің тек Шығыстық ойлау жүйесімен ғана емес, Батыс философиясымен де терең интеллектуалдық сұхбатта тұрғанын дәлелдейді.

Діннің жеке тұлғаның рухани дамуына ықпалы.

Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық көзқарастары дінді тек догматикалық сенім жүйесі ретінде емес, тұлғаның рухани-адамгершілік жетілуінің негізі ретінде қарастырады. Ақын дінді моральдық бағдар, әділет пен ақиқатқа жетудің құралы, ішкі рухани тазалықтың қайнар көзі деп түсінді. Бұл көзқарас оның көптеген шығармаларында, әсіресе «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде терең көрініс тапқан.

Шәкәрім дін мен адамның ішкі болмысы арасындағы байланысты ерекше атап көрсетіп, былай дейді: «Діннің мақсұды – адамды жақсылыққа жетелеу. Егер дін адамды шын ниет, таза ақыл, әділ жүрекке тәрбиелей алмаса, ондай діннің керегі жоқ» [11, 5 б.]. Бұл тұжырым Шәкәрімнің дінге рационалистік-этикалық тұрғыдан қарағанын көрсетеді. Ол үшін дін – қоғамды тәртіпке, жеке тұлғаны кемелдікке жетелейтін рухани тетік. Исламды түсіндіруде Шәкәрім сопылық ілімдерге де сүйене отырып, оны адамның өзін-өзі тануы мен Жаратушымен байланыс орнатуының тәсілі ретінде пайымдайды.

Мұсылманшылық пен адамгершілік ұғымдарын тоғыстыра отырып, ойшыл былай деп жазады: «Мұсылман дегеніміз – шын таза жүректі, ақ көңілді, адал мінезді, шыншыл адам» [11, 7 б.]. Бұл жерде Шәкәрім діни ұстанымды тек сыртқы амалмен емес, ішкі рухани сипатпен өлшейді.

Ислам қағидаттары арқылы ол адам бойындағы иман, әділет, тақуалық, адалдық, сабыр сияқты қасиеттерді рухани кемелденудің негізі деп есептейді. Осы бағытта жәдиттік идеялармен үндестік

анық байқалады. Жәдитшілдік – исламды жаңаша, ағартушылық, білім мен адамгершілік тұрғысынан түсіндіруге бағытталған қозғалыс болғаны белгілі. Шәкәрім осы бағытты Қазақстанда терең әрі ерекше мазмұнда жалғастырған тұлға.

Ғалым Ғарифолла Есім Шәкәрімнің діни-философиялық ізденістерін сипаттай келе: «Шәкәрім – қазақ ойындағы имандылықтың интеллектуалдық биігін белгілеген тұлға. Ол дінді – ақыл мен ар өлшемінде түсіндіруге тырысты» [12, 54 б.] деп тұжырымдайды.

Шәкәрім дін мен рухани жауапкершілік ұғымдарын ажырағысыз байланыстырып, адамның Жаратушымен байланысын ұждан арқылы жүзеге асыру керектігін айтады. Оның пайымдауынша, шын мұсылман – тек діннің шарттарын орындайтын емес, ішкі рухани тепе-теңдік пен әділетті ұстанатын адам.

Шәкәрім философиясының заманауи мәні және жеке тұлғаның қалыптасуындағы орны.

XXI ғасырда адамзат өркениеті технологиялық даму мен құндылықтық дағдарыс арасында тартысқа түсіп отырған сәтте, ұлттық философиялық мұраны қайта қарау, оны бүгінгі қоғамдық құрылымдарға бейімдеу өзекті мәселеге айналды. Осы тұрғыдан алғанда, Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани-этикалық ілімі қазіргі Қазақстан қоғамындағы жеке тұлғаны тәрбиелеу, мәдени жаңғыру және рухани жанарту үдерістерінде ерекше орын алады.

Шәкәрім философиясының маңызды бір арнасы – жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесі. Ағартушы ойшыл адамның өмірін түбегейлі өзгерту үшін саяси немесе күштеу тәсілдері емес, ең алдымен жанның тазалығы мен рухани қажеттіліктерді жетілдіру қажет екенін баса айтады. Ол жаңа қоғам құруды тек моральдық жаңғыру арқылы, адамның ішкі әлемін тәрбиелеу арқылы жүзеге асыруға болатынына сенген.

Шәкәрім тәрбиенің өзегіне – ұждан, ар-ождан және әділет ұғымдарын қоя отырып, адамның шынайы жетілуі мен кемелденуі осы моральдық негіздерге сүйенуі тиіс екенін ұсынады. Оның пікірінше, ата-аналар мен мұғалімдердің басты

міндеті – жастарды теріс ықпалдардан қорғау, рухани иммунитет қалыптастыру. Ол жазғандай: «Жаман әдет жұғады, одан құтылу қиын, сондықтан ерте бастан жақсыға баулу қажет» [7, 207 б.]. Бұл идеяны ол өзінің «Жастарға» атты өлеңінде айқын жеткізеді. Шәкәрім жастарды адал еңбекке, білімге және рухани тазаруға үндейді:

«Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік
Бір білімді данышпан жан табалық» [7, 135 б.]

Осы өлең жолдарында ол жастарға өмірлік жолды адалдық, әділет және білім арқылы табуға шақырады. Мұндағы «білімді данышпан жан» – ақыл мен ұждан үйлескен ішкі кемел тұлғаның символы.

Шәкәрім сол дәуірдегі ересектердің әрекеттеріне сын айта отырып, жастарды олардың жағымсыз үлгісінен сақтануға шақырады:

«Үлкендерде мінез жоқ таңданарлық,
Олардың қылған ісі – ұрлық-қарлық.
Арам ойды ақыл деп ардан күсіп,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?» [7, 136 б.]

Ойшылдың бұл сыншыл позициясы – тек қоғамды сынау емес, сонымен қатар жастарға жол көрсету амалы. Оның айтуынша, рухани тәрбие – баланың бойына ұят, ынсап, мейірім, әділет секілді қасиеттерді сіңіру.

Шәкәрімнің бұл тұжырымдары қазіргі қоғам үшін де өзекті. Бүгінгі таңда білім беру мен тәрбие жүйесінде формалды біліммен қатар тұлғаның ішкі әлеміне, моральдық мәдениетіне, рухани тұтастығына баса мән берілуі тиіс. Бұл тұрғыда Шәкәрімнің ілімі – жастарды адами биіктікке, рухани жауапкершілікке және шынайы еркіндікке баулитын терең дүниетанымдық негіз болып қала береді. Бұл туралы Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры Ә.Тәшенов Шәкәрім ілімін тәрбие мазмұнына енгізудің жолдарын былай сипаттайды: «Ұждандық тәрбие – бұл өзін-өзі бақылауға үйрету, этикалық жауапкершілікті сезіну, ішкі еркіндікті дамыту» [13, 87 б.].

Шәкәрім философиясы – тек рухани өткеніміздің көрінісі емес, сонымен қатар қазіргі Қазақстан қоғамының мәдени, білім беру және адамгершілік кеңістігін қайта құруға негіз болатын іргелі ілім. Оның ұжданға, ерікке, ар мен ақиқатқа сүйенген тұжырымдары – жаһандану мен құндылықтық релятивизм заманында ұлттық идеяны жандандыратын, жеке тұлғаны ішкі кемелдікке бағыттайтын интеллектуалдық бағдар. Қазақстандық зерттеушілердің еңбектері Шәкәрім ойларының бүгінгі күнмен үндес екенін дәлелдейді және оны ұлттық білім мен тәрбие саясатының өзегіне айналдыру қажеттігін көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және рухани жетілудің негіздері.

Қазақ ағартушылық философиясының қалыптасу кезеңінде халықтың рухани санасын оятуда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектері айрықша орын алады. Ойшыл ақын дәстүрлі дін, тәрбие, білім тақырыптарын біріктіре отырып, адамның ішкі әлемін, рухани дамуын басты назарға алған. Оның философиялық тұжырымдары ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының іргелі сұрақтарына жауап іздеді: адам кім? Оның өмірінің мәні неде? Адам қалай рухани жетіледі?

Мәшһүр Жүсіптің пайымдауынша, адамның кемелденуі – бұл тек сыртқы біліммен немесе діни рәсімдермен шектелмейтін, ең алдымен ішкі жан дүниесін тазартып, ар-ұжданын қалыптастыру арқылы жүретін рухани үдеріс. Оның сопылық сипаттағы ойлары адамды рух пен тән, жүрек пен ақыл, дүние мен ақырет арасындағы үйлесімділікке шақырады. Ақынның дүниетанымында имандылық, сабыр, шыншылдық, әділет пен қанағат секілді моральдық-этикалық категориялар адамның шынайы болмысын айқындайтын басты өлшемдер ретінде көрініс табады.

Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіп өз шығармаларында замана келбетін, қоғамдағы рухани құлдырау мен дүниеқоңыздықты сынай отырып, адамзаттың ішкі тазалығы мен жауапкершілігін басты құндылық ретінде алға тартты. Ол үшін адам – Жаратушының аманатын арқалаушы, ар мен иманға жауап беруші рухани субъект. Оның ойынша, қоғамның келешегі жеке адамның ар-намысы мен рухани деңгейіне тікелей байланысты.

Имандылық пен дін – тәрбиенің өзегі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының имандылық пен діни тәрбиені моральдық кемелденудің өзегі ретінде түсіндіруі – оның ағартушылық философиясының іргелі бағыты. Мәшһүр Жүсіп дінді тек догмалық амалдар жиынтығы емес, адамның ішкі жан дүниесін тазартып, оның этикалық бейнесін қалыптастыратын қуатты құрал деп түсінеді. Ол «Мұсылман шарты» атты еңбегінде былай деп жазады: «Иман дегеніміз – Алланы шын тану. Күнәдан қашып, жақсылыққа асығу – мұсылманның ісі» [14]. Бұл жерде иман – тек сенім емес, күнделікті өмірдегі этикалық белсенділік пен рухани жауапкершілік. Мұндай көзқарас дінді мінез қалыптастырушы әлеует ретінде қарастырумен ұштасады.

Мәшһүр Жүсіп үшін иман – жүрек ісі. Ол үшін дін – адамның өз-өзіне талап қоя білуінің, ар-ождан тазалығының бастауы. Бұл пікірді ақынның мына жолдарынан көруге болады:

«Ақылмен иман – екеуі бір,
Бірі – жарық, бірі – нұр.
Ақылмен білген иманың,
Түзелер ел мен ұрпақ құр» [15, 235 б.].

Ол ақылды иманмен ұштастыруды, яғни діни сенімді парасат пен ізгілік арқылы іске асыруды ұсынады. Мұндай көзқарас исламдағы «ақыл мен насихат арқылы тәрбиелеу» принципімен үндес.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбектерінде дін исламның ақиқаттығы, құндылығы, қадір-қасиеті, адамзат өміріндегі пайдасы кеңінен насихатталған. Ол дін тақырыптарын жеңіл, түсінікті әрі өз еліне қолайлы поэзия тілімен жеткізуге тырысқан. Бұл ерекшелік оның ағартушылық философиясындағы маңызды қыры болып табылады. Исламның бес парызына қатысты түсіндірулер Мәшһүр Жүсіп шығармаларында жиі кездеседі, олардың бірі – «Бес парыз» атты өлеңі. Бұл өлеңде ойшыл діни парыздардың әлеуметтік және рухани мәнін айқын ашып көрсетеді:

«Бесін оқымай мұсылман болмас,
Намаз бес уақыт деген естисің бе?»

Оразадағы қағиданы біл,
Уағыз ет, балаң да үлгісін де» [14].

Бұл өлең жолдарынан автордың діни парыздарды түсінікті, тәрбиелік мәнде ұғындыруға бағытталғаны айқын байқалады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы поэзиялық шығармаларында исламды – жеке тұлғаның рухани дамуы мен қоғамдағы әділеттілікті нығайтудың басты механизмі ретінде көрсетті. Ол бес парыз бен тозақ тақырыптары арқылы күнә мен күнә жасағаннан кейінгі жауапкершілікті тәрбиелік мақсатта жеткізді.

Ойшыл дінді догма емес, адамның рухын тәрбиелейтін күш ретінде ұсынды. Мәшһүр Жүсіп өз жырларында исламның әдеп нормаларын, адамгершілік қағидаларын кең насихаттап, халықты рухани оянуға шақырды. Мысалы, оның мына бір өлең жолдарында:

«Сөйледім қадіри хал білгенімше,
Қылайық хаққа тәубә өлгенімше.
Тілеңіз жалғыз хақтан жарылқасын,

Көңілі жер қойнына кіргенімше» [16, 78 б.], – деп халықты күнәдан тыйылуға, Жаратушыны шын тануға үндейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиясы Шығыс философия дәстүрлерімен тығыз байланысты, бұл байланыс оның исламдық, сопылық ілімдерге негізделген рухани көзқарастарынан, табиғатқа, адамға, қоғамға деген көзқарастарынан және діни-мистикалық тақырыптарды көтеруінен көрінеді. Ислам философиясының негізінде жатқан діни құндылықтар, Құдайды тану, рухани жетілу, адамның өмірлік мақсаты туралы мәселелер Мәшһүр Жүсіптің дүниетанымында маңызды орын алады.

Мәшһүр Жүсіптің исламдық философиясының негізгі идеялары – бір Құдайға сену, адамның рухани дамуы, ақыретке дайындық, адамның күнделікті өмірде иманға, адалдыққа негізделген әрекеттер жасау қажеттілігі. Бұл идеялар ортағасырлық Шығыс ойшылдарының – әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Ғазали сияқты философтардың еңбектерімен үндес. Олар да адам өмірінің мақсатын рухани жетілу деп қарастырып, дүниелік өмірден

гөрі, рухани әлемнің маңыздылығын насихаттаған. Ақын ислам құндылықтары туралы жазған өлеңдерінде Құран аяттарын, ғаламның жаратылысын, Пайғамбарлар тарихын, Алла алдындағы парыздар туралы терең талдап жазған. Мысалы:

«Сөйледім қадіри хал білгенімше,

Қылайық хаққа тәубә өлгенімше.

Тілеңіз жалғыз хақтан жарылқасын,

Көңілі жер қойнына кіргенімше» [16, 125 б.], – деп Мәшһүр Жүсіп өлеңдері мен дастандарында халықты имандылыққа шақырып, адамгершілік рухында тәрбиелеуге тырысқан.

Мәшһүр Жүсіптің философиясында Шығыс философиясына тән дүниетанымдық көзқарастардың бірі – өмірдің өткіншілігі мен мәңгілікке ұмтылу. Бұл ойлар ислам философиясының негіздерінен бастау алады және Шығыс ойшылдарының дүниетанымымен сәйкес келеді. Өмірдің өткіншілігі туралы идеялар Шығыс философиясында кеңінен талқыланады. Бұл идеялар бойынша, өмір уақытша, ал мәңгілік тек рухани әлемде ғана бар. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде өмірдің қысқалығы мен өлімнің табиғилығы жиі көтеріліп, адамның бұл дүниедегі мақсаты рухани дайындық деп көрсетіледі. Оның бұл идеялары әл-Ғазали сияқты ислам ойшылдарының философиялық еңбектерінен тамыр алады. Мысалы:

Өмірдің өткіншілігін есінде сақта,

Бақи дүние бар бізден жоғарыда.

Мәңгілікке дайын бол, жанды сақта,

Бұл дүниенің шуы тек уақытша ғана... [16, 114 б.], – деген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлең жолдарда мәңгілік өмірге сенім мен өткінші дүниелік өмірге сын көзқарас Шығыстық дүниетаныммен байланысын айқын көруге болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жәдиттік қозғалыспен байланысын көрсететін маңызды әрі дәлелді фактор – оның діни және рухани реформаларды қолдауы. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы жәдиттік қозғалыс – мұсылман халықтарының артта қалушылық себептерін іздеп, білім беру, діни

түсінік, мәдени өмірді жаңғыртуға бағытталған реформаторлық ағым болатын. Жәдитшілдер ислам дінін заман талабына сай түсіндіру, ескі догмалық түсініктерден арылып, діни білімді жаңарту, сонымен қатар қоғамдағы рухани жауапкершілікті арттыру мәселелерін көтерді.

Осы тұста Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да діни реформалардың маңызын терең түсініп, исламның рухани өзегін қарапайым халыққа түсінікті әрі нақты тілде жеткізуге ұмтылды. Оның шығармаларында діни рәсімдер мен сенім мәселелері поэтикалық әрі дидактикалық түрде баяндалып, көпшілікке арналып жазылған. Бұл әсіресе оның «Бес парыз», «Қажылық, иман шарттары», «Мұсылманның сипаты», «Пайғамбардың өсиеті» атты туындыларынан айқын көрінеді. Бұл еңбектерде исламның сыртқы талаптарын сипаттау ғана емес, адамның ішкі рухани дүниесін қалыптастыру мақсаты көзделген.

Мәшһүр Жүсіптің діни көзқарастары тек фикһ немесе шарият аясымен шектелмей, сопылық дүниетаныммен тығыз байланысты. Ол адам рухының тазаруын, өзін-өзі тану, нәпсімен күресу, Аллаға шынайы сүйіспеншілікпен бет бұру секілді сопылық ілімнің басты ұстанымдарын насихаттайды. Оның ойынша, ислам тек қағидалар жүйесі емес, бұл – жүрекпен сезілетін, рухпен танылатын терең өмір философиясы. Осы арқылы ол ислам дінін тек сыртқы формада емес, ішкі рухани мазмұн тұрғысынан түсіндіруге тырысты.

Мәшһүр Жүсіптің жәдиттік көзқарастарға жақындығы оның діни сауаттылығынан және терең ішкі ізденісінен туындайды. Ол Құран мен хадистерді, дәстүрлі сопылық әдебиетті терең меңгеріп, оны қазақы дүниетаныммен сабақтастырып, ұлттың рухани мұрасына айналдырды. Оның сопылықпен ұштасқан ойлары адамды рухани жетілуге шақырып, исламды формадан мазмұнға көшіруге негізделді. Мәшһүр Жүсіптің бұл көзқарастары жәдиттік қозғалыстың рухани бағытымен толық үндесіп, оның ислам дінін жаңғыртудағы маңызды тұлға болғанын көрсетеді.

Осылайша, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни-ағартушылық қызметі мен шығармашылығы жәдиттік қозғалыстың идеялары-

мен ғана емес, сопылық руханиятпен де тығыз байланысты. Бұл синтез – оның философиялық мұрасының өзегін құрап, қазақ халқының рухани санасын оятуда ерекше орын алады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы философиясында ғылым мен білімнің рухани мәні.

Қазақ ойшылы шығармаларында ғылым мен білім – тек дүниелік жетістікке жетудің құралы емес, рухани жетілу мен Аллаға жақындаудың басты жолы ретінде қарастырылады. Ол ғылымды адам үшін парыз деп таниды және шынайы құлшылықтың негізі – ілімде деген тұжырым жасайды. Бұл – Мәшһүр Жүсіптің исламдық дүниетаным аясындағы өзіндік ерекшелігі бар ағартушылық ұстанымының көрінісі.

Ақын білім мен ғылымды дінді танудың кілті ретінде қабылдайды. Оның пікірінше, Жаратушыны шынайы тану үшін адамның ішкі рухани ізденісімен қатар, ақыл-ой мен зерденің де дамуы қажет. Мәшһүр Жүсіп былай дейді: «Құдайға құлшылық еткендей бол, – деген. Бірақ, ол құлшылық надандықпен емес, ғылым арқылы болуы керек. Ғылым – Құдай жаратқанның дәлелі. Ғылымсыз иман – әлсіз» [14].

Мәшһүр Жүсіптің өлеңдерінде ғылым мен білімге шақыру жиі кездеседі. Ол жастарды жалқаулық пен надандықтан аулақ болуға, ақыл мен парасатқа сүйенуге үндейді. Мысалы:

«Ақыл – шырақ, қараңғыны жарық қылар,

Білім – күшің, қорқытпас қиын сынақ.

Ақылменен ашылар сыр әлемнің,

Бос жүрмесен, жақын болар шын Жаратқан» [14].

Бұл өлеңінде ойшыл білімсіз адамның жолы қараңғы екенін ескертеді. Ақыл мен ғылым – адамға бағдар беретін жарық шырақ, ал дін – сол шырақты дұрыс қолданудың жолы.

Мәшһүр Жүсіптің түсінігінде ғылым – тек ақпарат жиынтығы емес, ол адамды жауапкершілікке, тәртіпке және әділетке тәрбиелейтін күш. Ол былай деп жазады: «Білім – бұл дүниенің ғана емес, ақыреттің де азығы. Ілімсіз тірлік – бос тірлік» [14].

Ақын бұл идеяны нақты өмірлік мысалдармен де бекіте түседі. Ол ел ішіндегі надандықтың, алдау-арбаудың, әділетсіздіктің

себебін білімнің жетіспеушілігімен байланыстырады. Мәшһүр Жүсіпке дейін де Абай Құнанбайұлы «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде ғылымды кемелденудің негізі деп таныса, Мәшһүр Жүсіп бұл ойды исламдық-құндылықтық негізде өрбітіп, діни-рухани таныммен байланыстырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерінде діни рәсімдерді сыртқы түрде орындау жеткіліксіз екенін ескертетін тұстар да бар. Оның ойынша, адам нағыз иманды болу үшін дінді саналы түрде түсініп, ақылмен қабылдауы тиіс:

«Ғылым – Алланың хикметі,
Ақылмен ашылар үкімі.
Құранды оқып түсінбесең,
Құлшылығыңнан қайыр жоқ түбі» [14].

Мұндай жолдар Мәшһүр Жүсіптің діни фанатизмге қарсы болғанын және дінді таным мен парасат арқылы ұғыну керектігін көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының білім мен ғылым жайлы ойлары – ислам руханияты мен қазақ дүниетанымының табиғи тоғысы. Оның көзқарасы бойынша, дін мен ғылым – бір-біріне қарсы емес, керісінше толықтыратын, адамды рухани және моральдық биікке көтеретін құралдар. Ғылым арқылы Жаратушыны тану – бұл ойшылдың басты идеяларының бірі. Бұл тұжырым қазіргі заманғы білім мен тәрбие жүйесіне де терең әсер ете алатын рухани бағдар болып табылады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани-этикалық ілімі: адамгершілік, әділет және тұлға тәрбиесі.

Мәшһүр Жүсіптің рухани-этикалық көзқарасы Абай, Шәкәрім сынды ағартушылармен үндес. Ол да «толық адам» идеясын дәріптеп, бұл ұғымды ислам этикасы негізінде дамытты. Профессор З. Ахметов атап өткендей: «Мәшһүр Жүсіп шығармалары – қазақ руханияты мен имандылық тәрбиесінің дәстүрлі өзегін құрайтын үлкен мектеп» [17, 124 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы үшін мінез – рухани болмыстың айнасы, ал рухани жауапкершілік – адамды адам ететін басты өлшем.

Оның шығармаларындағы этикалық қағидалар – бүгінгі күнде де өз маңызын жоймаған рухани бағдарлар. Ақын ұсынған әділет, адалдық, шыншылдық, сабыр және қанағат – адам бойындағы биік қасиеттер ретінде жастардың тәрбиесіне, тұлғалық кемелденуге бағыт береді.

Мәшһүр Жүсіп үшін әділет – бүкіл адамгершілік жүйенің негізі. Ақын әділетті болу – адам мен қоғам арасындағы келісім мен сенімнің шарты екенін көрсетеді. Оның өлеңдерінде әділетсіздік – рухани құлдыраудың белгісі, ал әділетке адалдық – кемелдіктің көрінісі ретінде айқындалады. Ол былай дейді:

«Әділетсіз – Алладан алыс тұрар,
Зұлымдықтан тазарып, хаққа құлар» [14].

Мәшһүр Жүсіп адалдықты – адамның ішкі шындығы мен иманының көрінісі ретінде бағалайды. Ол шыншыл болу – қоғам алдында ғана емес, Жаратушы алдында да адал болу дегенді білдіреді. Оның «Шындық – иманның серігі» деген идеясы исламдық этикалық қағидалармен үндес. Мысалы, бір шығармасында ақын былай дейді:

«Адал еңбек – адамшылықтың шегі,
Арам жолмен тапқан – жүректің дерті» [14].

Мәшһүр Жүсіп қанағатты – дүниеге тәуелді болмаудың, нәпсіні тежеудің, рухани еркіндіктің кепілі ретінде сипаттайды. Ол сабырды да – ішкі жан тыныштығы мен Аллаға тәуекел етудің көрінісі ретінде жырлайды. Қанағат – дүниелік құмарлықтардан арылып, жан тазалығына ұмтылудың жолы.

«Қанағат – береке, сабыр – байлық,
Іші тыныш адам – шындай қазына» [16, 89 б.].

Мәшһүр Жүсіп философиясында адамның рухани жауапкершілігі – оның таңдауы мен әрекетінің ішкі мазмұнымен өлшенеді. Ол адамның әрбір амалы Жаратушының алдында есепті екенін баса айтады. Рухани жауапкершілік – адамның өз мінезі мен болмысын тәрбиелеудегі белсенділігі, «өзін-өзі тану» арқылы кемелдікке ұмтылуы. Бұл тұста ақын былай деп ескертеді:

«Жақсылық – ерікпен жасалғанда ғана шын,
Жамандар – нәпсісіне құл болғандар» [14].

Мәшһүр Жүсіп жастарды теріс ықпалдан сақтандыру үшін өнегелі мінез бен рухани бағдарды өмірлік мұрат ретінде ұсынады. Ол:

«Бала жастан егің жүрекке ізгілік,

Өспей тұрып – өнеге алсын тіліктік» [16, 76 б.], – деп тәрбиенің жас кезден басталатынын ескертеді. Жас ұрпаққа бағытталған өлеңдерінде ол ішкі тәртіп, мінез мәдениеті, ұят пен ар идеясын алға шығарады.

Мәшһүр Жүсіптің рухани тәрбие туралы идеялары бүгінгі күнде де маңызын жоғалтқан жоқ. Философ Қ. Жарықбаев оны былай сипаттайды: «Мәшһүр Жүсіп адам тәрбиесінде ар мен ұятты, иман мен инабатты басты өлшем етіп қойған. Бұл – қазақ этнопедагогикасының алтын қазығы» [18, 154 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында қазақ қоғамындағы әділетсіздік пен әлеуметтік теңсіздік мәселелері терең суреттелген. Ол қоғамдағы байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты, әділетсіздік пен қанаушылықты ашық сынады. Мәшһүр Жүсіп қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікті сынға ала отырып, халықтың мұң-мұқтажын жеткізді және оның шығармаларында бұл тақырып бірнеше мысалдар арқылы көрініс тапты. Мысалы, оның «Шайтанның саудасы» өлеңінде келесі поэтикалық жолдар көрсетіледі:

Тәкаппарлық жүгімді қалтасы мол

Жетілген надандыққа бай алады.

Томпайтып қалтасына жүрген сыймай,

Беруге ешбір жанға көзі қимай,

Алған соң тәкаппарлық сатып менен,

Дүрдиер өз үйіне өзі сыймай.... [19, 270 б.].

Бұл жолдарда қоғамдағы байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық, әділетсіздік суреттелген. Кедейлердің ауыр жағдайы арқылы Мәшһүр Жүсіп олардың мұңын жеткізеді. Ал, ақынның «Ит дүние», «Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені», «Мына заман», «Сарыарқаның кімдікі екендігі қазақтың осы күнгі әңгімесі», «Партия хақында» өлеңдері ұлттық мәселелерді, әлеуметтік

әділеттілікті, халықтың тұрмысын және салт-дәстүрін насихаттайды:

Айырылған біздің қазақ Есілінен,
Өзінің болған емес кесірінен.
Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді
Қойнында құшақтаған жесірінен.
Адасып осы күнде қазақ қалды
Бұрынғы ата-баба рәсімінен... [19, 212 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікті сынға алумен қатар, халықты әділеттілікке, адамгершілікке, рухани құндылықтарды қастерлеуге шақырады. Оның шығармалары қазіргі заманның да өзекті мәселелерін қозғап, әділетсіздік пен әлеуметтік теңсіздікті жоюға бағытталған үндеу ретінде халықтың рухани мұрасы болып қала берді.

Академик Ғарифолла Есім оның философиясын былай сипаттайды: «Мәшһүр Жүсіп – ұлттың рухани әлемін бойына сіңіріп, соны заманына сай іліммен үйлестіре білген дала данышпаны» [20, 276 б.].

Қазақстандық философ Қ. Мұхамбетәлиевтің пікірінше, «Мәшһүр Жүсіптің адамтанушылық концепциясы – қазақтың дүниетанымдық кодын ашатын кілт» [21, 219 б.]. Ол дінді экстремизмнен ажырата отырып, адам тәрбиесіне негізделген рухани жүйе ұсынады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектері – қазақ ағартушылық философиясының құнды арнасы. Ол дінді – тәрбие, білім, адамгершілік бастауы ретінде қарастырып, тұлғаның рухани дамуына бағытталған ізгілікті ілімді қалыптастырды. Дінді адам өмірінің мәнін тануға, ішкі жан-дүниені тәрбиелеуге, қоғамдағы әділеттілік пен имандылықты орнықтыруға қызмет ететін рухани жүйе ретінде ұғынды.

Ойшылдың діни-философиялық көзқарасы бүгінгі қоғам үшін де өзекті. Әсіресе жаһандану, рухани дағдарыс және құндылықтардың құлдырауы жағдайында оның ойлары ұлттық

руханиятты сақтап қалуға және адамгершілік негізде тәрбиелеуге мүмкіндік беретін тұтас дүниетанымдық бағдар болып табылады. Мәшһүр Жүсіп еңбектеріндегі ұждан, иман, ақыл, білім, сабыр, қанағат, шыншылдық, әділет сияқты ұғымдар – адам болмысының негізін құрайтын рухани-этикалық өлшемдер. Бұл ұғымдар қазіргі заманғы тұлғаның рухани қалыптасуына, өзін тануына, ішкі жауапкершілігін сезінуіне, адам мен қоғам арасындағы үйлесімді қатынасты түсінуіне жол ашады.

Сонымен қатар, ол дінді ұлттық дүниетаныммен және дәстүрмен ұштастырып, қазақы танымға бейімделген сопылық сипаттағы ілім ұсынды. Мәшһүр Жүсіптің көзқарасы бойынша, нағыз дін – адамның ішкі тазаруына, әділетті өмір сүруіне, нәпсімен күресіп, рухани кемелдікке жетуіне бағытталады. Бұл сопылық қағидалар оның шығармаларында терең моральдық астармен өріліп, исламның рухани діңгегі ретінде көрініс табады.

Осы тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіптің философиялық және діни мұрасы тек тарихи-мәдени құндылық емес, сонымен қатар қазіргі заман үшін де құнды рухани ресурс. Оның философиясы – ұлттық болмыстың жаңғыруына, жастардың дүниетанымын байытуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды қайта түлетуге бағытталған терең де кемел ілім.

XIX–XX ғасырлар тоғысындағы қазақ ағартушылық ойының екі ірі тұлғалары Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – ұлттық философиялық санада рухани кемелдік пен адамгершілік ілімінің терең үлгісін қалдырды. Екі ойшыл да жеке тұлғаның қалыптасуын ең алдымен ішкі рухани процестермен тығыз байланыстырды. Олардың қатарында ұждан, иман, ар, әділет, ерік-бостандық пен моральдық жауапкершілік мәселелері – адам болмысының негізгі категориялары ретінде ерекше назарға салынып, қарастырылды.

Шәкәрімнің философиясы этикалық рационализмге, ішкі ұждан мен ар-ожданға негізделіп, адамзаттың ақыл-санасы мен арнамысын үйлестіретін өмірлік бағдар ретінде ұсынылды. Ол «Үш анық» атты еңбегінде ақиқат, әділет және ұжданды адамның ішкі

рухани компасы ретінде сипаттайды. Шәкәрім үшін адам – рухани жетілуге ұмтылатын, өз еркі мен ақылын пайдалана отырып Жаратушыны тануға талпынатын тіршілік иесі.

Ал Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дүниетанымы исламдық теологияға және сопылық ілімге негізделді. Ол рух пен тәннің арақатынасы, адам өмірінің мәні, тағдыр мен ерік мәселелерін терең қозғай отырып, діни-этикалық нормалармен сабақтасқан рухани жолды ұсынды. Оның шығармаларында шарифат пен хикмет, имандылық пен сабырлық, шыншылдық пен қанағат сынды категориялар басты орын алады. Ол үшін мінез – адамның рухани болмысының айнасы.

Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіптің көзқарастарының айырмашылықтары болғанымен, олардың адам табиғаты туралы түсініктерінде ортақ тұғырлар айқын көрінеді. Олар екеуі де адамды моральдық-рухани жауапкершілік иесі ретінде қабылдап, оның өмірлік мақсаты – ішкі кемелдікке жету, ақиқат пен әділетке ұмтылу деп пайымдады. Олар үшін рухани жетілу – тек діни рәсімдермен шектелмей, адамның ішкі ізденісі мен өзін-өзі тануы арқылы жүзеге асатын үдеріс.

Бұл идеялар бүгінгі қоғам үшін де өзекті мәнге ие. Қазіргі замандағы моральдық дағдарыс, құндылықтар жүйесінің әлсіреуі, әсіресе жастар арасында рухани бағдардың жоғалуы жағдайында Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіптің ілімдері ұлттық ойлау жүйесін жаңғыртуға, тұлғаның рухани-этикалық санасын қалыптастыруға бағытталған қуатты дүниетанымдық негіз болып табылады.

Олардың философиялық және діни мұралары жастарға тек өткенімен емес, болашақпен байланыс орнататын рухани бағдар ретінде ұсынылуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, Шәкәрімнің ұждан философиясы мен Мәшһүр Жүсіптің философиялық-діни идеялары – ұлттық руханияттың қайта түлеуіне жол ашатын, қазіргі заманның рухани сұраныстарына жауап бере алатын тұтас жүйе.

Әдебиеттер

- 1 Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. – Алматы: Жазушы, 1991.
- 2 Әл-Ғазали. Ихия улюм әд-дин. Т.1. – Бейрут: Дар аль-Маариф, 1985.
- 3 Suhrawardi. The Philosophy of Illumination. Trans. by John Walbridge and Hossein Ziai. – Brigham Young University Press, 1999.
- 4 Құран, Рум сүресі, 30:30
- 5 Шәкәрімнің мұрағаттық қолжазбаларынан, ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы, 147-қор, 1-тізбе, 65-іс.
- 6 Шәкәрім. Мұтылғанның өмірі. – Алматы: Жалын, 2006.
- 7 Шәкәрім. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2006.
- 8 Sartre, J.-P. Existentialism is a Humanism. – New Haven: Yale University Press, 2007.
- 9 Kierkegaard, S. The Sickness Unto Death. – Princeton University Press, 1980.
- 10 Jaspers, K. Philosophy of Existence. – University of Pennsylvania Press, 1971.
- 11 Шәкәрім. Мұсылмандық шарты. – Семей, 1911.
- 12 Есім Ғ. Шәкәрім: философия және ұждан. – Алматы: Білім, 2009.
- 13 Тәшенов Ә. Ұлттық философия және жас ұрпақ тәрбиесі. // Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы, №4 (72), 2021.
- 14 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қолжазбалар қоры. ҚР ҰҒА Орталық Ғылыми Кітапхана, №254-қ.
- 15 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалар жинағы. – Т.3. – Павлодар: ЭКО, 2006.
- 16 Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – 324 б.
- 17 Ахметов З. Қазақ әдебиетінің рухани арналары. – Алматы: Атамұра, 2014. – 317 б.
- 18 Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 215 б.
- 19 Көпеев М.Ж. Таңдамалы шығармалары. 1 том. – Алматы: Ғылым. 1990. – 323 б.
- 20 Есім Г. Қазақ философиясының тарихы. – Астана: Елорда, 2006. – 234 б.
- 21 Мұхамбетәлиев Қ. Қазақтың философиялық ойы. – Алматы: ҚР ҰҒА, 2012. – 213 б.

2.3 Қазақ дүниетанымдағы келісім концептісінің тұлғаның қалыптасуында алатын орны

Қазақ дүниетанымында келісім идеясының терең тамырлары көне дәуірлерде, ежелгі көшпенділердің тұрмыс-тіршілігінде, рухани әлемінде жатыр. Қазіргі қазақтардың ата-бабалары дүниетанымдық сипаттағы күрделі мәселелерге қатты қызығушылық танытты. Бұған, мысалы, қазақ халқының мәдениетінде әлемнің пайда болуы туралы көптеген мифтердің осы күнге дейін сақталғандығы дәлел бола алады. Сонымен қатар, бұл мифтер қазақтың ауызша поэтикалық дәстүрінде ерекше орын алады.

Ай мен күн, жұлдыздар туралы мифтердің мазмұнында аспан денелері апалы-сіңілілі немесе қыз бен жас жігіт бейнесіндегі көрінісі миф әлемінде ерекше маңызға ие. Қазақ дүниетанымында күн, ай және жұлдыздар адамдар кейпінде болған және қандай да бір себептермен аспан денелеріне айналды деген сенім болған. Қазіргі дәуірдің заманауи мифтері де әлі күнге дейін аспан денелерін адам бейнесінде сипаттайды. Қазақ мифтері адамның айға, күнге, жұлдызға қалай айналғанын түсіндірмейді, бірақ аспан денелері ертеде адамдар кейпінде болған және әлі күнге дейін адам ретінде әрекет етуді жалғастырады деген ой айқын көрініс табады. Аспан денелерінің қозғалысы мен адамдардың Жердегі іс-әрекеттері арасындағы үйлесімділікті, жеті қарақшы бейнесінде ұсынылатын жеті жұлдыз туралы «Жеті қарақшы» мифінің мысалында қарастыруға болады. Темірқазық жұлдызының жанында екі жұлдыз орныққан, бірінің аты «Ақ боз ат», екіншісінің атауы «Көк боз ат». Әр түні жеті қарақшы тұс-тұстан жасырынып келіп, жылқыларды ұрламақ болған, бірақ таң атуына байланысты олар жасырынуға мәжбүр болған. Ежелгі адамдар қарақшылар жылқылардың біреуін ұрлап кетсе, «Ақыр заман» келеді деген сенімде болған. «Жеті қарақшы» жұлдызына қарай отырып, адасқан жолаушы жолдың дұрыс бағытын анықтаған, көшпенділер жайылымдық жерлерін ауыстырған. Бұл мифтердің мазмұнын тал-

дау, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік пен байланысты қарастыруға мүмкіндік береді.

Халық мифологиялық түсініктері бойынша әйелдерге түнде суға баруға тыйым салынады. Мойнында иінағашы бар қыз туралы мифте зұлым өгей шешесі өгей қызын түнде суға жібергені жөнінде айтылады. Бойжеткен суға жақындағанда, сымбатты жас жігіттің бейнесін көреді. Бірақ бұл жай ғана айдың судағы көрінісі еді. Сонда қыз ай-жігіттен өзімен бірге көкке алып кетуін өтінеді. Ай-жігіт қыздың бұл тілегін орындайды. Содан бері, адамдар айға қарап, иінағашына шелек көтерген қыздың бейнесін елестеді.

Қазақ дүниетанымында, басқа да түркі халықтары сияқты Аспанның жаратушысы – Тәңір, ал Сібір түркі халықтарының мифтерінде Жердің иесі – Ұмай ана бейнесінде баяндалады. Мифтерде оларды ерлі-зайыптылар ретінде жұптастырады, бұл бүкіл ғаламдағы жүйелілік, әмбебап байланыс пен келісім идеясының тағы бір көрінісі болып табылады.

Қазақ мифтері көшпенділерге тән дүниетаным, өмір салтын, өмірді түсіну мен қабылдауды бейнелейді. Мысалы, төрт мезгілде жайылым жерлерін ауыстыру жоспарларын аспан денелерінің қозғалысымен анықтаған, жануарлар өз жайылымын жыл мезгілдеріне (Үш Арқар, Қамбар, Үркер және басқа жұлдыздар) сәйкес өзгертеді. Темір Қазық, Шолпан немесе Құс Жолы сияқты жұлдыздар түнгі аспанда жолдың бағытын көрсетеді. Бұл мысалдар қазақтың көшпелі өмір салтының ерекшелік сипатын дәлелдейді.

Көшпенділер дүниетанымында әлем Аспан-Тәңірі құшағына алған үлкен кеңістік ретінде пайда болды, ал аспан барлығын біріктіретін болса, барлық табиғат өз тұтастығын сақтайды. Табиғаттағы барлық құбылыстар бір-бірімен тығыз байланысты, бірі екіншісіне өтіп, бір-біріне тәуелді болады. Көшпенді киелі көлігі жылқы жануарынсыз өмір сүре алмайды, ал жылқы өзінің азығы шөпсіз өмір сүре алмайды, ал шөп күн жылуына малынып өседі. Күн шығады және батады, адам өмір сүретін уақыт шеңберін есептейді. Табиғатта барлық нәрсе заңды және үндестікте, яғни үйлесімде. Адам өзінің осы үйлесімділікпен бірлігін көреді және

сезінеді. Су және мал-жан, құстар мен жануарлар, жазықтың ауасы, күн сәулесі немесе жол көрсететін жұлдыздардың болмысы осы әлемде болмаса, адам ештеңе және ешкім екендігін түсінеді.

Осындай көзқарастың нәтижесінде көшпенділердің дүниетанымындағы мифологиялық типтегі түсініктері қалыптасты, атап айтқанда, жалпы трансформизм, адамдар мен жануарлардың, адамдар мен жұлдыздардың өзара байланысы негізінде өнерде «аң стилі» қалыптасты.

«Адам мен табиғат арасындағы ажырамайтын үйлесімділік» идеясы қазақтардың онтологиялық көзқарасынан этикалық салаға ауысты деген тұжырымдама жасау мүмкін болса, бұл идея қазақтардың этикалық көзқарастарында айқын көрініс табады. Ақындар, жыраулар шығармашылығының басты тақырыптарының бірі ретінде қоғамдық келісім туралы ойлар қарастырылды. Мысалы ретінде, қазақтардың жауға қарсы үш жүздің бірігуі, мемлекет арасындағы келісімдер туралы кеңестерін, әділетсіз ханның іс-әрекетіне қарсы пайымдауларын өлең жолдарымен жеткізіп отырған.

Шығыс пен Батыстың философиялық дәстүрлерінде біз жалпы үйлесімділік пен тұлғааралық келісім туралы әртүрлі, бірақ мәні мен мазмұны жағынан ұқсас ойларды кездестіреміз және олардың барлығы тұлға мәселесін айналып өтпейді. Мысалы, брахманизмдегі «Атман – Брахман, бір ұғым», сопылықта «Мен – Сен, бір ұғым», христиандардың «Мен – Менің әкем, бір ұғым», Табиғат пен Идеяның бірлігі ретіндегі гегельдік «рух» және басқа да абстрактілі, жалпылама тұжырмадаларды атай аламыз. Қазақ философиялық дәстүрінде келісім идеясы негізінен сезімдік-бейнелік формада қалыптасты, мысалы, Тәңір мен Ұмай ананың бірлігі, Жер-Су және т.б. Қазақтардың әлеуметтік өміріндегі келісім идеясының бір көрінісін Асан Қайғының Жәнібек ханға үндеуінен табамыз. Жыраудың шығармашылығын философиялық талдаудан өткізе отырып, XV ғасырға тән ыдыраушылық кезеңінде қазақ халқының ынтымақта болуы – өмір қажеттілігі, тарихи тұрғыдан алғанда енді ғана есін жинап біртұтас халық екенін сезіне бастаған

әлеуметтік этникалық қауымдастық үшін, қазақ үшін бұл күрделі, бірақ оңай іс-қимыл емес екендігін алға тартады [1, 18 б.].

«Есенінде – тірінде,

Бір болыңыз бәріңіз» [2, 10 б.].

Бұл өлең жолдарынан шығармашылық авторы халықты бірлікке шақырады. Бірліктің түбінде береке барлығына меңзейді. Сөйтіп, қоғамдағы әлеуметтік ішкі келісім, кез келген жеке тұлғаның игілігінен қарағанда жоғары тұрады. Бірлік ортақ мақсатты жоғары қойып, жоғарғы мақсаттарға талпыну. Осы тұжырымды Әуезхан Қодар орыс тіліндегі аудармаларында, бытыраңқылық жағдайына байланысты азап пен уайым-қайғыны ғана емес, қысқа әрі, мазмұны тереңде жатқан дана ойды төмендегідей сипатта көрсетеді: «Келісім деген игілік» деп бағалайды белгілі ақын және философ [3, 59 б.].

Жоғырыдағы пайымдаулардан «қазаққа рационалистік ойлау тән емес және логикалық тұжырымдау қабілеті жат» деген ой-қорытынды жасауға болмайды. Кез келген адамға ойлаудың категориялық құрылымы тән. М.С. Орынбековтың пікірінше: «Тайпалық даму кезеңіндегі халық үшін ұжымдық мақсат ерекше маңызға ие болды, онда бірінші кезекте қоғамдастықтың немесе тайпаның мүдделері тұрды, ал ал жеке тұлға өзінің мүдделерін білдіре алатын дәрежеде маңызы болды. Сондықтан, қазақ даласында жеке тұлға «Меннің» болмауы мен жеке тұлға толығымен жоғары ұжымдық ой-пікірлерге толықтай бағындырылғандығы жөніндегі идея жақсы қабылданды. Бұл қазақтардың әлеуметтік психологиясында терең тамыр жайғаны соншалық, қазірдің өзінде қоғамда ұжымшылдық көзқарас, топтық мүдделер басымдылығы байқалады» [4, 126 б.].

Мұндай тұжырымдамалар бізді тікелей Қазақстан тарихында басым болған этикалық мәселелерді ғылыми талдау арқылы қарастыруға ықпал етеді. Дәстүрлі қазақ философиясында келісім түсінігі қалай түсіндірілді?

Біріншіден, бұл жерде этика мен онтологияның, немесе бір жағынан, қоғамдық өмірдің этикалық бастауын, екінші

жағынан, жалпы адам өмірінің жалпы болмыстық бастаулары арасындағы терең байланыстарды атап өткен жөн. Бұл онтология мен этика бірлігі, аңызға айналған Қорқыт Атаның өмірі мен шығармашылығында өзінің экзистенциалдық-психологиялық түсіндірмесін тапты.

Г.Г. Барлыбаеваның пікірінше, Қорқыт Ата ұрпақ жадында түркі халықтарының іргелі этикалық құндылықтарының, олардың рухани және философиялық ізденістерінің, олардың саналарының жаңа биікке көтерілуінің экспонаты ретінде қалды. Бұл этикалық құндылықтар алғашқы діни жүйелерде пайда болды, олар тарихи үрдісте ұзақ уақыт бойы шексіз соғыстар мен төңкерістер әсерінен байыпталып отырды. Қорқыт Атаның этикалық идеялары бүгінгі күнге дейін сақталды, уақыттың өзі әмбебап сипатқа ие ізгілік пен әділдік мұраттарын таңдап алды. Қорқыт философиясына сәйкес, өлім – басты зұлымдық және оған қарсы күрес, ойшылдың бас-ты мақсаты – адамның шынайы өміршеңдігі үшін күрес [5, 13 б.]. «Қорқыт жасаған қобыз, мәңгілік символына айналды. Жер бетіндегі аңызға айналған музыка мен күйлердің әкесі Қорқыт, өз өнерімен адамзатқа қызмет ету жолында мәңгі өмірлік мәнді тапты. Физикалық өлімнен қашып, ол рухани өміршеңдіктің шыңына жетті, бұл өмірлік мәні бар күрделі сұрақтарға жауап іздеуге, табуға мүмкіндік береді» [6, 14 б.].

Дәстүрлі қазақ философиясы ауқымындағы келісім ұғымын ашуда Қорқыттың өмірі мен шығармашылығы туралы аңыздарды қарастыру өте қызықты. Бұл аңыздарда адам мен әлем арасындағы үндестік, адамның өміріндегі үйлесімділік арқылы ғана жүзеге асады деген тұжырымдама бар. Өзіндік келісім ғаламдағы сфералар үйлесімділігіне ұқсайтын, музыкалық дыбыстар үндестігі арқылы жүзеге асады. Сәйкесінше, қобыз арқылы адам мен әлем, адам мен өмір арасында келісім жасалады, ал бұл келісім өз кезегінде муз ыканттың жан дүниесінде үйлесімділікті туғызады. Осы онтологиялық-психологиялық үйлесімділік нәтижесінде адамның рухани өресін дамытып, шығармашылық

туындыларының мәңгілік адамзат мұрасына айналу мүмкіндігі пайда болады.

Қорқыт Ата ізденістер мен әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабиға тән терең ойлар арасындағы таңқаларлық ұқсастықты көруге болады. Әл-Фараби философиясы туралы көрнекті қазақстандық ғалым А.Х. Қасымжановтың еңбектерінен: «Ойшыл құбылыстардың келіспеушілігінен, күнделікті өмірдегі қатыгездік пен трагедиядан, жоспарлардың ұлылығы мен батылдығынан оған «уақыт музыкасы» түсінетін және сезінетін үйлесімділікті болжайды» [7, с. 5]. Мұнда, біз көріп отырғанымыздай, келісім құбылысының тағы бір жаңа қыры ашылады, атап айтқанда: екі ұлы қайраткерлер арасындағы «уақыт музыкасы» және біз атағандай, «ғаламның музыкасы» арқылы ортақ келісімге келеді.

«Қазақты музыкасыз елестету мүмкін емес», – деп М. Хасанов пен Ж. Каракузова дәлдікпен атап өтті. Бұл қазақ аңыздарындағы Біріншілік Жаратылыс актісіндегі анықтаушы аккорд, музыка болып табылады. Ежелгі адамдар үйлесімділік пен үйлесімсіздіктің алмасуынан сфералар музыкасының туындайтынын сезінген. Музыка – қазақтардың салт-дәстүрлерінің бөлінбейтін бөлігі. «Қазақтың халық музыкасының айырықша ерекшелігі – өзара байланыс, шілтер тәрізді бірлестіктер. Таңбалық музыкалық символика қазақтың ғарыштық идеяларымен, олардың мифологиялық дүниетанымымен байланысты. Музыка әуендік форманың қалыптасу ұстанымдарына сәйкес жасалады, яғни музыкалық тақырып толықтай ашылғанда, Хаос басқа түрге енеді, үйлесімділікті қалыптастырады. Музыка қазақтар үшін негізгі мәдени естелік, халықтың ділі мен мәдениетін қалыптастырған алтын қор болып табылады. Бұл үрдіске «қазақ» этнонимінің пайда болуы органикалық түрде сәйкес келеді» [8, 124-125 бб.].

Тағы да баса назар аударатын ой: қазақ мәдениетіндегі келісім концептісі, өзінің ежелгі бастауын (әлеуметтік-мәдени және онтологиялық сипатын) жалпы болмыстың үндестігімен адамзат қоғамының үйлесімділігінің айқын көрінісі ретінде музыкалық кодтардан, музыкалық рәміздерден алады. Соңғысына келетін

болсақ, яғни үйлесімділік – адамдардың әлеуметтік қатынастарда, қоғамның құрылымы мен сапасында көрініс табады, демек, дәстүрлі қазақ философиясы ауқымындағы үйлесімділікке сәйкес идеялар аз болмағанын айтып өту қажет. Көптеген ойшылдар идеалды қоғам құру, оған жету жолында, ең басты мәселе ретінде қоғамдық келісімге жетелейтін ұстанымдарды қарастырды.

Осыған байланысты Абай философиясындағы әл-Фараби философиясынан бастау алған қайырымды қоғам тұжырымдамасын қарастыру заңдылық. Алдымен Абай ілімінің пайда болуының мәдени-тарихи алғышарттарын талдау қажет, яғни оны жалпы тарихилық тұрғысынан қарастыру орынды. Өйткені, Абайдың ілімін жалпы мағыналық жүйесін түсінуге мүмкіндік береді. Абай адамның тұлға деңгейіне дейін көтерілуін қалады, саяси төңкөрістерден гөрі адами рухани келбетінің жетілуі ойшыл үшін маңызды болды. Қазіргі кезең үшін бұл тұжырымның ұндылығы зор. Өзінің бірегейлігін тек оңды білімге сүйене отырып қалыптастырған азамат қоғамымызды дамытуға үлес қосады.

XIX ғасырдағы Қазақ даласындағы қоғам болмысы мен әлеуметтік-саяси өзгерістердің регрессивті гуманистік дүниетаным мен прогрессивті қоғам дамуының дуалдық нәтиже шарттарын көруге болады. Абай философиясындағы қайырымды қоғам тұжырымдамасын жүзеге асыруда басты объекті ретінде адам мәселесін шеше отырып, оның рухани, этикалық қырларын дамыту арқылы толық адам мінсіз қоғамды құрады деген ой-қорытындыға келеді. Абай өз заманындағы қазаққа тән теріс мінез-құлықты сынай отырып, өз ұлтынан осы сынға қарсы күрес күткен және ол сын айтумен шектелген жоқ, дәйекті дәлелдер мен жаңа заманға сәйкес келетін ағартушылық әрекеттер жүйесін ұсынды. Қазақ қоғамының болашағы ой жүйесі мен ісінің бірлігі туралы ойды алға тартты. Абайдың жаратушы мен білімге қатысты деистік көзқарасы әл-Фарабидың діни-философиялық ойымен сәйкес келеді, жаратушыны жаратқан дүниелер себебінен тану мүмкіндігіне білім арқылы ие болатын ойлары талданды. Қайырымды қоғам тұжырымдамасына Абайдың көпшілікке игі

болатын білім тұжырымдасы арқылы жетуге болады деген ой ұсынылады.

Оның тұжырымдамасын нақтырақ және толығырақ қарастырсақ.

«Қазақ» термині 1245 жылы Мәмлүк мемлекетіндегі қыпшақтардың ортасында жазылған ерте қыпшақ жазба деректерінде (түрік-араб) сөздігінде кездеседі. Қазақ сөзінің этимологиялық анықтамасына зер салсақ еркін, кезбе деген мағына берсе, қазақтардың өмір салты ешқашан өзінің еркін қозғалысының шекарасын білмеген, бірақ туған жеріне, туған ауылына деген сан қатпарлы ойларды кездестіреміз. Қоғамның әлеуметтік болмысы дегеніміз әлеуметтік кеңістік пен әлеуметтік уақыт аралығында өмір сүретін қоғамның мәдени, тарихи, саяси үрдістерін бірегейлік сипатымен талдау.

Сондықтан, XIX ғасырдағы Қазақ халқының әлеуметтік болмысын осы сипат арқылы анықтаймыз, қазақ қоғамы өмір сүру салтында шынайы еркін болған, қазақтардың басым көпшілігі мал шаруашылығымен айналысқан, тебін тірейтін төрт жайылымдық орны бар (қыстау, күзеу, көктеу, жайлау), бұл сол кездегі қоғамның көшпенді өмір салтын айғақтайтын дәлелдер, сонымен қатар, жер шаруашылығымен, балық шаруашылығымен, қолөнер, саудамен татар көпестері арқылы айырбас саудамен айналысқан. XVIII-XIX ғғ. Кіші және Орта жүздегі хандық билік жойылды, Абылай хан қайтыс болғаннан кейін, әр жүзде жеке хандар сайланып, бытыраңқылық жүйе қалыптасты. XIX ғасырда Ресей патшалығы қазақтарды қыстау мен шабындық жерлерді пайдалану құқығын шектеумен қатар, жеке иеліктерді де тартып алумен айналысты. Мұның бәрі қазақ руларының қалыптасқан көшіп-қону жолдарының бұзылуына, мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырап, жайылымдық жерлердің құлдырап, қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымының бұзылуына әкелді.

Қазақ қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер, хан-сұлтан-би-батыр-халық құрылымдық жүйесінен тұратын болса, енді нарықтық сауда қатынасының пайда болуымен жаңа әлеуметтік қабат байлар

тобы пайда болды. Демек, қазақ қоғамы екі қарама-қарсы топқа бөлінді, біріншісінде хан, сұлтан, би, байлар болса, екіншісінде батырлар, қарапайым халық пен жатақтар, бақташылар болды. Осы уақыт аралығында халық батырларының бастауымен орын алған көтерілістер басқару жүйесіндегі өзгерістер есебінен орын алған. 1822-1824 жж. Сібір, Орынбор қазақтарын басқару туралы декрет, 1867-1868 жж. Түркістан облысын басқару туралы реформалар көшпенділердің патриархалды-феодалдық өмір салтын сілкіндірді, сұлтандар, билердің билігі бұрынғы жүйедегі ақсақалдардың билігімен қатарлас маңызға ие болды. Қазақ жері жеті округке, әр округ болыстар мен ауылдарға бөлінді. Генарал-губернатор – округтық приказдарды аға сұлтандар, болысты сұлтандар, ауылды ауыл старшиналары басқарды. Қазақтарға өз округінде ғана көшіп-қонуға рұқсат берілді, ал екінші бір округке рұқсат қағаз қажет етілді. Қазақтарға, аға-сұлтандарға, сұлтандарға, тілмаштарға үлкен көлемде жер бөлінуі шаруашылыққа әсер етті. Жаңа әкімшілік жүйе қазақтардың дәстүрлі жер қатынасын күйретті, қарапайым халықты салықтармен (үшір, зекет, соғым, сыбаға, түтін) тығырыққа тіреді. Ресей патшалығы әміршіл-әкімшіл жүйедегі азшылықты тойдыра отырып, өзінің «құлағы мен көзі» етіп, азшылық пен халық арасындағы арандатушылықты тудырды. Бұл жүйе көшпенді-қазақ дүниетанымындағы еркіндікті шектей отырып, санадағы надандық қорқақтықты, қорқақтық бағынушылық пен мойынұсынушылықты тудырды, арандатушылық адамдар арасындағы қарым-қатынаста антигуманистік әрекеттерге жол ашты, сатқындық, алдау-арбау, жемқорлық, билікке құмарлық сезімдерді өршітті.

Бұл антигуманизм қазақ даласында бұрын-соңды болмаған деген ой-қорытындысынан аулақпыз, бірақ Ресей патшалығының кірігуі қоғамда осы теріс мазмұндағы ойлар мен әрекеттерді ашық түрде жасалуына қолғабыс етті. С. Асфендияров [9], Е. Бекмаханов [10], С. Зиманов [11] өз еңбектерінде дәстүрлі қазақ қоғамының жаңа империялық реформалардың нәтижесінде әлеуметтік-саяси құрылыстың өзгергерісі салдарынан қазақ элитасының Ресей

патшалығының жоғарғы дворяндар табына интеграциялануы жөнінде жазған. ХХ ғасырдың басында С. Асфендияров, «... Ресей империясы қазақ ақсүйектерін өз тарапына шығару арқылы, қазақ даласындағы өз билігін нығайту саясатын жүргізе отырып, Орталық Азиядағы сауда жолдарына шығуын қамтамасыз етті...» [12]. Қазақ ақсүйектеріне қалған элеуметтік топтарға қарағанда бірқатар жеңілдік пен артықшылықтар берілгендігі жөнінде тарихи дәлелдер бар, ол әміршіл-әкімшіл жүйедегі сұлтандарға, болыстарға, ауыл старишиналарына қазыналық марапаттау, офицерлік және генералдық шендер, мундирлер мен айырықшалау белгілерін киюге, медальдар алу сияқты атрибуттар алуға мүмкіндік жасады, 1722 жылы қабылданған «Табель о рангах» заңы жоғарыдағы марапаттар алу құқығын береді (мысалы, Б. Айшуақов, М. Баймухамедов және т.б. Ресей патшалығының генералы атағын алды).

Бірақ, қазақ қоғамындағы ақсүйектер тобы өзіне берілген артықшылықтарын дұрыс пайдалана алмағаны және жеңілдік пен артықшылық жөнінде барлық элита құлағдар болмағаны, сол элитарлы топтың білімділік деңгейінің төмендігін көрсетті, қазақ элитасына берілген атақтар Ресей патшалығындағы шендердің мәртебесіне сәйкес келмеді, сондықтан патшалық дворяндар тобына кіру үшін көп жылдар бойы еңбек сіңіруі қажет еді, басқарушылар тобында «қызметіне деген адалдық», «шынайылық», «білімділік» сияқты сипаттар жоғары бағаланды. Әміршіл-әкімшіл жүйедегі шенеуніктерге берілген артықшылықтардың бірін пайдалана отырып, балаларын жоғарғы оқу орындарында білім алу мүмкіндігіне ие болды және олар қазақ қоғамы Ресей билігін позитивті қабылдауына жәрдемдеседі деп есептеген, мысалы, Уәли ханның немересі Шоқан Омбы кадет корпусында білім алған, С. Шыңғысов бауырларын Паж корпусына (Ресей патшалығында ақсүйектердің балалары оқитын арнайы әскери оқу орны) оқуға түсірген. А. Каппелердің ойынша, метрополия мен перифериялық элитаның арасындағы қарым-қатынас патшалық биліктің жүзеге асуындағы негізгі кілттік формуласына сәйкес келеді [13, 17 б.].

Жаңа толқындардың жағымды жақтары, дәстүрлі қазақ қоғамы өзінің даму бағытын анықтауға қадам жасады, еуропалық мәдениеттермен танысуға мүмкіндік туды. Басқарушы аппаратқа берген артықшылықтар есебінен, қазақ қоғамында ағартушылық үрдісі жүрді, қазақ-орыс мектептердің ашылуы, қазақ ақсүйектерінің балалары жоғары білім алып, оны адамзаттың игілігіне жұмсау жолында Ш.Уәлихановтың жүрген жолы айғақ, көшпелі шаруашылықтан отырықшылыққа өтті, жаңа ғасырдың талабына төтеп беретін индустриялық кезеңнің келуіне түрткі болды. Қазақ жеріне жер аударылған жандар қазақ зиялыларымен араласып, басқа әлемді тануға жәрдемдесті, мысалы Абай саяси жер аударылғандар Потанин, Михаэлис, Долгополов, Гросспен қарым-қатынаста болуы оның дүниетанымына үлкен әсер тигізді. Сауда қатынасында ақша айналымы жүрді, өздеріне қажетті тауар түрлеріне қол жетімсіздік жойыла бастады.

Абайдың шығармашылығы осы тарихи уақытпен сәйкес келді, дәстүрлі қазақ қоғамының жаңа деңгейдегі қоғамдық болмысқа көшу кезеңіне тұспа-тұс келеді. Жоғарыда келтірілген әлеуметтік, тарихи, саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістер ғана емес, қазақ қоғамының санасында, психологиясында, мәдениетінде іргелі өзгерістер орын алды. Бұл өзгерістер, ойшыл-ақын Абайдың дүниетанымында орын алды және өз еңбектерінің өзекті мәселелер қатарына енгізді. Абай, қазақ қоғамы күрделі және қарама-қайшы әлеуметтік дағдарысқа ұшырағанын ұғынып, «қайырымды қоғам тұжырымдамасын» жасауға тырысты. Ол дәстүрлі қоғам болмысы түбінде құрыған және ешқандай даму болашағы жоқ екенін түсінгендіктен, қабылдай алмады, ол ескіге оралу қағидасынан аулақ еді. Қоғамға да, Абай сияқты мықты тіреу мен берік сенімді қажет етті. Абайдың ізденіс талпынысы өте қиынға соқты, ол мінсіз, бақытқа жету жолы адамның өзін-өзі жетілдіруде деп санады.

Абайдың қалдырған мұрасы, қара сөздері өз заманындағы қазақ қоғамының объективті бейнесін, сол кездегі қазақ халқына тән пендешілік қасиеттерді, адасқан адам баласының надандығын,

еріншектігін, талапсыздығын әшкерелейді, қарапайым халық пен бишара халге түскендердің мүддесін қорғау мен күреске түсуі, қазақ даласында адамгершілік және ағартушылық идеяларды көтереді, өз заманындағы негізгі мәселелер – билікке құмарту, білім іздемеу, ұяттан безу, бос күлкіге салыну, оңай жолмен мал табу (барымта, ұрлық, алдау) сияқты тақырыптарды көтерді. Міне, Абайдың қара сөздері біздің қоғамымыз үшін тұлғаның шынайы қалыптасуына жол көрсетуімен құнды және пайдасы зор.

Жоғарыда сөз болған, қазақтың әлеуметтік-саяси құрылымдағы жүйені сипаттайтын, Абайдың үшінші қара сөзінде, «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілейспейтұғынының, рас сөзі аз болатығұның, қызметке таласқыш болатұғының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады...» [14, 21 б.], қазақ санасындағы еркіндік қорқақтыққа ұласқаны, саяси шенге тартыстың осы білімсіздіктен келетіні жөнінде жазады, жаңа заманның талабына бейімделуге қарағанда, жалқаулықтың, надандықтың оңай жол екендігі, қоғамның дәстүрлі даму жолын жалғастырғысы келген қазақ, мал шаруашылығымен айналысып, малды басқа біреудің еңбегін пайдалана отырып, көбейтуге тырысқандығы, ХІХ ғасырдағы қоғамдағы өзгерістерге дайын еместігінің санадағы бейнесін көрсетті. Сегізінші қара сөзінде, «Болыс, би өзінің шенін ойласа, бай дүниенің соңына жете алмайды, сұм-сұрқия, залымдар насихат пен ақыл тыңдауға уақыты жоқ...» [15, 54 б.] қоғамдағы әлеуметтік қабаттардың білім мен ғылымда шаруасы жоқ, өзінің жаны мен малын баққан бірліксіз ыдырауды көрсетеді. Жиырма екінші қара сөзінде де, осы әлеуметтік қабаттардағы адам бойындағы пендешілік қасиеттерді сынайды, би, болыс жалынып, жалбарынып алған билігінің ешбір қадірі жоқ, мырза мен бай өздерін құрметтеу үшін малын

шашып, тойынған қуларды тойдырып бекершілікпен айналысып жүр, ғаріп-қасар бишараны жалқаулығын момындыққа санай алмаймыз деп жазады.

Абайдың алтыншы қара сөзінде, «...Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді...» [16, 89 б.], бірлік ақылда, істің берекесі сонда болмақ. Адамдар бір-біріне көмектесу керек, бірақ несібесіне ортақтасуда бірлік болмайтындығын көрсетеді. Жәрдем сұрағанға балық емес, қармақ бер, адал еңбек ырыс пен берекенің алды. Мінсіз қоғамды құратын адамдар арасында келісім, ынтымақ, бірлік болуы қажет емес пе? Сондықтан, қайырымды қоғам құрудағы басты шарт ретінде бірлікті қарастырамыз.

Абайдың пікірінше, тұтас, толыққанды адамды қалыптастырудағы басты нәрсе – жүрек (ар-ұждан, руханият). Осыған байланысты Абайдың қара сөздеріндегі Алтыншы қара сөзі ерекше орын алады. Бұл шын мәнінде қазақ рухани кеңістігіндегі келісім тұжырымдамасының квинтэссенциясы. Мұнда Абай ішкі, адамгершілік келісім адамдардың экономикалық жағдайдың теңдігінен туындаған сыртқы, формалды келісімнен әлдеқайда маңызды, нәтижелі және адамгершілікті екенін айтады.

Қоғам өмірінің негізгі салалары ретінде әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани өмір көрсетіледі. Абай осы салалардың ең негізгісі рухани өмір саласы деп санады. Ол Құдайдың жаратушы екенін мойындай отырып, оны тану үшін жаратқан дүниелер себебінен тану мүмкіндігін берді және оны тану үшін саған кеудеңе қуат берді. Ал қуатты дұрыс пайдалану үшін ақыл кере, жаратушыны білім мен ғылым арқылы тану мүмкіндігіне ие бо-

ламыз. Адамзатты соқыр сенімге шақырмай, танымға қадам жасауы – ағартушылық тұжырымдамасы мен адам бойындағы иман шарттарына сәйкес келеді. Құлшылық қылудағы екі шарттың өзінде танымның шексіздігі мен білімсіздіктің надандық жолында тұрмауы да осы тұжырымдамаға сәйкес келеді.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты трактатында қоғамның құрылым жүйесін қоғам мүшелерінің орналасу жүйесімен салыстырады, сол кезде қала басшысы жүрекке теңдестіріледі, ал Абайдың он жетінші қара сөзінде, жүректен барлық мүшеге қан тарайды, жанның мекен ететін орны, ақиқатқа апарады деп, жүрекке алдыңғы қатарлы орын берген ғылымның, жанның түйсігі ақыл, қайрат, ғылымның жолын білетіндігінде. Жүрек адамның ағзасында қандай қызмет атқарса, басқарушы да қоғамда сондай рөл атқармақ. Егер адамды дұрыс қадамға бастайтын жүрек болса, сол адам қоғамды дұрыс даму жолына апарады.

Абай философиясындағы ең негізгі ой – «Адам бол!» концепциясы, адам барлық тіршілік атаулыдан ерекше, оның санасы мен сол санаға сәйкес іс-әрекетінде. Тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың өзіндік теориялық концепциясы десе де болады. Ол адамды адам атынан айыратын жаман қасиеттерді айтады – жалқаулық, оны ақтайтын қуаныш пен жұбаныш – біріншісі, елдің жаман іске душар болғанын естігендегі кейпі, ал екіншісі, өзін жұртпен салыстыра отырып ақтау, ар-ұяттан безу, еріншектік, надандық, білімсіздік, талапсыздық, алдау-арбау, жала жабу, білімді тәннің пайдасына жұмсау, ақылсыздық және т.б. Осы қасиеттер адамды адам атынан айыратын, ешбір қайыры жоқ істердің бірі. Бұл қазақ даласындағы ірі гуманистік идея. Қоғамның рухани саласын қоректендіретін негізгі элемент. Абайды қазақтың ұятымен теңдестіруі бекершілік емес.

Абай барлық мәселені ағартушылық тұжырымдамасы арқылы шешімін табуды жөн көрді. Балаңа білім бер, білім жолында мал аяма, балаңа ғылым мен білімді танытам десең, одан пайда көрем деп жол ашпа, қазақ білімді болса қазаққа күзет болған орыстар-

ды басқарар еді, орыстардың білімі мен ғылымын таныса, оларға бір табан жақын болып, қазақты басқарар күн туар еді деген ой-толғаныстар жасады. Демек, Ресей патшалығының бізге қатысты пайдаланған қаруын біле отырып, ақыл-кеңес берген, білімді дұрыс қолдана білу, өзге жұрттан ізгі және пайдалы дүниені үйрене отырып, терезенді тең қылып, өзіңе-өзің қожа болу әдісін ұсынды. Ресей патшалығы қазақ даласына көз салмас бұрын, экспедициялық топтарды жіберіп, қазақтар туралы көптеген деректер жинаған, қазақ қоғамның небір әлсіз тұстары білімсіздік пен бөлінушілікті пайдалана отырып, тұтастай жаулап алды. Қазақтың кезегі, үйрене отырып, сол қаруды өздеріне қарсы пайдалану еді. Бірақ, ғасырынан дара туған Абайды кім түсінді? Сондықтан, Абайдың пессимизмге салынуының салдары да осында.

Құдайды таныған адам, ар-ұжданы бар адаммен теңдестіріледі, демек ұяты бар адам, ол иманы бар адам, иманы бар адам, рухани бай адам, рухани бай адам міндетті түрде білім мен ғылымға жүгіне отырып, толық адамға айналады, ал толық адам мінсіз қоғамды құрады, мінсіз қоғам шынайы бақытқа жетеді.

Абайдың әлеуметтік болмысы өзара байланысты екі қабаттан тұрады. Бір жағынан, антропологиялық қабат, адамның тәрбиесі мен оның өзгеруі болса, екінші жағынан, адамның тұлғалық шығармашылық бастамасының дамуына, адамдар арасындағы жаңа қарым-қатынастың қалыптасуына мүмкіндік беретін әлеуметтік шарттарды пайда болуы жөнінде. Осы ойы әл-Фарабидың әлеуметтік болмысымен сәйкес келеді, адам өзін-өзі, өзінің әлемін жетілдіру арқылы қоғамды қалыптастырады. Абай қоғамының дамуында адамның рухани-адамгершілік қырларын алға тартады, ал қалған қоғамдық өмірдің салалары тек шарттар мен құрал ретінде түсіндіріледі.

Жалпы, дәстүрлі қазақ философиясы ауқымындағы негіздерді сараптай келе ашықтық, сенім, өзгенің орнына өзін қоя алу сияқты ерекшеліктер тән деп айта аламыз. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан аумағында өзінің ұзақ тарихында тәңіршілдік, буддизм, христиан, ислам сияқты түрлі діндердің бейбіт өмір сүргендігі

дәлел бола алады. «Конфессияаралық диалогтың жалғыз мағыналы тақырыбы, біздің ойымызша, сенім адамның ең үлкен қажеттілігі, жанның күйі және өмір салты ретіндегі сенім феноменінің өзі болуы мүмкін» [17, 112 б.], – деген тұжырымдармен келісуге болады.

Конфессияаралық саладағы келісім құқықтық саладағы келісім мәселесімен толықтырылады. Адамның табиғи құқықтары (өмір сүру құқығы және т.б.) басқа адамның құқықтарымен қайшылыққа түседі. Сондықтан келісім концептісі осы жағдайларда өте маңызды рөл атқарады.

Қазақтардың жалпыға ортақ заң жүйесі қандай болды? Тарихи мұрадан бүгінгі күн үшін қандай тәжірибелерді қолдана аламыз?

Диссертацияның тақырыбы аясында қылмыстың салыстырмалы түрдегі жеңіл, гуманистік жаза түрлерін қарастыру қызықты. Қазақ құқықтық жүйесінде қылмыс ұғымын білдіретін арнайы термин болған жоқ. Оның орнына жаман іс, жаман қылық, күнә немесе айып ұғымдарын қолданды. Кез келген моральдық және материалдық зиян келтіру қылмыс болып саналды. Егер, жәбірленуші тарап өз талаптарын айтып, сотқа шағымданбаса немесе арызды қайтып алса, кез келген әрекет қылмыс болып саналмайды.

Адам өлтіру және денсаулыққа ауыр зиян келтіру кезінде қолданылатын жазаның негізгі түрлерінің бірі құн төлеу болған. Бұл төлем құрбан болған адамның әлеуметтік мәртебесіне және қылмыстың ауырлығына байланысты анықталған. Қарапайым қоғамдастық мүшесін өлтіру 1000 қой, 200 жылқы немесе 100 түйе құнымен өтелген. Қатардағы сұлтандарды, билерді, батырларды өлтіргені үшін бір жарым немесе екі есе көп құн төлеуге міндетті болған. Беделді сұлтанды өлтірген жағдайда жеті есе көп құн тағайындалған. Еңбекке толық жарамсыздыққа әкеп соқтырған ауыр дене жарақаттары толық құнмен, көздері мен тілінің зақымдануы – жарты, оң қолы немесе аяғы – төрттен бір, ал сол қолы немесе аяғы – сегізден бір құн бөлігімен жазаланды. Құнның жартысын алты жақсы нәрсемен өндіріп алуға болатын. Ол алты жақсы: құлдар, қару-жарақ, аңшылыққа шығатын қыран бүркіт

және таңдалған мал арқылы қалпына келтіруге рұқсат етілген. Сонымен қатар, қылмыскер құнды өзі ғана емес, өзі шыққан қауым мүшелерімен бірлесіп төлеген.

Мүліктік қылмыстардың көп бөлігіне және адамға қарсы бірқатар қылмыстар үшін айып тағайындалған. Бұл тоғыз айыппұл – тоғыз бас ірі қара мал немесе құнды заттар арқылы өтелген. Айыппұлдар келесідей түрлерге бөлінді:

1. Бас тоғызға түйе мен сегіз бас ірі қара мал кірді;
2. Орта тоғыз жылқыдан басталатын;
3. Аяқ тоғыз, бұқадан басталады;
4. Тоқал тоғыз, оған тек қойлар кірді;
5. Айып ат-шапан – ат және қымбат шапан.

Малдың орнына тең құнды заттарға немесе құлдармен ауыстыруға болатын. Әдетте, мал барымтасы үшін ұрланған малын қайтып берумен қатар, оның үш тоғыз айыппұл түрін төлеу міндеттелді, бірақ айыппұл мөлшері қылмыстың ауырлығына байланысты өзгеруі мүмкін.

Көріп отырғанымыздай, адам денсаулығына, оның мүліктік құқық бұзушылықтар үшін де мүліктік өтемақы тағайындалған. Демек, қоғам осы қылмыстар үшін тағайындалған жазалар түрімен толық келісіп, осы заңдарға бағынып отырған.

Қайырымды қоғам құру үшін қоғам заңдарды, дәстүрлерді, жаңашылдықтарды толықтай қабылдауы қажет. Егер қоғам мүшелері қабылданған заңдармен толық келіспейтін болса, қылмыс жасамайды деген тұжырымдамадан аулақпыз. Планетарлық этиканың қабылдануы, немесе қоғамдық құрылыстағы оң немесе теріс әрекеттерді анықтайтын көпшілік, бірақ сізде қарама-қайшы пікір туындауы мүмкін, қоғамның интеллигенциясы азшылық топқа жатады, ал сол интеллигенция жасаған этикалық нормалар көпшілікпен қабылданса, сол қоғамда заңды түрде өмір сүреді деген қорытындыға келеміз. Екіншіден, адамның табиғи құқығы мен заң аясындағы құқығы үйесімділікте болса, қоғамдағы келісімге қол жеткізуге болады (бұл қоғамда дау тудырмайтын заңдар жинағы негізіндегі қорытынды). Қоғамда жанжалдарды шешудің

бізге бір тәсілі екі тарапты қанағаттандыру, немесе ымыраға келтіру, заңның әділдік пен келісім категорияларымен тығыз байланыста екенін көрсетеді.

Қазақстандағы келісім ұғымының генезисі мен мәнін талдау барысында, қазақтың дәстүрлі тәрбиесі сияқты саланы назардан тыс қалдыруға болмайды. Жаңа ұрпақ негізінен халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерде сақталған адамгершілік қасиеттер негізінде тәрбиеленіп, қалыптасуы қажет.

Қазақстан халық педагогикасының мәні: «Сегіз қырлы, бір сырлы» болу. Білімді жастардың бойында мал бағу, еңбексүйгіш, жеті атасын білу, тапқыр, шешен, салт-дәстүрді сақтау сияқты қасиеттер болуы керек.

Қазақ отбасылары, әдетте, көп балалы болған. Отбасындағы басты тәлімгерлер: әке, ана, әже және ата болды. Үлкенді сыйлау, олардың өмірі, үлгі-өнегесі тәрбиенің ең маңызды әдісі ретінде қолданылды. Ал анаға келсек, ол балаларға өмір сыйлап қана қоймай, өз махаббатымен, жан жылуымен балаларының өмірін нұрландырып, тәрбиелеген. Қазақ отбасындағы әке тәрбиесінің алатын орны ерекше еді. Анасы балаларын қорқыту емес, құрмет көрсету арқылы баланы тәрбиелеген, мысалы, «Әкең бұл ісіңе не дейді екен?», «Әкеңе не деп айтамыз?» «Әкең естімесін, ұят болады..» деген сөйлемдерден-ақ түсінуге болады. Әке – балалардың тәлімгері, негізгі асыраушысы. Оның отбасы мүшелерімен жақсы қарым-қатынасы, қабілеті мен білімі балаларға үлгі-өнеге, әсіресе, анасы күйеуін «отағасы» («от иесі») деп құрметпен атағанын байқаймыз.

Қазақтар қыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Халық өз тәрбиесінде қарапайымдылық, сыпайылық, ұялшақтық, ізгілік, арнамыс, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіндіруге үлкен мән берген.

Дәстүрлі қазақ педагогикасында үлкенді құрметтеу басты орындардың бірін алады. Бұл қасиет дәстүрлі қоғамдағы табынушылықпен байланыстырылады. Балаға жеті атасын білу қажеттілігі, олардың арасындағы некелік қатынастың алдын алатын тәсіл.

Қазақ халқының тарихы мен тәрбие беру тәжірибесі малшы мен егінші еңбегінің өскелең ұрпақты тәрбиелеудің басты факторы екендігін көрсетеді. Балаларды үлкендерге мал бағуда, үй шаруасында көмектесуге үйретеді. Қазақ халқында үлкендер мен балалардың бірлескен еңбегі балаларды еңбексүйгіштікке, адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеудің маңызды шарты ретінде қарастырылды.

Қазақ халқы жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен әділеттілік сезімін қалыптастыруда тәрбиесіне ерекше мән берген. Қазақтың халық педагогикасында жетімдерді жебейтін, ата-ананы, үлкенді қадірлейтін адам, нағыз адам болып саналады.

Қазақтың көптеген әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары тәрбиенің жазылмаған заңдарына, отбасы мен қоғамда ұстануға тиісті өнегелік өсиеттердің бір түріне, моральдық кодекске айналды. Бұл дәстүрлер өз мәнінде жастарды тәрбиелеудің сан ғасырлық тәжірибесін жинақтады. Дәстүрлі халық педагогикасында отбасындағы тәрбие бірінші әлеуметтік қажеттілік ретінде қарастырылады.

Жалпы, біздің зерттеу жұмысымыздың аясында қазақтар арасындағы халықтық тәрбие мәдениетінің негізгі бағыттарына мыналарды жатқызуға болады:

- үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу;
- орынды талаптармен ұштасқан балаларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлық;
- мейірімділік, мұқтаж жандарға көмектесуге дайын болу және ұжымдық өзара көмек (асар дәстүрі бойынша);
- қонақжайлылық;
- отбасына деген адалдық, отбасының, қоғамның ережелерін сақтау және әлеуметтік негіздерді құрметтеу.

Жоғарыдағы ойларды келесідей сипаттағы тұжырымдармен қорытындылауға болады.

Қазақ дәстүрлі қоғамында келісім концептісі ежелгі кезеңдерден бері қалыптасқан. Оның онтологиялық тамыры Әлемнің шығу тегі туралы аңыздар мен мәдени кейіпкерлер ту-

ралы мифтерден және т.б. бастау алады. Сонымен қатар, келісім табиғаттың жалпы үйлесімділігі, адам мен табиғаттың бірлігі ретінде түсіндірілді. Демек, келісім концептісінің әлеуметтік-философиялық және этикалық аспектілері осыдан шыққан.

Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы келісім концептісі ерекше белгілерге, сипатқа ие болған. Ол бітімгерлік екі ұдайы бірлігін бейнелі-эмоционалды түрінде ұсынылды, яғни, рационалды-логикалық коннотацияларға қарағанда, экзистенциалдық-моральдық реңкте болды. Келісім кеңейтілген ұғым немесе концепт, ол адамдардың қоғамдық өміріндегі ең жоғарғы игілік ретінде түсінілді.

Абай философиясында Құдайды таныған адам, ар-ұжданы бар адаммен теңдестіріледі, демек ұяты бар адам, ол иманы бар адам, иманы бар адам, рухани бай адам, рухани бай адам міндетті түрде білім мен ғылымға жүгіне отырып, толық адамға айналады, ал толық адам мінсіз қоғамды құрады, мінсіз қоғам шынайы бақытқа жетеді деген тұжырымдаманы алға тартады. Мінсіз қоғамды құру шарттары бірлік пен келісім, ал бұл шарттардың орындалуы білімді қажет етеді. Қоғамдағы ең жоғарғы келісімнің формасы, рационалды келісім. Адами дамудың негізі – рухани келісім.

Қоғамдық келісімді қалыптастыруда қазақ халықтық философиясы мен педагогикасының қағидаттары маңызды рөл атқарды, адамдардың шыққан руына қарамастан құрмет көрсету арқылы бірлікке келу шарты орындалады.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі келісім концептісінің мазмұны келісімнің екі мәдени-тарихи түрінің: біріншісі – жоспарлы келісім; екіншісі – стихиялы келісім деп көрсетеді. Бұл құрылыс сыртқы әсерден ғана емес, ішкі себептерден, жүректен шыққан ниет пен халықтың мәдени дәстүрінен туындайды. Жоғарыдағы құбылыстардың барлығы қоғамдағы тұлғалық деңгейде жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

1 Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) XV–XIX ғасырлардағы қазақ философиясының тарихи сипаттамасы. Монография. З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. II том. – Алматы, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014., 304 б. – 18 б.

2 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – Алматы, 1993. – 254 б. – 10 б.

3 Кодар, А. Ұмытылу шеңберлері (өлеңдер, аудармалар, эссе). I том. – Алматы, Алтын ғасыр, 1998. – 243 с. – 59 б.

4 Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – 2-е изд., перераб. и доп. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 204 с. – С. 126.

5 Барлыбаева Г.Г. Философская этика казахов / Под общ. ред. А.Х. Бижанова. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2018. – 276 с. – С. 13.

6 Сонда. – С. 14

7 Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. – Алматы: Казак университеті, 2001. – 301 с. – С. 5.

8 Хасанов М.Ш., Каракозова Ж.К. Космос казахской культуры. – Издание третье, переработанное. – Алматы: ТОО «Эверо», 2011. – сс.124-125.

9 Асфендияров С.Д. История Казахстана. – Алма-Ата: Казак университеті, 1993. – С. 304

10 Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России. – Алма-Ата: АН КазССР, 1957. – С. 337

11 Зиманов С. Политический строй Казахстана в первой половине XIX века и Букеевское ханство. – Алматы: Арыс, 2009. – С. 419.

12 Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России. – Алма-Ата: АН КазССР, 1957. – С. 337.

13 Каппелер А. Центр и элиты периферий в Габсбургской, Российской и Османской империях (1700-1918 гг.) // Ab Imperio. – 2007. – № 2. – С. 17-58. – С. 17.

14 Абай. Қара сөздері. – Алма-Ата: Жалын, 1982. – 160 б. – 21 б.

15 Сонда. – 54 б.

16 Сонда. – 89 б.

17 Бисенбаев Ф.К. Межрелигиозный диалог: условия возможности // Религия в политике и культуре современного Казахстана. – Астана: Елорда, 2004. – 312 с. – С. 112.

2.4 Қазақ шешендік сөз өнері – қоғамдағы тұлға қалыптасуының этнорухани мектебі

Қазақ шешендік сөз өнеріндегі қазіргі қоғамның ұлттық тұлға қалыптастырудағы ұлттық рухани тәрбиенің этномәдени мектебі ретіндегі өзіндік рухани құндылық әлеміне концептуалдық, контексті, жүйелік, қызметтік, антропоцентристік, герменевтикалық, эпистемологиялық талдаудың маңызы зор. Қазақ би-шешендері тәлімгер тұлға тұрғысынан қарастырылғаны жөн. Шешендік даналығындағы ұлтымыздың төл мәдениетіне тән тәрбиенің онтогенездік тек тамырларын анықтауға болады. Дала өркениетіндегі ұрпақ тәрбиелеудің ұлттық рухани-мәдени қалыптары мен нормалары, ұстанымдары мен ұстындары парадигмалық тұрғыдан талқынуы тиіс. Бұл орайда авторлар, ұлтымыздың «Адам құлқы түзелмей, өмірдің қалпы түзелмейді», -деген ұстанымын негізге алатынын ескерте аламыз. Авторлар, шешендік сөз өнері – ұлтымыздың тұлғалық әдеп кодексі әрі рухани этнотәрбие мектебі деген тұжырымын ғылыми тұрғыда дәлелдеуге тырысқанын байқаймыз.

Бүгінгі адамзат руханият кеңістігі жалпы интеллектуализм мен экзистенциализмнің қақтығысы заманын бастан кешіруде. Сол сияқты қазақ руханияты да дәстүрлі рухани-мәдени құндылықтар мен заманауи құндылықтар теке-тіресі дәуірінде өмір сүруде. Басқаша айтқанда, бұл тұлғаның рухани бейтараптану, рухан жатсынудың, депрессияның, түңілудің, үмітсізденудің, үрейдің, сенуден көрі сенбеудің белең алған ауқыты болғаны байқалады. Бұл үдеріс қазіргі қоғамның тұтастануы мен тұрақты қалыпты дамуына салқындық әкелуде деуге негіз бар. Осы ретте, «Бүгін Дешті-Қыпшақ даласы дағдарысқа толы дұдамал тірлік кешуде. ...Саяси-қоғамдық ойдың, әлеуметтік-мәдени қатынастардың тығырыққа тірелген тұсы» [1, 9 б.], - деген пікірмен келісе отырып, заманның ең басты дағдарыс – адамгершілік, рухани дағдарыс дер едік. Біздің пікірімізше, бүгінгі дәуірдің басты трагедиясы осы. Осыдан туындаған жан күйзелтер тағылық үрей. Қалай күн кешеміз? Қайда

барамыз? Нені мақсат етеміз? Рхани сұраныс нені қалайды?... деген сұрақтар әр тұлғаның бүгінгі көкейкесті мәселесіне айналды.

Тұлға руханияты – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан қоғамдық (әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени-рухани) санасының өзегіне айналғаны байқалады. Оның себебін еліміздің экзистенциялық қозғалысының барлық саласындағы прагматикалық өмірдің тактикалық әрі стратегиялық шешімдеріндегі олқылықтар мен кемшіліктермен байланыстыратын ресми мемлекеттік тұжырымдардан анық аңғаруға болады. Өйткені бұл мәселеге қатысты көзқарас соңғы кездердегі Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың халықаралық форумдардың биік мінберлерінде, бүгінгі әлемдік тәртіп моделінің күрт өзгеруі, оның ерекше құбылмалы түрге енуі туралы пікірлері, әлем мемлекеттері саяси мінезінің құбылуы, өз мемлекетіміздің ішкі саясатындағы, оның атқарушы орган өкілдерінің қоғамдық-әлеуметтік мінезіндегі қайшылықты тенденциялардың орын алуы туралы пікірлердің жиі айтылуы негізінде қалыптасып отырғаны анық. Мәселен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» [2], – деген ойтұжырымы соның дәлелі.

Сонымен бірге, Мемлекет басшысы, Қ.К. Тоқаев 2023 жылдың 17 маусымында Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «түпкі мақсатымызға жету үшін... ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Өйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер. Бір сөзбен айтсақ, пиғыл өзгермесе, ештеңе де өзгермейді» [3], – десе, 2024 жылдың 15 наурызда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында: «нағыз дамыған ел болу үшін тек экономикалық мақсат қою жеткіліксіз. Қоғамдық этикаға келгенде, заңдарды өзгерту жеткіліксіз», – дей келіп, «Жасампаздық

рухының қоғамда терең орнығуы, ... ел ішіне іріткі салатын жағымсыз әрекеттердің келмеске кетуі өте маңызды. Ұлт сапасын жақсартамыз десек, бір ел болып жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Біздің нақты құндылықтарымыз болмаса, даму жолында тың серпіліс жасауымыз және көшбасшы елдер қатарына қосылуымыз неғайбыл» [4], – дегенді қадап айтады. Тағы бірде Мемлекет басшысы: «Мен қоғамда жаңа этика қалыптастыру қажеттігін үнемі айтып жүрмін. Алайда азаматтарға қандай да бір құндылықты күшпен таңу қиын, тіпті, мүмкін емес деуге болады. «Біз жақсылыққа жетеміз десек, жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни, шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек. Бұл – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды қадам» [4], – деп бағдар береді.

Ал 2024 жылдың 26 желтоқсанында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Еліміді танытқан ерен жыл» деп аталатын жылдық есебінде де жалпыұлттық құндылықтар жүйесін бекітуді меңзей отырып, «Құрылтайда ұлт болмысын қалыптастыратын тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық секілді басты құндылықтар айқындалды» [5], – деп, рухани құндылықтармен көмкерілетін ұлттың жаңа мәдени сапасының өзектілігін қазақстандық азаматтарымыздың есіне тағы бір салады. Осының өзі ниет адамның қоғамдағы рөліне ықпал ететін маңызды фактор ретінде көрсетіледі. Жалпылап айтқанда, Президенттің жоғарыдағы үлкен мінберлерде айтқандарына қарағанда, бүкіл қоғамдық істің барысы адамның рухани құндылықтық жүйесі әлеміне тәуелді болатынын меңзейтіні анық. Президенттің сөзімен айтқанда, «мұның бәрін азаматтардың жасампаздық әлеуетін арттыру үшін пайдалы инвестиция деуге болады. Бұл жағдай еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экономикамыз-

ды орнықты дамытуға септігін тигізеді», – дей келіп, еліміздің «жасампаздық стратегиясын» [6] нұсқаған болатын. Бүгінгі қоғамдағы әр азаматтың әлеуметтік мінезіндегі моральдық тенденцияларды білдіріп, біздің зерттеу объектіміздің өзектілігін білдірсе керек. Демек, бүгінгі адам «әдепсіз әдеттер агрегатына» айналуға десек қателеспейміз. Сайып келгенде, осының бәрі қазақ дәстүрлі мәдени-құндылықтық таным-түсінігінің бірі әрі өзегі – «руханият» категориясына келіп тірелетініне меңзейді. Ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылық ұғым – «тұлғаның рухани болмысы» концепті болып отыр деп айтуға ғылыми негіз бар.

Міне дәл осы кезеңде отандық гуманитарлық ғылым саласы ғалымдарының алдында ел азаматтарының тұлғалық жанжүрегіндегі кісілік бітімді тіктейтін адамгершілік пен рухани сенімді шыңдауға барын салуы керек. Ол үшін әлеуметтік тұлғаның этнософиялық: идеялық, ұлттық, кісілік, этноморальдық бағыт-бағдарынан адаспауына жол ашылуы тиіс деп есептейміз. Ол адам баласының қайсар мінезі, табанды рухы, айнымас серті, перзеттік парызы сияқты қарапайым ақиқаттардан тұрады. Зар заманда күн кешкен Адам баласының Ана-Жердің төсінде рухты батыр болмай, намыс қайрамай, үміт үкілемей, адамгершілік қасиетті сіңірмей, өзін-өзі рухани тұрғыда танымай бүгінгі экзистенцияда бар болуы мүмкін болмай тұр. Осыдан бүгінгі адамзат баласында, оның ішінде қазақ азаматының алдында ең басты сауал – ұлттық рухани болмысымызды қорғау, сол арқылы елдің тұтастығы мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету міндеті.

Бұл ретте, тарихи әлеуметтік болмыс уақыты мен кеңістігінің қуатты рухани демін жеткізе алар жалғыз күш бар. Ол – өлмейтін әрі өшпейтін сөз өнері, оның ішінде қазақтың шешендік сөз өнері. Адамзаттың экзистенциялық өмірінің қайталанбас өзекті рухани-мәдени өзегі нәрін ұрпақтан ұрпаққа жеткізе алатын да тамырдың бірі – осы шешендік сөз құдіреті. Қазақ дәстүрлі қоғамының ұлы ой-толғамдарын өлмейтін ұтқыр сөз тілімен жеткізген қазақ – қазақ даласының отауызды, орақ тілді би-шешендері еді және оларды нағыз тарихи тұлғалар деп атауға болады.

Ең алдымен осы бір «тәрбие», «тәрбиелеу» категорияларының теориялық-әдіснамалық тұрғыдағы тамырына үңілетін болсақ, оның онтогендік сырын аңғаруға болады. Онтостық мәнін анықтау, егер адам әубастан ақылды жаратылыс болатын болса, онда оған неге рухани тәрбие, әдеп қажет деген сұраққа жауап іздеумен байланысты болмақ. Осыдан тағы бір адам пендесіне «жақсы мен жаманды», «ақ пен қараны», «пайдалы мен зиянды» ақлақ тәрбиесінсіз ажырата алу қабілеті берілген бе деген сұрақ туындайды. Оған ислам діни ілімде жоқ деп жауап береді, оны пенде тек Құран Кәрім арқылы ғана біле алады дейді. Шындығында адам ақылды жаратылыс ретінде өз табиғатынан жоғарыдағының бәрін біліп, өлшеп-пішіп тұратын болса, онда тәрбие де артық іс болып, өз мәнін жоятын еді. Адам-пендеге тәрбиенің қажет болуы, оның табиғи-болмыстық шектілігінде деуге болады. Тәрбиенің қажеттігін талап ететін екінші фактор – ол адамға табиғатынан берілетін «нәпсі» феномені. Соңғы мәселені біз бұдан бұрынғы монографиялық зерттеулерімізде қарастырдық [7, 196-207 бб.].

«Адам ата мен Хауа ана» қиссасына сүйенетін болсақ, адамға жаратылысынан 4 түрлі қасиет тән: ақыл, рух, нәпсі, көңіл. Ал адамның «еркіндігі» ұстанымына негізделетін болсақ, мінездің жағымдысын да, жағымсызын да таңдау еркіндігі адамның өзіне болмысынан берілген қасиет. Бұл мәселенің теориялық астарына үңілетін болсақ, қазақтың дәстүрлі қоғамның ұлы ғұламалары осы феноменнің іргелі ғылыми-теориялық негіздерін айтып кеткен. Мәселен, Абайды тыңдасақ, жиырма сегізінші қара сөзінде: «...Жақсылық, жамандықты жаратқан – Құдай, ләкин қылдырған Құдай емес деп, нанып, ұқсаң болар» [8, 88-89 бб.], – деген тұжырымды оқимыз. Бұдан түйетініміз оны жасайтын адамның өзі. Мұндағы басты моральдық бітім – мінез. Өйткені ол оң іске де, теріс әрекетке жетелейді деген онтогенездік тұжырым аламыз.

Ал алаш қайраткері Ә. Бөкейхановтың: «Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден» [9, 8 б.], – дегені соны растай түседі. Қазіргі қоғам үшін адамның моральдық сапасы, оның рухани-құндылықтық әлеуеті басымдық мәртебеде бо-

луы қымбат болып отырғанын мойындауымыз керек. Бауыржан Момышұлының: «Адамның әр қаракетінен оның жан дүниесінің сыры аңғарылады» [9, 125 б.], – дегенінің мәнісі адамның рухани болмысы терең универсум әлемінен хабар береді деген тұжырым жасаймыз. Осылайша: 1) адамның ішкі болмысының терең қыры – руханият; 2) рухани кеңістігі – адамның «ішкі мені» десек қателеспейміз; 3) «ішкі мен» қоғамдық нормалардан жоғары тұрмауы тиіс деген қағида келіп шығады.

Сайып келгенде осының бәрі адам нәпсісінің еншісіне байланытын ұстанымды байқаймыз. Діни ілімге назар аударсақ, «адамның бойында 999 жақсы қасиеттің 999 жаман сыңары бар» деген танымды көреміз. Олай болса, Шеллингтің «Әлемдік дуализм» ұстанымына жүгінсек, адам да – «дуалистік кеңістік» аумағында қозғалатын жаратылыс иесі. Мысалы, Шығыс Аристотелі әл-Фарабидің айтқанына сенсек, адам ғұмыры «білмеуден білуге қарай» жылжиды. Бұл ойды қазақ даналығымен бекітсек, «Сүрінбейтін тұяқ, жаңылмайтын жақ жоқ», «Адам қатасыз болмас...», «Ай толғанын білмес, жігіт толғанын білмес», -деген ұстаным қалыптасқан. Мұнда адам кәміл жаратылыс бола алмайтын туралы қазақ философиясындағы классикалық таным тегінің жатқандығын көре аламыз. Яғни жоғарыда көрсетілген «нәпсі» ұғымы адам руханиятындағы жетекші субстанция болатын аксиомадан хабар бермек. Шығыс медицинасын танушы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, халықаралық деңгейде белгілі отандық ғалым Құнанбай Қабден: «Адам өмірі – «ақ пен қара», «жақсылық пен жамандық» майданы тәрізді» [10, 3 б.], - деп айта келіп, сол қазақтың ортодоксальды дүниетанымындағы этноприорлық парадигманы растай түседі. Демек, адамзатына рухани тәрбиенің қажеттігі осындай болмыстық онтогенездік шарттардан туындайды деп айтуға негіз бар. Бұл – ойкумендік аумаққа тән ортақ құбылыс деп тұжырым жасай аламыз.

Сондықтан, қазақ даласы өркениеті де бұл үдерістен тыс қалмаған. Қазақтың өзі қалыптастырған төл мәдениеті шеңберінде өз ұрпағының рухани тұлғасын қалыптастыру ісін алғашқы

күнінен бастап іске асырып келген және оны бүгін де әрі қарай жалғастырмақ. Бұл орайда қазақ «Адам құлқы түзелмей, өмірдің қалпы түзелмейді», - деген ұстанымға сүйенген. Ел аузында «Ағаштан ағаш рең алады, адамнан адам тәлім алады», «Ұлы жақсымен ауылдас болсаң, ұлың жақсы, қызы жақсымен ауылдас болсаң, қызың жақсы», «Алдыңғы жақсы, артқы жасқа, тәлім айтпаса, ел болғаны қайсы», - дейтін шешендік тәмсіл сөздер қалған. Міне, бұл қазақтың ұрпақ тәрбиелеу теориясы мен тәжірибесін растайтын концепциялық жүйесін білдірсе керек.

Қазақ ұлтының дамуы мен қалыптасуына зор үлес қосқан хандар мен сұлтандар, билер мен жыраулар, батырлар мен ақындар. Солардың ішінде аузы дуалы ақылман билер мен шешенділмарлар жалпы жұртқа өнегелі сөздерімен: арнаулар, толғаулар, өсиеттер, баталар, жоқтаулар, сын және мадақ жырларымен зор ықпал етіп, халықты ел болуға, берекелі бірлікке шақырып, халық тәлімгері қызметін атқарды. Қазақ билерінің шешендік-қанатты сөздері өзінің тәлімдік дәрежесі жағынан ғана емес, сонымен бірге рухани қазыналық мәні жағынан да аса маңызды болды. Дала демосфендерінің өсиеттері мен ғибраттары, тағлымдары мен баталары, афоризмдері және қазақтың мақал-мәтелдері, ырым-тыймдары – қазақтың этнорухани тәрбие мектебі болды, ал оның айтушылары халықтың тәлім-тәрбие мектебінің ұлағатты ұстаздарының рөлін атқарды десек артық болмайды. Халықтық осы қағидалар шын мәнісінде жас ұрпақ түгілі, ересек адамдарға да үлкен әсерін тигізді, ұлттың сана-сезімін оятты, тәлімдік-тәрбиелік, танымдық мектебіне айналды.

Бүгінгі қазақ елінің ұлттық тәлім көзі де, тәлімгерінің бірегейі де – қазақтың шешендік сөз өнері деп айтсақ қателеспейміз. Шешендік сөз өнері – ұлтымыздың – рухани әдеп кодексі деп айта аламыз. Шешендік сөздердегі тұрақты аксиологиялық принциптерге адамның тағзым етуі неғұрлым берік болса, қазақ халқының ішкі «Мені» соғұрлым жетіле түседі, ұлттық тәрбие көздері шындала түседі, тәрбие жүйесі дамиды, тәрбиенің қуаты арта түседі, елдік тұтастық солғұрлым нығаяды. Барша мұсылманның киелі кітабы

Құран кәрімнің сөзі бойынша, бұл жалған дүниедегі ең ақылды да, абыройлы жаратылыс – адам. Оның абыройлы болғандығы, бүкіл әлем оның қызметіне беріліп тіршілік көзіне айналуы, сол үшін жаратылуы, Алланың жердегі халифасы болғандығында. Бұдан жалпы тәрбие мен этнотәрбие мәселесінің теориялық-әдіснамалық феномен болатынын, оның антропоцентристік сипат алатынын толық байқай аламыз. Абыройлылық адамға сол дәрежеде жауапкершілік міндетін жүктейді. Адамға жүктелген жауапкершіліктің бастыларының бірі – оның Адам болмысы алдындағы борышын абыроймен орындауы. Біздің пікірімізше, шешендік сөз өнеріндегі тәлімгерлік идеяны анықтаудың мақсаты – дүр сөздердің тәлімдік-тәрбиелік түпнегіздерін танып мойындау және сол арқылы қазақ елін бірлік пен ынтымаққа шақырып, халықтың өзара түсіністікте болып, жарасымды өмір сүруге баулу. Әрбір жеке адамға да, бүкіл қоғамға да рухани азық болатын құндылықтың бірі – халық даналығы, қазақ ділмарлығындағы адам тәрбиелеу философиясы.

Қазақ шешендігі – моральдық-коррекциялық концепция жүйесі. Мұндағы мәселе шешендік сөз өнері фольклорлық жанр ретінде адамның этикалық-моральдық құрылымына тұзетулер енгізіп, рухани әлеміне коррекция жасап, тұлғалық болмысына ықпал етуі жайлы болмақ. Шешендік сөздер арқылы коррекция жасау дегеніміз – ол адамға мәдени филогенетикалық тәжірибенің креативті формасынан түзілетін құрылымдар арқылы ықпал ету, «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деген ұстаным, яғни ділмарлық өнердің әдеп формулаларында жасырынып жатқан тұлға мәселесін шешуге көмектесетін тәсілдерді анықтау деген сөз.

Мінез резервтерін анықтау және өзектендіру қазақ шешендік өнеріндегі тәрбиелік теорияның орталық ядросы деп айтуға болады. Мысалы, бақ-дуәлетті, байлықты көтере білу мінезі, адамның қуана білу, біреудің қуанышын қостай білу мінезі, бетпе-бет келген қиындыққа, басқа түскен қайғыға төзімділік таныту мінезі, туысқандық қатынасқа түсудегі мінез, табиғатпен

қарым-қатынастағы мінез, өмір сүруге қатысты мінез, кәсіпке қатысты мінез, отбасындағы мінез (ата-ана мен бала, ерлі-зайып арақатынасындағы, аға мен қарындас, әкпе мен сіңлі, іні мен әкпе, аға мен іні арасындағы қатынасқа түсудегі мінез), шаруашылыққа қатысты мінез, үлкен мен кіші қатынасындағы мінез, науқасты көтере білу және онымен күресе білу мінезі, табиғи апаттармен бетпе-бет келудегі мінез, адам тағдырына қатысты мінез, сын-пікір айта, оны тыңдай білу мінезі, отансүйгіштік, батырлық, шыншылдық, әділеттілік, адамгершілік, ізгілік, қанағатшылдық, аршылдық, имандылық, парыздық, борыштық мінез, ас-тағамға, дастарқанға қатысты мінез формуласын, науқас адамның көңілін сұрау, қазаға көңіл айту әдебінің, жақсы және жаман мінездердің теориялық-әдіснамалық нұсқаларын аңғарамыз. Жоғарыда атап өтілген әдіснамалық нұсқалардың кейбіреулеріне тоқталып, олардың қазақтың ұрпақ тәрбиелеудегі этномәдени әдіснамалық ұстындарын талдауға болады.

Бақ-дәулетке қол жеткізген адамның мінезінің ұтымды үлгілерін көрсету тұстарына келетін болсақ, қазақ ділмарлығындағы кейбір мінез үлгілері туралы теориялық ұстанымдарды кездестіреміз. Қазақ шешендерінің қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтарды, әсіресе бай мен кедейді, жарлы, жалшыны, малай мен күнді өзара тату тұруға, әлеуметтік бірлікке шақырған рухани қаһармандығының тәлімдік тұстарын атауға болады. Олар көшпенді қазақ қауымы арасындағы әлеуметтік қатынаста экономикалық кіріптарлықта ұстау принциптерінен көрі, қазақ даласындағы дәстүрлі қоғамға тән ішкі этникалық тәрбие көзі болып табылатын рухани-тәлімдік бастамаларды бірінші орынға қойған. Әйтеке бидің: «Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, бай болып пайдаң тимесе... жұрттан ала бөтен үйің күйсін», - дегені, Бұхар бидің: «Қу таяқты кедейге, мал бітпейді деменіз. Жарлы байға теңеліп, жарыса қонбас деменіз», - деген шешендік толғаулары соның дәлелі.

Мұнда қазақ би-шешендері әлеуметтік бірлік әдебін, ең алдымен, адам бостандығы мен кісілік қасиеттердің арақатынас логикасына бағындырады. Яғни, еркіндік индивидтердің

эгоистік, пендешілік әрекеттерін шектеуге бағытталуы тиіс. Бұл концепцияның көріну формасын дала ділмарларының әлсізге медет, күштіге айбар, зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу, асқанға тосқауыл болу позицияларынан байқаймыз. Мәселен, Балпық би: “Қу таяқты кедейге дәулет бітпес деме, бақ пен дәулет басымнан кетпес деме”, –десе, Досбол шешен: “Дүниедегі жанды-жансыз заттардың пірсізі болмайды, бәрінің де өз пірлері болады. Солардың ішінде, жарлының пірі –»қалтаң ата», – деп келтіреді. Қазыбек би: “Елім өссін десең өршіл болма, өскенінді өшіресің”–десе, Тайкелтір шешен: “Өгізді өлеңге байладық, өрлікті төменге байладық”, - деп толғайды. Осылайша шешендер еркіндікке кісілікті өлшем етіп, адам іс-әрекеті мен мінезін шектеуші қоғамдық императивті қалыптастырады. Мұндай әлеуметтік сананың адамды тәрбиелеуші күш болатынын Қазыбек бидің мына айтқанынан көреміз: «Арға мінажат етілсе, барға қанағат етілсе, әуелінде ынтымақ, ортасында береке, артында шүкірлік тұрмас па». Қорыта келгенде, қазақ қауымының бір-бірімен азаматтық татулық пен әлеуметтік бірлікте тұруының басты тұтқасы ретінде ортақ тәлімдік құндылықты алға тартады. Осыдан шешен-билер барлық адамға сыйласу – ортақ міндет, ортақ парыз дегенге келтіреді. Осының өзі қазақ шешендік өнерінің әр адамды өзара түсіністікке жұмылдыратын тәрбие алаңы деуге болады.

Би-шешендер адамзаттың дүниеге келуі мен дүниеден кету жолының бір екендігін мойындай отырып та адам мен әлеуметтік ортаның онтостық байланысын анықтап, оның тұлға қалыптасуындағы тәрбиелік мәнін көрсете білген. Осы арқылы адамзат баласын әлеуметтік адамгершілік пен бірлікке, азаматтық ынтымақ пен татулыққа, кісілік мінезге шақырады. Мысалы, би-шешендер “Тірлігінде құс төсекте жатсаң да, өлсең орның – қара жер” (Балпық би), - дей келіп, кісіліктік мәні кішілікте, сыйластықта болатын мойындата түседі. “Жан денеге қонақ, тіршілікте еткен жақсылық – бұл өмірден өткенде өзіңмен кетер сол-ақ”, - деген шешендік шиыр арқылы Досбол шешен адамның рухани болмысы, оның екі дүниеде де жойылмайтын мәңгілі атрибуды бо-

латынын растайды. “Бай болып ешкім жаппас жердің жүзін” (Балпық би), “Адамға дос бола ма жиған мүлік” (Итеш шешен), - деп толғай келіп, материалдық байлықтың рухани байлықтан жоғары бола алмайтын мәртебесін анықтайды. Сондықтан, әр жеке адам болмысы жалпы бүкіладамзаттың әлеуметтік рухани болмыс кеңістігін құрайтындығын, әлеуметтік жүйенің тағдыры адамның рухани болмысына тәуелді болатындығын дәлелдеп, оның тұлғалық-тәрбиелік мәнін ашпақшы. Осыдан адамсыз әлеумет, әлеуметсіз адам болмайды дейтін онтологиялық парадигма туындайды. Адам мен әлеумет – бір-біріне тектік бастама. Міне, бұл да тұлға қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдістемелік тұғырнамасының бір қырын көрсетпек.

Қазақта адам қазасын естірту, басқа түскен қайғыны көтере білу рухани мінез тұрғысындағы мәселеге келсек, оның үлгісі дала шешендігінде көптеп табылады. Мысалы, Жиренше шешеннің әйелі Қарашаштың кенеттен дүние салуына байланысты Тазша шешеннің қаралы хабарды айту диалогындағы Тазшаның хабар айтушы ретіндегі мінез үлгісі мен Жиренше шешеннің басына қайғы жамылған пенде ретінде мінезіндегі ұстамдылықтың үлгісі тәлім алу мен тәрбиелеудің этникалық моделін жасау, әдіснамалық негіздерін қалаудың ұстындық базасы деуге болады.

Аңызға үңілетін болсақ, Тазша бала Жиреншеге келіп:

- Ассалаумағалейкүм, ақылы елден асқан Жиренше аға! Сізді аузымен күс тістеген, аққан өзенді тоқтатқан шешен дейді. Үш сұраққа мұрсат беріңіз, – депті.

Жас баланың батылдығына риза болған шешен мойын бұрып:

- Айта ғой, – депті ықыласы түсіп.

- Бауырың өлсе не дейміз? – депті тазша бала.

- Бауырың күйіп түсті десейші!

- Балаң өлсе не дейміз?

- Қос бүйрегінді тірідей суырып алды десейші!

- «Қатын өлсе, қамшының сабы сынды» дейміз ғой онда, аға? – депті тазша бала.

- Жок, қарағым. Жарың өлсе ошағыңның күлі шашылып, отыз екі қабырғанды сөгіп алдым десейші!

- Ал, аға, бүкіл қабырғаңызға қалқан боламыз деп қалың ел-жұртың келіп тұр, – дегенде Жиренше секем ала:

- Әй, көбейгір, балаларымның анасы, үйімнің жарық панасы, қос көзімнің қарасы, Қарашашым арманда кеткен екен-ау дүниеден, - деп ботадай боздағанда сақалынан алты тарам жас ағыпты деседі.

Сонда тазша бала: «Туғаның сенің қара жер, өскенің сенің қара жер, бәрін де алған қара жер, осыма, аға, баға бер», – дегенде Жиренше шешен: «Қара жерге гүл өссе жарасады, ауылды жерге қыз өссе жарасады, ана – балаларымның панасы емес пе, - депті.

Мұнда тазша шешеннің мінезінен қазақ халқына тән қазаны естіртуші адамға тиісті мінез форматын көруге болады. Біріншіден, қаза иесінің мінезінің ерекше ақылға, сабырлылыққа, даналыққа құрылғандығын атап өту әдебін байқасақ, екіншіден, қазаның туыстық жақындығына байланысты түрлерін анықтау әрі соған қарай баламалай-естіртудегі қазаны естіртушінің әдеб-мінез әдісін аңғартады. Осының өзі бүгінгі жас тәлімгерлер үшін тәрбиелік әдіснамалық ұстаным бола алады. Үшіншіден, адамға туыстық қатысына қарай қазаның орнын, салмағын, оның қайғылық қасіретін анықтау тәлімі, соған қарай жоқтау айту түрін ажырату тұрғысындағы мінезге қатысты методологиялық ұстанымды аңғарамыз. Осы орайда Жиренше шешеннің өз жарының қазасына байланысты айтқан: «...Жарың өлсе ошағыңның күлі шашылып, отыз екі қабырғанды сөгіп алдым десейші! Әй, көбейгір, балаларымның анасы, үйімнің жарық панасы, қос көзімнің қарасы, Қарашашым арманда кеткен екен-ау дүниеден» -деген тәлімдік сөзінен әйел ер үшін өмірінің құрамдас бөлігі болып табылады дейтін, ер-әйел бүтін тіршілік кеңістігін құрайтын екі жақтың бірлігінен тұратын шындықты мойындататын мінез теориясының негізін құрайтын ұстаным бар екендігін білеміз. Тана бидің: « – Әке ердің басы болғанымен, әйел ердің қасы. Әйел – ердің түзде ат ойнатқан, үйде құрт қайнатқан серігі. Жігіт жарымен ғана жақсы ...», -деп айтқаны соның дәлелі. Ең бастысы – қаралы болған адамның қазаның қай түріне де дайын болу, оны мойын-

дай білу, көтере білу мінездің дүр үлгісі мол болатындығы. Ал Тазша шешеннің сөз саптауынан оған басу айтып көңіл білдіру мазмұнын, әдісін тағайындау методолгиясының этнонұсқасының жатқандығын байқаймыз. Тазша баланың: «Қатын өлсе, қамшының сабы сынды» дейміз ғой онда, аға? – деп айтқанынан да ер үшін әйел қазасы өмір ритмінің бұзылуын, қамшы қазақ үшін тіршілік құралы болса, оның әйелге теңелуі өмір сүру механизмінің, өмір ырғағының бұзылуын тілге тиек етеді. Сонымен бірге ол: «Туғаның сенің қара жер, өскенің сенің қара жер, бәрін де алған қара жер, осыма, аға, баға бер», – дей отырып, қаза иесін тумак бар жерде өлмек бар, бәріміздің де баратынымыз қара жердің қойнауы дейтін ұстамды мінезге, сабырлыққа, қайғыны да көтере білген дұрыс дейтін мінезге қарай ойыстырады. Бұл адам ғұмырындағы болмыстық заңдылықты дәлелдеп және адам өмірінің басы да, аяғы да болатын ұстанымды мойындатады. Осының өзі адамзатына қандай жағдайда да ұстамдылық мінез танытудың этомәдени әдіснамасынан белгі береді.

Қазақтың қазаға көңіл айту дәстүрінің тұлға қалыптастырудағы рухани тәрбиелік мәні ерекше. Қазақ шешендік өнеріндегі адамгершілік қалып (норма) тұғырына көтерілген құбылыстардың бірегейі қазақтағы қазаға көңіл айту дәстүрі дер едік. Мысалы, Б.Адамбаевтың пікірінше, «адам баласының басына түсетін қайғының ауыры қазамен байланысты туғаны естірту, көңіл айту сияқты шешендік сөздердің алуан түрлі нұсқалары сақталған, ондай сөздерді топтап шешендік көңіл айту деуге болады, шешендік сөздер көңілі қаралы, беті жаралы жандарды жұбату үшін айтылады» [11, 101 б.]. Мысалы, Ерден бағырдың жалғыз ұлының қазасына Досбол шешен мен Шоқай бидің көңіл айту дәстүрінен әкенің бала қазасына қатысты мінез форматына байланысты шешендік өнердегі коррекциялық үрдісті байқаймыз. Мұнда әкенің бала өлімінен қабырғасы қайысып, сарытөсек болып жатып алу мінезді түзету тәсілін кездестіреміз.

– Уа, Ерден! – депті Досбол. – Қайғырғанда көңіліңді демейтін ағайын-туыс болмаса бір сірә! Құдайға шүкір, ойдан-

қырдан жапырылып-ағылып келіп жатса, бұл – өліктің сәні, әрі көңілге дәрі емес пе? Мұндағы тәсіл – қазаға алыс-жақынның бәрі келіп көңіл айтып, қайғыны бөлісу арқылы ұрыншақ мінезді түзеу тәсілі. Сонымен бірге, қазақтағы қазаға көңіл айту парыз деп санайтын мінез үлгісі жатыр. Сондай-ақ, көңіл айту өлімнің сәні, әрі көңілге дәрі дегеннен оның да өзіндік мәдениеті, міндеті, жауапкершілігі бар деп санайтын текті мінез үлгісін байқауға болады. «Өлмесе қайда кетті бұрынғының кәрісі? Әлемді жалмап-жұтса да, өмірінде тоймаған қара жердің талысы! Өлмек хақ, тумак хақ, барлық жанның қабір емес пе барысы?» – дей отырып, болмыстың ашшы шындығын айту арқылы қайғырған мінезді жөнге салу тәсілін байқаймыз. Ешкімнің өлімнен қашып құтыла алмайтынын, оны адамзат тоқтата алмайтынын, дүниенің жалғандығын ескерте отырып, адамның ішкі дүниесіндегі тоқтау жасау резерфтерін оятады. «Ерден-ау, өткенге өкінбе, келмеске күйінбе, өлім деген – ұзақ жолдың алысы» - деген сөзде сабырлыққа шақыру, бір күндік жарық дүниеге риза болып, тәубаға келуге уағыздайды. «Құдайға мұнша наз қылатындай ашынасы ма ең, әлде көз көрген танысы ма ең?!» – дейді. Бұған да мызғымайды. Алла барлық пендеге бірдей қарайды, Оған адамның алысы да, жақыны да болмайды, өлім пенде тапсырысымен келмейді деген ойды айтатын, қатаң сөйлеу арқылы мінезге жасалынатын түзету тәсілін байқаймыз.

Сонда Шоқай би:

- «Ей, батыр Ерден! Басыңды көтер жерден! Құдайдан да күдіреттімін деп, меманасың тасып кеткен екенсің керден?! Мыңды айдаған әкең Сандыбай да қара жерге енген! Оны мына Шоқай көзімен көрген! Әулие болсаң, әкенді де, баланды да алып қалуға әлің қане келген?!». Мұнда Алланың амалына пенденің шарасы болмаған, оған әулие-әмбилердің де шамасы келмеген дейтін ойды айта отырып, тағдырдың жазғанына көну, төзу мінезін ұсынады.

Көкті бу көтереді,

Жүйрікті ду көтереді.

Өлімді ер көтереді,

Ауырды нар көтереді!

Ер емес пе едің, нар емес пе едің талай құқайды көрген?!

Тағы да айтамын басыңды көтер жерден?! – дей келе,

Шоқай би әр нәрсенің ауыртпалығын арқалайтын жаратылыстың шындық болатынын атап айтады. Өлім ер мінезді азаматтың үлесінде болатын ұстанымды баса көрсетеді. Жұмыр басты пенде бұл дүниеге өмір азабын шегу үшін келген деген ақиқатты айту арқылы ұстамды, бекем мінезге жұмылдырады. – «Құнсыз беріп, пұлсыз алды, нең бар еді құдайға берген?!» – дейді ашына. Бұл тұста Шоқай би баланы тегін бергед ед Құдай, оны тегін алған да Құдай деген ойды айта отырып, Шоқай би қазақтағы ұлттық мінездің тектік негізін, біздің жағдайымызда әдіснамалық қорын, әдіснамалық ішкі қуатын айқындап береді. Сонымен бірге, қазақ ділмары оған біз пендешілік тіршілікте бергенге де, алғанға да құн сұраймыз ғой дейтін пендешілік мінезді қарсы қоя отырып, қайғыға тоқтау жасауға үйретеді. Осылар қазақ шешендігіндегі сары уайымға салыну сияқты бір жақты мінездерді коррекция жасау әдіснамасын көрсетеді. Қорыта келгенде, жоғарыда айтылғандардан қазақ шешендік сөз өнері – ұлттық тәрбие мектебінің бірегейі деп ой түйіндеуге болады. Ол жалпы рухани тәрбие ісінің метатеориясы деп айтуға болады.

Міне, бұл қазақ би-шешендерінің ділмарлық өнеріндегі шешендік сөз саптау арқылы көңіл айту дәстүрін қалыптастырғандығынан және оны қандай жағдайда, қандай мақсатпен айтылатындығынан хабар беріп тұр деуге болады. Алайда, осындағы көзделген мақсат немесе қайғылы қазаға ұшыраған адамды жұбату, қаралы көңілді сергіту мақсаттарының көзделуі, біздің пікірімізше, ұлттық адамгершілік норма шеңберіндегі адами парыз. Қазаға көңіл айту мұсылмандық қағида бойынша бір адам алдында екінші адамның өтейтін парызы, міндеті, адамгершілік қалып немесе норма. Жанашырлықпен, кісілікпен, құрметпен, аса қайырымдылықпен айтылған көңіл қайғылы көңілді сергітеді, қазақдан түңілтеді. Адамгершілік мәні сонда, ол қазаға ортақ екенін, екінші сөзбен айтқанда қаза әр адамның басына келетін ортақ құбылыс екенін, қайға кезек дүние екенін ескертіп, қазаға

ұшыраған адамды жұбатуында. Қазыбек бидің Әлімжан деген баласының қазасына байланысты Төле бидің:

Уа, Қазыбегім, нар көтермес жұмыс болды...

Өзі беріп ұлыңды өзі алды,

Бұл пенде бір Аллаға не қылады? – деп айтқаны соның кепілі болмақ. Міне, бұл Төленің Қазыбек бидің басына түскен қазалы жағдайды бөліскен, қаралы көңілді жұбатқан адамгершілік илтипаты, кісілік ниеті дер едік. Ауыр қазадан көп уақыт басын көтермей жатып қалған Қазыбек бидің:

« – Е, е, Төке, құдайға да, халқыма да ризамын. Әлімжаным туғанда Орта жүздің елі ғана құтты болсын айтып еді. Енді ол қайтыс болғанда үш жүздің баласы келіп көңіл айтып жатыр. Бұған да шүкірлік», – деп, кеудесін көтеруі Төленің қам көңілге медет тұтарлықтай айтқан көңіліне, азаматтық мінез көрсетуіне риза болғандығы, жігерінің қуаттануы, қайғының сейілінуінің белгісі болса керек. Қазаға сабырлық керек, «басқа түссе баспақшыл» дегендей, болған іске болаттай берік бол дейтін тоқтамға тірейді. «Өмір сүруге лайықтының бәрі – өлімге де лайық» – дейтін принципті алдыға көлденең тартады. Бұл – шешендік сөз өнерінің этикалық пәрменді қуатын білдіреді. Олай болса, қазақта көңіл айту деген сөз – адамды сабырлы, төзімді болуға шақыру. Өмірде өлім қайғысын тартпайтын, басына ауыр іс түспейтін пенде болмайды дегенді ескерте отырып, сондай тұста адамның қасынан табылу, қайғысын бөліп көтерісу – қазаққа және жалпы мұсылманға тән қасиет, адамгершілік қалып деген идеяны нықтай түседі.

Қорыта айтқанда, қазақ халқындағы қайтыс болған адамның жаназасына қатысып, өлімге топырақ салу – қыр елінде әр азаматтың өлген адамға деген ақырғы парызы боп есептелсе, ал оның артындағы бала-шағасына, туған-туысына көңіл айту – адамның кісілік тұлғасына сай болудың белгісі. Мұндағы басты мәселе, біздің пікірімізше, адамның бір-біріне деген азаматтық парыз идеясын көтеру.

Қазақ би-шешендерінің қалыптастырған адамгершілік нормаларына келетін болсақ, олардың қатарына үлкенді сыйлау;

сәлемдесу; үлкеннің кішіге қамқоры; туысқандық мейірім ережесі бойынша өмір сүру; қазаға көңіл айту; дос-жолдасты құрметтеу; көршімен жақсы тұру; кедей-кепшікті, жоқ-жітікті, дене кемістігі бар адамдарды қорламау; жалпы қайырымдылық пен кісілік ережесі бойынша өмір сүру сияқтыларды жатқызуға болады.

Ал қазақтың би-шешендері осы үлкен мен кішінің қарым-қатынасына үлкен мән беріп, кішінің үлкенді сыйлауы адамгершілік қалыптарының бірі ретінде дәріптелген. Үлкенді сыйлау – бірнеше мыңдаған жылдар бойы қоғамның маңызды әлеуметтік мүдделерін шешу үшін жасаған жалпыға ортақ нормасы. Халық даналығындағы кішінің үлкенді сыйлау қалыптары (нормалары) қазақ мақалындағы «Кәріге құрмет, жасқа жол» – дейтін идея шеңберінде көрініс табатын «Үлкенге құрмет, жасқа міндет», – деген ұстаным (принцип) бойынша жүзеге асырылған. Саққұлақ шешеннің: «...Үлкеннің айтқан сөздерін кішісі қолдап тұрмаса, ел дегенің немене?, – деп айтқандары осыған дәлел. Қазақ шешендігінде қазақтың дәстүрлі қоғамындағы үлкенді сыйлау – кіші үшін әрі міндет, әрі парыз екені өте үлкен моральдық ұстаным, ерекше рухани тәрбиелік маңызы зор феномен ретінде көрсетіледі. «Өркім кетіп бетімен, халықтың ғұрпын бұзбалық» (Оңғар жырау), – дегеннен қазақтың үлкенді сыйлау қалыптарынан туындайтын өсиет үлгісін аңғарамыз. Бұл норма болмайынша әртүрлі ұрпақ арасында ынтымақ та болмайды дейтін тәлім бұлағын байқаймыз. Қазақ халқының әдеп философиясындағы үлкенді сыйлау нормасының өзі олардың жатар, отырар орны, сәлем беру, аттандыру, аттан түсіру, үлкеннің келісімінсіз іс бастамау, сөз кезегіне дейін белгілі бір нормалар арқылы көрініс тауып отырған. Соның бірі қазақ халқындағы кішінің үлкен адам болған жерде ол кісімен ақылдаспай, санаспай өзінше іс бастамау дәстүрі тәлім көзі, әдеп кодексі болмақ. Осы орайда Тойымбай шешеннің: «Білермендік істеме, сүрінуге тап етер», – деген шешендік арнауы мен нақылдарын келтіруге болады. Сондықтан Саққұлақ шешеннің жақсы мінезді жігіттердің бес белгісінің бірі ретінде үлкенді “тыңдай білу” сияқты қасиеттерді іріктеп алуының мәнісі сонда болса керек.

Үлкен алдында сөз сөйлеу кезегі нормасына келсек те, қазақы әдеп бойынша үлкен адам алдында кес-кестеп сөйлеп, ормауыздылық жасау, жарыса сөйлеп, білгірсіну әдепсіздік болып есептелген. Мәселен, «Әке тұрып ұл сөйлегеннен, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без», - деген мақал осындай үлкеннің алдында сөз сөйлеу жосығын білмегендерге үлгі- өнеге ретінде айтылған. Осыны аңғарған халқымыздың шешендік өнерінде жастарға «шалдың сөзі бал», «Аталы сөзге, арсыз жауап қайырап» деп үлкенді, басқаны тыңдай білуге шақырады. Осындай қазақтың сөз сөйлеу кезегі арқылы көрініс тапқан адамгершілік нормасын Тайкелтірдің Төле би алдында сөз сөйлеу үшін кішілік көрсеткен ізетінен де аңғарамыз. Мысалы Тайкелтір Үйсін мен Дулат елі арасындағы даудың төрелігіне түсерде:

Төле атам рұхсат берсе,

Бір Алла қабыл көрсе

Бұл дауды мен бітіріп берейін, – деп сөз кезегін әдеп-ибалықпен алғаны соның кепілі. Міне, бұл қазақ шешендігіндегі «бас болатын жігіттің» ізеттілігін білдіретін үлкенді «сыйлай білетін шырай білдіру» моральдық норманың көріну формасы. Мұндай мінез хақында шарифатта «Құдай өз орнын білетін және оны бұзбайтын адамдарды кешіреді» – дейтін қағида бар.

Сонымен бірге, қазақ шешендігіндегі үлкен мен кіші арасындағы сыйластық қарым-қатынастығы адамгершілік өлшемдерінің тағы бір түрі – ол «сіз», «біз», «сен» деген ұғымдарының әдеп-ибалық мәнінің анықталуы. Біздің пікірімізше, осы ұғымдардың біріншілері («сіз» бен «біз») үлкендер қауымы мен кішілер қауымы арасындағы силастықтың критеріі ретінде алынса, екіншісі («сен») үлкенді сыйлау нормасының белгісі ретінде алынған. Осыған байланысты қазақ шешендігіндегі «жасы үлкеніне жасы кішісі сен десе, сол ауылдың берекесі кетеді», – деген нақылды мысалға келтіруге болады. Мәселен, шешендік мақалдарда «сіз» деген әдеп, «біз» деген көмек, «сіз» деген сыпайылық, «сен» деген анайылық деп келтіріледі. Осындағы «сіз», «біз», деген ұғымдар сыпайылықтың өлшемі болса, ал осы екеуі болған

жерде ынтымақ, бірлік болады дегенге келеді. Бұл пікірді Сапақ бидің: «Дүниенің қызығы сіз бен біз», – деп айтқаны айғақтайды. Олай болса, қазақтың әдеп философиясындағы «сіз» бен «біз» ұғымдарының өзі адамгершілік қалыптың (норманың) көріну аясы, оның бейнелену үрдісі десек болады. Бұл далалықтардың өзара қарым-қатынас мәдениетіндегі әр адамның өз орнын білуді үйрететін өнеге-үлгісі. «Инабатты ер – елдің қазығы емес пе» (Қазы би), «Жұрттың қадірлеген ер жақсы» (Досбол би), – деген соның кепілі болса, Құрмысы бидің:

Көрген сайын «сіз» десіп,

Сыйласқанға не жетсін?, – дей келіп, адам қарым-қатынас үшін «сіз» ұғымы ерекше моральдық құндылық екенінен және әдептілік өлшем екенінен белгі береді. Бұл екінші адамның «басын», атын сыйлау дәстүрін білдіреді. Қазақтың бір-біріне «сен» деп шамына тимей сөйлеу табиғи тектілік болмысынан хабар береді.

Ділмарлық өнердегі қазақы адамгершілік нормаларының бірі – жалпы адаммен амандасу немесе адам мен адамның аман – саулық сұрасып, бір-біріне сәлемдесу үрдісінің қазақ халқында моральдық қалып ретінде орнығу дәстүрі. Дәстүр бойынша жасы кіші үлкенге сәлем береді. Мұнда, бұл дәстүр қандай қағида және ол қайдан алынған деген сұрақ туады. Біздің пікірімізше, кез-келген халықтағы жалпы амандасу немесе сәлемдесу дәстүрінің негізінде діни қағиданың жатқандығын аңғарамыз. Себебі діни мораль бойынша адамға жүктелетін көптеген парыздардың бірі – осы сәлемдесу. Оған Құран Кәрімнің Нұр сүресінің: «Қашан үйлерге кірсеңдер, өздеріне (Мұсылмандарға) Алла тарапынан көркем береке тіршілігін тілеп, сәлем беріңдер» [12, 61-ші аят, 385 б.], – деген, осы сүредегі «Әй мүміндер! Өз үйлеріңнен басқа үйге рұхсат алмайынша әрі үй иесіне сәлем бермейінше кірмеңдер» [12, 27-ші аят, 352 б.], – дейтін дәлел болады. Қазақтың сөз ұстарлары да сәлемдесіп, аман-саулық сұрасуды моральдық құндылық, әдептік парыз, міндет деп санаған. Қазақ шешендігінде сәлемдесу моральдық құндылық дәрежесіне көтеріліп және адамның адамгершілік парызына айналып, адамгершіліктік

нормаға айналдыру идеясының берік ұстанғандыға байқалады. Бұған Төле биге Қазыбек бидің сәлем бере келгендегі: “Жүз көрген дидар қанибет, ағаға сәлем бермек бізге міндет», – дегені дәлел. Балпық бидің нұсқалы шешендік сөздеріндегі: “Сөз ұғам десең, зінді жас, үлкенді көрсең сәлем бер, ештеңең одан кетпейді”, – дегені кішінің, үлкенге сәлем беруі моральдық міндет екенін меңзейді. Ал «Адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені» деген мақалды алсақ, амандасудың өзі кісілік, адамгершілік қасиеттерден хабар беріп, оның көрсеткіші екенін айтып тұрғандай. Ал «қазақы мәдениет қазақтың ресми мәдениетіне қарағанда анағұрлым бай, терең мағыналы» [13], – деген Сәбетқазы Ақатайдың сөзін қолдай отырып, қазақтың үлкенге сәлем беру рәсімі, ресми мәдениеттен де қуатты, мәңгі өлмейтін-өшпейтін рухани құндылық дер едік. Мінеки, бұл «куәлі істі куә табар» деген сияқты күмән туғызбайтын куәлі тәлімгерліктің көрінісі.

Халық ділмарларындағы адамгершілік қалып (норма) үлгісінің тағы бір түрі – көршімен жақсы қарым-қатынаста болу парызы. Бұл адамзаттың нақтылы өмір тіршілігі шеңберіндегі әлеуметтік қатынас технологиясынан туындайтын үрдіс. Осыдан барып көршілікке қатысты әдеп-ибалық жол-жоралғылары мен адамгершілік қалыптары (нормалары) жасалған. Пайғамбар хадистерінде жақын және алыс адамдарға деген міндеттерімізді еске сала отырып, көршіге қол жұмсап, тіл тигізбеуге, оларға жақсылық пен көмек көрсетуді, адамдарға ешқандай зиян тигізбеуді насихаттайды. Мәселен, Пайғамбар хадистерінің бірінде: «Сіздерден кімде-кім Аллаға және ақырет күніне иман етсе, көршісіне зиян тигізбесін...» делінген. Құран кәрімде: «...жақын көршіге, бөгде көршіге... жақсылық қылыңдар» – деп көрсетілген. Осындай ұстанымдарды негізге алған қазақ ділмарлары көршілікке байланысты адамгершілік қалыптар мен қағидаларды орнықтырған. Оның моральдық өзегін көршілікке қатысты өзара бәтуалық, кісіліктік, сыйысымдылық, қуаттастық, мияттастық, сыйластық, тілектестік, мейірімділік, қамқорлық, бір-біріне деген сенімділік пен адалдық т.б. сияқты құндылықтар

құраған. Осылар көрші ақысына саналып, оны аса қырағы сезіммен, ереже-қағида ретінде санап орындаған. Осындай көршілік міндеттер құдай алдындағы парызға теңестірілген. «Көрші ақысы – тәңір ақысы», «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын», «Жақыныңның жаманын мақтама, көршінің ала жібін аттама», – деген сияқты мақалдар соның куәсі болса керек. «Көрші ақысы» «көрші парызына», «көршілік қарызға» жүктеледі. Бұларда үлкен моральдық құндылықтық жүктің басымдылығы сезіліп, ресми «міндеттіліктен» гөрі адамгершілік, кісілік, инабаттылық мазмұнның үстемділігі байқалады. Міне, бұл көршілікке қатысты қазақы-мұсылмандық әдеп болмысының көріну технологиясы десек болады. Көршілік өмірде адамгершілік қалыптар (нормалар) маңызды орын алатындықтан да, ол басқа туыстық, жақындық қатынастарға қарағанда неғұрлым нәзік болып келетіндігі, шешендік өнерде баса көрсетіледі. Мәселен, «Алыстағы ағайыннан, алдындағы көршің артық», «Қоңсы болсаң қорған бол», – дейтін мақалдар осы пікірдің дұрыстығын білдіреді. Мұндағы басты идея – адам мен адамды барынша татулыққа, сиымдылыққа баулу идеясы. Бұл көршілік қарым-қатынасты көршілік этикаға бағындыратын, төзімділік пен шыдамдылыққа негізделетін әдеп қалыптарын бейнелейтін моральдық таным болса керек. Ал осыған кері үрдіс: «Отты үрлей берсең, өшіресің, көршінді күндей берсең, көшіресің», – дейтін мақалмен көрсетіліп тұр. Мұнда көршіні құрметтеп, оған қиянат жасамауға, жылт еткенін көріп қызғанбауға, күндемеуге, кекетіп-мұқатпауға, көрші қандай да бір қиындыққа душар болса табалаумауға, ішкі істеріне ретсіз араласпауға, көршінің жөнсіз мазасын алмауға қарай баулу идеясының жатқандығы анық. Сайып келгенде, адамзатының ақылын «түйменің инесіз күні жоқ», «көптен айырылған көмусіз қалады», «көлден шықса балық өледі, елден шықса жалғыз өледі» дейтін түйіні бірге тоғысатын принципке тірей отырып, этикалық сананы сергітетін көзқарасты білдіреді. Көршімен тату тұру әдеп нормасын шындай түседі. Бұл айтылғандардың көздейтін мақсаты, – «Жақсы көршің бар болса, жағдайыңа жанасар»

(Ақтайлақ шешен), «Итің жақсы болса, – ырысың, көршің жақсы болса – тынысың», – деген сияқты этикалық мазмұнды арқалаған құндылықтар. Оған: «Қоңсы қоңсыдан тәлім алады, молда молдадан білім алады», – деген мақалдар дәлел. Мұнда көршілердің бір-бірінен тәлім алып, тәрбие жұмысын жүргізетіні, көршіден өнегелік ықпал болатыны және оны бағалап, қадір тұтуы, жақсы шарапатына талпыну керектігі туралы идеялар жатса керек. Осыдан келіп қазақтың «Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол, қызың өссе қызы жақсыменен ауылдас бол», – деген сияқты мақалдар туындаған. Міне бұл – қазақ шешендігіндегі көршілік әдеп-ибалық рухани қалыптардың жанды көрінісі.

Қорыта келгенде «Жеке адамның да, қоғамның да ішкі қуаты – өз ішінде», – дейтін қағидатқа сүйенетін болсақ, шешендік сөз өнерінде бейнеленген адамгершілік нормалар қазақ қоғамын іштей реттеп, үйлестіріп отыратын, оның ішкі моральдық тәрбиелік жүйесін, ішкі пәрменді қуатын білдіреді. Қазақ елінің әдеп-ибалық болмысы жеке адам мінезі мен жалпы халықтың тектілік қалыптарының үйлесуі арқылы және бүкіл халықтың кісілік мінезі формасында беріледі. Жеке кейіпкерлердің моральдық иерархиясы дара тұлға деңгейіне көтеріліп сол арқылы бүкіл ұлттың моральдық өлшемдер арнасы беріліп отырады. Сондықтан қазақтың шешендік сөз дәстүріне еліміздің ұлттық мораль философиясының озық үлгілері тән деуге болады. Бұл көрсетілген адамгершілік нормалар біріншіден қазақ халқының тіршілік философиясынан туындайтын мінез иерархиясын көрсетеді. Екіншіден, халықтың әлеуметтік қатынас шеңберінде өмір сүру технологиясын айқындайды. Үшіншіден, жоғарыдағы айтылғандар қазақ шешендік сөз өнері өсиетнамасының тұлғалық мәніне үңілсек, оны рухани және моральдық тұрғыдан қарастыруға болады. Төртіншіден, рухани тұрғыда, шешендік нақылдар адамның ішкі жан дүниесінің тазалығын, оның жақсылыққа бейімдеу эпистемологиясын көрсетеді. Моральдық тұрғыдан қарасақ, жақсы ниет адамның дұрыс жолда жүруіне, өзгелерге көмектесуге және әділ болуға бағыттайды. Болады. Бесіншіден, қазақтың

шешендік сөз өнері қазақ руханиятындағы ұрпақ тәрбиелеу, тұлға қалыптастыру мектебінің биік үлгісін бейнелейді деп айтуға болады. Біз мұны мүмкіндігінде ең алдымен өзіміз жіті түсініп, әрі оны жастарымызға түсіндіре білуіміз қоғамыздың дамуына, ұлттық мәдениетімізді жоғарылауына негіз болады деп тануымыз қажет. Ал Ш. Құдайбердіұлы: «Алдыңда өнегелі көрерің болсын. Кейінгілер үлгі алып, өнеге үйренсін дедім» [14, 539-540 бб.], – деп, алдында қазақтың ғибрат алатын, үлгі-өнеге болатын тұлғалары болу керектігін аңғартады. Тұлға – халық ішінен шығады. Оны қоғам жасайды. Ал қоғамды адам жасайды. Осылайша адам мәселесі, оның ішкі жан-дүниесі, тұлғалық бейнесі, танымы мен рухани бітімі жайында зерттеулерімізді алдағы уақытта да жалғастыра беретін боламыз.

Әдебиеттер

1 Махабхарата // Үнді эпосы. – Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2021. – 280 б.

2 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Egemem Qazaqstan, 2021, 5 қаңтар.

3 Тоқаев Қ.К. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Egemem Qazaqstan, 2023, 2 қыркүйек.

4 Тоқаев Қ.К. Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. Egemem Qazaqstan, 2024, 16 наурыз.

5 Тоқаев Қ.К. «Елімді танытқан ерен жыл» атты жылдық есебі. Egemem Qazaqstan, 2024, 27 желтоқсан.

6 Тоқаев Қ.К. «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» деген Мемлекет басшысының Ана тілі газетіне берген сұхбаты.// Ана тілі, 2025, 3 қаңтар.

7 Раев Д.С. Қазақ шешендігі философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.

8 Құнанбайұлы, А. Қара сөздер. – Алматы: Әлем, 2021. – 180 б.

9 Зәңгіров, Е. Ұлт рухы: қанатты сөздер. – Алматы: Arpa-b, 2015. – 160 б.

10 Құнанбай Қ., Қабден М. Бет әлпетімен жан дүниені тану өнері. Оқу әдістемелік құралы. – Түркістан. – 2007. – 150 б.

11 Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. –156 б.

12 Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Нұр сүресі. 27, 61 аяттар. – 604 бет.

13 Ақатай С. Ұлттық діл деген не? // Ақиқат. 1999. №3.

14 Құдайбердиев, Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер (М. Жармұхамедов және С. Дәуітов құраст.). – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

2.5 Қазақ қоғамындағы тұлғаның рухани қалыптасуы үдерісі: еркіндік және жауапкершіліктің арақатынасы

Философия мен ғылым тарихында тұлға мәселесі ең көпқырлы мәселелердің бірі болып табылады. Тұлғаның табиғаты мен мәнін түсінудің өзіндік ерекшеліктері бар – бұл тәсіл барлық ғылымдарға философияға, педагогика мен психологияға, саясаттану мен әлеуметтануға, тарихқа және басқа да әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарға тән. Тұлғаны біріншіден, психологиялық сипаттамаларының, эмоцияларының, сенімдері мен құндылықтарының жиынтығы ретінде психологиялық тәсілмен анықтаса, екіншіден, оның қоғаммен қарым-қатынасының нәтижесі, мәртебесі, рөлі және әлеуметтік-мәдени ортаның әсері деп санайтын әлеуметтік тәсілмен қарастырады. А.Н. Леонтьев әлеуметтік компонент арқылы жеке тұлғаның табиғатын түсінуді сипаттай отырып, былай дейді: «жеке тұлға – индивид емес, керісінше, индивидтің қоғамда, қарым-қатынастар жиынтығында, оның қоғамдық сипаттама арқылы алатын ерекше қасиеті...» [1, 123 б.]. Тұлға өзінің мақсаттарын, мәнін, мұраттарын анықтайтын және оларды жүзеге асыруға бағыттайтын «автор» ретінде қабылданады.

Қазіргі заманда өркениеттің қарқынды дамуымен бірге жеке тұлғаның да қоғамдағы рөлі артуда, осыған байланысты тұлғаның қоғам алдындағы еркіндігі мен жауапкершілігі туралы мәселе де көтерілуде. Еркіндік пен жауапкершілік – жеке тұлғаның қоғамдағы ықпалын анықтайтын ең негізгі қырлары болып табылады. Соның ішінде еркіндік басты құндылықтардың бірі ретінде тұлғаның өсуін қамтамасыз етеді және оның бірегей қасиеттерін

біріктіреді. Ол таңдау, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі анықтауға жол ашады. Жеке еркіндік адамдарға қалыпты құндылықтар мен нанымдарды қамтитын өз шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде, қоғамға әртүрлілік пен инновация әкеледі. Ал жауапкершілік болса этикалық принциптерге негізделген және саналы мінез-құлықты қалыптастырады. Жеке жауапкершілік басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді, сондай-ақ жалпы қоғамның игілігіне қамқорлық жасауы.

Тұлғаның рухани қалыптасуы – бұл адамның адамгершілік, этикалық және моральдық қасиеттерін дамытуды қамтитын көп қырлы процесс. Бұл процестің негізгі қырларының бірі – жетілген тұлғаны қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын еркіндік пен жауапкершіліктің арақатынасы болып табылады. Еркіндік пен жауапкершілік адамның рухани дамуының да негізін құрайтын өзара байланысты екі ұғым. Еркіндік жауапкершілікпен бірге жүреді. Еркіндік таңдау мүмкіндігін және өз бетінше шешім қабылдауды қамтамасыз етсе, жауапкершілік осы шешімдердің салдарын және солар үшін жауап беруге дайын екенін білдіреді. Бұл элементтердің үйлесімділігі тұлғаның дербестігі мен жетіліп, дамуына, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайларда адамның тұрақты және сенімді әрекет етуіне мүмкіндік беретін мықты ішкі өзегінің қалыптасуына ықпал етеді.

Сондай-ақ, еркіндік пен жауапкершілік мәселесі, әсіресе, индивидуалдылық пен тұлғаның өзін-өзі көрсету үрдістері күшейіп келе жатқан қоғамда ерекше өзекті болып отыр. Әрбір адамның таңдау және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі бар ортада жеке басының еркіндігі мен әлеуметтік жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтау керектігін түсіну маңызды. Қазіргі кездегі қоғамды қайта пішімдеу жағдайында тұлғаның рөлі маңызды және әртүрлі. Қоғамдық құрылыстағы терең өзгерістер кезеңдерінде, мейлі ол саяси, экономикалық немесе мәдени қайта құрулар болсын, жеке адам осы өзгерістердің қозғаушы күші де, олардың өнімі де бола алады.

Зерттеу барысында теориялық дереккөздерді талдау және синтездеу арқылы тұлғаның еркіндігі пен жауапкершілігін зерттеудің

әртүрлі тәсілдерін салыстырмалы талдау және осы қасиеттерді қалыптастырудың тәжірибелік қырларын зерттеу әдістері пайдаланылды. Сонымен қатар адамның рухани қалыптасуындағы еркіндік пен жауапкершіліктің рөлі мен маңыздылығын тереңірек түсінуге, оларды дамытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін анықтауға және әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларына ұсыныстар беруге мүмкіндік ашады.

Философияда тұлға тақырыбы ең іргелі және маңызды тақырыптардың бірі, ол күрделі және көпқырлы толық зерттелмеген ұғым. Кейбір философтардың пікірінше, жеке тұлға өзін және өзінің мүмкіндіктерін білу арқылы идеалға қол жеткізеді деп қарастырылса, басқалары жеке тұлғаны әртүрлі жағдайлардың әсерінен қалыптасатын әлеуметтік құрылымның нәтижесі ретінде көреді. Белгілі бір өркениеттің ерекшеліктеріне, философияның даму кезеңдері мен заңдылықтарына байланысты оның әртүрлі қырлары ашылады. Э.В. Ильенков өзінің «Тұлға дегеніміз не?» деген еңбегінде: «Адами тұлға, кейде ескіше айтқанда «жан» деп аталады, әр адам өзінің «Мені» ретінде ерекше танитын осы «жанды», кез-келген жалпы компоненттерге бөлінбейтін және ғылыми-теориялық анықтамалардан түбегейлі қашық, тіпті сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес нәрсе ретінде біледі...» [2, 34-35 б.]. Тұлға – бұл адамның ерекше және қайталанбайтын қасиеті, сондықтан әр адам өзінің жеке басын дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндігі бар және оған ұмтылуы қажет. Дегенмен, өзін-өзі тану мен үйлесімділікке қол жеткізу үшін мақсаттарын, тілектерін және бірегей қасиеттерін түсініп, жеке тұлға ретінде өзінің болмысын білу маңызды.

Қазіргі ғылымда тұлғаның құрылымы «адам», «индивид», «индивидуум», «индивидуалдылық» сияқты антропологиялық ұғымдарға анықтама беру арқылы ашылады. Мысалы:

Адам – адамзатқа тән ортақ белгілерді білдіретін жалпылама ұғым. Бұл ұғым барлық материалдық жүйелерден басқа өзіне тән өмір сүру тәсілімен ерекшеленетін, тарихи дамып отыратын ерекше қауымдастықтың барын көрсетеді. Осы өмір сүру тәсілі-

нің арқасында адам тарихи дамудың барлық кезеңдерінде, жер шарының барлық нүктелерінде адам болып қалады, яғни белгілі бір онтологиялық мәртебесін сақтайды.

Адам *индивид* ретінде өзінің тұтастығы мен бөлінбейтіндігі жағынан материалдық, табиғи, тәндік тіршілік иесі. Индивид – бұл адамзат тектес жаратылыстың жеке өкілі, адамзаттың барлық әлеуметтік және психологиялық қасиеттерінің (ақыл-ой, ерік, қажеттілік, мүдде және т.б.) нақты иесі. Бұл жағдайда «индивид» ұғымы «нақты адам» мағынасында қолданылады.

Сонымен қатар адам өзіне тән әлеуметтік белгілері бар жеке индивидуум, яғни әлеуметтік ерекшеліктің, әлеуметтік бірегейліктің иесі (оның өзіндік идеалдары мен әдеттері, әлеуметтік функциялары мен белгілі бір қабілеттері, дағдылары мен білімінің ерекшеліктері, қарым-қатынас шеңбері, кәсіби қасиеттердің ерекше жиынтығы, әлемде болып жатқан оқиғаларды өзіндік бағалауы және оған өзіндік көзқарасы бар) ретінде анықтауға болады. Әртүрлі адамдар арасындағы жеке көзқарастар, пайымдаулар мен пікірлер ортақ болса да, әрқашан өзінің «Менін» қамтиды.

Индивидуалдылық (даралық) жеке тұлғаның бірегейлігін, оның басқа индивидтерден айырмашылығын, белгілі бір қайталанбастығын құрайтын белгілердің жиынтығы ретінде танылады. Индивидуалдылық – қоғамда белгілі бір мәртебеге ие және әлеуметтік рөл атқаратын биологиялық және әлеуметтік бірегей тұлға. «Тұлға» және «индивидуалдылық» категорияларының айырмашылығы тұлға адам дамуының жоғарғы деңгейі болса, индивидуалдылық оның ең терең өлшемі болып табылады.

Сонымен адамның биологиялық ерекшелігін көрсету қажет болған жағдайда индивид ұғымын қолданған жөн, оның әлеуметтік сәйкестігіне қарай индивидуум, ал адамның өзіндік түпнұсқалық ерекшелігі туралы сөз болғанда – индивидуальдылықты (даралықты) атап көрсетуге болады.

Жоғарыда аталған ұғымдарға анықтама бере отырып, тұлға ұғымы туралы не айтуға болады? Философиядағы тұлға мәселесі –

адамның тұлға ретіндегі мәні неде, оның тарихтағы рөлі, әлемдегі, ғылымдағы орны қандай? деген сұрақтарға жауап береді.

Адам мен тұлға ұғымдарының ара жігін ажыратсақ, біз адам болып туамыз, содан кейін ғана жеке тұлға болып қалыптасамыз. Әр адам туғаннан бастап әлеуметтік қатынастардың күрделі желісіне енеді. Жеке тұлға – жеке адамның өмірін, тәжірибесін және білімін жинақтау негізінде рухани және материалдық қызметтің өзіндік принциптерін дамыту процесінде қалыптасады. Тұлға адамды басқалардың әсер ету объектісінен саналы түрде әрекет ететін субъектіге айналдырудан басталады. Бұл жеке адамды әртүрлі әлеуметтік ұжымдар мен қауымдастықтардың қызметіне белсенді тарту процесінде орын алады. Мұндай процесс жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесі деп аталады. Әдетте, жеке тұлғаның әлеуметтенуінің екі кезеңі бар. Бірінші кезең, бейімделу, яғни, туғаннан басталатын бар жағдайларға бейімделумен байланысты. Екінші кезең, әлеуметтік-мәдени және моральдық нормалар мен құндылықтарды игерумен, оларды жеке сенімге айналдыруына байланысты.

Тұлға өзінің әлеуметтік қарым-қатынастарының субъектісі ретінде, ең алдымен, өзінің автономиялылығымен, қоғамнан белгілі бір дәрежеде тәуелсіздігімен сипатталады және қоғамға қарсы тұра алады. Жеке тәуелсіздік адамның өзін-өзі тануы, яғни тек сана, ойлау және ерік емес, сонымен қатар өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау қабілетінің болуын талап етеді. Сондықтан тұлға – бұл динамикалық және көп қырлы ұғым. Ол өмір бойы үздіксіз дамып, өзгеріп отырады. Тұлға оқшауланған жүйе емес, сыртқы әлеммен үздіксіз өзара әрекетте болады.

Алғашқы қоғамда индивид қауымға қатысты дербес емес еді. «...Тарихи даму барысында – дәлірек айтқанда, еңбек бөлінісімен бірге қоғамдық қатынастардың сөзсіз дербес нәрсеге айналуына байланысты – әрбір индивидтің өмірінде өзгешелік пайда болады, ол оның жеке өмірі, өйткені ол белгілі бір еңбек саласына және онымен байланысты жағдайларға бағынады» [3, 78-84 б.]. Адам әрекет ету арқылы ғана объективті қоғамдық қатынастар жүйесіне

тікелей араласып, басқа адамдармен өзінің мінез-құлқын ретке келтіреді және ұйымдастырады. Яғни, объективті түрде тұлға социумда, қоғамда пайда болады, қалыптасады, қызмет етеді және дамиды, оның өмір сүруі қоғамдық қатынастар жүйесінің әсерімен жүзеге асады және бұл қатынастар адамның өзіндік, мақсат қою қызметімен анықталады. Осылайша, адамның басқалармен (тұлғалармен) қарым-қатынасы тұлғалықты қалыптастырады, көрінеді және өмір сүреді.

Субъективті қарым-қатынастар, диалог, сүйіспеншілік пен парызға негізделген еркін рухани қарым-қатынастар адамның маңыздылығы мен қадір-қасиетін растайтын негізгі факторлар. Тұлға, әдетте, адамның жеке өмірі, оның бірегейлігі, ақылдылығы, мінезі және ерік-жігері ретінде анықталады. Адамның жеке тұлға ретіндегі ең маңызды қасиеті – оның мақсат қою әрекеті. Жоғарыда аталған ұғымдарға анықтама бере келе тұлғаның мәні 1) белсенділік; 2) психикалық бағдары; 3) саналылық өлшемі; 4) жеке мәдениеті, яғни білімі, дағдысы және көзқарасы сияқты құрылымдық қасиеттерімен байланысты ашылады [1, 123 б.]. Бұл жерде белсенділіктің жеке адамға әсері мол, тек белсенділікте индивид өзін тұлға ретінде көрсетеді және бекітеді. Әлеуметтік белсенділіктің күрделенуі мен саралануы ғана тұлғалық дербестіктің алғы шарттарын жасайды. Десек те, бұл процесс өте қайшылықты.

Адам жеке тұлға ретінде белгілі бір қоғамдық қатынастардың ықпалында бола отырып, өзі соларға әсер етеді, оларды дамытады, өзгертеді – бұл заңдылық. Сонымен қатар, нормативтік реттелетін қоғамдық қатынастарға кіретін адам әлеуметтік функциялар мен рөлдердің тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді [4, 86 б.]. Адамзат дамуының бүкіл тарихи жолында жеке адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас қана емес, сонымен қатар тұлғаның құндылықтық бағдарлары да өзгереді. Тұлға – әлеуметтік және қоғамдық қатынастардың субъектісі, адамның даралық, тұлғалық көрінісі.

Тұлға әртүрлі іс-әрекеттің субъектісі ретінде дербес «Менге» ие, бұл оның әр түрлі рөлдерімен сәйкестендірілуіне жол

бермейді. Жеке тұлғаның дербестігін қамтамасыз етудің маңызды сәті оның адамгершілік-моральдық қасиеттері болып табылады, бұл өзін-өзі тануды жеке тұлғаның қадір-қасиетін сақтауға және көтеруге жол ашады. «Әрбір жеке адамның тұлғасы адамгершілік парызды орындаушы ретінде еркіндік әлеміне, табиғи және сирек әлеуметтік заңдылықтармен анықтала отырып, табиғат әлеміне (қажеттілік әлеміне) жатады» [5, 82-90 б.]. Өкінішке орай, кейде адам өзінің ішкі рухани мазмұнын қалыптастыратын құндылықтар ақиқат па, жалған ба сараламай, оны өзінің өмірінің мағынасына, өмірінің өзегіне айналдырады, оны шынайы деп қабылдайды. Бұл құндылықтар, өз кезегінде, субъектінің ойлауы мен болмысын анықтайды, оның ұмтылыстарын, мотивтері мен мақсаттарын бағыттап және оның жеке басының құрылымдық архитектурасын ұйымдастырады.

Тұлғаны адамның негізгі қасиеттері тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге оның өзіндік генетикасы, физиологиясы, санасы, жеке мәдениеті, әлеуметтік, рухани ерекше қасиеттері арқылы да анықтауға болады. Тұлғаны құрайтын элементтер үш топқа бөлінеді: 1) физикалық тұлға, 2) әлеуметтік тұлға және 3) рухани тұлға» [5, 82-90 б.]. Бұл физиологиялық, әлеуметтік және рухани ерекшеліктері бойынша бағаланатын адам. Осыған байланысты тұлғаның ерекшеліктері мен қасиеттерінде көрінетін, әлеуметтік позициялары мен әрекеттерінің алуан түрлілігінде көрінетін ауқымы туралы айтуға болады.

Сонымен адам, ең алдымен, өзін қоршаған ортаны өзгертуге қабілетті белсенді әлеуметтік субъект. Одан әрі тұлға – өзіндік мәдениеті бар ойлайтын (функционалдық сана, интеллект) және психикалық сау адам. Бұл қасиеттердің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, осыған байланысты адамның артықшылықтары мен жасырын бейімділігі анықталады.

Философ Эрих Фромм адамның өмірін оның ақыл-ойы басқарады дейді. Ақыл «инстинкттерді алмастырып қана қоймай, өмір сүруді қиындатады» дегенмен, соның арқасында «адам өзін-өзі тануда және оған қарсы тұру арқылы табиғаттан ерекшеле-

нуге мүмкіндік беретін мүлдем жаңа қасиетке – өзін-өзі тануға ие болады» [4, 86 б.]. Өзін-өзі танудың арқасында адам табиғи жайлылықтан шығарылып, барлық жануарларға тән табиғи тіршіліктің үйлесімділігін бұзады. Ол еркіндікке ие болады, бірақ «ол қайда баратынын білмейді» және өзі үшін, өз жолы үшін жауапты болады. Осылайша жауапкершілік келеді және жеке экзистенциалды мәселелер туындайды.

Адам әрқашан объективті және субъективті жоспардың әртүрлі факторларымен анықталатын таңдау жағдайында болады. Бір жағынан, кез-келген еркіндік ауырпалық туғызса, ал мәжбүрлеу жауапкершіліктен босатады. Екінші жағынан, адам кез-келген әрекет үшін жауапкершілікті өз мойнына алу арқылы ғана еркін бола алады. Сондықтан кез-келген таңдау мүмкіндігі адамгершілікпен, қоғаммен және мәдениетпен құрылған бір шеңберге ие және кез-келген таңдау жауапкершілікті қамтиды, өйткені ол басқа адамдардың да таңдауы мен жағдайына әсер етеді.

Адам ешқашан статикалық емес, ол әрқашан қалыптасу процесінде болады. Бұл, әсіресе, терең мәдени өзгерістер мен қақтығыстар дәуірінде, адам болмысының мағынасын табуға немесе өмір сүруге дәстүрлі нанымдар мен құндылықтар жетекшілік етпейтін кезеңдерде қолданылады. Гуманистердің пікірінше, адамдар өз тағдырларын таңдау және бағыттау арқылы жауапкершілікті өз мойнына алуы керек деп санайды, өйткені олар қаласа да, қаламаса да, бұл дүниеге келген соң адам өміріне, яғни өз өміріне жауап береді. Өйткені еркіндік пен жауапкершіліктен аулақ болу, шынайы болмау және сатқындық жасау, ақыр соңында үмітсіздікке алып келеді.

Еркіндік қажеттілікпен, теңдікпен, әділеттілікпен, жауапкершілікпен бірге қарастырылып, адамның мәні мен өмір сүру тіршілігін сипаттайды. Еркіндік адам өмір сүретін ортаны тәжірибелік жолмен өзгертеді және ол мақсатты әрекетте көрінеді. Әрине, әрбір адам жеке тұлға, бірақ оның қалауы мен мүддесі қоғамның мүдделерімен сәйкес келе бермейді. Бұл жағдайда жеке адам әлеуметтік заңдардың әсерінен қоғам мүддесін бұзбау

үшін жеке жағдайларда әрекет етуі керек, әйтпесе қоғам атынан жазаланады. Яғни қоғамда жеке еркіндік қоғам мүдделерімен шектеледі. Осылайша, адам өз еркіндігін үнемі шектейді және оның толықтығына жете алмайды, яғни абсолютті еркіндік жоқ. Бұл мүмкін емес.

Егер еркіндікті онтологиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, ол адамның өмір сүру тәсілдерінің алуан түрлілігін көрсетеді, соның ішінде жалған тәсілдерді де қамтиды; адам әртүрлі құндылықтарды, соның ішінде оның еркіндігін жоққа шығаратын жағымсыз немесе адамгершілікке кереғар келетін мағыналарды да жасай алады және оны таңдай алады. Егер еркіндік таңдауды болжайды десек, ал таңдау өз кезегінде жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан еркіндіктің екінші жағы адамның өз еркіндігінен бас тартуы, демек жауапкершіліктен қашу. «Адамдар еркіндіктен қорқады» – дейді Э. Фромм. Еркіндіктен қашу – ерекше құбылыс, бұл жауапкершілікті жоғалтумен байланысты. Еркіндіктің өсіп, кеңеюімен адамдар бұрын жеке қоғамдық құрылымдар (мемлекет, қоғам) көтерген жауапкершілік жүгін өз мойнына алуға мәжбүр. Бірақ жауапкершіліктің ауыртпалығы адамды қысады, оған қамқорлық жасамайды, жағдайды, жайлылық сезімін «бұлдыратады». Сондықтан да адамның өз тағдыры мен жеке басының еркіндігін басқаға немесе басқаларға сеніп тапсыру арқылы жауапкершілік пен еркіндіктен арылу кейде оңайырақ [6].

Еркіндік категориясын анықтаған кезде оның мәніне назар аударған жөн. Жеке еркіндік көбінесе жеке таңдау мүмкіндігін меңзейді. Бірақ таңдау мүмкіндігі – оның мәні емес, сыртқы еркіндік деңгейі, оның көрінісі. Адамзат табиғатпен, басқа адамдармен, бүкіл қауымдастықтармен, өркениеттермен үйлесімді қарым-қатынасқа әкелмейтін, мысалы, билікке, үстемдікке, артықшылыққа және т.б. сияқты жалған құндылықтарға ұмтылады. Бұл қаншалықты парадоксальды болып көрінсе де, еркіндіктің арқасында адам (тіпті бүкіл қоғам) осы жалған құндылықтарды таңдау арқылы адам болмысының дамуына тосқауыл қояды, жалған жол жасайды. Сондықтан еркіндік зорлық-зомбылыққа емес, тәуелділікке

қарсы тұрады. Кез келген әдеттерге тәуелділігін жеңе алған адам олардан тәуелсіз, демек еркін болады. Яғни, еркіндіктің мәні өз болмысында болу, толық тәуелсіздік, өзіндік өмір сүру. Еркіндік – бұл адамның «Мені» және оның функциясысының маңызды негізі.

Еркіндік – экономикалық еркіндік (қанаушылықтан еркіндік; тең экономикалық қатынастар; экономикалық әрекеттер еркіндігі), саяси еркіндік (адамның қалыпты өмірін қамтамасыз ететін азаматтық құқықтардың жиынтығы; әділетті ұлттық-мемлекеттік құрылым; жалпыға бірдей сайлау құқығы), рухани еркіндік (дүниетанымдық, идеологияны, діни сенімділікті таңдау еркіндігі; рухани насихат еркіндігі және т.б.), гносеологиялық еркіндік (адамның табиғи және әлеуметтік әлем заңдылықтарын білу нәтижесінде әрекет ету қабілеті) болып бөлінсе, оның деңгейлері де әртүрлі болып келеді, мысалы, еркіндіктің ең жоғарғы деңгейі – адам өзінің саналы міндетіне сәйкес әрекет еткен кезде, ал ең төменгі деңгейі – адам дұрыс болатынын біле тұра өзін белгілі бір әрекетке мәжбүрлеуі. Қоғам адамға неғұрлым еркіндік берген сайын, соғұрлым оның осы еркіндіктерді пайдалану жауапкершілігі артады

Тұлғаның еркіндігі мен жауапкершілігі философиядағы негізгі ұғымдар болғандықтан оларды талдау ежелгі философтардан қазіргі ойшылдарға дейінгі көптеген идеялар мен теорияларды қамтиды. Кезінде Сартр адам өзінің іс-әрекеті үшін ғана емес, өзінің болмысы үшін де жауапты деп есептеді. Ол былай дейді: «Мен... өзім үшін және барлығы үшін жауаптымын және мен таңдаған адамның белгілі бір бейнесін жасаймын; өзімді таңдау арқылы мен жалпы адамды таңдаймын». Басқаша айтқанда, мен өз әрекетіммен тағдырымды және өзімді таңдап қана қоймай, басқа адамдарға қандай да бір әсер етемін. Әйтеуір әрекет ете отырып, мен басқаларға: «Дәл осылай істеу керек» деп айтатын сияқтымын дейді [7, 324 б.]. Әрбір таңдау тұлғаны қалыптастырады, оның болашағын және мәнін анықтайды. Сондықтан адамның, әсіресе, тұлғаның еркіндігі мен жауапкершілігін философиялық талдау олардың өзара тәуелділігін және жеке адам мен қоғамның

толыққанды дамуы үшін үйлесімді өмір сүру қажеттілігін көрсетеді.

Г.В. Лейбництің пікірінше, «еркіндіктің мәні – бұл адамның өзін-өзі анықтауы» [7, 200 б.], ал «жақсылықтың себебін анықтау – бұл еркін болу дегенді білдіреді» [8, 200 б.]. Мұнда еркіндік жеке құндылық ретінде персоналистiк-аксиологиялық түсіндіруден шығады. Еркіндіктің өлшемі – адамның өз күш-жігерімен қаншалықты жақсылықтың пайдасына таңдау жасауы және бұл таңдауды шындықта қаншалықты жүзеге асыруында. Мысалы, қоғамның жетістіктері (экономикалық, әлеуметтік-саяси, ғылыми-техникалық, рухани) еркіндіктің алғышарттары мен шарттары ғана, ал жеке тұлғаның міндеті – олардағы жақсы мүмкіндіктерді пайдалана білу. Адам қалай әрекет ету керектігін білгенде ғана еркін болады.

Еркіндікпен бірге жүретін жауапкершілік – адам өмірінің бір-бірімен тығыз байланысты маңызды қырларының бірі. Егер еркіндік таңдау еркіндігін білдірсе, жауапкершілік дегеніміз – шешімді, әрекетті таңдауды бағалау, олардың қоғамға және жеке адамға пайдасын немесе зиянын анықтау деп білеміз. Жауапкершіліктің де этикалық өлшемі бар. Жауапкершіліксіз еркіндік хаос пен жаттануға әкеледі. Яғни, жауапкершілік – өз шешімдерінің салдарын саналы түрде қабылдауды, басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді, сондай-ақ олардың қателіктері мен түсініспеушіліктеріне жауап беруге дайын болуды білдіреді.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, тұлғаның еркіндігі мен жауапкершілігі өзара байланысты, жауапкершіліксіз еркіндік хаос және заңдардың бұзылуына әкелуі мүмкін, ал еркіндік болмаса, жауапкершілік жеке тұлғаны басу және адам құқықтарын бұзу құралы бола алады. Бұл шиеленіс адам барынша еркіндікке ұмтылған кезде, бірақ өз іс-әрекеті үшін жауапты болу қажеттілігімен бетпе-бет келген кезде туындайды. Сондықтан еркіндік пен жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті табу, өзін-өзі жетілдіруге және басқа адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін

құрметтеуге ұмтылу маңызды. Осылайша ғана қоғамда үйлесімді даму мен ынтымақтастыққа қабілетті еркін және жауапты тұлға қалыптасады. Тұлға – бұл әлеуметтенген жеке тұлғаның бір жағы, оның таңдауын анықтайтын қасиеттері. Бұл «таңдау» категориясы адам білімінің арнайы салаларында қалыптасқан тұлға туралы идеяларды біріктіруге мүмкіндік береді» [9, 199 б.]. Сондықтан кез келген адам тұлға болып табылмайтыны анық.

Тұлғаның жалпы белгілері – ақыл, еңбек, шығармашылық, еркіндік және жауапкершілік. Еркіндік пен жауапкершілік диалектикасы жеке тұлғаның таңдау кеңістігін жасайды, сол арқылы ол өзінің даралығын жүзеге асырады. Адамның өзін-өзі жүзеге асыруы әлеуметтік жүйенің оған беретін мүмкіндіктерінен көрінеді. Қоғамдағы адамның жеке еркіндігі әлеуметтік әділеттілікпен, яғни әлеуметтік дамуға нақты немесе әлеуетті үлеске байланысты материалдық және рухани игіліктерді, құқықтар мен бостандықтарды бөлумен тығыз байланысты. Адамзат әділеттілікті армандап қана қоймай, оны жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етеді.

Қазіргі қарқынды технологиялық даму жаңа тәуекелдерді тудырды, мұны қайта құрулардың жиынтығын әртүрлі ақпараттық қоғам, жалпы тұтыну, жоғары технологиялар, жаһандық әлемдік тәртіп, тәуекелді қоғам ретінде түрлі позициялардан тұратын жаңа типті қоғамның қалыптасуы деп қарастырамыз.

Сонымен қатар адамдар қайта пішімдеу жағдайындағы қоғамның қалыптасуы мен дамуының яғни, бір сапалық күйден екіншісіне көшудің куәсі болуда. Алайда бұл ауысу тек экономикадағы, саясаттағы, құқықтағы, ғылым мен мәдениеттегі өзгерістермен байланысты емес. Бұл ең алдымен нақты адамның, оның санасының өзгеруіне байланысты. Дәл осындай кезеңдерде жеке тұлғаның жалпы қоғамның одан әрі дамуының мүмкін нұсқаларын таңдаудағы бастамашылық рөлі мен ықпалы артады.

Күн сайын жаңа міндеттер мен мүмкіндіктер әкелетін XXI ғасырдың қарқынды өзгерістер әлемінде еркіндік пен жауапкершілік жай ғана абстрактылы ұғымдар емес, тұлғаның да-

муын анықтайтын негізгі факторларға айналуда. Олар тұлғаның қиындықтарды қабылдауына, қателіктерінен сабақ алуға және ары қарай дамуына көмектеседі. Өзін-өзі тануға және жақсылыққа ұмтылуға мүмкіндік береді. Питер Бергердің пікірінше: «Мұның барлығы жеке адамдарға да, тұтас қауымдастыққа да артқан еркіндіктің ауыр сынағы десек қателеспеген болар едік. Еркіндікті бағалайтын кез келген адам онымен байланысты шығындарға қарамастан, бұл оқиғалардың дамуына шағымдануы екіталай» [10, 24 б.].

Қоғамдағы бетбұрыс кезеңіндегі құндылықтардың қайта бағалануы және әлеуметтік өмірдегі өзгерістерге байланысты және адамдардың санасындағы түбегейлі өзгерістер нақты адамға деген қызығушылықты арттырды. Ол жалпыадамзаттық гуманистік құндылықтардың басымдылығын, әрбір жеке адамның құқықтарын, еркіндігі мен қадір-қасиетін тану бағытында жүзеге асырылады.

Тұлға мәселесін шешу қажеттілігі қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің шиеленісуімен және тарихи үдерістегі адам факторының рөлінің артуымен байланысты. Осылайша тұлға мәселесін қарастырғанда жеке жауапкершілік, жалпы әлеуметтік белсенділік және үйлесімді даму параметрлері бірінші орынға шығады. Тұлға мен оның тұтастығы мәселесін, жеке адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты әртүрлі философиялық тұжырымдар тұрғысынан қарастыру өте өзекті.

Тұлғаның қазіргі қоғамдағы рөлінің бірнеше негізгі қырларын атап көрсетсетін болсақ, олар:

1. Көшбасшылар, олар саясаткерлер, әлеуметтік белсенді немесе бизнесмендер болсын, қоғамды қайта құруда көбінесе шешуші рөл атқарады. Олардың көзқарасы мен іс-әрекеті өзгерістерге бағыт-бағдар беріп, бұқараны жұмылдырып, қоғамның бағытын айқындай алады.

2. Жеке адамдар немесе шағын топтар енгізген технологиялық және әлеуметтік инновациялар қоғамның өмір салтын, қарым-қатынас режимдерін және экономикалық құрылымын

айтарлықтай өзгертуі мүмкін. Олар, Интернеттің ойлап табылуы немесе әлеуметтік желілердің дамуы коммуникация процестерін және әлеуметтік динамиканы түбегейлі өзгертті.

3. Қоғамды реформалау жағдайында белсенді азаматтық ұстаным маңызды. Адам құқықтарын қорғау, өмір сүру жағдайын жақсарту, сыбайлас жемқорлық пен әділетсіздікпен күресу бойынша жеке әрекеттер қоғамдық пікірді қалыптастырып, жүйелі өзгерістерге ықпал ете алады. Бір мақсатқа біріккен белсенділер мен қарапайым азаматтар үкімет пен ірі корпорацияларға айтарлықтай қысым көрсетуі мүмкін.

4. Қоғамның қайта пішімделуі жеке адамның жаңа жағдайларға бейімделуін талап етеді. Жеке тұлғаны дамыту, жаңа дағдыларды үйрену, ойлау мен мінез-құлықты өзгерту қабілеті – бұл сәтті бейімделудің маңызды элементтері. Жаһандану және жылдам технологиялық өзгерістер жағдайында үздіксіз білім алу қабілеті негізгі құзыреттілікке айналуға.

5. Маңызды өзгерістер кезеңдерінде моральдық және этикалық нормаларды сақтаудағы тұлғаның рөлі маңызды. Моральдық жауапкершілігі жоғары тұлғалар басқаларға үлгі болып, әділетті және әдепті қоғамның қалыптасуына үлес қоса алады. Бұл, әсіресе, моральдық нұсқаулар бұлыңғыр болатын дағдарыс кезінде маңызды.

6. Мәдениет және өнер саласындағы шығармашылық тұлғалар әлеуметтік өзгерістерге терең әсер ете алады, мәдени контексті қалыптастырады және құндылықтар мен нормаларды қайта қарауға көмектеседі. Суретшілер, жазушылар, музыканттар қоғамдағы өзгерістерді бейнелеп қана қоймай, оны жүзеге асыруға шабыттандырады.

Демек, тұлға қоғамдық қатынастарды тасымалдаушы ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке ерекшеліктеріне, қасиеттері мен қабілетіне, тәжірибесі мен зердесіне, ұйымшылдығы мен кәсіпқойлығына, өзіндік мәдениетіне сәйкес әрекет етеді. «Тұлға өз өмірінде өзін-өзі жүзеге асыруға тәуелсіз, еркін және жауапты бола отырып, өзін-өзі тану, өзінің «Мені», яғни санасы бар тіршілік

субъектісі» [11, 62-66 б.]. Тұлға – қоғамдық және әлеуметтік белсенді, жеке дара бірегей адам.

Тағы айта кететін жайт: қазіргі қоғамда адам қалыптаса отырып, өзін-өзі жүзеге асырудың жаңа қалпына еніп, цифрлық еркіндіктің арқасында өзін цифрлық жеке тұлға ретінде жүзеге асыруда. Цифрлық қоғам сананы, дүниетанымды және ойлауды топтастыратын цифрлық әлемге тартылған адамдарды біріктіруге және цифрлық еркіндік арқылы сананы даралауға бағытталған. Осыған байланысты цифрлық қоғамда этикаға, гуманизмге бағытталған ғылыми бағдарламалар жасап, адамның тұтастығы мен даралығын сақтауға ұмтылу қажет.

Сонымен тұлға көшбасшылық, жаңашылдық, әлеуметтік белсенділік, тұлғалық даму, адамгершілік және мәдениет арқылы өзгерістер процестеріне әсер етіп, қоғамды өзгертуде негізгі рөл атқарады. Белсенді, шығармашыл және этикалық жауапты жеке тұлғаны дамыту және қолдау қоғамды табысты өзгертудің маңызды факторы болып табылады. Дәл осы қасиеттер арқылы әлемдегі барлық мақсаттары мен армандарына жетеді және адам тұлғаға айналады. Бұл мүмкіндіктер еркіндігінің артуы жаңа міндеттерге екеледі, жауапкершілікті талап етеді.

Еркіндік пен жауапкершіліктің арақатынасы призмасы арқылы тұлғаның рухани қалыптасуы – мұқият зерделеу мен түсінуді қажет ететін күрделі де көп қырлы процесс. Осы қасиеттердің үйлесімді дамуы қазіргі жағдайда саналы шешім қабылдауға және олар үшін жауапкершілік алуға қабілетті, жетілген, жауапты және еркін тұлғаны қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

Шығыс және Батыс философиялық тәжірибесіндегі тұлғаның қалыптасуы мен дамуы ерекшеліктерінің өзіндік қырлары туралы түсініктерге сыни талдаулардың негізінде салыстырмалы сипаттамалар беруге тырысып көрелік. Осы тарауда Шығыс және Батыс мәдениеттерінің сұхбатынан туындаған танымдық, құндылықтық процестер барысында еркіндік пен жауапкершілік арқылы заманауи тұлғаның қалыптасуы айқындалады. Шығыс және Ба-

тыс философиялық тәжірибесінде еркіндік пен жауапкершілік мәселелерінің тұлғаның қалыптасуы мен дамуына ықпалын анықтау, олардың мәдени және философиялық дәстүрлерінің айырмашылықтарына назар аудару өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Шығыс пен Батыс арасындағы мыңдаған жылдар бойғы ұзақ және күрделі байланыстардың нәтижесінде жаңа идеялар, әдет-ғұрыптар мен өмір салты қалыптасты.

Ежелгі заманнан бері Шығыс елдері Батыс саяхатшыларын баурап алып, оларды осы аймақтың даналығымен және руханилығымен таң қалдырды. Қытай, Жапония, Үндістан және басқа да елдердің ежелгі өркениеттеріне назар аударсақ, тепе-теңдік пен үйлесімділік ілімімен Қытайдан келген даосизм ілімдері, жанашырлық пен ағартушылықты уағыздайтын буддизм философиясы және өзін-өзі дамытуға жол ұсынатын үнді йогасы сияқты негізгі философиялық мектептер Батыс мәдениетіне тереңдеп еніп, айтарлықтай әсер етті. Заңдары мен инфрақұрылымы бар Ежелгі Рим, өнері мен ғылымы бар Қайта өрлеу дәуірі, парасаттылық пен интеллектуалдық дамуға баса назар аударған ағартушылық идеяларының барлығы Батыс мәдениетінің негізін құрайды және қазіргі қоғамға ықпалы зор. Шығыста қоғам дәстүрлі өмір салты мен отбасылық құндылықтарға бағытталса, Батыс елдері техникалық прогреске және қоғамның әрбір мүшесінің әлауқатының жоғары деңгейіне негізделген жеке тұлға қызметінің шығармашылық бағытымен сипатталады [12, 283 б.].

Дегенмен, Шығыстың Батысқа, Батыстың Шығысқа ықпалы тек мәдени аспектілермен шектелмейтінін атап өткен жөн. Қазіргі тұлғаның қалыптасуына Шығыстың ықпалын бағаламау мүмкін емес. Шығыстың идеялары мен тәжірибесіне ашық болу адамдардың ішкі әлемін байытып, өзін-өзі дамытуға және басқалармен түсіністік пен шығармашылық деңгейде қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Батыс та тұлғаның қалыптасуына өзіндік үлесін қосты. Батыстың индивидуализм идеялары, жеке тұлғаның еркіндігі, экономикалық табыс және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылу жаңа ұрпақтың құндылықтарын қалыптастырудың негізі болды.

Еркіндік пен жауапкершілік ерте замандардан бері адамзатты толғандырып келе жатқан күрделі мәселе. Әлеуметтік болмыста еркіндік пен жауапкершіліктің өзара байланысының алатын рөлі зор. Еркіндік адамзаттың арманына айналған ұғым ретінде танылған болса, осы тілекті жүзеге асыру барысында адам жауапкершілік феноменімен байланыста болады. Еріксіз адам еркін тұлға ретінде белсенді әрекет ете алмайды, сондықтан, оған адам қашанда ұмтылады, құмартады, ал жауапкершілікті жете сезінбеу адамды бейжайлық пен немқұрайлыққа алып келеді.

Тұлғаның қалыптасуы – бұл үздіксіз процесс, ол өмір бойы жалғасады. Еркіндік адамның өз қалауы бойынша әрекет етуге, қабілеттері мен шығармашылық бейімділіктерін көрсетуге, даралық және өзіне деген сенімділікті нығайтуға көмектеседі. Сол еркіндікпен қатар жауапкершілік те келеді және жауапкершілік моральдық, этикалық мінез-құлықты дамытады, әрекеттерінің тәуекелдері мен салдарын бірдей бағалауды үйретеді, осылайша, адамды жеке тұлға ретінде қалыптасып, ары қарай өсуге және дамуға мүмкіндік береді. Әл-Фараби еркіндік пен жауапкершілік адамның ішкі табиғатынан туындайды дейді. Ол әр адамның өзіне ғана тән әлеуеттері мен қабілеттері, оның еркіндігі осы қабілеттерді өз мүмкіндігінше дамытып, пайдалана білуінде деп тұжырымдады. Ол әр адам өзінің кемелдігіне ұмтылып, шындық пен хикмет іздеуі керек деп есептейді [13, 46 б.].

Шығыс философиялық дәстүрлерінде еркіндік пен жауапкершілік басты орында және индуизм, буддизм, даосизм және т.б. көбінесе карма мен дхарма контекстінде қарастырылады. Бұл ұғымдар адамдарға саналы және үйлесімді өмір сүруге көмектесетін негізгі принциптер мен ілімдерді құрайды. Дхарма әр адамның өмірде өзіндік ерекше жолы мен мақсаты бар екенін және ол орындалу үшін тек осы жолмен жүру керек екенін көрсетеді. Шынайы еркіндікке өз-өзіне саналы түрде жауапкершілікпен қарау және өз дхармасын белсенді түрде ұстану арқылы ғана қол жеткізеді. Карма заңының моральдық жағы – адам ең алдымен өз ойы мен ниеті үшін, содан кейін ғана нақты әрекеттері үшін жа-

уапты [14, 174 б.]. Осылайша, карма адамның әрекеттері мен ойлары үшін жауап беретінін және өз тағдырын жасаушылар екенін атап көрсетеді. Карма адам әрекеттерінің болашақта қайта оралуы мүмкін деп болжайды, сондықтан әрбір адам, жеке тұлға өз әрекеттеріне жауап береді. Бұл принциптерді елемеу кармалық жағдайға және рухани бағдардың бұзылуына әкелуі мүмкін.

Исламда Құдай адамға ақыл-ойды ажырата алатын, ақылмен түсінетін, жүрегімен сүйетін, өз еркімен таңдап, шешім қабылдай алатын еркін таңдау берді. Әр адам барлық мүмкіндіктерді өз еркімен пайдаланады, себептерін орындайды және Құдайдан нәтиже күтеді [15, 16 б.]. Діннің ерекше орны – адамның Құдай алдындағы жауапкершілігі. Өзін-өзі жүзеге асыруда жауапкершілік сезімін дамыта отырып, адам өз кінәсінен арыла алады.

Шығыс философиясындағы еркіндік материалдық байланыстардан, өзімшілдік құмарлықтардан және иллюзиялардан арылу деп түсіндіріледі. Бұл ақыл-ой мен рухани көрегендіктің жоғары деңгейіне жету үшін адам өзінің және қоғамның шектеулерінің тұтқынынан құтылу. Ол азаптан құтылуды және үйлесімділік пен тепе-теңдік жағдайында болуды қамтиды. Шығыс философиясы адамның ішкі дүниесіне үлкен көңіл бөледі, өзін-өзі дамыту тәжірибесін ұсынады, бұл адамның ішкі әлеуетін тануға, қайғы-қасіретті жеңуге және ішкі тепе-теңдікке қол жеткізуге ықпал етеді.

Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін еркіндік пен жауапкершілік Батыс философиясындағы маңызды ұғымдардың бірі болды. Батыс философиясының тарихы барысында көптеген ойшылдар өз еңбектерінде еркіндік пен жауапкершіліктің маңыздылығын атап өткен. Мысалы, ежелгі гректің ұлы философы Сократ өзінің танымал майевтика әдісінің көмегімен диалогтар жүргізіп, әрбір жеке адамның санасынан шындықты тапты. Адам өз қателіктерін түсініп, шындықты іздеу арқылы еркіндікке қол жеткізеді, осылайша ғана ол өзіне және басқаларға жауапты бола алады.

Сократтың шәкірті Платон оның идеяларын дамытып, өзінің «Мемлекет» атты еңбегінде идеалды қоғамдағы еркіндік пен

жауапкершілік мұраттарын талқылайды. Платон тек әділ адам ғана еркін және жауапкершілікті бола алады, өйткені тек әділ адам ғана даналық пен әділеттілікке сай әрекет етеді деп тұжырымдаса, Аристотель еркіндіктің екі түрін анықтады: іс-әрекет еркіндігі және таңдау еркіндігі. Оның ойынша, еркіндік пен жауапкершілік ақыл мен таңдауға негізделеді, ал өз ісіне парасатты адам ғана жауапты бола алады.

Ортағасырлық ойшыл Томас Аквинский де осы мәселеге тоқталып, ерік бостандығы мен Құдайдың тағдыры арасындағы байланысты ерекше атап өтті. Ағартушылық дәуірінің ұлы философтарының бірі Иммануил Кант өзінің этикасын категориялық императив ұғымына сүйене отырып дамытты. Ол адам еркін және жауапты субъект, ал оның іс-әрекеті жалпыға бірдей этикалық нормаларға сай болуы керек деп есептеді. Канттың пікірінше, еркіндік пен жауапкершілік адамгершіліктің жалпыға бірдей заңдылықтарын түсіну және қабылдау қабілетінде жатыр. Оны адамның даралығы және таңдау еркіндігін сақтай отырып, өз міндеттерін қалай орындай алатыны қызықтырды. Адам еркіндігі оның тәуелсіздігі деп түсінеді Кант [16, 31 б.]. Қазіргі кезде бұл сұхбат жалғасуда, Зигмунд Фрейд пен Жан-Поль Сартр психология мен экзистенциализм контекстіндегі еркіндік пен жауапкершілік тақырыбын қозғады. Б. Спиноза: еркіндік – ерікті шешім емес, ал жауапкершілік өнегелі – деп, бірінші рет еркіндік пен жауапкершілік мәселесін байланыстырады. Ойшыл жаман, зиянды сезімдерге: өкініш, ар және ұятты жатқызады. Ал еркіндік, жауапкершілік, парыз сезімдерін оң, өнегелі сезімдер деп санаған [17, 258 б.]. Ал Ж.Ж. Руссоның пікірінше «Тұлғаның шынайы негізі адамдардың еркіндігі болып табылады [18, 55 б.]. Адам табиғатынан еркін және жақсылық жасауға бейім болып туылады.

Жалпы, Батыс философтары еркіндік пен жауапкершілік мәселелерін әртүрлі көзқарастармен қарауға мүмкіндік беріп, осы күрделі және өзекті мәселелер туралы түсінігімізді кеңейтуге көмектесті. Олар еркіндік пен жауапкершіліктің парасаттылықпен, біліммен, адамгершілікпен және өз болмысын сезінумен тығыз

байланысты екенін көрсетті. Бұл тұжырымдамалар қазіргі әлемде өзекті болып қала береді және оларды зерттеу мен талқылау философиялық дискурстың мазмұны болмақ. Олар таңдау еркіндігін, сонымен бірге адамның өз әрекеттеріне саналы түрде қарауды және олар үшін жауапкершілікті қабылдауды талап етеді.

Шығыс философиясында тұлғаның эволюциясы көбінесе рухани ағартушылыққа қол жеткізуге және өзінің шынайы болмысын тануға бағытталған. Бұл процесс өзін-өзі бақылауды, өмірлік тәжірибені терең түсінуді және ішкі үйлесімділікті іздеуді қамтиды. Рухани ағартушылыққа апаратын бұл жол жеке тұлғаның өз әлеуетін ашуға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге өзімен, қоршаған әлеммен және жалпы ғаламмен біртұтастықты сезінуге жетелейді. Ішкі даму жеке тұлғаның әлеуетін ашуға және өмірдегі бірегей жолды табуға көмектеседі. Мұндай тәжірибелер заманауи адамға сыртқы міндеттер мен ішкі жай-күй арасындағы теңгерімді табуға ықпал етеді, оның өмірлік тәжірибесін байытады және өзін-өзі дамытуды тереңдетеді. Медитация, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану тәжірибелері арқылы адам өзінің болмысының тереңіне еніп, ақыл-ой мен эго шектеулерін жеңіп, болмысының шын мәнін аша алады.

Сонымен шығыс мәдениетінде еркіндік көбінесе қоғамдағы әлеуметтік қатынастармен үйлесімділік аясында көрінсе, жауапкершілік қоғамдық келісім мен ынтымақтастық идеясымен байланысты. Бұл отбасына, қоғамға қамқорлық жасауды және тұрақтылықты сақтау, мәдени дәстүрлерді құрметтеп, әлеуметтік нормаларды сақтауды қамтиды.

Жоғарыда көрсеткендей, Батыс дәстүрінде тұлғаның қалыптасуы біліммен, әлеуметтік қарым-қатынаспен және жеке тәжірибемен тығыз байланысты, олар бірігіп тұлғаның дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді. Білім беру арқылы адам теориялық білімді ғана емес, сонымен бірге оны өмірдің әртүрлі салаларында іс жүзінде қолдану мүмкіндігін де алады. Нәсіліне, ұлтына және дініне қарамастан толеранттылық, сыйластық және теңдік туралы батыстық идеялар заманауи мәдениетке берік

орнықты. Соның арқасында басқа мәдениеттерге деген ашықтық пайда болды, әлем туралы түсініктің көкжиегі кеңейтіліп, байытылды. Әртүрлі мәдениет өкілдерін түсінуге және құрметтеуге ұмтылу қалыпты жағдайға айналды.

Сонымен Батыс философиясы, логикаға, парасатқа және дүниені танудың ғылыми көзқарасына көбірек бағытталған. Ол ұтымды ойлауға, индивидуализм құндылықтарына, еркіндік пен өзін-өзі жүзеге асыруға баса назар аударады. Батыс философиясында білім, мансап, басқа адамдармен қарым-қатынас және сыртқы әлемде табысқа жету арқылы тұлғаның дамуына баса назар аударылады.

Дегенмен, қазіргі тұлғаның қалыптасуына Батыстың ықпалының да жағымсыз тұстары бар екенін ұмытпағанымыз жөн. Солардың бірі – әлемдік мәдениеттің біртектілігі. Батыстық үлгі мен өмір салтына ұмтылу басқа халықтардың бірегейлігі мен мәдени мұрасының жоғалтып, сіңіп кету қаупі бар. Сондықтан әлемдік мәдениеттің бірегейлігі мен алуан түрлілігін сақтау үшін батыстық және басқа мәдени ықпалдар арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет. Шығыс пен Батыстың мәдени ерекшеліктерін түсіну шын мәнінде үздіксіз білім алуды, ашықтықты және әртүрлі мәдениет өкілдерімен қарым-қатынасқа дайын болуды талап ететін үздіксіз процесс. Сондықтан ішкі және сыртқы факторларды ескере отырып, саналы шешім қабылдау қабілетін дамыту және олар үшін өзіңе және басқаларға жауап беруге дайын болу маңызды.

Әдебиеттер

- 1 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1968.
- 2 Ильенков Э.В. Что такое личность? – М., 1991.
- 3 Философия / Под ред. Радугина. А.А. – М.: Центр, 1999.
- 4 Бенин В.Л., Десяткина М.В. Учебное пособие по социальной философии. – Уфа: БГПУ, 1997.
- 5 Джемс У. Психология. – М., 1991.
- 6 См.: Фромм Э. Бегство от свободы. – М., 1995.
- 7 Сартр Ж.-П. Экзистенциализм – это гуманизм // Сумерки богов. – М.: Мысль, 1990.

- 8 Лейбниц Г. Соч.: В 4 т. – Т.2. – 1983. – С. 200.
- 9 Антипов Г.А., Кочергин А.Н. Проблемы методологии исследования общества как целостной системы. – Новосибирск: Наука. Сибирское отделение, 1988.
- 10 Бергер П.Л. Введение // Многоликая глобализация. Культурное разнообразие в современном мире / Под ред. П. Бергера, С. Хантингтона. – М., 2004.
- 11 Аверин В.А. Психология личности: учеб. пособие / В.А. Аверин. – СПб.: Изд-во Михайлова В.А., 1999.
- 12 Борзова Е.П. Восток и Запад: сравнительный анализ культур. <https://cyberleninka.ru/article/n/vostok-i-zapad-sravnitelnyu-analiz-kultur/viewer>
- 13 Сагадаев А.В. Ибн Сина (Авиценна). – М.: Мысль, 1985. – 222 с.
- 14 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 45 б.
- 15 Индийская философия. Энциклопедия / Отв.ред. М.Т. Степанянц Ин-т философии РАН. – М., Востлит.; Академический Проект; Гаудеаму, 2009. – 950 с. – 173 б.
- 16 Радин В. Кант и нравственная свобода // Вест МГУ. Сер. 16, Философия. – 2006. – № 2. – С. 31.
- 17 Спиноза Б. Богословско-политический трактат // Избранные произведения: в 2 т. – М.: Государственное издательство политической литературы, 1957. – Т.2. – С. 258
- 18 Руссо Ж.Ж. Об общественном договоре. Трактаты / пер. с фр. – М.: КАНОН-ПРЕСС. «Кучково поле», 1998. – 416 с.

2.6 Қазақтың тарихи және заманауи рухани дүниесіндегі тұлға құндылығы: концептуалды бағыт-бағдарлар

Түркі-қазақ қоғамы өзінің рухани-мәдени, саяси-әлеуметтік даму бағдарында адамның басты капитал екендігін жіті пайымдаған. Сондықтан, Елге қажетті, халықтың талғамы мен сұранысына үндес, қазақы дәстүрді бойына сіңірген, рухы мен намысы, біліктілігі мен ақылдылығы өзіне сайма-сай келетін тұлға қалыптастыруды маңызды іс деп санаған. Ұрпақтарын толыққанды, жетілген, кемелденген қылып тәрбиелеп шығаруға ерекше мән берген.

Бүгінгі күні ол ғылымда халықтық педагогика деген атпен белгілі. «Тал бесіктен Жер бесікке дейін» деп аталатын салт-

жоралар мен дәстүрлердің жиынтығы осының айғағы. Тіпті әйел жүкті кезінде дүниеге келмеген нәрестенің де қамын ойлап, ол әйелдің оқыс шошымауын, түнде далаға жалғыз шықпауын, бас киім киіп, шашын көрсетпей жүруін, сұқ көзден сақтануын, күн мен қара жерден қуат алып жалаңаяқ жүруін, жерік нәрсесін тауып беруін аса маңызды деп санау – жүкті әйелдің ғана емес, дүниеге келуі тиіс болашақ тұлғаның да алдымен денінің саулығын, одан соң ақыл-есінің кемелділігін ойлау.

Шығыс пен Батыстың сұхбаты жүйесіндегі тарихи тұлғалар: сабақтастықтың философиялық қырлары Қазақ қоғамында тұлға қалыптастыру қоғамдық өмірдің сан қырлы арнасына байланысты тек біртүрлі адамдарды емес, әрбір саласына лайықталған түрлерін дайындауды басшылыққа алған, ол – саяси-әлеуметтік, физикалық-биологиялық, рухани-мәдени т.б. даралаған. Бірақ осы тұлғаның қашанда өзінің ұлттық болмысынан айнымауын және елі мен жеріне қызмет етуін басты нәрсе деп санаған. Мысалы, Сақ ойшылы Анахарсис Грек жеріне барып, философиямен шұғылданып, Биант, Периандр, Фалес сияқты ойшылдардың тобына қосылатын әлемдік «жеті данышпанның» бірі атанғанмен, тәңіршілдік сенімнен аттап, Грекияның көпқұдайшылық дінін ұстанған үшін «Елін сатып кетті» деген айыппен сақ бауырлары тарапынан жазаланып өлтірілген.

Сақ заманынан бері жалғасқан даланың осындай қатал заңдылығы XIX ғасырдағы Шоқан Уәлихановты да еліндегі кейбір зиялылардың «орыс болып кеткен» деген желеумен жек көруіне дейін жалғасып отырған. Бүгінгі күні де қазақ тілін білмейтін тұлғаларды «мәңгүрт» деп атау қалыптасып қалған үдеріс. Халқымыз кей жағдайларда мүмкіндік келгенше, барлығына тән қасиеттерді ұрпақтарының бойына сіңіріп, жалпыға ортақ әмбебап қазақ азаматының келбетін жасаған. Бұны халқымыз: «Жігітке жеті өнер де аз», «Сегіз қырлы, бір сырлы», «Бесаспап адам» де бағалаған. Саяси-әлеуметтік тұлғалар қандық тумысына байланысты іріктелген. Хан мен билер, болыстар мен рубасылары ататектерінен жалғасқан табиғи талантына байланысты

алынғандықтан, оларды жас кезінен бастап, осы арнаға қарай тәрбиелеп отырған.

Саяси зиялылар болып саналатын қоғамның әлеуметтік бұл тобы да қатаң талаптардан өткен, ақсүйектік пен тектілік шарттарын бұлжытпай орындауы тиіс болған. Өзінің асқақ рухын үнемі төмендетпей, биік ұстаған. Оларға қарапайым халық арасынан жар таңдау мүмкіндігі берілмеген. «Қан тазалығын сақтау» қағидасы арнайы емес болса да енгізілген. Үйлену салттарында да тектілік қағидасы бойынша ата-бабасына, тіпті оның арғы аталарына қарап, ұрпақтарын бағалаған, әлеуметтік мәртебесін анықтап алған. «Қатын алма қайын ал», «Шешесін көріп қызын ал» деген нақыл сөздер осының айғағы.

Бұл жыраулық дәстүрде кең толғанылған тақырыптардың бірі. Асан қайғының Жәнібек ханға айтқаны: «Қатын алдың қарадан, Айрылдың хандық жорадан, Ел ұстайтын ұл таппас, Айрылдың ата мұрадан!» деп қара мен хан тұқымын араластырмау қажеттігін білдірсе, Бұқар жырау: «Жал құйрығы қаба деп, Жабыдан айғыр салмаңыз! Қалың малы арзан деп жаман қатын алмаңыз, Жабыдан айғыр салсаңыз, Жауға мінер ат тумас, Жаман қатын алсаңыз, Топқа кірер ұл тумас», – деп адамның сапалық жақтарына назар аударады. Ол да өз кезегінде Асан қайғы сияқты Абылай ханға да қарадан әйел алмауын ескертеді: «Ай, Абылай, Абылай, Қатын алма қарадан, Қара тумас сарадан, Қатын алсаң қарадан, Алды кетпес баладан, Арты кетпес жаладан». Бұндай тарихи тағлым қазіргі кезде адамның байлығы мен сұлулығынан гөрі оның рухани-адамгершілік келбетіне баса назар аударуға қарай ауысты. Тектілік тек тұқымға ғана қатысты емес, қоршаған орта арқылы қалыптасатын көргенділік пен моральдік сапаларға ұласып жатуы тиіс талаптарға айналды. Қазақ қоғамында бұндай тектілік, тек әйел мен ердің жұптасуына ғана байланысты емес, жалпы қоғамдық жағдайда ерлердің арасындағы әлеуметтік мәртебеге де қатысты айтылады және бұл көнеден тамыр тартқан салт есебінде сақталған. Қорқыт ата кітабындағы «Салор Қазан үйінің шабылғаны туралы әңгіменің баяны» атты жырда Қазан Бектің үйін

жау өзі жоқта шауып кетеді, ол оралғаннан кейін дұшпандарынан кек алуға жалғыз аттанады, жолда шопанына кездеседі, бақташы иесіне көмектесуге ұмтылып, одан қару-жарақ сұрап, жауға бірге аттанып бара жатқан сәтте, Қазан Бекке мынадай ой келеді: «Егер шопанмен бірге барар болсам, қалың Оғыз бектері менің басыма қазық қағып, төбемді ояр, Шопан болмаса, Қазан кәпірлерді жеңе алмас еді демей ме, одан да мұны осы араға қалдырайын», – деп, намысқа мініп, шопанды ағашқа байлап кетіп, жауға қарай өзі ғана аттанған екен. Бұнда да Бектік пен Батырлық рухтың асқақ тұлғалық көрінісі анық байқалады.

Қазақ қоғамында хан мен бектер әлеуметтік мәртебелі тұлғалар болған. Хандық институт тек саяси-әлеуметтік қана емес, қоғам мен адам арасындағы, билік пен бағынушы қатынасындағы және жалпы «ұлттық» бірлік пен оның табиғи болмысындағы маңызды буын, әрі үлкен жауапкершілік пен еркіндіктің аймағындағы жан иесін талап ететін үлгі мектебі. Саяси-әлеуметтік тұрғыдан: Хан – далалық еркіндік пен азаттық рухының жаршысы және оны тәжірибе жүзінде іске асырудың негізгі орталығы болған.

Қоғамдағы әрбір тұлғаның философиялық қырлары еркіндігі шектен шыққан бейберекетсіздік емес. Оның әлеуметтік деңгейде белгілі бір жауапкершіліктермен, түсіністіктермен, келісімділіктермен шартталып отыруы тиіс екендігінің бақылаушысы да хан болып табылады және осы еркіндіктің мәдени-әлеуметтік мағынасын терең түйсінуді болып шығады. Хан – ұлт азаттығы мен бостандық туралы ақпараттық және рухтандырушылық жан иесі және ықпалдылығы әлеуметтік мәртебесімен айқындалатын дара тұлға, ұлттық бостандықсүйгіш дүниетанымды, дала адамының азаттық рухын терең меңгерген және оны бойына жинақтаушы жалқы өкіл. Ол өзінің ішкі рухының асқақтығы мен «Меніне» халқының Рухын жетелейтін жауапкершілікті тұлға және өзі де қару алып жауға аттанған ұлт болмысының жасампаздығының куәгері. Бірақ қазақ халқында хан тек авторитарлы билеуші емес, дала демократиясына сай келетін жалпыхалықтық теңдіктің тамаша үлгісі де болған. Ол қазақ

қоғамындағы физикалық пен руханилықты біріктірген текті болып саналатын аса мәртебелі адам.

Қол бастап, жауға аттануы, ерлік көрсетуі оның физикалық қуаттылығын білдірсе, «Ханда қырық кісінің ақылы бар», – деп тұжырымдалған нақыл сөз оның руханияттық биік деңгейін дәйектеуге арналған. Арғықазақтық дүниетанымнан бері жалғасын тауып келе жатқан дәстүрлердің бірі – физикалық тұлға дайындау. Себебі, жаугершілік заман әрбір ұл баланың болашақта әскер қатарын толықтырып, жауға аттанып, елі мен жерін қорғап, физикалық жағынан жетіліп, ерлік көрсетуін талап еткен. Түркі-қазақ халықтарындағы дүниеге бала келу құбылысы салтанатты түрде аталап өтілген, оның ішінде ұл баланың өмірге келуі айрықша дәріптелді. Бұның астарында, «әрбір дүниеге келген ер бала – ел қорғаушы тұлға» (әскер) деген қағида жатыр.

Сондықтан, әрбір ұл атадан жалғыз болмаса, жауға шауып, өзінің өлім мен өмір арасындағы шекаралық жағдайлы ғұмырын ерікті-еріксіз түрде өзіне-өзі шартты түрде тағайындап қоюы тиіс болған. Бұл «еркек тоқты құрбандық» деген қатал, әрі қайғылы, бірақ ең бастысы рух беретін тоқтаммен келіп шартталған. Баһадүр тұлғасын сомдау мен оның үлгісін паш ету эпостардан және лиро-эпостардан айқын көрініс табады. Батырлар жырындағы эпостық сарындарда баһадүр тұлғасының шығу төркіні байырғы жауынгерлік дәстүрден қалған архетиптермен сабақтасқан.

Әлемнің көптеген халықтарына ортақ көне әфсаналардағы, ертегілердегі ержүректілікті насихаттау мен оны құрмет тұту – кейіннен қазақ эпостарындағы басты кейіпкерге тасымалданған. Сондықтан, бұл кейіпкер ертегілердегі бейнелердің барынша толыққанды, жетілген үлгісі болуы да заңды құбылыс және тарихи оқиғамен тікелей байланысты болғандықтан, барынша шынайы түрде құрылған. Баһадүр тұлғасына мынадай маңызды міндеттер жүктелген немесе ол «өзіне жүктеп алған»: бүкіл халықтың тағдыры мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету; өзінің қайталанбас даралығын паш ету және оны игі мақсаттарға арнау; намысшылдықтың, қайсарлықтың, ептіліктің, жігерліліктің,

төзімділіктің т.б. этикалық сапалардың озық үлгісін әйгілеу және оны жас ұрпақтарға үлгі қылып көрсету; алып қуат пен күш тасқынының кемеліне келген шегін көрсету және оны іс жүзінде дәлелдеу; үнемі өзін-өзі таныту мен өзін-өзі тани түсу әрекетінде белсенді болу; өмірінің әрбір сәтінде өліммен бетпебет кездесіп, қайткенде де жеңіске жету – мақсатты міндетке айналдыру; осы аталған қасиеттерді сүйіспеншілік қатынастарда, махаббат алаңында да қолдана отырып, өзінің мақсатына жетпей қоймайтын бірбеткейлікпен тоғыстыру болып табылады. Батырлар жырындағы бұл сарындардың лиро-эпостық жырлардан елеулі айырмашылығы бар.

Соңғысында, ғашық иесі батырержүрек болуы міндетті емес, екіншіден, мақсатына жету басты идея болып табылмайды немесе тым абстрактілі мақсаттар қойылады, үшіншіден, елдік пен ұлттық идея мәселесі толғаныла бермейді, төртіншіден, махаббат жұптарының мүддесі жалпыхалықтық сипат алмайды, себебі, кей жағдайларда дәстүршілдікке немесе атабаба заңдарына сәйкес келмей жатады. Ал батырлар жырындағы махаббат, сондықтан, күрескерлік махаббат, бірақ ел ішіндегі емес, сырттан таңылған жаулармен күрестегі жеңіс арқылы ашылатын сүйіспеншілік болып табылады.

Эпостардағы басты нысан – тұлға қалыптастырудың мінсіз үлгісін жасау болғандықтан, басты кейіпкердің балалық шағынан бастап, кемелденген кезеңіне дейінгі уақыт аралығы алынады. Яғни, ұлттың талғамындағы тұлғаның бейнесі сомдалғаннан кейін, шиеленісті оқиғалар өздігінен шешімін тауып отырады, жыр аяқталады. Батырлар жырындағы ержүректілік пен махаббат идеясының біріктірілу себебі мынада: өзіне сай қалыңдық іздеу, тұқым қуалаушылық заңдылығы бойынша ұрпағының да жаужүрек болуы, сөйтіп, түркі ұлдарының баһадүрлік дәстүрінің мәңгіге сабақтасуы үшін – жаугершілікке байланысты ержүрек тұлға дайындау мен махаббатың баяндылығының арасында байланыс орнату т.б.

Жаугершілік заманауи дәстүр мен күрескер махаббаттың бұл туындылардағы екінші қыры – тек ер адам тұлғалығы ғана емес,

асылзатты әйелдердің де белсенді әрекеті баяндалады, сәйкесінше, олар да ішкі рухани сезім күшін өз деңгейінде әйгілейді, күту мен аңсау психологиясы нақты әрекет пен нәтижеге ұмтылуға ауысады. Әйел затының бейнесі енжар, әрекетсіз емес, себебі бұнда лирикалық-романтикалықпен қатар құрылған терең сезімдік және күрескерлік махаббат философиясы жатыр. Бұнда қазақ ұлдары мен қыздары өздерін толық таныған жігер мен намыстық ділдері бойынша басқаша мүмкіндікке, басқа біреумен жұптасатын өмірге, балама нұсқа іздеуге ұмтылмайды, ішкі психологиялық сезім сыртқы психологиялық өршіл, намысшыл рухқа айналады да, түркілік жауынгерлік мінез бейненің сүйіспеншіліктегі көрінісін береді.

Махаббат жұптарының өзара ішкі «келісімі» басқаша тағдырды қаламайды, тіпті мойындағысы да келмейді, махаббат рухының мәңгілік тұрақтылығын қайталайды. Күрескерлік-жауынгерлік психология махаббат «майданына» көшіріледі. Күресу – тек сыртқы жаулар болып табылатын өзге ұлттар үшін ғана емес, өз сүйіктісі үшін де қажетті болып шығады. Сондықтан қаһармандық мұраттар ер адамдардан кем түспейтін деңгейде түркі-қазақтардың әйел бейнесіне де шоғырланған. Тарихи тұлға Тұмар патшадан бастап, эпостық кейіпкер Қарашаш сынды асыл жарлармен сабақтасып, Мәншүк пен Әлия сияқты қыздарымызға жалғасқан үлгілер осының айғағы. Олар да көнбістік пен әлсіздікті мүлде мойындамайды, себебі олар өмір сүрген заман – «өзінің еркіндік әлемі» болып табылады. Яғни, олар «бәрі де мүмкін» қағидасын іштей ұстанады. Баһадүр тұлғаның қалыптасуы мен дамуы Қорқыт заманында да басты нысанға шығарылған.

Бұнда толыққанда түркі тұлғасы болудың жас мөлшері 16 жас болып белгіленген. Он алтыға дейін оған есім де берілмейтін болған, тек әкесінің атымен «түгеншенің ұлы» деп атаған. Бірақ ол жігіт он алтыға толғанша міндетті түрде, аңға шығып, өзі аңдарды атып өлтіріп, олжалы оралуы тиіс болған және қандайда болмасын жауларымен ірілі-ұсақты айқаста ерлік көрсетуі тиіс деп бекітілген. Бұл шарттарды орындағанша ат қойылмаған. Халқымыздың

өмірмәнділік талаптарында физикалық биологиялық тұлғаның келбеті осылай жасалған.

Рухани-мәдени тұлға, оның біліктілігі мен білімі, тәжірибесі мен өмірмәнділік мақсаты, адамгершілігі мен рухани байлығы арқылы қалыптасқан. Ол Ахмет Яссауидің «аль-инсан аль камил», яғни кемел адам идеясынан, әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғыны» бейнесінен тамыр тартады. Жыраулардың идеяларындағы жігіт бейнесі арқылы сабақтасып, Абайдың «Адам бол!» қағидасындағы жетілген адам түсінігіне дейін жалғасын табады. Жыраулық дәстүрде адамның тұлғалығын сомдауда ол көп жағдайда нашар мінезді кісілермен салыстырып барып, «жақсы» және «жаман» деген өлшемдер арқылы анық ажыратылады. Мысалы, Сүйінбай Аронұлы (1822-1895 жж.) өзінің «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» деген толғауында екі кісінің өмірдегі мінез бейнелерін қатар қоя отырып көрсетеді: «Жақсы жігіт ел жұртының қаласындай, Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай. Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ, Көреді бәрін де өз баласындай. Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады, Қыранның қырдан байқар баласындай. Жаман парқы жақсымен бірдей емес, Жақсы жігіт елінің ағасындай. Жақсының сөзін әркім пайдаланар, Миуалы алма, өріктің ағашындай», – деп жырлай келе, жүзінің жылығы, сөзінің майдалығы, елге жыл құсындай болып көрінуі, айналасындағы адамдармен жақсы қатынас орнату сияқты қасиеттерді тізіп өтеді.

Адамның ішкі рухани дүниесін сомдау кейіннен де қазақ зиялыларында жүйелі түрде толғанылады. ХХ ғасырдың басында педагог Н.Манаев тұлға бойынан табылуы тиіс көркем мінездерді былайша жинақтайды: Аллаға илану, тәуекел қылу, уәдеге тұру, сабырлы болу, мәрт болу, ұятты болу, шын сөзді болу. Бүгін, әрине, жаугершілік заман өтті, ел ішінде қару асынып, соғыс өнерін үйренудің дәуірі артта қалды. Бірақ халқымыздың осындай тұлға қалыптастыру мектебінің дәстүрлері қазіргі таңда игі мақсаттарға қолданылуда: спортта, салауатты өмір салтында, намыс пен өмірге деген жігерде т.б. Мысалы, қазақ ұлдары, әсіресе, бокс, күрес, таэквандо, ережесіз ұрыс сияқты спорт түрлерінен әлемдік сахнада

үнемі алдыңғы орындардан көрініп келеді. Бұл да табиғи-туыстық түрде қан арқылы берілген, сол баяғы жаугершілік рухтың сабақтасқан кейпі болып табылады.

Ал қазіргі заманғы тұлғаға жан-жақты болу талап етіледі. Әмбебаптылық та халқымыздың тұлға қалыптастыру жүйесіндегі маңызды талаптардың бірі болған. Мысалы, Доспамбет, Жиёмбет, Ақтамберді, Сырым, Махамбет сияқты айтулы дарабоздар руханилық деңгейі бойынша – ақын, жырау, жыршы, күйші, шешен болумен қатар, физикалық-биологиялық тұлғалығы бойынша – батыр, ел үшін күрескер, тәуелсіздік рухының кейіпкерлері болған. Сондықтан, бүгінгі күні қазақ азаматының тұлғалығын қалыптастыратын қасиеттерді көрсетететін өзіндік бір тұжырымдама жасақталуда.

«Қазіргі заманғы қазақ азаматы» тұжырымдамасының нұсқасы идеологияға бағындырылған сендірулерден, семіп қалған діни қағидалардан, ғаламдандыру мен батыстандыру үдерістерінің жедел енгізілген ділімізге жат асығыстау ережелерінен қорғанудың және игілікті-пайдалы жақтарына белгілі бір деңгейде бейімделудің «әлеуметтік тетігі» болып табылуы тиіс. Мәселен, жаһандану үдерісінде әлемдік көшбасшылыққа ұмтылған мемлекеттер өз идеологиясын астарлы жүргізуге бағытталады, олар әлемдік ақпараттық кеңістік арқылы дүниежүзіне тарайды. Заман шындығын «тайталас» ретінде бағамдау тұрғысынан қарастырсақ, «идеологиялардың психологиялық күрес» дәуірі басталғандығын сезінетін уақыт келіп жетті. Осы орайда, қазақ халқының құндылықтар кеңістігіне табиғирухани негізде «сыйыса алмайтын-сыйыспауы тиіс» жағымсыз мәнді деп есеп-телетін мәдени-ақпараттық қоздырғыштар алаңынан сақтану өзекті түйткілдердің бірі.

«Қазіргі заманғы қазақ азаматы» қағидасы заманауи өзгерістер мен дәуірлердегі құндылықтардың ауысуына төтеп беретін және бейімделе алатын рухани кеңістіктегі сан алуан нұсқалардың тоғысуынан өз таңдауын еркін жасай алатын, плюралистік дүниетанымдар аймағынан өз ұстанымын үнемі қайталайтын

және бағдарлайтын, ақпарат кеңістігінде өзін «ӨЗІМ» деп тани алатын, сайып келгенде, қоғам мен әлемдегі мәртебелі орнын таба білетін тұлғаны қалыптастыруға тиісті жобаларды ұсынады. Бүгінгі әлемдік өркениеттер бәсекелестігі мен арналастығындағы әр бағдарлы құндылықтарға ілесу адамның әмбебаптығын қажет етеді.

Қазақ халқы тұжырымдағандай, «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат бүгінгі қоғамнан айғақталған өз орнын таба білетін тұлға болып шығатындығы сөзсіз. Көнеден жалғасқан түркі-қазақтық ұлттық жауынгерлік рух қазіргі заман үшін; елінсүйгіштікті, бәсекелестік психологияны, тәуелсіздікті, еркіндікті, азаттық құқығын, ұлт және дінаралық төзімділікті т.б. беретін келісімді рухқа тасымалданады. Аталған тұжырымдама келелі мақсат қойып, тәжірибелік деңгейде қолданылуы тиіс болғандықтан, теориялық-әдіснамалық нұсқау ретінде мынадай нақты қағидаларды басшылыққа алады: әлемдік өркениет пен қоғамдық ілгерілеуге ілесетін субъектілерді және Қазақстанның осы бөталыспен дамуына ықпал ететін адами қорлар мен күштерін дайындау; ғаламдық идеологиялық-ақпараттық желілер кеңістігінде еркін әрекет ететін және өзіндік өмірлік ұстанымын айнымай берік ұстанатын тұлғаларды әлеуметтендіру; мемлекетіміз бен қазақ халқының жарқын болашағын қалыптастыратын саяси-әлеуметтік стратегиялық дамуды іске асыруға лайықты адам ұсыну; ұлттық тарихи ілгерілеудің шынайы табиғи эволюциясындағы қазақ халқының құндылықтар жүйесін сақтау мен дамытуға бағдарланған азаматтарды қалыптастыру; заманауи өзгерістер мен әлемдік жүйедегі құндылықтардың ауысу талабына төтеп беретін және жағымдысына бейімделіп, жағымсызын жоққа шығара алатын, толыққанды тұлға ретінде қоғамда еркін-бақытты тұрмыс кешетін жан-жақты әмбебап адам дайындау; ұлттық өзіндік сана аймағындағы «жеке өзіндік санасын» өзі қалыптастыратын рухани кісі мен тұрмыс қалыптарына бейімделген және әлеуметтік мәртебелерге оңай көтеріле алатын жігерлі азамат қалыптастыру; қоғамымыздың дамуындағы әлеуметтік арман-мұраттарды нақты

іске асыра алатын және әлемдік өркениет адамымен сапалық жағынан тең, бәсекелесе алатын ұрпақ дайындау т.б. Сондықтан, қазіргі заманғы қазақ азаматының бойынан табылуы тиіс мынадай сапалар жинақталады: жоғары мәдениеттілік өлшем; дәулетті тұрмыс кешуге деген мүмкіндікті пайдалану; жоғары білімділік пен интеллектуалдық өлшем; жаңа технологияны еркін меңгеру; мінез-құлық бейнелерінің руханияттық көрсеткіштері мен адамгершілік; тұрмыс қалпына бейімделушілік; ұлттық идея аясындағы құндылықтарды бағалау және оны өзінің өмірлік ұстанымына айналдыру; отансүйгіштік; өмірдегі белсенділік пен болашаққа сенім; «Мен – концепция немесе өзіндік сана». Өзіндік сана: сұрыптаушы, сынаушы, қорытушы болуы тиіс. Кез келген процесті немесе құбылысты, жаңалықты – адам сынмен қарап, қажетіне қарай сұрыптап, өзіндік қорытынды шығаруға бейімделуі тиіс.

Бұл жерде адасу көздерінен сақ болу керек. Әлдебір беделдерге немесе идеологияға бағынып кету, асығыс жалпылау немесе асығыс қорытындылау т.б; өзін-өзі үнемі жан-жақты жетілдіру персонализмі бойынша кез келген адамның ашылмаған, өзі және қоғам үшін қажетті, пайдалы, тиімді қасиеттерінің қорлары бар. Себебі әрбір адам қайталанбас даралық, әлемде жалғыз. Қазіргі заманғы қазақ азаматы тұжырымдамасының мақсаты – жан-жақты адам қалыптастыру болғандықтан, әрбір азамат өзін – жан-жақты жетілдіру керек; өзі үшін жобалар жасау. Ол «жоба – іске асыру үрдісі – нәтиже» үштігімен өмір сүру керек. Соңғы уақыттарда еліміздің ғалымдары қазақтың қыз баласының қандай болуы керек екендігі жөнінде «Қазақ аруы» тұжырымдамасын жасады. Ендеше, бүгінгі тұлға еліміздің әлемдік өркениет кеңістігінің алдыңғы қатарынан табылуы үшін ол болашақ талаптарға жауап беретін озық үлгілермен қамтамасыз етілуі тиіс.

3 ЗАМАНАУИ КЕЗЕҢДЕГІ ҰЛТ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ ЖАСАМПАЗ РӨЛІ

3.1 Қазіргі Қазақстан қоғамы және жеке тұлғаның рухани қалыптасуы

Қазіргі қоғам экономиканы, саясатты, технологияны, мәдениетті, экологияны және рухани саланы қамтитын бұрын-сонды болмаған трансформациялар дәуірін бастан кешіруде. Бұл өзгерістер, адамның мағынаны, құндылықты ұстанымды жоғалтуы, дезориентация, психологиялық стресс және рухани оқшаулану сын-қатерлерімен бетпе-бет келетін «тұтас трансформация» деп аталатын, жаңа антропологиялық шындықты қалыптастырды. Шығыспен Батыс тоғысқан жерде орналасқан Қазақстан Республикасында бұл процестер ерекше өзектілікке ие. Ел жаһандық қоғамдастыққа кіріге отырып, модернизацияның бірегей жолынан өтуде, сонымен қатар тәңірлік, исламдық және қазақтың моральдық дәстүрлерін, ғасырлар бойы халықтың рухани негізін қалыптастырған ауыз әдебиетінің, оның ішінде батырлық эпостардың бірегей қабатын қамтитын бай мәдени мұраларды сақтауға ұмтылуда. Осындай жағдайда тұлғаның рухани қалыптасуы жай ғана философиялық категория емес, экзистенциалдық қажеттілікке айналады. Руханият – дүниетанымды, моральдық бағдарларды, психологиялық тұрақтылықты және күнделікті тәжірибелерді қалыптастыратын тірі құрылым. Руханилық – адам танымы мен дүниеге көзқарасының адамаралық қарым-қатынастағы биік адамгершілік қағидасы [1, 499 б.]. Халқымызға тән ұят (*моральдық ұят*), ар (*намыс*) және қасиет (*киелілік*) сияқты дәстүрлі құндылықтар жаһандану, цифрландыру, урбанизация және экологиялық дағдарыстардың сын-қатерлерімен бетпе-бет келуде. Бұл контексте қазақтың ауыз әдебиетінің озық үлгілері, оның ішінде кең көлемді эпикалық шығармалар батырлық жырларындағы – Алпамыс, Қобыланды,

Ер Көкше, Ер Тарғын, Ер Қосай сияқты – батырлар бейнесі ерекше орын алады. Олар жоғары моральдық пен руханилықтың, намыстылықтың идеалдары, үлгілері болуларымен аса зор құндылыққа ие. Олардың адами тұлғалық болмыстары ұрпақтан-ұрпаққа батырлықты, әділдікті, Отанға деген сүйіспеншілік пен халыққа жанқиярлықпен қызмет ету қағидаттарын жеткізді.

Мәдениеттер тоғысында өсіп келе жатқан жастардың бірқатарына қатысты олардың бұрынғы уақыттағы өз қатарларымен салыстырғанда «осал» болып бара жатқандығы туралы пікір қалыптасқан және бұл мазасыздықтың, депрессияның және ішкі бостық сезімінің өсуінен көрінеді. Мысалы, Ұлттық әлеуметтік зерттеулер орталығының деректері бойынша (2022 ж.), Астанадағы жасөспірімдердің 47%-ы үлкендерге деген дәстүрлі құрметті ескірген деп санайды екен. Бұл ұрпақтар арасындағы дәстүр жалғастығынан гөрі алшақтықты көрсетеді. Психологтар мен педагогтар тұрақты құндылықтардың болмауынан жастар арасында экзистенциалдық дағдарыстардың өсу тенденциясы бар екендігін айтады. Бүгінгі күн тыныс-тіршілігіне тән басқа да көптеген мысалдар келтіруге болады.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі уақытта Қазақстан контекстіне баса назар аударатырып, әлеуметтік, мәдени, экономикалық, технологиялық және экологиялық трансформациялардың қарқынды жағдайында тұлғаның рухани қалыптасу мәселелерін дүниетанымдық тұрғыдан жан-жақты талдау ерекше маңызға ие. Жаһандану, цифрландыру, урбанизация, экологиялық дағдарыстар және дәстүрлі құндылықтардың эрозиясы дәуірінде руханият ұлттық бірегейлікті, моральдық тұрақтылықты және психологиялық әл-ауқатты сақтаудың негізгі факторына айналуға. Руханияттың философиялық, әлеуметтік-мәдени, аксиологиялық, психологиялық және экологиялық негіздеріне назар аудару да қажеттілік. Ал ұлттық бағдарлардың жоғалу қауіптері өз алдына жеке талдануға лайық тақырып. Ендеше, біз алдағы уақыттарда көне түрік және қазақ философиясы дәстүрлерін (*Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім*) әмбебап гуманистік принциптермен ықпалдастыруға,

сондай-ақ қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілерін, оның ішінде батырлық жырларын және олардың жан-жақты жетілген жеке тұлға бейнесін моральдық идеал ретінде қалыптастырудағы рухани рөлін терең талдауға ерекше назар аударғанымыз жөн.

Сондай-ақ, Қазақстандық және әлемдік рухани тәрбие тәжірибесіне (*жақын және алыс шетелдер тәжірибесін қоса алғанда*) салыстырмалы талдау жүргізіліп, мәдени сабақтастықты – мәдениет, білім, отбасы, медиа, экологиялық тәрбие және мемлекеттік бастамалар арқылы сақтау жолдары бүгінгі күн талабы. Сондықтан ХХІ ғасыр сын-қатерлеріне төтеп бере алатын және жаһандық өзгерістер жағдайында тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін тұтас дүниетанымды қалыптастыру бағытындағы ізденістер отандық философтар үшін қажеттіліктердің біріне айналуға. Біз өз ізденісімізде осы ұстанымды басшылыққа аламыз.

Тұлғаның рухани қалыптасуы: философиялық және мәдени – этникалық негіздері

Тұлға – бұл тек қана биологиялық, немесе, әлеуметтік категория емес, ол – рухани, ерікті, саналы болмыс. Бұл тұрғыдан алғанда тұлға – өз-өзін тануға, өзіне жауапкершілік алуға және шығармашылықпен өмір сүруге қабілетті адам. Философиялық әдебиетте тұлға ұғымы көбінесе моральдық, онтологиялық және гносеологиялық деңгейлерде талданады. Тұлға – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Тұлға философиялық тұрғыда адамды «адам» ретінде тануға, яғни оның рухани-адамгершілік, ділдік, мәдени қырларына баса назар аударумен пайымдалады [2, 525 б.].

Философияда тұлға тек жеке-дара болмыс ретінде емес, әлеуметтік болмыс ретінде де қарастырылады. Тұлға қоғаммен тығыз байланыста өмір сүреді, оның құндылықтары – тілі, діні, дәстүрі арқылы қалыптасады. Қазіргі заманғы гуманистік философияда тұлға – жоғары құндылық ретінде бағаланады. А. Маслоу,

В. Франкл секілді психолог-философтар тұлғаның өзін-өзі танытуына, өмірлік мағына табуына ерекше мән береді [3].

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында тұлға ұғымы кең мағынада қолданылған. Мұнда тұлға – еркіндік пен ар-ождан, намыс пен парасат, даналық пен елге қызмет ету идеяларымен байланысты. Дана Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» [4, 105 б.] – деп тұлға мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Ойшылдың пікірі бойынша, тұлға болу – рухани жетілу, өзін-өзі тәрбиелеу, ақыл-ой мен адамгершілік тұрғысынан кемелдікке жету дегенді білдіреді.

Шәкәрім де адам болмысы мен тұлғалық ізденіс туралы терең ойлар айтқан. Ол ар-ұят пен рухани тұтастықты тұлғаның негізгі қасиеттері ретінде бағалаған [5, 66 б.]. Белгілі этнолог, мәдениеттанушы Ақселеу Сейдімбек тұлға болмысын рухани жады, ұлттық сана тұрғысынан түсіндіреді. Ғалымның пайымдауынша, нағыз тұлға – өз тарихын, тегін, мәдениетін таныған және соны қорғап, жаңғырта алатын адам [6, 748 б.].

Руханият – мағынаны, шындықты және үйлесімділікті іздеуге байланысты адам болмысының терең аспектілерін қамтитын көп қырлы ұғым. Руханият адам болмысының іргелі сипаты болып табылады, ол адамды басқа биологиялық түрлерден ерекшелейді және оның мән-мағынаны, құндылықтарды, идеалдарды және жоғары мақсаттарды іздеу қабілетін анықтайды. Бұл жай ғана сенімдер жиынтығы емес, жеке тұлғаның ішкі әлемін, оның дүниетанымын және қоршаған ортаға қарым-қатынасын қалыптастыратын динамикалық процесс. Қазіргі жаһандық трансформациялар жағдайында руханият ұғымын қайта қарастыру адамзатты сақтау және қоғамның тұрақты дамуы үшін өмірлік маңызға ие болады.

Философиялық ой ғасырлар бойы руханият феноменін түсінуге тырысып, әртүрлі түсіндірмелер мен тәсілдерді ұсынды. Антикалық философияда руханият таныммен, ақиқатпен және өзін-өзі жетілдірумен байланысты қарастырылып, игілікке ұмтылу ретінде сипатталды. Үйлесімділік пен кемелдікке ұмтылуды көрсететін бұл жол, Абайдың ақылдың, жүректің және еріктің

үйлесімділігін қамтитын толық адам (тұтас, кемел адам) концепциясымен ұштасады [7, 45 б.]. Платон руханият мақсатын жоғары идеяларды пайымдаудан көрсе, қазақ философы білім білікпен қоса, терең моральдық қағидаттарды басшылыққа алатын кәміл инсанға (кемел адамға) ұмтылады [8, 120 б.].

Аристотель руханиятты ақылды әрекет пен моральдық таңдауға негізделген үйлесімділік, өркендеу және бақытқа жетуге мүмкіндік беретін ізгіліктерді іске асырумен байланыстырады. Оның шектен шығудың оңтайлы жолы ретіндегі «алтын орта» идеясы қазақ этикасындағы қалыптылық «ағарып алдына шықпай, қарайып соңына қалмау» сияқты (орта жол) және әділдік принциптерімен параллельдер табады, бұл экстремумдар мен тұтынушылық мәдениетке бейім қазіргі қоғам жағдайында ерекше өзекті. Кейін Ортағасырлық философияда руханият айқын теологиялық реңкке ие болды, Құдайды іздеумен, жанды құтқарумен және діни догматтарды сақтаумен байланыстырылды.

Әл-Фараби сияқты ойшылдар антикалық идеяларды исламдық дүниетаныммен біріктірді, моральдық дамуға қызмет ететін кемел қоғам идеалымен байланыстырды. Оның «Азаматтық саясат» трактатында адамдары таным мен ізгілікті өмір арқылы жоғары игілікке ұмтылатын Қайырымды қала моделі сипатталды, ал билеушілері даналық пен әділдікке сүйенеді. Бұның кейбір элементтері біздің еліміздің Қазақстанның Әділетті Қазақстан құруға деген ұмтылысынан тікелей көрініс тауып, болашақта осы рухани қағидаттар мемлекет құрылысының негіздерінің біріне алынса қоғамымыздың оң бағытта дамуына әсер етер еді.

Қазіргі заман философиясында руханият ұғымы экзистенциалды, гуманистік және трансперсоналды аспектілерді қамти отырып кең көлемде түсініледі.

Көшпелі өмір салты, тәңіршілдік пен ислам ықпалымен қалыптасқан қазақ мәдениеті руханиятты терең түсінуді білдіретін бірегей категорияларға ие. Бұл категориялар ұлттық менталитеттің негізін құрайды және рухани мұраның ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақ мәдениетінде руханият аруақ (ата-бабалар рухы), ұят

(моральдық ар-ұждан), адалдық (шынайылық) және имандылық (тақуалық) сияқты бірегей категориялар арқылы көрініс табады. Абай өзінің «Қара сөздерінде» ақылды, жүректі және қайратты біріктіретін моральдық және интеллектуалдық жетілудің нәтижесі ретінде толық адам концепциясын тұжырымдады. Абай: «Адам дүниеге тұтыну үшін емес, жетілу үшін келеді» [7, 68 б.] – деп пайымдайды, бұл қазіргі тұтынушылық мәдениет жағдайында аса өзекті. Ол осы үш бастаудың үйлесімділігіне шақырып, нақты даналық пен мораль олардың синтезінен туады деп есептеді. Шын мәнінде Абайдың «адам бол» идеясы – үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге және жоғары моральдық стандарттарға жетуге шақыру. Шәкәрім ар (ар-ұят) және иман (сенім) рөліне баса назар аударып, оларды рухани өмірдің негізі ретінде қарастырады. Шәкәрім шынайы сенім сыртқы рәсімдерде емес, ішкі тазалықта, әділдікте және шынайылықта көрінетінін атап өтеді [9, 14 б.].

Қазақ руханияты мен ұлттық мінезінің қалыптасуын зерттеп тануда ауыз әдебиетінің, оның ішінде батырлық эпостар мен жырлардың орны ерекше. Ұрпақтан-ұрпаққа жыраулар мен ақындар арқылы беріліп отырған бұл монументалды ауыз әдебиеті қазыналары жай ғана өткен заман туралы аңыздар емес, оларда терең философиялық және моральдық трактаттар, ар-намыс кодексі және рухани күштің қайнар көзі болып табылатын батыр бейнесі тұр. Қазақ батырлары – тек Отан мен халықтың қорғаушылары ғана емес, сонымен қатар моральдық қағидаттардың, әділдіктің және тәртіптің сақтаушылары. Олардың бейнелері терең символдық және рухани өлшемдерді қамтиды.

Эпикалық шығармалардағы Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Көкше, Ер Қосай тағы басқалары ерліктің, әділдіктің, халқына деген сүйіспеншіліктің, намыстылық пен қаһармандықтың символы. Халқын азат ету, оның қадыр-қасиетін қайтару, бедел-болмысын үстем ету, сыртқы жаулардан қорғау – батырлардан тек ерлікке, физикалық күшке ғана сенуге емес, керек жерінде оқиғаларды болжай білуді, даналықты, көрегенділікті қажет етті. Ендеше, қазіргідей жастар арасында, дәстүрлі құндылықтардың жоғалуы

жағдайында батырлардың бейнелері жастар үшін шабыттың күшті көзіне айналуы мүмкін.

Алайда, батырлар бейнелері жастарға өзекті болуы үшін, олардың мазмұнын қазіргі заманға сай түсіндіру қажет: батырлар ерліктерінің терең мағынасын қолжетімді түрде жеткізетін мультфильмдер, комикстер, бейнеойындар, театрлық қойылымдар, фильмдер жасау т.б. Мысалы, Алпамыс, немесе, Қобыланды эпостарының желісі бойынша заманауи графикалық дизайнмен, оның рухын және моральдық сабақтарын сақтай отырып, жоғары сапалы анимациялық фильмдер жасау өте тиімді болуы мүмкін. Сондай-ақ, эпостарды мектеп және университет бағдарламаларына тек әдеби шығарма ретінде емес, этикалық, философиялық және рухани білім көзі ретінде енгізу де маңызды болмақ.

Тұлғаның рухани қалыптасу процесін түсіндіруде – үйлесімділіктің, тұрақтылықтың және өзара байланыстың символы болып табылатын көшпелілердің дәстүрлі баспанасы – қазақтың киіз үйімен аналогияны қолдануға болады. Бәрімізге мәлім киіз үйдің негізгі бөліктері кереге, уық және шаңырақ.

Кереге (*қаңқа*) тұлға құрылатын базалық, іргелі құндылықтарды бейнелейді: адалдық, құрмет, жауапкершілік, әділдік, мейірімділік. Бұл құндылықтарсыз мықты рухани ғимарат салу мүмкін емес, өйткені ол оның негізі болып табылады. Олар ұрпақтан-ұрпаққа отбасы мен дәстүрлер арқылы беріледі. Салыстырмалы түрде айтсақ, батырлар контекстінде кереге – олар үшін мызғымас ар-намыс пен борыш принциптеріне негіз болар үлгі.

Уықтарды – отбасының, мектептің, мәдениеттің, медианың және жеке тәжірибенің ықпалымен қалыптасатын жеке сенімдер, білімдер мен дағдылар жиынтығы деп қарастыруға болады. Олар адамның ішкі әлеміне құрылым мен пішін береді, оның дамуын бағыттайды. Уық неғұрлым көп және сапалы болса, киіз үй соғұрлым берік және тұрақты болатыны сияқты, Батырлар үшін уық – бұл әскерилердің шеберліктері, даналықтары, стратегиялық ойлау мүмкіндіктері. Ал бұндай сапалар адамды руханилыққа бастайтыны күмәнсіз.

Күмбез формасындағы шаңырақ жоғары рухани мақсатты, өмірдің мәнін, ғаламмен, ата-бабалармен және болашақ ұрпақтармен байланысты, бірлікті, тұтастықты білдіреді. Бұл рухани қалыптасудың шыңы, ол барлық болмысқа мағына береді және жеке «Меннен» гөрі тұтас болмыспен байланысты қамтамасыз етеді. Шаңырақ арқылы шексіздікті және тылсымдық бастауды білдіретін аспан күмбезі көрінеді. Батыр үшін шаңырақ – бірлік, тұтастық символы, отан мен ұлттың тұтасқан тұсы. Сондықтан Отанды қорғау, әділдікке ұмтылу, халыққа қызмет ету қастерлі іс.

Киіз үй тұтас құрылым бұл тұтас құрылымсыз киіз үй жел мен дауылдың екпініне шыдамайды. Осындай берік құрылымсыз тұлға да қазіргі заманның сын-қатерлері алдында осал болып қалады. Бұндай аналогия біздің пікірімізше, рухани тәрбиеге тұтас көзқарастың маңыздылығын түсіндіруге көмектеседі, дәстүрлі құндылықтар, білім, жеке даму және жаһандық өзгерістер жағдайында жоғары мағынаны іздеу арасындағы өзара байланысты да көрсетеді.

Руханият саласындағы тағы бір ескеру қажет жай жаһандық перспективаларды зерттей отырып, оларды бүгінгі Қазақстан шындығына бейімдеу. Біздің ойымызша, болашақта әлемдік философиялық тәжірибені қазақ дәстүрімен біріктіру қазіргі шындыққа бейімделген бірегей рухани даму моделін құруға мүмкіндік береді. Мысалы, белгілі философ Мераб Мамардашвили кезінде руханиятты рефлексия және ішкі жұмыс арқылы болмысты түсіну процесі ретінде атап көрсеткені мәлім [10, 79 б.]. Бұл идеялар жалпы алғанда қазақ философиясымен де ұштасады, мұнда руханият үйлесімділікке ой-сана мен ішкі дүние арқылы жетілуге ұмтылу ретінде қарастырылады. Бүгінгі зерделі оқырман руханият мәселесіне қатысты, Абай философиясы мен Э.Фромм көзқарастарынан да ұқсастық табар еді. Абай өзін-өзі тануға және моральдық жетілуге баса назар аударса, Фромм «Ие болуға қарсы болу» концепциясы арқылы материализм мен сыртқы детерминанттарға қарсы ішкі еркіндікке баса назар аударады. Бұл жерде біз екі ойшылдың адамның рухани дамуындағы

ұстанымдарында үндестік бар екенін көреміз [11, 89 б.]. Ал өз кезегінде бұл тәсілдерді біріктіру ұлттық дәстүрлері әмбебап гуманистік принциптермен үйлесетін қазақстандық шындыққа бейімделген рухани даму моделін әзірлеуге мүмкіндік береді. Осыны ескеріп, болашақта Қазақстандық жоғары оқу орындарында өтетін философия сабақтарында Абай мен Фромм, Бердяев пен Шәкәрім идеяларын салыстырмалы талдауды қамти отырып, студенттердің этикалық ойлауларын, сыни талдау қабілеттерін дамытуға және тұтас дүниетанымдарын қалыптастыруға ықпал етуге болар еді. Осындай ұстанымды басшылыққа алып, Қазақстандық және шетелдік философтардың қатысуымен бірлескен ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізу бұл идеяларды ары қарай дамытудың, рухани бірегейлікті қалыптастырудың үлгісіне айналды.

Қазақстанның мәдени алуандығы жағдайында руханият тұлғаның бірегейлігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ол тұлғаның жеке тәжірибесін ұжымдық жадымен, тарихпен және мәдени мұрамен біріктіруге көмектеседі, өзін-өзі тануына және өзіне тән болмысының қалыптасуына тұрақты негіз жасайды. Мысалы, ата-бабаларға құрмет (аруак) және бата рәсімдері сияқты тағы басқа қазақ дәстүрлері тұлғаның мәдени мұрамен байланысын нығайтады, құндылықтар мен мінез-құлық үлгілерін жеткізеді. Жаһандану барысында, мұндай ұлттық дәстүрлерді бұқаралық мәдениеттің әмбебап стандарттары ығыстырады, осындай жағдайда руханият ұлттық бірегейлікті сақтаудың, мәдени ассимиляцияны және тамырларды жоғалтуды болдырмаудың қуатты құралына айналады. Мысалы, Қазақстанның кейбір өңірлерінде, әсіресе Оңтүстік өңірлерде, жастар бата және сырға салу рәсімдеріне белсенді қатысады, бұл олардың мәдениетпен байланысын нығайтады, қауымдастыққа тиесілілік сезімін қалыптастырады және этикалық нормаларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Ендеше, болашақта жастар тарихи және рухани мұрамен байланысқа түсе алатын ұлттық мәдени орталықтарды, мұражайлар мен мұрағаттарды құру және қолдау маңызды міндет болып табылады.

Тарихи тұрғыдан алғанда қазақ руханияты көшпелі мәдениеттің, исламның және тәңіршілдіктің ықпалымен қалыптасты. Көшпелі өмір салты еркіндік, тәуелсіздік, төзімділік, табиғатпен байланыс және аспан күмбезін құрметтеу құндылықтарының қалыптасуына ықпал етті. Мысалы, тәңірлік нанымдар адамның табиғатпен және ғарышпен байланысын, көкті (Тәңір), тауларды, өзендерді және жерді киелі деп құрметтеу рәсімдерінде, сондай-ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарау этикасында көрініс тапқан.

Кезінде көне қазақтар қабылдаған ислам моральға, әділдікке, мейірімділікке, жанашырлыққа және қауымдастыққа (*умма*) баса назар аударды. Ол жазуды, білім берудің жаңа формаларын және қазақтың әдет (*қарапайым табиғи құқық*) және шарифат (*діни құқық*) қатынастарында көрініс тауып, дамып жетілген этикалық жүйені қалыптастырды. Мысал ретінде моральдық тазалықты түсіну үшін басты ұстаным болған *имандылық концепциясын* атап өтуге болады.

Секуляризацияға, атеизмге және интернационализмге баса назар аударылған Кеңес дәуірінде аса зор әлеуметтік зорлық-зомбылықпен, қысыммен мешіттерді, медреселерді жабу, қарапайым халық қасиетті орын санап жүрген жерді қирату т.б. діни және ұлттық әдет-ғұрыптарды аса зор өрескелдікпен жою арқылы рухани дәстүрлер едәуір әлсіреді. Алайда қазақ мәдениеті ауызша тарап, халық әндері мен эпостары, отбасылық рәсімдері арқылы руханият элементтерін сақтап қалды.

Посткеңестік дәуір рухани дәстүрлерді қайта жаңғыртуға мүмкіндік бергенімен, 90-шы жылдардағы өтпелі кезең, нарықтық экономика, Батыс бұқаралық мәдениетіне еліктеу елімізге жаңа сын-қатерлерді әкелді. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Өзгеру, жаңа дәуірге икемделу қажет болды. Әрбір қоғамның тарихи қойнауынан тамыр тартатын, бастауын алатын рухани коды болады. Қоғамдық өзгерудің, жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу. Өйткені, жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Осы тұрғыдан алғанда рухани құндылықтарды қалпына келтіруге,

қоғамдық сананы жаңғыртуға және Мәдени мұраны сақтауға бағытталған мемлекеттік бағдар ретінде қабылданған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы уақыт сұранысынан туған еді. Оны жүзеге асыру білім беру және мәдени бастамалар сияқты практикалық шараларға көбірек көңіл бөлуді талап етті. Мысалы, мектептерде, университеттерде және медиаларда қазақ әдебиетін, ұлт тарихын және өнерін танымал ету жөніндегі жобалар жастардың өз дәстүрлерімен байланысын нығайтуға септігін тигізді, тарихитанымдық, ұлттық саналарын қалыптауға әсер етті.

Жоғарыда айтқанымыздай, ХХІ ғасырда ұлт руханияты бұрын-соңды болмаған сын-қатерлермен бетпе-бет келуде. Олар: әмбебап моральдық бағдарлар жоғалатын моральдық релятивизм; өмірдің мәнін материалдық игіліктерді иеленуге дейін түсіріп жіберген тұтынушылық; терең рефлексияға кедергі келтіретін, «шу» тудыратын ақпараттық қанықтылық тағы басқалары. Қазақстанда бұл проблемалар әсіресе мәдениеттер мен ақпарат ағындарының тоғысында жүрген, жиі әлеуметтік желілер мен медиа арқылы ұсынылатын жаһандық трендтерге бағдарланатын, дәстүрлермен байланысын жоғалтатын жастар арасында байқалады.

Аталған жағдайлармен олармен күресе бергеннен гөрі тәрбиеге дәстүрлі құндылықтарды қазіргі заманғы тәсілдермен біріктіру нәтижелі болмақ. Ол тек мектеп бағдарламаларын ғана емес, сонымен қатар сапалы мәдени және білім беру контентін жасауды да қамтиды. Мысалы, қазақ эпостары («Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қыз Жібек»), немесе, тарихи оқиғалар негізінде балалар мен жасөспірімдер аудиториясына бейімделген мультфильмдер мен анимациялық сериалдарды әзірлеу және көрсету жастарды шабыттандыруға, тарихқа және мәдениетке деген сүйіспеншілікті дамытуға және моральдық сабақтарды қолжетімді түрде жеткізуге өте тиімді болуы әбден мүмкін.

Тұлғаның рухани тәрбисінде ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, әлемдік тәжірибелерге сүйену де белгілі деңгейде өз нәтижелерін берері анық. Мысалы, Үнді руханияты йогамен, ме-

дитациямен және ежелгі философиялық мәтіндермен (*Упанишад-тар*, *Бхагавад-гита*) тығыз байланысты. Өзін-өзі тануға және ішкі үйлесімділікке жетуге бағытталған бұл тәжірибелер ол елде білім беру бағдарламаларына біріктірілген. Дели мен Бангалордағы мектептердің бағдарламалары оқушылардың зейінін дамыту, стрессті төмендету және ішкі тұрақтылықты қалыптастыру мақсатында медитация және йога сабақтарын қамтиды. Бұл жастарға академиялық қысыммен және экзистенциалдық сұрақтармен күресуге көмектеседі.

Жапонияда үлкендерге құрмет, қоғамдағы үйлесімділік, еңбекқорлық және өзін-өзі тәртіпке келтірудің конфуциандық принциптері білім беру жүйесіне және күнделікті өмірге терең енгізілген. Ал Кокоро но кёйку деп аталатын *жүректі тәрбиелеу* бағдарламасы этикалық қасиеттерді, эмпатияны және әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға бағытталған. Мысалы, Токио мен Киотодағы мектеп сабақтары конфуциандық мәтіндерге және өмірлік жағдайларға негізделген этикалық дилеммаларды талқылауды қамту арқылы моральдық тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Түркияда Исламдық құндылықтарды білім беруге біріктіру рухани дәстүрлерді сақтаудың ұлттық саясатының бір бөлігі болып табылады. Мектептерде ислам этикасының, тарихы мен мәдениетінің негіздері оқытылады. Мысалы, Стамбул мен Анкарадағы мектеп бағдарламалары сопылық поэзияны (*Руми*, *Юнус Эмре*) және Осман тарихын оқытуды қамтиды, бұл моральдық бағдарларды нығайтады және мәдени тиесілілік сезімін қалыптастырады деген ұстанымға негізделген.

Қырғызстан мектептері мен университеттерінде «Манас» эпосын оқыту бағдарламалары ұлттық бірегейлік пен руханиятты нығайтуда шешуші рөл атқарады. «Манас» эпосы тек тарихи және әдеби шығарма ғана емес, сонымен қатар моральдық сабақтардың, жауынгерлік рухтың және ұлттық өзін-өзі танудың қайнар көзі. Моңғолияда ұлттың рухани бірегейлігін нығайтуды көздейтін буддистік және шамандық дәстүрлерді оқыту бағдарламалары бар.

Олар бірегей дүниетанымды сақтауға бағытталған мәдени және білім беру бастамаларына біріктірілген.

Бұл мысалдар тұлғаны қалыптастыруға қатысты руханияттың қазіргі қоғамға қалай біріктірілуі мүмкін екенін көрсетеді. Біздің ойымызша, Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім идеялары, басқа да ұлтымыздың бірегей құндылықтары ұлттық дәстүрлер призмасы арқылы тұлға тәрбиесі үшін бейімделуі мүмкін.

Қазіргі уақытта, бұрынғыдай тұлғаның рухани қалыптасуын жекелеген теориялық концепциялар арқылы түсіндіру жеткіліксіз, сондықтан қазіргі философия *талдау, рефлексия және сыни ойлау* құралдарын ұсына отырып, бұл мәселенің шешімін кең көлемде қозғайды. Бұндай амал тұрмыстық түсініктерден шығып, адам болмысының, оның құндылықтары мен мағынасының мәніне тереңдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, Жан-Поль Сартрдың экзистенциализмі, адамның таңдау еркіндігі мен өз әрекеттері үшін жауапкершілігіне баса назар аудара отырып, рухани өмірдің алдын-ала анықталмайтынын, бірақ ол үздіксіз таңдау мен өзін-өзі жасаудың нәтижесі екенін көрсетеді [12, 15 б.]. Бұл идея әлемді жай ғана пассивті қабылдамай, өзіңнің ішкі әлемің мен тағдырыңды белсенді түрде қалыптастыру қажеттігі туралы айтылған Абайдың «толық адам» идеясымен ұштасады. Сондықтан да, Абай: «Егер жақсылыққа ұмтылсаң, адал бол, егер жетілуге ұмтылсаң, дана бол» – дейді.

Ұжымдық құндылықтардың жоғалуы және қоғамның атомизациясы

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде рулық байланыстар (*ру*), өзара көмек (*асар*), қауымдастық (*қауым*) сияқты ұжымдық құндылықтар бірегейлікті, моральдық нормалардағы ортақтықты және әлеуметтік қолдауды қалыптастыруда шешуші рөл атқарған. Қазіргі жағдайда, әсіресе қалаларда, индивидуализм осы дәстүрлерді ығыстырып, рухани вакуумды және жік-жікке бөліну сезімін күшейтуде. Қала жастарының отбасылық рәсімдер мен ортақ мерекелерге сирек қатынасуы, керісінше кафелерге,

кинотеатрларға, фитнес-клубтарға барулары, немесе, онлайн-ойындар сияқты жеке демалыс түрлерін қалаулары, отбасы институтын және қалыптасқан қоғамдық дәстүрлерді әлсіретудің нақты мысалы бола алады. Сондай-ақ, отбасындағы және қоғамдағы дәстүрлі рөлдердің өзгеруі, аға буынның (ақсақалдар, ана), мұғалімдердің және дәстүрлі көшбасшылардың беделінің әлсіреуі тұлғаға рухани құндылықтардың берілуіне де әсер етеді. Жастар өздеріне беделді адамдарды медиа кеңістіктен, блогерлерден, интернет арқылы танымалдыққа ие болған тұлғалардан іздейді, ал олар барлық уақытта моральдық бағдарлар мен нормаларды сақтай бермейді. Сөйтіп ғасырлар бойы сыннан өткен, бойға сіңген, жеке тұлғаның рухани қалыптасуына аса қажет тұстар, жастар санасына сіңірілмейді. Тағы бір ескерер жай бұрынғы дәстүрлі қоғамда жас ұрпақ бойына руханиятты қалыптастыруда маңызды роль атқарған мешіт-медреселер, шіркеулер, басқа да ұлттық нақыштағы мәдени ұстанымдардың бір бөлігі өткен ғасырдағы идеологиялық қысыммен өз ықпалдарын жоғалтып алды. Ал Тәуелсіздік жылдарында біз мешіттерімізді қайта қалпына келтіргенімізбен, олардың бүгінгі қызметтері мен іс-әрекеттері біздің Тәуелсіз, зайырлы қоғамымыздың ұстанымдарымен үйлесім тауып, тұлға тәрбиесіне айтарлықтай ықпал етуде деп айту қиын, кейде керісінше әсер етіп, жастарымызды регреске бағыттауда.

КСРО ыдырағаннан кейін барлық ТМД елдері идеологиялық вакуумға ұшырап, қоғамның рухани негіздерін қайта қарау қажеттілігі туындады. Қазақстан өзінің діни және ұлттық дәстүрлерінің жаңғыру кезеңін бастан өткізуі керек болды, бұларға қоса еліміз жаһандану мен жаңғыртудың қиындықтарына тап болды. Бұндай қиындықтар тек бұрынғы КСРО елдерінде емес, әлем бойынша туындағанын ескергеніміз жөн. Сол себепті Қазақстанға саяси-экономикалық, рухани-әлеуметтік салалардағы басқа елдердің қателіктерін қаперге алып, жетістіктерін өз ыңғайына қарай пайдалану маңызды болатын. Мәселен, Ресей өзінің рухани-әлеуметтік саладағы, оның ішінде білім беру саласындағы әуелі православиелік тәрбиеге назар ауда-

рып басқа конфессияларды елеусіз қалдырды, соған қарамастан жастар арасында «клиптік сана», цифрлік тәуелділік, дәстүрлі құндылықтардың жойылуы проблемаларына тап болды; осыған ұқсас жағдай көрші Өзбекстанда да байқалды, оларда діни радикализация және дәстүрлі емес діни ағымдардың таралуы үлкен мәселеге айналды, Қырғызстанда атақты «Манас» эпосын ұлттық бірегейліктің, моральдық сабақтастықтың, қаһармандық рухтың қайнар көзі ретінде қарастырып, жеке тұлға мен жастардың рухани қалыптасуына үлгілік маңызы бар деп оқыту бағдарламаларына енгізді. Соған қарамастан бұл елде де көшпелі дәстүрдің кейбір элементтерін сақтауда, діни қатынастарды реттеуде қиындықтарға ұшыраған кездер болды.

Жалпы өзімізге іргелес жатқан Қытай, Үндістан, Жапония сияқты Азия құрлығы мәдениеттердің, діндердің және тәрбиеге деген тәсілдердің мозаикасын құрайды. Айталық, Қытай үйлесімділік, үлкендерге құрмет, еңбекқорлық және ұжымшылдық сияқты конфуцийлік қағидаларды белсенді түрде жаңғыртуда. Жапон жастары моральдық қасиеттерді, эмпатияны, әлеуметтік жауапкершілікті және басқаларды құрметтеуді дамытуға бағытталған «жүрек тәрбиесі» бағдарламасын белсенді түрде қолданады. Алайда олар осы мақсаттарды орындау барысында қоғам қысымына, әлеуметтік оқшаулану проблемасына тап болған. Бәрімізге мәлім, Үндістанда руханият йогамен, медитациямен, ежелгі философиялық мектептермен тығыз байланысты. Осындай рухани терең тамырына қарамастан жаһандану, кедейлік пен жылдам әлеуметтік өзгерістердің қиындықтарына тап болды. Исламдық құндылықтарды білім беруге және қоғамдық өмірге енгізген Түркия өзінің мәдени бірегейлігін сақтауды көздеген-ді.

Жоғарыдағы мысалдар мен тәжірибелердің үлгілеуге тұратын жақтарын Қазақстан қоғамы жастарды рухани тұлғалық тұрғыдан тәрбиелеуде қажетіне қарай пайдалануға болар еді. Сонымен бірге ол елдерде жоғарыда айтқанымыздай белгілі деңгейде әлеуметтік үйлесімдіктердің болмағаны белгілі. Оны да ескеріп, сабақ алғанымыз жөн. Мысалы, Ресейдің жіберген қатесінен сабақ алған

Қазақстан, көп конфессиялы ел болғандықтан рухани тәрбиеде, жеке тұлға қалыптастыруда тепе-теңдік пен инклюзивтілік қағидасын ұстануы керек. Сондай-ақ, кезінде Өзбекстанда болған шамадан тыс бақылаудан аулақ болу, формализация мен қарсылықты болдырмау үшін жастардың әртүрлі топтарының мүдделерін ескеру қажет. Қырғыздардың «Манас» эпосының мысалында өзіміздің ұлттық эпостарымыз бен әдебиетіміздің рухани тәрбиелік қуатын пайдалану артық болмайды. Сонымен бірге, дана Абай мен Шәкәрімнің шығармаларын жастарға қолжетімді және тартымды ету арқылы насихаттау да маңызды болмақ. Егер Қытай елі тұлғаны рухани қалыптауда Конфуций іліміне сүйенсе, Қазақстан үшін Әл-Фараби мен Абай философиясын білім беру жүйесі мен қоғамдық өмірге тереңірек енгізу өз нәтижелерін берер еді. Жапония еліндегі мектептегі тазалық, жүрек тәрбиесі тағы басқаларын біздің жастардың әлеуметтік дағдыларын дамытуда кеңінен пайдалануға болады. Үнділік үйлесім, төзімділік және өзін-өзі тануды дамытудың сабақтары да бізге жат болмауы керек. Ал туысқан Түркия тәжірибелері рухани жетілген жеке тұлға тәрбиесінде мәдени бірегейлігін сақтауға, Исламдық құндылықтарды да мансұқтамай, қажетінше қабылдауға, дәстүрлі құндылықтарды сақтау мен қазіргі заманғы қиындықтарға бейімдеу арасындағы тепе-теңдіктің маңыздылығын көрсететін тұсын қабылдауға болады.

Тұтас дүниетанымды қалыптастыру заман талабы

Қазақстанда қоғамның тұтас трансформациясы жағдайында тұлғаның рухани қалыптасуы мәселелерін еңсеру жүйелі, кешенді және ұзақ мерзімді тәсілді талап етеді. Сондықтан негізгі мақсат – өткенді жай ғана жаңғырту емес, ұлттық дәстүрлерді әмбебап гуманистік қағидалармен біріктіре алатын, тұлғаны ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне дайындайтын тұтас дүниетанымды қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстандағы рухани жаңғырудың негізі бай ұлттық мұраны жалпыадамзаттық құндылықтармен үйлесімді түрде интеграциялау болуы керек. Ол үшін төмендегідей

басты бағыттарды анықтап алған жөн: 1) ұлттық дәстүрлер мен әмбебап құндылықтарды интеграциялау; 2) білім беру реформасы: білімнен құндылықтарға; 3) отбасы және бүгінгі қоғам: дәстүрлі байланыстарды жаңғырту; 4) мәдениет және медиа: жаңа құндылықты мазмұн құру; 5) экологиялық тәрбие: табиғат пен адам арақатысы; 6) жастарды психологиялық қолдау, олардың ішкі әлемін нығайту; 7) жүйелі тәсілге негізделген мемлекеттік жастар саясаты.

Жоғарыда аталғандардың әрқайыссы нақты талдауды қажет етеді. Өйткені, олардың әр тарабы жалпы алғанда мемлекетіміздің рухани жаңғыруымен тікелей байланысты. Жеке тұлғаның рухани тұрғыда қалыптасуы белгілі бір әлеуметтік ортада жүреді. Ендеше, біздің сол ортада басшылыққа алатын бағдарымыз болғаны жөн.

Қорыта айтар болсақ, тұтас трансформация жағдайындағы қазіргі әлем тұлғаның рухани қалыптасуы үшін теңдессіз мүмкіндіктерді де, елеулі қиындықтарды да ұсынады. Жаһандану, цифрландыру, урбанизация және тұтынушылық, барлық артықшылықтарына қарамастан, құндылықтар дағдарысын тудырды, бірегейліктің бұзылуына, мазасыздықтың өсуіне және әсіресе жастар арасында экзистенциалды бос орын сезіміне әкелді. Қазақстанда бұл мәселелер ерекше өткір, өйткені өркениеттер тоғысында орналасқан еліміз, жаһандық қауымдастыққа белсенді түрде бірігу барысында өзінің бірегей ұлттық мұрасын сақтау жағын да ойластырулары керек.

Біз жоғарыда Әл-Фарабидің «Ізгілікті қоғам туралы» идеяларында көрініс тапқан қазақ руханиятының терең философиялық негіздерінің қазіргі заманғы қиындықтармен қалай бетпе-бет келетінін де, Абайдың «Толық адам» концепциясын да, Шәкәрімнің «Ар мен иман» идеяларын да қарастырдық. Ұят (*моральдық ұят*), ар (*намыс*) және қасиет (*қасиеттілік*) сияқты негізгі бағдарлардың жоғалуы аймақтық айырмашылықтарда, ауытқулардың өсуінде және моральдық тұрақтылықтың жалпы төмендеуінде көрінетін елеулі әлеуметтік және психологиялық салдарға әкелетініне көз жеткіздік.

Қазақстандағы тұлғаның рухани қалыптасуының перспективалары ұлттық дәстүрлерді әмбебап гуманистік қағидалармен үйлесімді түрде біріктіретін тұтас дүниетанымды құрумен байланысты. Бұл өткенді жай ғана механикалық түрде жаңғырту емес, мәңгілік құндылықтарды шығармашылық тұрғыдан қайта ойластыру және ХХІ ғасырдың шындығына бейімдеуді білдіреді.

Біздің пікірімізше, бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей нақты қадамдар қажет:

- академиялық біліммен қатар этикалық тәрбие мен эмоционалды интеллектті дамытуға баса назар аударатын білім беру реформасы;

- отбасы институтын нығайту және ұрпақтар арасындағы диалогты жаңғырту;

- медиада қазақ мәдениетін, тарихын және құндылықтарын жастар үшін тартымды форматтарда насихаттайтын сапалы ұлттық контентті құрып, қалыптастыру;

- азаматтық қоғамды рухани тәрбие процесіне белсенді тарту;

- барлық ведомстволардың күш-жігерін үйлестіретін және тиісті бағдарламаларды ұзақ мерзімді қаржыландыруды қамтамасыз ететін жүйелі мемлекеттік саясат;

- дәстүрлі құндылықтар мен табиғатты қорғау шараларына практикалық қатысу призмасы арқылы экологиялық сананы дамыту.

Қазақстан, өзінің бай мәдени мұрасымен және жаңғыруға ұмтылысымен, технологиялық прогресс пен экономикалық өсуі арқылы тұлғаның терең рухани қалыптасуымен қатар жүретін қоғамға айналуға қажетті барлық мүмкіндіктерге ие. Бұл әрбір азамат табысты маман ғана емес, сонымен қатар жаһандық әлемнің қиындықтарына қарсы тұра алатын және өзі мен болашақ ұрпақ үшін тұрақты болашақты құра алатын моральдық тұрғыдан жетілген, жауапкершілікті және рухани бай тұлға болатын Адал адам тәрбиелеуге, Әділетті Қазақстанды құруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 10 томдық. Т.7. – Алматы, 2005.
- 2 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 10 томдық. Т.8. – Алматы, 2006.
- 3 Қараңыз: Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб.: Питер, 2019.;
- Франкл В. Өмірден мән іздеген жан. – Алматы, 2020.
- 4 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2. – Алматы, 1993.
- 5 Шаһкәрім. Шығармаларының үш томдық жинағы. Т.3. – Алматы, 2008.
- 6 Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. Т.5. – Астана, 2010.
- 7 Абай. Қара сөздері. – Алматы, 2001.
- 8 Платон. Мемлекет. – Алматы, 2006.
- 9 Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы, 1998.
- 10 Мамардашвили М. Мысль в культуре // Философские науки. – 1989. – № 11. с. 75-81.
- 11 Фромм Э. Искусство быть. – Москва, 2021.
- 12 Сартр Ж.-П. Экзистенциализм-это гуманизм. – Москва, 2025.

3.2 Еркіндік пен жауапкершілік құбылыстарының заманауи кезеңдегі тұлғаның қалыптасуына ықпалы

Қазіргі тарихи кезеңде біз үшін басты маңызды міндет – жасанды, виртуалды кеңістікте жоғалып кетпей, жаһандану үдерісінде ұлттық болмысымызды, төлтума ойлау жүйеміз бен рухани келбетімізді сақтап, жаңа жағдайларға бейімдей білу. ХХІ ғасырда жаһандық бәсекеге қабілетті болу үшін рухани кемелдену және жаңғыру мәдениетін қалыптастыру – уақыт талабы. Өйткені өркениеттің негізі – рухани дүниесі бай халық пен сапалы қоғам. Кейбір әлеуметтік өзгерістер адамдардың санасында күмән тудырып, өз мәдениетінен және басқа мәдениеттерден де алыстатады. Бұл – қазіргі жаһандану заманындағы шындық [1].

Сонымен қатар, жаһандану үдерісі мәдени шекараларды бұзып, жаһандық идеялар мен құндылықтарды кеңінен таратуға жол ашты. Бірақ, бұл үдеріс, әсіресе, жастарды тарихи тамырынан ажырауына, ұлттық санасының төмендеуіне және ұжымдық құндылықтардың көмескіленуіне себеп болуы ықтимал. Мұндай

жағдайда дәстүрлі қазақ дүниетанымының, әсіресе тұлғаны қоғамнан бөле-жармай қарайтын философиялық қағидағтарының маңыздылығы арта түседі. Қазақ философиясында адамды жеке дара индивид емес, «ел», «жұрт», «халық» ұғымдары аясында қоғамның ажырамас бөлшегі ретінде қарайды. Бұл көзқарас ұжымдық сана мен әлеуметтік жауапкершілікті алға қояды.

Еркіндік тұлғаның қалыптасуы мен кемелденуінің маңызды факторы. Алайда ол тек сыртқы мүмкіндіктермен ғана шектелмейді. Еркіндіктің шынайы мәні – оның саналы қолданылуында және жауапкершілікпен астасуында. Қазіргі күрделі, әрі үнемі өзгеріп отыратын әлемде тұлғаның саналы дамуына еркіндік пен жауапкершілік арасындағы тепе-теңдік аса маңызды. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және ақпараттық ашықтықтың артуы жаңа мүмкіндіктермен қатар, еркіндік ұғымының өзгеруіне әкелуде. Нақтырақ айтсақ, шынайы тәуелсіздік кейде жалған еркіндік иллюзиясымен алмастырылуда.

Қазіргі қоғамда индивидтің таңдау еркіндігі алгоритмдер мен трендтердің ықпалында болып, тұлғалық құндылықтар әлеуметтік медиа платформаларындағы реакциялар (мысалы, «лайк» пен пікірлер) санына тәуелділік танытуда. Бұл құбылыс сыни ойлау қабілетінің төмендеуіне, шынайылық пен жалғандықтың ара-жігін ажыратудың қиындауына себеп болып отыр. Жеке еркіндік бүгінгі қоғамда маңызды құндылыққа айналғанымен, оның шектен тыс басымдыққа ие болуы да кейде эгоцентризмнің күшеюіне және әлеуметтік жауапкершіліктің төмендеуіне әкеліп соғады. Осы сын-қатерлерге қарсы тұру үшін қазақ философиялық дәстүрі, әсіресе Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы, өзекті шешім ұсынады. Абай ілімінде еркіндік рухани кемелдікке, адамгершілікке ұмтылу және қоғамға пайдалы болуға бағытталған саналы күш. Бұл идея қазіргі заманғы тұлға дамуының тұғырлы негізі бола алады [2].

Тұлғаның қалыптасуы – ішкі (психологиялық, физиологиялық) және сыртқы (әлеуметтік, мәдени) факторлардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде жүзеге асатын күрделі және көпқырлы үдеріс. Бұл үдеріс бір жағынан индивидтің өзін-өзі тануына

және жеке әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік берсе, екінші жағынан мәдени бірегейліктің әлсіреуіне және адамгершілік бағдарлардың бұзылуына әкелуі мүмкін. Бүгінгі таңда үнемі өзгеріп отыратын өмір ырғағы, жаһандану, цифрландыру және әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық жағдайында еркіндік пен жауапкершілік ұғымдарының маңызы арта түсуде. Бұл екі ұғым тұлғаның жан-жақты дамуының негізін қалайтын өзара байланысты құндылықтар жүйесін құрайды.

Еркіндік – адамның өзін-өзі тануына, өмір жолын еркін таңдауға, жеке даралығын білдіруге мүмкіндік беретін іргелі қағида. Ол адамның қызығушылықтарын зерттеп, саналы шешім қабылдауына жол ашады. Шын мәнінде, жер бетіндегі әрбір тіршілік иесі өмірдің мәнін іздеген кезде, ең алдымен, өзінің еркіндігі мен шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үшін жаратылғанын түйсіне бастайды. Табиғаттың бір бөлшегі саналатын өсімдіктің өзі де жарық пен жылуға ұмтылып, өз қуатына сай еркін өркен жайғысы келеді. Жануарлар әлемі де ішкі түйсігімен өз табиғи болмысын жүзеге асыруға тырысады. Ал адам ше? Тіршілік есігін ашқан сәттен бастап, еркіндікке ұмтылуы оның жаратылысына тән қасиет. Құндақтаулы шағынан-ақ қозғалыс пен таңдау еркіндігіне талпынған адам баласы бүкіл ғұмырында өз мүддесі мен армандары жолында күресіп, үздіксіз әрекет етеді. Тіпті шынайы тәубешіл, сабырлы жанның жүрегіне үңілсек, оның да көкірегі бұлқынған еркіндікке, асқақ арман мен биік мұраттарға толы екенін байқаймыз. Осылайша, тіршілік атаулының, әсіресе адамзат болмысының өзегінде еркіндікке ұмтылыс пен өзін-өзі жүзеге асыруға деген терең құлшыныс жатқанын аңғарамыз. Бұл – өмір мәнін тануға апарар жолдың бастауы [1, 388 б.].

Алайда еркіндік жауапкершілікпен ұштаспаса, ол тәртіпсіздікке, эгоцентризмге, тіпті өмірлік бағдардың жоғалуына алып келуі мүмкін. Еркіндік адамның өз ойлары мен әрекеттерінің нәтижесі үшін жауапты екендігін білдірсе, жауапкершілік сезімі адамның басқалармен бейбіт қарым-қатынаста өмір сүру қажеттілігінен туындайды. Адамның ақыл-ойы неғұрлым терең

болса, соғұрлым оның жауапкершілік сезімі де жоғары. Демек, жауапкершілік – тұлғаның әрекеттері мен олардың қоршаған ортаға ықпалын жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік беретін маңызды ішкі реттеуші механизм. Ол саналы таңдау жасау қабілетін қалыптастырып қана қоймай, басқалардың мүдделерін ескеріп, қоғамдық қатынастардағы міндеттемелерді мойындайтын қасиеттерді де дамытады. Жауапкершілік ішкі тәртіп пен адамгершілік тұрақтылықты нығайта отырып, заманауи сын-қатерлерге төтеп бере алатын кемел тұлғаның дамуына ықпал етеді.

Сондықтан, еркіндік пен жауапкершіліктің өзара әрекеттестігі тұлғаның нақты дамуын қамтамасыз ететін динамикалық тепе-теңдікті қалыптастырады. Еркіндікке шамадан тыс басымдық беру қоғамдық байланыстардың әлсіреуіне және борыш сезімінің төмендеуіне алып келеді, ал жауапкершіліктің шамадан тыс артуы жеке еркіндік пен шығармашылық әлеуеттің шектелуіне себеп болуы мүмкін. Сол себепті бұл екі ұғым толыққанды тұлғалық болмыстың қалыптасуының маңызды шарты болып табылады.

Жаһандану мен цифрлық кеңістіктегі өмір шындығы еркіндік пен жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті сақтай білудің маңыздылығын көрсетеді. Әлеуметтік желілер мен жасанды интеллект сияқты технологиялар адамның өзін еркін білдіруіне кең мүмкіндік берсе, бұл құралдармен жауапты әрекет ету қажеттілігі де күшейіп отыр. Цифрлық ортада жалған ақпарат тарату, жеке кеңістікке қол сұғу сияқты әрекеттер жауапкершілік мәселесін өзекті етіп отыр. Осыған байланысты бүгінгі тұлғаның дамуында еркіндікке ұмтылу жеткіліксіз, жеке таңдауына жауап беруге дайын болу міндеті де бірге жүруі тиіс. Мұндай тепе-теңдік жаһандық өзгерістер жағдайында бейімделе алатын, әлеуметтік белсенді әрі рухани кемел тұлғаны тәрбиелеудің негізі.

Батыс ойлау жүйесінде еркіндік пен жауапкершілік көбінесе дихотомиялық байланыста қарастырылса, қазақ дүниетанымы бұл байланысты «еркіндік – жауапкершілік – келісім» ұштағаны арқылы тереңдете түседі. Бұл үлгіде тұлға қоғамдық келісім мен

өзара әрекеттестік негізінде дамиды. Мұндай көзқарас қазіргі замандағы әлеуметтік және рухани дағдарыстармен күресуге мүмкіндік беріп, мәдени тұтастықты сақтау және адамгершілік құндылықтарды нығайтуға қызмет етеді. Сондықтан қазақ философиялық мұрасы – жаһандық өзгерістер дәуірінде адамзат болмысының тұрақтылығын қамтамасыз ететін құндылықтық бағдарлардың бірегей көзі.

Еркіндік пен жауапкершіліктің тепе-теңдігі, ұжымдық сана мен адамгершілік құндылықтарға құрмет, сондай-ақ технологиялық мүмкіндіктерді саналы пайдалану, қазіргі заманғы тұлға дамуының іргелі қағидаттарына айналды. Еркіндік адамның саналы таңдау жасау қабілетін, әрекет еркіндігін және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін айқындайтын әмбебап ұғым. Ол адамның әлеуметтік, мәдени және рухани болмысының мәнін ашуға мүмкіндік беретін терең мағыналы құбылыс ретінде түрлі философиялық дәстүрлерде өзінше түсіндіріледі.

Батыс философиясында, әсіресе экзистенциализм бағытында, еркіндік адамның онтологиялық негізі ретінде қарастырылады. Жан-Поль Сартр еркіндікті адам болмысының өзегі деп таниды. Оның пайымдауынша, «еркіндік – адамның жүрегінде жатқан және оны жай болмыстан гөрі өзін-өзі жасауға итермелейтін ішкі күш». Сартр үшін еркіндік – бұл мәжбүрлі таңдау, өйткені, адам әрбір әрекет пен шешім үшін толық жауап береді. Тіпті сыртқы шектеулер жағдайында да адам өзінің болмысына жауапты субъект ретінде қала береді [3]. Сартр сипаттаған экзистенциалдық мазасыздық, шексіз таңдау мен сол таңдау үшін жауапкершілік жүгін сезінуден туындайды. Бұл тұлғаны жалғыздық, мағынасыздық сезіміне алып келуі мүмкін.

Ал қазақ дүниетанымы мұндай тығырықтан шығу жолын жоғарыда айтқандай, қоғаммен, табиғатпен және дәстүрмен үйлесімді өмір сүруде көреді. Бұл көзқарас көшпелі өмір салтынан, қауымдық құрылымнан және дәстүрлі дүниетанымнан бастау алады. Қазақ философиясында еркіндік адамның табиғи және әлеуметтік ырғақтармен үндестікте өмір сүру қабілеті, сонымен

қатар жеке және қоғамдық мүдделердің тепе-теңдігін сақтау өнері [1, 72–75-66].

Осы ой тарихи тұлғалардың дүниетанымынан да көрініс тапқан. Мәселен, Бұқар жырау өз толғауларында еркіндікті халыққа қызмет ету және адамгершілік борышпен байланыстыра отырып сипаттайды. Оның пайымдауынша, шынайы еркіндік, өз халқының мүддесін көздейтін парасатты әрі жауапты әрекет [4].

Сонымен қатар Шәкәрім Құдайбердіұлы да бұл ұғымды терең этикалық мәнде түсіндіреді. Ол «Үш анық» еңбегінде еркіндікті ар-ұжданмен, ақылмен және ізгілікпен байланыстырады [5]. Оның мына бір өлең жолдары еркіндіктің рухани болмыспен тікелей байланысын айғақтайды:

Еркіндік – талап, шын сүю,
Жирену, мақсат, ой түйю,
Қуаныш, қайғы, күлкі, ашу,
Денесі сау боп жан күйю...

Жансыздан бұлар шығар ма? [6] Бұл шумақта еркіндік адамның ішкі рухани күйімен, ой-санасының сергектігімен және жан-жүрек күйімен байланыстырылады. Демек, Шәкәрім үшін еркіндік рухани кемелдікке ұмтылумен тығыз байланысты.

Цифрлық дәуір жағдайында еркіндік ұғымы жаңа мағынаға ие болып, ақпараттық кеңістіктегі таңдау мүмкіндігі мен дербестікпен ұштасып отыр. Алайда бұл дербестік шынайы еркіндікке сәйкес келе бермейді. Әлеуметтік желілер мен алгоритмдер пайдаланушының мінез-құлқын алдын ала болжай отырып, таңдауын шектеп, жалған еркіндік иллюзиясын тудырады. Мазмұн жасау мен өзін-өзі таныту еркіндігі мәні мен салдарын түсінбеген жағдайда күйретуші күшке айналуы мүмкін.

Зигмунт Бауманның «ағымдағы заман» (liquid modernity) ұғымы осы құбылысты сипаттауға мүмкіндік береді. Оның ойынша, заманауи адам тұрақсыз жағдайларда шексіз мүмкіндіктерге ие болғанымен, бұл мүмкіндіктер жасырын бақылау мен сыртқы басқару құрылымдарына тәуелді. Еркіндік пен бақылау арасындағы бұл парадокс тұлғаның ішкі тәуелсіздігі мен сыртқы

ықпал арасындағы шиеленісті тереңдетеді [7]. Осындай күрделі жағдайда еркіндік тек жауапкершілікпен бірлікте ғана өзінің шынайы мазмұнын ашады. Сонымен қатар Виктор Франклдің «экзистенциалдық вакуум» ұғымы еркіндіктің шексіздігі мен бағытсыздығы нәтижесінде адамның өмірлік мәненен ажырау қаупін сипаттайды. Оның пікірінше, еркіндік жауапкершілікпен толықтырылмаса, тұлға инфантилизмге, гедонизмге немесе деструктивті мінез-құлыққа ұрынуы мүмкін [8, 114–116 бб.]. Сондықтан ол үшін еркіндік сол таңдаулардың салдарын түсініп, қабылдай білу қабілеті. Ал С. Кьеркегор еркіндікке байланысты қорқыныш пен үрейдің адамның этикалық жауапкершілігін терең сезінуге алып келетінін айтады. Таңдау жасаған әрбір сәт жеке тағдырыңмен бірге өзгенің өміріне де ықпал ететін сәт. Осы орайда, жауапкершілік еркіндікті реттейтін тетік қана емес, оны ішкі тұтастықпен байыпты басқаруға мүмкіндік беретін құндылық ретінде танылады [9].

Жеке даралану үдерісі еркіндіктің заманауи формаларына елеулі ықпал етті. Бұл құбылыс адамның өзін-өзі тануына, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруына және мәдени тәжірибенің жаңа түрлерін қалыптастыруына кең жол ашты. Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени кеңістікте адам кәсіби бағытын, өмір салтын, дүниетанымдық ұстанымдарын еркін таңдауға мүмкіндік алады. Блогерлік, цифрлық өнер, дербес медиа сынды жаңа құбылыстар шығармашылық еркіндіктің кең аудитория үшін қолжетімді бола бастағанын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл даралану үдерісі бірқатар қарама-қайшылықтар мен әлеуметтік-психологиялық қиындықтарды да туындатты. Жаһандану үдерісі ұлттық-мәдени ерекшеліктерді көмескілендіріп, экономикалық теңсіздік ақпарат пен ресурстарға қолжетімділікті шектейді. Шектен тыс индивидуализм қоғамдық борыш сезімін әлсіретіп, оны эгоцентрлік бағдарлармен алмастыруда. Мұндай бағытта адам өзін ғана басты құндылық ретінде қабылдап, жеке табысқа жетуді өмірлік мақсат етіп қояды.

Қазақ мәдени-әлеуметтік контекстінде бұл қайшылықтар ұлттық бірегейлікті сақтау және жаһандық құндылықтарға

бейімделу арасындағы күрделі диалектикалық қатынастарда көрініс табады. Мұндай жағдайда мәдени еркіндік дәстүрді сақтау, оны саналы таңдау және жауапты әрекет арқылы жаңғыртуға негізделуі тиіс. Яғни, еркіндікті жүзеге асыру ішкі рухани еркіндікпен, парасатпен ұштасуы қажет.

Қазіргі заманғы еркіндіктің шектеулері көбінесе технологиялық бақылау, әлеуметтік қысым және экономикалық теңсіздікпен байланысты. Жаһандық капитализм жағдайында еркін таңдау тек белгілі бір әлеуметтік топтар үшін қолжетімді артықшылыққа айналуы мүмкін. Ал бұқаралық мәдениет стандартталған мінезқұлық үлгілерін қалыптастыру арқылы тұлғаның тәуелсіз дамуына кедергі келтіреді. Осы себепті адам ішкі ұмтылыс пен сыртқы талаптар арасындағы тепе-теңдікті үнемі іздеуге мәжбүр.

Цифрлық дәуір еркіндік ұғымына жаңа мазмұн беріп, оның аясын кеңейтті, бірақ сонымен бірге жаңа тәуелділіктер мен шектеулерді де туғызды. Бұл жағдай еркіндікті ішкі рухани дербестік, сыни ойлау және жауапты әрекетпен байланыстыру қажеттілігін алға тартады. Осы тұрғыда қазақ философиялық дәстүрінде көрініс тапқан ынтымақтастық пен парасаттылық идеялары өзектілігін жойған жоқ. Олар еркіндікті сақтау мен жүзеге асырудың маңызды мәдени-этикалық тетіктері ретінде қарастырылады.

Еркін әрекет арқылы адам өз құндылықтарын, мақсаттарын және өмірлік бағдарын таңдауға мүмкіндік алады. Бұл идея экзистенциалдық философияда кеңінен дамыған. Мәселен, Ж.-П. Сартр адамның болмысы оның таңдаулары арқылы қалыптасатынын атап көрсетіп: «Адам – өзінің таңдауымен өзі жасайтын жаратылыс» деген тұжырымға келеді. Мұндай пайым адамды толық жауапкершілікке жетелейді [4]. Бұл идея қазақ ойшылы Абайдың шығармаларымен де үндеседі. Абай тұлғалық еркіндікті ақыл-ой мен адамгершілік қасиеттердің дамуымен тығыз байланыстыра отырып, шынайы еркіндікті парасат арқылы сыртқы ықпалдарға қарсы тұра білу қабілеті ретінде түсіндіреді. Оның: «Егерде бұл екі қуаттың екеуі де аз болса, яки бірі бар, бірі

жоқ болса... Сенде ерік жоқ» деген пікірі еркіндіктің мәні саналы таңдауда екендігін көрсетеді [10, 118 б.].

Еркіндік сонымен қатар сыни ойлау мен адамгершілік сананы дамытудың да негізі. Шынайы таңдау жасау қабілеті адамның терең рефлексиясы мен әрекеттер салдарының мәнін түсіне білуін талап етеді. Бұл тұлғаның ішкі тұрақтылығын, кемелденуін қамтамасыз етеді. Қазақ мәдениетінде бұл қағидалар шешендік өнер мен жыраулар поэзиясы арқылы жеткізілген. Ақындар мен жыраулар сөз еркіндігін жауапкершілікпен байланыстырып, қоғамдық сананы тәрбиелеуге ықпал еткен. Цифрлық кеңістікте тұлғалық еркіндікке қауіп төндіретін ақпараттық манипуляциялар мен алгоритмдік ықпалдар жағдайында сыни ойлау бұрынғыдан да маңызды бола түсті. Мұндай ахуалда еркіндік тұлғаның рухани иммунитетін айқындайтын шешуші фактор. Сонымен қатар, еркіндік жаңа парадокстық жағдайлар туғызады.

Қазіргі цифрлық кеңістікте сөз бостандығы мен өзін-өзі көрсету еркіндігі кеңейіп жатқанымен, олар жауапкершілікпен сабақтас болмаса, манипуляция, агрессия немесе дезинформация құралына айналуы мүмкін. Зигмунд Фрейд те шектеусіз еркіндіктің адам психикасында ішкі тежелу мен әлеуметтік нормалар арасындағы қарама-қайшылықтарды күшейтетінін атап өткен [11]. Сондықтан жауапкершілік еркіндікті тежемей, керісінше, оны мазмұнмен байытып, бағыт беретін құрылымдаушы күш ретінде әрекет етеді.

Сонымен еркіндік пен жауапкершілік – тұлға дамуының диалектикалық бірлігі. Еркіндік – адамға өзінің өмірінің авторы болуға мүмкіндік берсе, жауапкершілік – сол авторлықты саналы, байыпты әрі шығармашылықпен жүзеге асырудың алғышарты. Қазіргі таңда еркіндік шекаралары кеңейіп келе жатқан жаһандық ортада бұл екі ұғым арасындағы тепе-теңдікті сақтау жеке тұлғаның да, жалпы қоғамның да тұрақты дамуы үшін шешуші мәнге ие.

Философиялық тұрғыдан алғанда, жауапкершілік еркіндіктің табиғи жалғасы. Адам еркін әрекет еткен сайын, сол әрекеттерінің салдары үшін де жауап береді. Бұл идея антикалық философия-

дан бастап қазіргі заманғы философиялық мектептерде терең талданған. Жауапкершілік – тұлғаның адамгершілік бейнесін, әлеуметтік қатынастардағы ұстанымын, қоғаммен өзара байланысын айқындайтын ұғым. Ол еркіндікті шектеу емес, керісінше, оның мазмұнын байытады, бағыт-бағдарын нақтылайды. Әрбір саналы таңдау – тұлғаның кемелдену жолындағы қадамы. Қазіргі белгісіздік пен жаһандық сын-қатерлер жағдайында жауапкершілік адамгершілік компас ролін атқарады. Ол еркіндікті жасампаз қуат көзіне айналдырып, тұлғаның қоғаммен бірігіп өмір сүруін қамтамасыз етеді. Мұндай жауапкершілік адамның кәсіби, жеке және этикалық шешімдерінің салдарын ұғына білуімен тығыз байланысты. Сонымен қатар, ол тұлғаның өз денсаулығына, амандығына және қоршаған ортаға деген саналы қатынасын да қамтиды. Бұл – тұлғалық белсенділік пен өмірлік дербестіктің негізі.

Қазіргі әлемдегі экологиялық дағдарыс, цифрлық қауіптер және әлеуметтік теңсіздік сияқты жаһандық сын-қатерлер жауапкершілік ұғымын жаңа мазмұнмен байытты. Енді ол тек адамгершілік міндет қана емес, сондай-ақ тұлғаның мәдени сәйкестігі мен қоғамдық өмірге белсенді қатысуының көрсеткіші ретінде де қарастырылады. Еркіндік – өзгелердің құқықтары мен еркіндіктерімен шектелетін құндылық болса, жауапкершілік – сол шектеулерді түсініп, эмпатия мен ынтымақтастыққа негізделген саналы әрекет арқылы көрініс табады. Жауапкершілік ұғымы мазмұндық және функционалдық тұрғыдан кеңейіп, жеке адам мен қоғам дамуының өзекті көрсеткішіне айналды. Жауапкершілік түрлі деңгейлер мен салаларда көрініс тауып, даралықтан ұжымдық, ұлттықтан жаһандық деңгейге дейінгі аралықта сан қырлы сипатқа ие болуда. Соның ішінде экологиялық, әлеуметтік және цифрлық жауапкершілік – қазіргі кезеңнің ең өзекті және кешенді сын-қатерлеріне жауап беретін маңызды формалар қатарында.

Экологиялық жауапкершілік – адамның табиғатпен қарым-қатынасындағы адамгершілік және практикалық бағдарын сипаттайтын маңызды ұғым. Қоршаған ортаны сақтау, табиғи

ресурстарды ұтымды пайдалану, климаттың өзгеруіне қарсы әрекет ету сынды міндеттер әрбір тұлғаның күнделікті өміріндегі тұрақты дағдысына айналуы қажет. Табиғи ортаның ластануы мен ресурстардың сарқылуы адамның әрекетіне қатысты адамгершілік бағалау мәселесін қайта қарауды талап етеді. Бұл орайда экологиялық жауапкершілік қалдықтарды сұрыптау, энергияны үнемдеу, жаңартылатын көздерге көшу сияқты нақты әрекеттер арқылы көрініс тауып, болашақ ұрпақ алдындағы моральдық міндетпен ұштасады. Яғни, бұл экологиялық мәдениет, ұрпақаралық әділеттілік қағидатына негізделген адамгершілік ұстаным болып табылады.

Әлеуметтік жауапкершілік қоғам ішіндегі өзара тәуелділік, әділеттілік, ынтымақтастық, теңдік сияқты ұғымдарымен тығыз байланыста қарастырылады. Бұл ұғымның шеңберінде осал топтарды қорғау, әлеуметтік поляризацияны азайту, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету секілді азаматтық ұстанымдар жүзеге асады. Әлеуметтік жауапкершілік – бұл қоғамдағы адамаралық қатынастардың тереңдігі мен өзара сенімділікке негізделген ұжымдық мінез-құлық формасы. Ол тұлғаның этикалық сана-сезімін, басқаға жанашыр болу қабілетін және белсенді азаматтық ұстанымын білдіреді.

Ал цифрлық жауапкершілік ХХІ ғасырда пайда болған жаңа құбылыс ретінде ақпараттық қоғамда тұлғаның адамгершілік келбетін айқындайтын өзекті өлшемдердің біріне айналды. Қазіргі таңда цифрлық кеңістіктегі әрекеттер де тұлғаның жалпы жауапкершілік мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл салада жалған ақпарат таратудан аулақ болу, кибербуллингке қарсы тұру, дербес мәліметтерді қорғау және желідегі этикалық нормаларды сақтау сынды аспектілер маңызды орын алады. Зигмунт Бауман атап өткендей, виртуалды кеңістіктің шекарасыздығы адамды адамгершілік жауапкершіліктен алшақтата алады [10]. Сондықтан цифрлық жауапкершілік шынайы ақпаратқа көз жеткізу, өзгелердің құқығына құрмет және этикалық шешім қабылдау дағдысын талап ететін жаңа жауапкершілік формасы.

Сонымен қатар, адамгершілік, құқықтық, кәсіби және саяси жауапкершілік секілді дәстүрлі ұғымдар да қазіргі заманның жаңа шындығына сәйкес жаңаша мазмұнмен толығып отыр. Кәсіби салада сапа мен адалдыққа ұмтылу, құқықтық жүйеде әділдік пен заңдылықты сақтау, саяси шешімдер қабылдауда көпшілік мүддесін ескеру – қазіргі адамгершілік мәдениеттің ажырамас құрамдас бөліктеріне айналған. Бұл – жауапкершіліктің бір ғана салада емес, тұтас қоғамдық құрылымда жүйелі түрде жүзеге асуы қажеттігін көрсетеді.

Жауапкершілік ұғымының осындай көпқырлы және күрделі мазмұны оны қоғамдық дамудың, әлеуметтік тұрақтылық пен рухани кемелдіктің кепілі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұста, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында қалыптасқан табиғатқа құрмет, үлкенге ізет, ұжымдық көмек, қонақжайлылық, әлсіздерге қамқорлық сияқты құндылықтар қазіргі заманғы жауапкершілік ұғымымен терең үндесіп жатыр. Бұл дәстүрлер – қазақ философиясының адам мен қоғамды тұтас қарастыратын кешенді дүниетанымының көрінісі ретінде, бүгінгі жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқара алады.

Жауапкершілік, осылай заманауи адам болмысының айнымас атрибутына айналды. Эмпатия, өзгенің мүддесін түсіну, бейбіт қатар өмір сүруге ұмтылу, мұның барлығы жауапты тұлға бейнесін айқындайтын көрсеткіштер. Жеке адам мен қоғам арасындағы байланыстардың күрделене түсуі жауапкершілікті де кеңейіп, тереңдеп, ішкі рухани кемелдіктің көрсеткішіне айналдырып отыр.

XXI ғасырдағы кемел тұлға – бұл еркіндік пен жауапкершілікті тең ұстанатын, өз әрекеттерінің салдарын саналы түрде бағалай алатын субъект. Мұндай тұлғалық үлгіге жету еркіндікті, батылдықты, даналықты, ішкі тәртіп пен ойлауды да қажет етеді. Шынайы еркіндік – шексіздік емес, өз әрекеттерінің салдарына терең жауапкершілікпен қарау қабілеті болып табылады. Бұл – қоғаммен үндес өмір сүруді, өзін тұлға ретінде жүзеге асыруды және өз орнын жауапкершілікпен сезінуді білдіреді. Демек, қазіргі дәуірдегі жауапкершілік – тұлғаның кемелдену жолындағы негізгі өлшемдердің бірі.

Әдебиеттер

- 1 XX ғасыр басындағы қазақ философиясы. Жиырма томдық. 11-том. – Астана: Аударма, 2008. – 445 б.
- 2 Абай. Шығармалары толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005, – 256 б.
- 3 Сартр Ж. П. Бытие и ничто: Опыт феноменологической онтологии / Пер. с фр., предисл., примеч. В. И. Колядко. – М.: Республика, 2000. – 639 с. – (Мыслители XX века.).
- 4 Нар заман мен зар заман поэзиясы: Асанқайғыдан Кердері Әбубәкірге дейін. Жыр-толғаулар / Құраст. Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы: Паритет, 2007. – 376 б.
- 5 Шәкәрім, Үш анық. <https://ru.scribd.com/document/694272779/%D0%A8%D3%99%D0%BA%D3%99%D1%80%D1%96%D0%BC-%D2%AE%D1%88-%D0%B0%D0%BD%D1%8B%D2%9B>
- 6 Шәкәрім Құдайбердіұлы. Тіршілік, жан туралы. <https://bilim-all.kz/olen/429>
- 7 Бауман З. Текучая современность / Пер. с англ. под ред. Ю.В. Асочакова. – СПб.: Питер, 2008. – 240 с.
- 8 Франкл В. Человек в поисках смысла: Сборник: Пер. с англ. и нем. / Общ. ред. Л.Я. Гозмана и Д.А. Леонтьева; вст. ст. Д.А. Леонтьева. – М.: Прогресс, 1990. – 368 с.
- 9 Кьеркегор С. Страх и трепет. https://www.phantastike.com/philosophy-/strah_i_trepet/html/?page=2
- 10 Абай. Қара сөз. Поэмалар. Алматы: Ел, 1993, –270 б.
- 11 Freud S. Civilization and Its Discontents. New York: W.W. Norton & Company. – 1962. – 109 б.

3.3 Отандық кәсіби философияның тұлғалары және ұлт руханияты

Заманауи кезеңде өркендеп жатқан еліміздің кәсіби этно-философиясы біртұтас Қазақстанның ұлттық философиясының өзегін құрайды. Алматы философия мектебі кезінде әлемдік философияның теориялық негіздерін игеріп, диалектикалық логикадан ерекше кәсіби мектеп қалыптастырды. Академиктер Ж.М. Әбділдин мен Ә. Нысанбаев, ғылым докторлары Қ.Ә. Әбішев пен М.С. Сәбит сияқты халқымыздың талантты тұлғаларымен

қатар Кеңес мемлекетінің арқасында әр қилы елден келген кәсіби мамандар бірге табысты қызмет атқарды. Профессор М. Сәбит сияқты дарынды философтың біздің университеттің қабырғасында табысты қызмет атқарғанын біз зор мақтанышпен айта аламыз. Оның қазақ халқының өзіндік рухани келбетін айшықтауы біз үшін әдіснамалық бағдар болады.

Еліміздің рухани әлемі өткен кеңестік кезеңде маркстік философияның басымдығының аясында болып келді, енді заманауи кезеңде жаңаша ұлттық философияның жүйесін қалыптастырудың жолына бет бұрғанымыз белгілі. Әрине, кез келген философиялық жүйе қысқа уақытта жылдам жасала салмайды. Ол үшін кәсіби философтарымыз сыни ойлаудың әдіснамасын қолдана отырып қазіргі кезеңдегі жаңа талаптарға сай пәрменді ғылыми ізденістер жолында болуы тиіс. Осы шығармашылық бағытты берік ұстанған кәсіби философтардың қатарына дарынды әріптесіміз, халқымыздың қоғамдық ғылымдағы көрнекті тұлғалардың бірі, профессор М.С. Орынбековті де толық жатқызуға болады.

Тәуелсіздік жылдарының бастапқы жылдарында-ақ Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясының құрамындағы Философия және саясаттану институтында қазақ философиясын зерттеуге арналған бөлім ашылды және соның алғашқы меңгерушісі болған белгілі маман М.С. Орынбеков болатын. Осы бөлімнің кәсіби мамандарының күшімен көптеген ғылыми-зерттеу жобалары орындалды. Соның ішінде «Қазақ даласының ойшылдары» атты алғашқы топтама ерекше рөл атқарады. Бұл ғылыми жинақ Мұқанмадияр Серікбекұлының ғылыми жетекшілігімен жарық көрген еді [1]. Кезінде Мәскеу университетінің философия факультетін бітіріп келген кәсіби маман өзінің алғашқы ғылыми еңбектерін философияның ең күрделі бөлектерінің бірі диалектикалық логиканы зерделеуге арнады [2].

Мұқаң өзінің жеке шығармашылығында әрі қарай бірте-бірте ұлттық философияның негіздерін жандандыру қажет екенін жақсы түсінеді және осы бағытта қазақ дүниетанымына арнаған бірнеше еңбектерді жарыққа шығарады [3]. Осы бағытта

көптеген еңбектерді ғалым Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультетінде қызмет етіп жүрген кезде жасайды [4]. ол әмбебап маман ретінде Қазақстан территориясындағы дін тарихына, діндарлық пен зайырлылық мәселелеріне арнап іргелі еңбек жазып үлгерді [5].

Егемендіктің арқасында қазақ философиясы мемлекеттік тілде кеңінен дәрістеліп, бірнеше ұжымдық монографиялар шығарыла бастады, көптеген жас және тәжірибелі ғалымдар қазақ философиясы мәселелері бойынша мемлекеттік тілде диссертациялар қорғады. Әрине, заманауи кезеңде барлық жоғары оқу орындарындағы мамандар да осы игілікті іске өзіндік үлестерін қосуда және Қазақстанның түкпір-түкпірлерінде гуманитарлық сала бойынша ұлттық келбетімізді айқындай алатын білікті кадр-мамандар корпусы қалыптасуда.

Жалпы даналық үлгілері өзіндік пәрменді дамудың қажетті қозғаушы күшіне айналып қана қоймай, әрбір жеке адамның дербес дүниетанымының, рухани әлемінің қалыптасуына ықпалын тигізіп отырады. Философияда үнемі айтылатын өзара байланыс пен дамудың әрбір сәті қоғамдық прогресс барысында үнемі іштей астасып жатады, одан тыс қалған құбылыстар құлдырайды, ішкі қайшылыққа түседі және нәтижесінде дағдарысқа ұшырайды. Сондықтан өзінің шынайы рухани келбетін, маңызды құндылықтарын жоғалтқан ел де, мемлекет те, жеке адам да дағдарыстар қақпанына түседі. Бұл тарихтың өзіндік шындығы.

Қазіргі уақытта әлемде жаңа заманның тарихи кезеңі келді және ол өзімен бірге көптеген рухани, әлеуметтік, мәдени, экономикалық мәселелер топтамасын әкелді. Оның қайшылықты тұстарын айқындау, дағдарыстардан шығу жолын табу гуманитарлық сала мамандары үшін қасиетті парыз. Сонымен заманауи кезеңде адам мен қоғамның рухани дүниесі демократиялана бастауда, яғни ойлау еркіндігінің ұстындары қоғам санасында нығая түсуде. Мәңгіге жабылған шығар, енді олар Ақиқат әлемінен орын теппес деген тарихтың «ақ таңдақтары» бірте-бірте ғылыми кеңістікте мамандар үшін ізденістер ауқымы,

ғылыми нысаны ретінде күн санап ашылу үстінде. Сол халықтың зияткерлік әлеуетінен бастау алған рухани күштердің, тарихи деректердің еркіндікке шығу кереметін, яғни басқаша айтқанда, халық рухының шабыттық мағынада асқақтауын қазіргі заманда өз көзімізбен көріп, оның куәсі болып отырмыз. Бұл құбылыстар шын мәнінде қазіргі тарихи кезеңнің дәуірлік, шынайы тарихи сипаттамасы. Бірақ бұл рухани жаңғыруымыздың бастамасы ғана.

Егер біз қазіргі замандағы шынайы философияның өлшемі ретінде тек батыстық модельді алатын болсақ, онда оған ұқсамайтын, сәйкес келмейтін барлық ұлттық сипаттағы дүниетанымдық жүйелер өзіндік іргелі мағынасы бар «Философия» деген құбылыстан алыста қалады. «Ұлттық философия», немесе оның өзіндік өзегін құрайтын «этнофилософия» ұғымына сын айтушы топ өкілдері адамзат тарихындағы ежелгі грек, ежелгі үнді, классикалық неміс философиясынан басқаларына ұлттардың атаулары сөз тіркесі қолданылмауы тиіс деген түсініктен әрі аспайды.

Ал енді философияның әралауынды, көпқырлы сипатының көріністерін мойындамай, басқа этникалық қауымдастықтарда теориялық құрылымдардың және категориялық безендірулердің үлкен жүйеленген пәндік түрі болмағанын желеу етеді. Тіпті, Мәскеулік кейбір мамандар «орыс философиясы» деген ұғымның сәтсіз екенін алға тартады. Бірақ қазіргі шақта мұндай дәйектеулердің түп негізі күйреген тарихи кезең келді. Өйткені әлемді рухани игеруде өзіндік жасанды шектеулер болмайды, дүниені рационалды зерделеудің қатып қалған бір ғана нұсқасы, философиялық үлгісі болуы мүмкін емес. Жалпыадамзат философиясы сан қырлы этнофилософиялық сипаттағы түсініктер, пайымдаулар мен толықтырулар арқылы рухани өркендей түсетіні анық.

Әрине, адамзаттың рухани әлемінде Ақиқатқа қарай ұмтылудың даналыққа толы пайымдаулары сан түрлі формада көрініс бермей ой-саналық даму туралы жартымды сөз қозғау

мүмкін емес. Сондықтан әрбір халықта даналыққа толы өзіндік этностық философия қалыптасқаны анық және ол ерекше рухани құбылыс ретінде руханият әлемінде лайықты орнын алады. Олар болашақта әр қайсысы өз шамасы келгенше адамзаттың жалпы мәдениетіне, әлемдік философияға шығармашылық тұрғыдан өз үлестерін қоса беретініне күмән келтіруге болмайды. Бұл ойтұжырымдарды толығымен кешегі түркілік заманнан бастау алған қазақ философиясына да байланысты айтуға болады. Әрине, әрбір халықтың ұлттық философиясының басын қосып тұрған біртұтас адамзат философиясы бар екенін де естен шығармаған жөн. Жалпы біртұтастанған адам мәнінің барлық халықтарға ортақ екені белгілі және адамзат эволюциясында қандай кедергілер, қиын жағдайлар болса да барлығымыз бірлікте болуға тиісті екеніміз де ақиқат. Адам өмірінде ешнәрсе кездейсоқ болмасы анық, барлығының өзіндік себеп-салдары, терең мәні бар.

Қазіргі кезеңдегі технологиялық және ақпараттық ағындар заманында көрініс беріп отырған жақсы да теріс мағынала да үрдістер Жер бетіндегі барлық халықтардың тағдырына тікелей қатысты екені белгілі. Жетекші ұлт ретіндегі қазақтар да мен әртүрлі этнос өкілдерінен құралған жалпы тұтастай алғандағы қазақстандықтар да сол әлемдік тұтас дүниенің бір құрамдас бөлігі. Осыған орай қазақстандықтардың тағдыры абстрактілі мәселе емес, ол негізінен халықтың әрбір өкілінің бақытты болуға ұмтылатын өмірімен, дүниетанымымен астасып жататын құбылыс. Демек, әрбір тұлғаның өмірінің мағынаға толы болуы үшін тек қана әлеуметтік-экономикалық ахуалды жетілдіру аздық етеді, сонымен бірге халықтың ғасырлар бойы қордалаған даналыққа толы рухани байлығын игеруі орынды. Осындай сәтте тәуелсіздіктің құндылығы барынша асқақтай түседі. Әсіресе, егемендік ел бірлігінің қайнар бастауы. Оны жан-жақты зерделеу гуманитарлық саладағы әріптестеріміздің қасиетті парызы.

Ал, енді қазақ халқы мен тәуелсіз Қазақстан философиясының толыққанды зерттеле бастауы еліміздің саяси және идеологиялық егемендік алып, дербес ел болған кезеңінің еншісінде. Әсіресе, осы

бағытта белсенді қызмет атқарған, оқулықтар мен оқу құралдарды дайындап, ұлттың көптеген данагөй тарихи тұлғаларының дүниетанымын айшықтаған және елімізде қандай философиялық бағыттардың кеңінен өрбігені туралы ғылыми еңбектерін оқырмандарға ұсынған көптеген философия саласының кәсіби мамандары бар екенін атап өткен жөн. Әсіресе, қазіргі кезеңде мемлекет тіліндегі философиялық шығармалар топтамасы ұлғайып келеді және оған аймақтардағы жас мамандар да ат салысуда.

Қазіргі кезеңде оқытушылар мен студенттерге рухани азық болатын философиялық әдебиеттер тізімі молайды. Дегенмен, олардың ұлт тарихының әртүрлі белестерін философиялық мағынада сипаттаған еңбектеріне үстірт сыни пікір айтушылар да табылып жатады. Әрине, ғылымдағы ашықтылық, нақтылық сыни талдауды, әр қилы көзқарастарды паш етуді талап етеді. Бірақ, сын айтушылар да халыққа өз туындыларын ұсынғаны жөнді болар еді, ал енді оларда керемет ғылыми жаңашылдық болып жатса ортақ игілік болары сөзсіз. Мүмкін осындай зияткерлік бәсекелестіктің нәтижесі руханиятты өркендету саласында, зияткерлік ұлтты қалыптастыру бағытында қомақты жетістіктерге жеткізуге мүмкіндіктер ашпай ма? Барлығы халқымыздың, жастарымыздың өркениеттік болашағы үшін жасалатын дүниелер болғандықтан шыармашылық өніміне қатысты кез келген сыни ұстанымның сындарлы болғаны абзал.

Тарихтың қойнауында жатқан рухани мұраларымызды, тарихи тұлғаларымызды мағыналы көзқарастарын қайта жаңғырта жеткізуге талаптанған ғалымдарымыз Қорқыт Ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иасауи, Ахмед Иүгінеки, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Асан Қайғы, Қадырғали Жалайыри, қазақтың атақты билері мен ақын-жырауларын, ойшылдары мен зиялыларын, оның ішінде Махамбет, Шоқан, Абай, Шәкәрім, Ғұмар Қараш, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мұхтар Әуезов сияқты есімдерді жастардың рухани әлеміне жақындата түсті. «Біз өзімізге этникалық тегіміз жағынан келсек, мың жылдан аса мәдениетіміз, тарихымыз, философиямыз бар халықпыз» деген

ақиқатқа сәйкес сөзі енді әлеуметтік практика үзінде өзінің өрісін кеңейте бастады. Халықтың әлем туралы философиялық образдары мен түсініктеріне, оның ұлттық рухы мен діліне, қордалаған рухани құндылықтарына объективті бағалаулар берілуде. Тәуелсіздік келмесе осындай қадамдар тиісті деңгейде жасалмай да қалуы мүмкін еді.

Тәуелсіздік жылдары қазақ халқының рухани-құндылықтық әлемі, оның ұлттық санасы мен дүниетанымы жаңарып, өзін-өзі тану, өзін басқаға таныту, өзінің ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін ардақтау, бай рухани және мәдени қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды. Сондықтан адамзат тарихындағы 1500 жылдық мерзімі айшықталған түркі және қазақ тарихының негіздерін ұмытпауымыз керек. Өкінішке орай, кейде қоғамдағы этносаралық қатынастарды зерделеу барысында осы мәселеге үстірт қараушылық та көрініс беріп отырады. Қазақ халқы және оның бай рухани мұрасы өзге халықтардың өкілдерінің санасында орын тепкені жөн және бұл үдеріс жаңа тарихи кезеңдегі отандық қауымдастықты біртұтастандырудың, гуманистік құндылықтар мен мұраттарды біріктірудің тетігі.

Қазақ философиясы еліміздің рухани тәуелсіздігінің тарихи көрінісі және ол адамзат тарихында ғасырлар бойы қалыптасқан әлемдік философияның ажырамас құрамдас бөлігі. Қазақ философиясының тарихи қалыптасуының төрт тарихи кезеңін жіктемелеуге болар еді. Бірінші кезең – ежелгі мифтер мен әр қилы эпсаналардың этностың рухани дүниесінде басымдық танытқан замандағы алғашқы философиялық түсініктер дәуірі; екінші кезең – түркілік және қазақ ойшылдарының көркем образдар, халықтық поэзия арқылы даналық үлгілерін өрнектеген дәуірі, үшінші кезең – қазақ, ағартушыларының, зиялыларының саяси-әлеуметтік, этикалық және танымдық тақырыптарға арнаған еңбектерін әлеуметке ұсына бастаған кезеңі, төртінші кезең – кеңес Үкіметі ауқымында қалыптаса бастап, тәуелсіздік дәуірінде өзінің жалғасқан тапқан қазақстандық философия дәуірі. Әрине,

кеңестік кезеңде, яғни тәуелсіздік кезеңіне дейін ұлт философиясына байланысты мәселелердің барлығы мұқият бақылауда болып, көптеген зерттеу бағыттары тыйым салынған жабық дүниелер қатарына жатты. Өйткені, социализмнің ұстындары тек бір коммунистік идеяның, марксизмнің түсініктерінің төңірегіне шоғырланғандықтан оған сәйкес келмейтін басқаша мағынадағы түсініктердің барлығын жоққа шығарылды. Тіпті, бұл тақырыппен айналысамын деген зерттеушілердің шығармашыл ізденістік әрекеттеріне өткен қоғам «ұлтшылдықтың жалауын көтерді» деген үстірт бағалаулар беріп отырғаны белгілі.

Қазақ философиясы халқымыздың өмір сүруінің, дамуының және көркеюінің рационалдық сипаттағы ғылыми жүйеленген үлгісі, ұлттық философияның қайнар көзі. Осы тақырыпқа арналған бес томдық топтама ретіндегі ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты мамандарының күшімен дайындалған жинақ бар екенін де атап өтеміз [6]. Көрші жатқан түркі тілдес ағайындар бұл бағыттағы жұмыстарын енді ғана қолға алып жатыр. Тәжіктер мен әзірбайжандар өздерінің ұлттық философиясының тарихына арнап үш томнан ғана еңбектер топтамасын жариялады. Жоғарыда аталған жинақта сан ғасырлық рухани мәдениетіміздің тарихы философиялық сараптаудан өткізіледі. Рухани жетістіктеріміз бен осал жерлеріміз философиялық тұрғыда пайымдалады, тарихи тұлғалардың дүниетанымдық жүйелеріне объективті бағалаулар беріледі. Бірақ бұл жинақтың баспадан шығу даналары да, таралу ауқымы да жоғары оқу орындарындағы күннен күнге ұлғайып келе жатқан зияткерлік рухани байлықтан сусындауға деген сұранысын, қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыра алмасы анық. Оның үстіне философиялық ойлау тарихына деген көзқарас тарихтың жаңа кезеңінде жаңаша ұстанымдармен толығыады, көптеген жағдаяттар сыни талдаудан өткізіледі.

Халқымыз адамзат тарихында моральдік-этикалық қалыптарды өзінің дүниетанымына негізгі арқау еткен этностардың қатарына жатады. Бұл жағынан алғанда сан ғасырлық дәстүрлі

тарихы бар Шығыстың даналығын қордалаған халықтардың құндылықтық бағдарларымен біршама ұқсастығымыз да бар. Әрбір халық өзінің әлеуметтік тіршілігіндегі онтологиялық тіректі рухани дүниенің әр қилы салаларынан іздейді. Мәселен, жапондар эстетикадан, римдіктер құқықтан, гректер философиядан, парсылар поэзиядан, түркілер этикадан тапқандай әсер қалдырады. Ал енді басқа әлеуметтің салалары этностың қоғамдық санасын тұтастандыра құраушы рухани элементтер іспетті. Шын мәнінде жалпы өмірдің терең құпиялы мәнін философиялық тұрғыда аша түсу үшін алдымен қауымдастық өзін-өзі тану бағытында батыл қадамдар жасауы тиіс.

Жалпы, Шығыстың бай философиялық және әлеуметтік ойы, оның ішінде қазақ халқының философиялық-дүниетанымдық ойы батыстағыдай қалыптасқан жүйелерде емес, поэзияда, фольклорда, ауыз әдебиетінде, мифологияда, мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде жатты. Адам мен әлемнің арақатынасын, адамның өзін-өзі тануы, сөйтіп өзін басқаға танытуы, тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ философиясы – шығыстық философиядағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан халықтық философия.

Қазіргі уақытта гуманитарлық салалардың білікті мамандарының белсенділігі рухани жаңғыру белсенді үдерісінде шешуші рөл атқарып отырғаны белгілі. Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарында, көптеген еңбек ұжымдарында рухани жаңғыру концептісінің маңызы мен мәнінің талқылануы көпшіліктің бұл құбылысты жете түсінуіне, соған сәйкес өзінің саласында, өңірінде шешімді қадамдар жасауына негіз болады. Халықтың бұқаралық санасындағы оң бағдарлардың қалыптасуы мен дамуы барлық жерлерде маңызды және кешенді үдерістерге серпін беретін құбылыс екеніне көзіміз жетті. Рухани жаңғырудың

дүниетанымдық маңызына тоқталатын болсақ, онда тұлғалық және ұжымдық жауапкершілік мәселесін айналып өтуге болмайды. Қазіргі тәуелсіз еліміздегі әрбір азаматымыздың өзіне қойған жоғарғы талабы, кәсіби біліктілігі мен жаңашылдыққа бейімділігі әлеуметтік прогресс пен жасампаздық жолында болуымыздың қайнар көзі екені анық. Әруақытта бірлік пен білімнің, рухани кемелдену қызметінің арқасында өркениетті қоғамды қалыптастыру барлығынан қымбат.

Қазақстан қоғамын жаңғыртудың мәдени және құндылықтық негіздерін, оның жаңа цифрлық жағдайдағы тұрақты дамуын ғылыми негіздеу еліміздің ғалымдарының алдындағы абыройлы міндет. Қазақстанның мәдени-құндылықтық парадигмасын және оның рухани-адамгершіліктік дамуын зерттеулерге баса назар аударылып, оларға ғылыми талдаулар жасалуы тиіс. Сонда ғана қазақстандық қоғамды, оның қоғамдық санасын жаңғырту жөніндегі іргелі мемлекеттік міндеттерді шешуге және ұлттық кодқа, мәдениет пен құндылықтардың үздік дәстүрлеріне сүйенетін және жаңа жағдайда күшті және бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндігі бар ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға бағытталған қадамдар жасалады.

Алматы кәсіби философтарының күшімен алғашқы рет мемлекеттік тілде «Философиялық энциклопедиялық сөздік» 2013 жылы дайындалған еді және бұл еңбек жаңғырылған, толықтырылған нұсқада 2021 жылы қайтадан жарық көрді [7]. Бұл жинақтың ерекшелігі мамандар философияның түбегейлі категорияларымен қатар алғашқы рет негізінен қазақ рухани әлемінде ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейін дәстүрлі түрде қолданылып келген «абырой», «аманат», «аруақ», «атамекен», «зұлмат», «қанағат», «құт», «көңіл», «сабыр» және т.б. дүниетанымдық ұғымдар мен түсініктерге философиялық пайымдаулар жасалынуында. Әрине, осындай гуманитарлық ғылым саласындағы нақты кейбір қадамдардың, жаңашылдықтардың түптамыры тәуелсіздігіміздің тұғырларының әділеттілікпен, адалдықпен нығаяуымен астасып жатырына сенімдіміз.

Әдебиеттер

1 Қазақ даласының ойшылдары. – Алматы: Философия және саясаттану институты, 1994. – 204 б.

2. Орынбеков М.С. Проблема субстанции в философии и науке. – Алма-Ата: Наука, 1975. – 176 с.

3 Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы, 1986. – 162 с.; Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. – Алматы: «Өлке», 1994. – 208 с.; Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. – Алма-Аты: Білім, 1995. – 136 с.; Орынбеков М.С. Верования древнего Казахстана. – Алматы, 1997.- 221 с.; Орынбеков М.С. История философской и общественной мысли Казахстана. – Алматы, 1997. – 245 с.

4 Орынбеков М. С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД «Аркаим», 2001. – 341 с.

5 Орынбеков М. С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2013. – 204 с.

6 Қазақ философиясының тарихы. Ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейін. 5 том. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2017. – 414 б.

7 Философиялық энциклопедия. Құрастырушылар – Т.Ғ. Ғабитов, С.Е. Нұрмұратов. – Алматы: «Лантар Трейд», 2021. – 614. – 412 б.

3.4 Қазіргі кезеңдегі мега-әлеуметтің трансформациялануы мәселесі: адамның «бұқаралануы» құбылысы

Қазіргі дүниежүзілік мегаоғам ғылыми таным саласында да, геосаяси кеңістікте де үлкен құндылықтық өзгерістерге ұшырауда. Сонымен қатар, капиталистік жүйе кеңістігінде болашаққа арналған ерекше перспективалы үлгілер жоқ екені анықталды. Мұндай рөлге К. Шваб пен Т. Малердің «Инклюзивті капитализм» идеясына негізделген үлгілер үміт арттыра алмайды, оларды неоколониалдық жобаларға жатқызуға болады [1]. Жаңа неоколониалдық жобаны іске асыру үшін күрес, ең алдымен, ұлттық-мемлекеттік бірегейленуден бастап, жеке адамдар, тұлға және адамзаттық бірегейлену деңгейіне дейінгі барлық түрдегі бірегейлену кеңістігінде пәрменді жүргізілуде.

Алайда, жаһанданудың салдары мен жаңа технологиялық даму деңгейіне көшудің салдарына жаңа цивилизациялық

шындықтың жақтаушылары (шынайы немесе әлеуметтік-мәдени кеңістікті біртектілендіруге жасырын түрде мүдделі) осы шындыққа консервативті сын ретінде қарап, мұндай құбылысты қазіргі демократияның дағдарысы деп атайды [2, 85 б.]. Сәйкесінше, жаңа цифрлық шындықтың жақтаушылары қазіргі демократияның дағдарысының салдарына «ұлттық эгоизмнің, популизмнің өсуі, «бөтен» мәдениеттер мен олардың тасымалдаушыларынан бөлініп қалуға ұмтылу», «ұлттық мүдделерді постиндустриалды әлемдік цивилизацияның қалыптасуына тән тенденцияларға және әртүрлі интеграциялық бірлестіктерге мүше болудан туындайтын жекелеген мемлекеттердің міндеттемелеріне қарсы қоюға ұмтылу» дейді [2, 85 б.].

Біздің ойымызша, жаңа шындықтың қалыптасуының барлық ерекшеліктері О. Шпенглердің сипаттаған Фауст түріндегі мәдениеттің (батыс еуропалық мәдениеттің) батысына және барлық түрдегі мәдениеттердің даму кезеңдеріне, олардың өліммен аяқталатын соңғы сатысына – цивилизацияға айналуына толық сәйкес келеді, О. Шпенглердің айтуынша, атеизм, материализм, урбанизация, ғылымшылдық, техникалық прогресс, тұрақты агрессивті трансценденция және «әлемдік қалада халық жоқ, тек масса бар» деген құбылыс тән [3]. Айтпақшы, қазақ мәдениетінің, идентификациясының даму перспективаларын зерттей келе, О.Шпенглердің тарихи псевдомофоз туралы ойына назар аударған жөн, яғни «бөтен ежелгі мәдениет шеткі аймаққа соншалықты үстемдік етеді, сондықтан сол шеткі аймақ өзіне тән жас мәдениет таза, өзіндік формаларды қалыптастыруға мүмкіндік ала алмайды, тіпті өзінің өзіндік санасын толық дамыта алмайды» [3, 193 б.]. О. Шпенглер мұндай тарихи псевдомофоздың мысалы ретінде Петр кезіндегі Ресей мен араб мәдениетін келтірген [3, 194-201 б.].

Мәдени дамуымыздың ерекшеліктеріне тоқтала отырып, біз жоғарыда айтылған Шпенглердің тарихи псевдоморфоздар туралы идеяларына қатысты А. Кодардың келесі пікірін келтіру орынды деп санаймыз: Еуропаның отаршылдық дәуіріндегі интеллектуалдық экспансиясы «ұлттық және еуропалықтың

синкретикалық қатар өмір сүруіне әкеліп соқты, олардың түрлі үйлесімі маргинализмнің әртүрлі модустарын тудырды» және «кез келген этносты қайта жасау үшін доминант ретінде қызмет ете алатын инварианттық жасалды» [4, 119-б.].

Фаусттық мәдениет түрі фаусттық тұлға түрін тудырады, оны Юзеф Боргош толық сипаттайды: «Фаусттық адам – ішкі қайшылықтарға толы адам: автошығармашылықты және автодеструктивті. Автошығармашылықты, өйткені ол (өзінде) өзінің мәдениеті мен өркениетін жасайды: өзінің қабілеттері мен танымға деген ұмтылысының арқасында материалдық және рухани құндылықтар жасайды, өзі жасаған техника арқылы табиғатты бағындырып, өзін және өзінің әлемін дамытады. Автодеструктивті, өйткені ол бір мезгілде өзі үшін де, табиғат, мәдениет, өркениет үшін де қауіп төндіреді, өз өмір сүруінің биологиялық шарттарын жояды, өзіне қарсы шығатын техникалық күштер мен құралдарды жасайды, өзін физикалық және психикалық тұрғыдан бұзады» [5, 29-б.].

Объективті-субъективті унификация процесінің контекстінде фаусттық тұлғаның автодеструктивті жағы (әлемдік астыртын күштердің әрекеттерімен бірге) тұлғаның «бұқараландыру» феноменіне, «бұқара адамының» қалыптасуына және бүкіл әлеуметтік-мәдени кеңістіктің гомогенизациясына ықпал етеді.

Бүгінде жаңа технологиялық деңгейге көшу – бұл жаңа әлеуметтік-мәдени шындықтың, цифрлық шындықтың қалыптасуы. Жаңа цифрлық шындықтың қалыптасу перспективаларын зерттеу үшін шектен тыс қамту мен тереңдікке бағытталған көзқарас қажет – философиялық көзқарас. Сонымен қатар, жаңа цифрлық шындыққа философиялық тұрғыдан қараудың маңыздылығы, түптеп келгенде, мәселе адамдық тұлғаның цифрлық трансформациясы және адамның әлемдегі онтологиялық мәртебесінің өзгеруі, сондай-ақ жаңа технологиялар (hi-hume-, hi-tech-технологиялар) арқылы әлемдік мега-әлеуметтің халқын «қызмет етуші биомассаға» айналдыруға байланысты (конспириологиялық теорияларға сәйкес) неоколониалдық жоспарларды жүзеге асыру-

да жатыр. Адамның өзі цифрландыру үдерісі биоцифрлық конвергенция тұжырымдамаларында көрініс тапты [6].

Неоколониалдық жобаны жүзеге асырудың негізгі құралдарының бірі (қалыптасып келе жатқан жаңа цифрлық шындықты сындарлы сын тұрғысынан қарау контекстінде) көптеген екіжақты әсері бар жаңа технологиялар болып табылады. Жаңа технологияларды енгізудің айқын артықшылықтарымен қатар, жақын болашақта бүкіл әлемдік мега-әлеумет үшін терең теріс трансформацияларға (өзгерістерге) әкелетін соншалықты айқын емес, бірақ маңызды аспектілер де бар. Мәселен, жоғарыда аталған К. Шваб, жетекші ғаламшарлық теоретиктердің бірі, жақында Дубайда үкімет мүшелері деңгейінде өткен мемлекеттер саммитінде адамзаттың «жаңа дәуірге», «саналы ғасырға» аяқ басып жатқанын, онда адамдар жасанды интеллектпен бірігетінін мәлімдеді. Ол сондай-ақ, «жасанды интеллектпен бірігуден» бас тартатындар «жақын арада қоғамда өздеріне орын таба алмайтындарын» айтты [7]. Осыған байланысты жаңа шындықты консервативті сын тұрғысынан сынаушылардың кейбіреулері: «Батыста жасанды интеллект нұсқауларына бағынбау қылмыстық жауапкершілікке тартылатын күн алыс емес екеніне сенімді болуға болады» деп санайды [7]. Бұрын айтылғандай, К.Шваб сияқты демократиялық жаһандық ойыншылардың оқиғалардың дамуына байланысты ТҰК (трансұлттық корпорациялар) мүддесінде жұмыс істейтін және олардың артында тұрған аз ғана топтың мүдделеріне қызмет ететіні ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі көптеген зерттеушілердің пікірінше, рухани дағдарысқа негізделген түрлі дағдарыстар аясында орын алып жатыр. Рухани дағдарыс неден тұрады? Шын мәнінде, бұл таза тұтынушылық контекстіндегі мінез-құлық императиві деп айтуға болады. Жалпы, руханилық дегеніміз, ең алдымен, адамның өзі мен қоршаған әлемге саналы қарым-қатынасы, бұл біздің әлемдегі жалпы байланыстардың маңыздылығын, әлемдегі өз орнын түсінуді және таза тұтынуға емес, ынтымақтастық пен қоршаған ортаға қамқорлық жасауға бағытталған тиісті мінез-

құлық императивін қалыптастыруды білдіреді. Болашақтың перспективалы үлгілерін жасау негізі ретінде, ең алдымен, жеке нысандардың өздігінен анықталуынан олардың ортақ шығу тегіне, яғни жалпы байланыстарға назар аударатын тұтастық принципін жаңа түсінігі негізінде рухани жаңғыру қажет.

Рухани жаңғыру үдерістеріндегі бастапқы нүкте не болуы керек? Мұнда унификацияның неоколониалдық жобаны құрудың негізгі құралдарының бірі екенін және ол барлық идентификация түрлерін жоюға бағытталғанын есте ұстау қажет. Осы тұрғыда ерекше назар тұлға деңгейіне аударылуы тиіс, өйткені ол философиялық дискурста адамды рухани-дене тұтастығы ретінде қарастырады және жеке тұлғаның ерекшеліктерін ғана емес, индивидуалдылықты да (оларға редукция жасамай) қамтиды, сәйкесінше, рухани жаңғыру үдерістеріндегі басты бастапқы нүкте болып табылады. Дәл осы тұлға деңгейі жаңа неоколониалдық жобалардың бірінші және басты мақсаты болып отыр (барлық идентификация түрлерін қорғаудың негізгі кепілі ретінде мемлекет институтымен қатар). Бұл жерде постмодернистік индивидуалистік либерализмнің адам құқықтарын қорғау туралы декларацияларына алданып қалмау керек, себебі іс жүзінде ол ең алдымен, рухани-дене тұтастығы ретінде тұлғаны, яғни қоғамның бір түрдегі «монадасын», «кірпішін» жоюға бағытталған және бұл жаңа колониалдық жобалардың пайдасына жасалуда.

Алайда тұлғаның рухани қалыптасу үдерісінде нақты қоғамның, этностың рационалдық түріне байланысты ұлттық архетиптің ерекшеліктері үлкен рөл атқарады, оның негізінде белгілі бір табиғи және мәдени ортада қалыптасатын танымдық стратегиялар жатыр.

Унификация феномені, ең алдымен, «бұқара адамы» феномені кеңістігінде жүзеге асатын «бұқаралану» процесі арқылы жүреді, ол өз кезегінде тұлғаның рухани-дене тұтастығы ретінде қалыптасуына эсер етіп, белгілі бір дәрежеде оның индивидуалдылығын (тұлғаның бір бөлігі ретінде) жояды немесе тегістейді. «Бұқара адамы» туралы әйгілі испан философы Ортега-

и-Гассет өзінің «Бұқараның көтерілісі» атты кітабында жазған [8]. Ортега-и-Гассеттің айтуынша, «бұқара адамына» әлеуметтік жауапсыздық, өзін-өзі дамытуға деген ынтаның жоқтығы тән. Ал «Бұқараның көтерілісін» ол былай сипаттайды: «...бұл Ратенау айтқандай «варварлықтың тіке шабуылы» [8, 52-б.]. Х. Ортега-и-Гассет пен К. Ясперстің еңбектерінде «массовизация» феноменінің мынадай белгілері мен алғышарттары атап өтіледі: «жоғары элитарлық мәдениеттің құндылықтарын әлеуметтік эталон ретінде вульгарлы-күнделікті көпшілік субмәдениетінің құндылықтарымен алмастыру («варварлықтың тіке шабуылы»), көптеген адамдардың бірдей өмір салттары мен стильдерінің қалыптасуы, әлеуметтік енжарлық пен пессимизмнің өсуі» [9, 86-б.].

Жоғарыда атап өтілгендей, «масса адамын» қалыптастыру «массовизация» феномені кеңістігінде жүзеге асады, оның экспликациясы өте алуан түрлі. Ол француз психологы, әлеуметтік ұсынулар теориясының авторы және «Топтар ғасыры. Массалар психологиясы бойынша тарихи трактат» атты кітабының авторы Серж Московичидің «массификация» концепциясынан [10], ресейлік психолог және философ Б.А. Грушиннің «дестратификация» концепциясынан [11], А.И. Яковлев пен Н.П. Кирилловтың мемлекет халқының көпшілігінің ұйымдасқан еңбек және бірлескен қызмет түрлеріне қатысу деңгейі ретінде қарастырған тұжырымынан [12], О. Карпухин мен Э. Макаревичтің бұқаралық ақпарат құралдары мен «паблик рилейшнз» технологияларымен бұқараны қамту деңгейі ретінде [13] және Г.Ю. Черновтың антропосоциомәдени тәсіліндегі «массовизация» феноменіне қатысты тұжырымдамасына дейін әртүрлі түсініктерді қамтиды [9]. Біздің ойымызша, Г.Ю. Черновтың антропосоциомәдени тәсілі контекстінде «бұқараландыру» феноменіне ең терең және дәл анықтама берілген (философиялық тұрғыдан қарағанда): «шығармашылық-альтруистік, элитарлық құндылықтардың приматына негізделген, элитарлыққа көтерілу, тік мобильділік негізінде құрылған немасса антропосоциомәдени жүйенің және

оның элементтерінің (мәдениет – қоғам – адам) олардың ішкі гомогенді, бұқаралық күйге трансформациялануы» [9].

Айтпақшы, мемлекет барлық идентификация түрлерінің, соның ішінде ұлттық-мемлекеттік идентификация деңгейінен бастап, тұлға деңгейіне дейінгі негізгі кепілі ретіндегі рөлі туралы мәселеге оралайық. Жоғарыда аталған әйгілі испан философы Ортега-и-Гассет «Массалардың көтерілісі» атты кітабында мемлекеттің «масса» арқылы тұлғаны басып-жаншудағы орасан зор рөлі туралы жазған. Ол былай деп жазды: «Мемлекет диктаты – бұл зорлық-зомбылық пен тікелей әрекеттің шарықтау шегі, оны қалыпты жағдайға айналдырған. Бұқара өзінше әрекет етеді, тұлғасыз мемлекет механизмі арқылы өз бетімен қозғалады. Еуропалық халықтар ауыр ішкі сынақтар мен ең өткір қоғамдық мәселелердің – экономикалық, құқықтық және әлеуметтік проблемалардың алдында тұр. Мемлекет диктаты тұлғаны жойып, болашаққа деген үмітті мүлде өшіріп тастамайды деп кім кепілдік бере алады?» [8, 14-б.]. Ол әрі қарай былай деп жазады: «...Міне, осында өркениетті басты қауіп күтіп тұр – толықтай мемлекеттікке айналған өмір, биліктің экспансиясы, мемлекеттің кез келген әлеуметтік дербестікті жұтып қоюы – қысқасы, тарихтың шығармашылық бастамаларын тұншықтыру, соның арқасында адамдардың тағдыры сақталып, дамып, алға жылжиды... Бұл қайғылы аяқталады. Мемлекет кез келген әлеуметтік белсенділікті түбегейлі тұншықтырып, жаңа бастамалардың ешқайсысы өспейтін болады. Қоғамды мемлекеттің игілігі үшін, ал адамды мемлекеттік машинаның қызметі үшін өмір сүруге мәжбүрлейді» [8, 13-б.].

Өз тарапымыздан, әйгілі испан философы Хуан Ортега-и-Гассеттің жоғарыда келтірілген ойлары барлық бірегейлену түрлерін қорғаудың негізгі кепілі ретіндегі ұлттық мемлекет институты туралы біздің көзқарасымызға қайшы келмейтінін атап өткіміз келеді. Қазіргі уақытта ұлттық мемлекет институтын жойып, жаңа біртұтас басқару орталығы бар планетарлық мемлекет құру мүмкіндігі бар. Осындай жаңа планетарлық мемлекет контексінде

Х. Ортега-и-Гассеттің мемлекет институтына қатысты сыны өте орынды көрінеді. Дегенмен, мұндай планетарлық мемлекеттің мемлекет институты ретінде қарастырылуы қаншалықты орынды екендігі даулы мәселе деп ойлаймыз. Кейбіреулердің пікірінше, бұл жерде, керісінше, неокапиталистік жоба аясында әлемдік мега-қоғамды құруға арналған жаңа бизнес-модель туралы сөз болып отыр [6]. Қазіргі заманғы өркениеттік дамудың келешегі туралы пікір айтқан көптеген сарапшылардың пікірінше, ірі батыс мемлекеттері, басқару құрылымы мен сипаты тұрғысынан ірі корпорациялардың желілік құрылымына ұқсайды.

Кейбір зерттеушілер «цифрлық қоғамның қалыптасып келе жатқан қос табиғатты гибридтілігі» туралы жазып, «гибридтіліктің қайшылықтары шынайы және виртуалды (цифрлық) әлемдердің симбиозымен байланысты, олар бірыңғай тұтастыққа бірігеді...» деп түсіндіреді [14, 48-б.], сондай-ақ «адамның жеке тұлғалық идентификациясын цифрлық немесе желілік сәйкестендіру арқылы кеңейту» туралы да айтады [15, 48-б.].

Бүгінгі күні «адамның жеке тұлғалық бірегейленуін цифрлық немесе желілік сәйкестендіру арқылы кеңейту» туралы айтуға бола ма? Біздің ойымызша, айтуға болады, бірақ бұл тек трансценденция контекстінде. Мұндай кеңейтудің мазмұнына келсек, қазіргі уақытта желілік сәйкестендіру әлеуметтік желілердің алгоритмдеріне сәйкес қалыптасып жатқанын зерттеушілермен келісе отырып айтуға болады, олар «көп жағдайда либерализм мен толеранттылық идеологияларының принциптеріне сәйкес келеді» деп санайды [16]. Жоғарыда айтылғандарға қосымша, әлеуметтік желілерде «бағалау жүйесі» «реакциялар жүйесімен» алмастырылады, және «осылайша, ірі интернет-платформалар бүгінгі таңда норманы жою және нәтижесінде барлығын хаостық жағдайға келтіру жолына түсуде» [16].

Қазақстанға, қазақ және қазақстандық идентификацияға келетін болсақ, оның архетипі мен рационалдығының негізінде ұжымшылдық пен қауымшылдық идеялары жатыр (орыс халқында бұл – артель, қауым, қазақтарда – ауыл). Сондықтан қазіргі желілік

идентификацияның либерализм мен толеранттылық идеологиялық матрицалары түріндегі алгоритмдері қазақ және қазақстандық идентификация үшін елеулі деструктивті әсер тудыруы мүмкін, әсіресе біздің мемлекетті модернизациялау үшін қоғамның бірігуі қажет болған кезде.

Қазіргі өркениеттік дамудың негізгі конституирлеуші ерекшелігі – жаңа технологиялық деңгейге өту және жаңа цифрлық шындықты қалыптастырумен байланысты әлемдік мега-қоғамның трансформациясы. Трансформацияның негізгі құралы мен мақсаты объективті-субъективті унификация процесі болып табылады. Өз кезегінде, унификация процесінің бір бөлігі және мақсаты – адамның «массификациясы», «масса адамының» қалыптасуы, гомогенизацияланған мәдени кеңістікте жеке тұлғаның «массификациясы», ұлттық мемлекеттердің шекараларын жою және жаңа планетарлық мемлекеттік құрылымның орнына бірыңғай басқару орталығы бар, тұлғасыз «қызметші» биомассадан тұратын жаңа бизнес-модельді қалыптастыру.

Еліміздің әлеуметтік-мәдени даму болашағын зерттеу барысында фаусттық (батыс еуропалық) мәдениет түрінің, фаусттық адамның, тұлғаның қалыптасуы мен құлдырау ерекшеліктерін, оның өзін-өзі жаратушылық және өзін-өзі жоюшылық қасиеттерін ескеру қажет.

Нақты бір қоғамның, этностың рационалдылық түрімен байланысты ұлттық архетип ерекшеліктерін ескеру қажет, оның негізінде, өз кезегінде, белгілі бір табиғи және мәдени ортада қалыптасатын танымдық стратегиялар жатыр. Сонымен қатар, «ұлттық және еуропалықтың синкреттік бірге өмір сүруі» (Ә. Қодар) фактісін, сондай-ақ қазіргі әлеуметтік-мәдени процестерге өте қатысты Шпенглердің уақыт жағынан ескіріп, технологиялық жағынан дамыған мәдениеттер жаңа туындаған және әлі толық өзін-санаға жете қоймаған мәдениеттерге үстемдік ететін тарихи псевдоморфоз туралы ойын ескере отырып, еліміздің әлеуметтік-мәдени дамуындағы экстремалды маргинализм түрлерінен аулақ болу керек, бұл туралы белгілі эссеист, культуролог Әуезхан Қодар ескерткен болатын.

Сонымен қазіргі әлемдік мега-әлеуметтің өркениеттік дамуының конституционалдық ерекшелігі ұлттық мемлекеттердің шекарасын бұзушы, бүкіл әлемдік әлеуметтік-мәдени кеңістікті бірыңғайлаушы, «жаһандық-ұлттық» дихотомия мәселесін және барлық ұлттық-мемлекеттік сәйкестіліктен жеке тұлға деңгейіне дейінгі бірегейлену түрлерін өзектендіруші цифрлық трансформация құбылысымен байланысты. ТҰК-ның және олардың артында тұрған шағын топтың мүддесі үшін жаһандану құралы ретіндегі бұл объективті-субъективті бірегейлеуші үдерістің басты мақсаты – мемлекет институтымен қатар жеке тұлғаның деңгейін қорғаудың басты кепілі ретіндегі сипатын, сайып келгенде, адамның жеке басының бірегейленуін қосқандағы сәйкестенудің барлық түрлерін айқындауда. Мәдениеттің фаустық (Батыс Еуропа) типі туындатқан фаустық адам, тұлғаның фаустық типі әлемдік әлеуметтік-мәдени кеңістіктің гомогенденуінің, адамның бұқаралануы мен биоцифрлық конвергенция құбылысының құралы, мақсаты мен мәніне айналады. Өзіндік бұқаралық санасын толықтай дамытуға ұмтылып отырған біздің еліміз бен мәдениетімізге әлеумет пен заманауи тұлғаның, қауымдастықтардың және әлеуметтік топтардың даму ерекшеліктерін барынша ескеруі керек.

Бұқаралық сананың ерекшеліктері мен оның қазіргі Қазақстан үшін практикалық маңызы зор. Сонымен қатар, авторлар бұқаралық сананың қоғамның құндылық әлемімен және әрбір жеке тұлғаның рухани әлемімен тығыз байланысты екенін көрсетуге тырысады. Жалпы қазақстандық қоғамның өтпелі кезеңін түсіну контекстінде тұлға мен бұқаралық саяси сананы жан-жақты зерттеу мәселесі де маңызды екені анық.

Әдебиеттер

1 Klaus Schwab, Thierry Malleret. COVID-19: The Great Reset Paperback – July 9, 2020. – Cologny Geneva: Forum Publishing, 2020. – 280 p.

2 Алексей Малашенко, Юлий Нисневич, Андрей Рябов. Вертикальное вторжение варваров: новая волна на Западе // Вестник общественного мнения. – № 2 (129). – июль–декабрь 2019, с. 86-98.

3 Освальд Шпенглер. Закат Европы. Очерки морфологии мировой истории. Том 2: Всемирно-исторические перспективы. Перевод с немецкого и примечания Маханькова И.И. – М.: «Мысль», 1998. – 606 с.

4 А.Кодар, Раннее творчество МухтараАуэзова в контексте литературы Алаш-Орды. // Абай и Ауэзов. Абаевские чтения. Выпуск III. – Алматы, 1998. – 227 с. – С.119-130.

5 Borgosz J., 1989, CzłowiekFaustyczny, „Studiafilozoficzne”, nr 7-8, s. 25-32.

6 Четверикова О. Цифровизация – это реализация оккультного проекта из теневого мира. 10 марта 2024. – <https://www.business-gazeta.ru/article/625724>.

7 Обычным людям осталось десять лет. Мировое правительство вышло из тени. 25 февраля 2024 05:31. – <https://19rusinfo.ru/ekonomika/62571-kto-popal-v-novuj-spisok-sanktsij-ssha>.

8 Ортега-и-Гассет Х. Восстание масс. – М.: ООО «Издательство АСТ», 2002. – 509, [3] с. – Серия Philosophy.

9 Чернов Г.Ю. Понятие массовизации: антропосоциокультурный подход. – Вестник Челябинского государственного университета. – 2012. – №4 (258). – Философия. Социология. Культурология. – Вып.23, с.85-88.

10 Серж Московичи: Век толп. Исторический трактат по психологии масс. Пер.: Емельянова Т. – Москва: Издательство: Академический проект, 2011 г., Серия: Психологические технологии. – 396 с.

11 Грушин Б.А. Процессы массовизации в современных обществах // Рабочий класс и соврем.мир. 1986. – №5. – с. 30–46.

12 Яковлев А.И., Кириллов Н.П. Сознание народа – Томск: Издательство Томского университета, 2000. – 373 с.

13 Карпухин О., Макаревич Э. Формирование масс. – Калининград: Янтарн. Сказ, 2001. – 541, [1] с.

14 Василенко Л.А., Мещерякова Н.Н. Гибридность цифрового общества: инновационная реальность или утопия? // Философия науки и техники PhilosophyofScienceandTechnology/ Т. 28 №1 (2023).– с.48-65. – <https://pst.iphras.ru/article/view/8862>.

15 Идеология либерализма и толерантности в алгоритмах соцсетей. – <https://dzen.ru/a/Zc2rxY1fwFNpYcWy>.

16 «Реакции вместо «оценок». Как отучают думать. Проект «Думайте». – <https://whatisgood.ru/internet/algorithms/reaktsii-vmesto-otsenok/>.

3.5. Рухани құндылықтар бастауы – жан әлемі

Көнекөз ғұламалар мен данышпандардың ой-тұжырымдарына, философиялық толғамдарына көз жүгіртсек, біраз нәрсеге байышпен қарайтын боламыз. Осы адамнан басқа жер бетіндегі тіршілік иелері дүниеде «мәңгі-бақи болсам» деп ұмтылмайды және оған тырыспайды екен. Бәлкім оған санасы жетпейтін шығар. Табиғат та өзгереді, тау қозғалады, жер сілкінеді, ормандар жаңарады, өзен, көл, тіпті теңіз де тартылады, қайта толады. Бәрі қозғалыста және үнемі өзгерісте.

Адам баласының кім екені туған сәтінде емес, дүниеден өтер кезінде анықталады деген тұжырым жұртқа кең тарамаса да, бәрі біткен соң ол пендеге баға беретін жәйт бар екені мәлім. Адамдар сонда барып, ол «асқар таудай кеменгер, еліне қалтқысыз қызмет жасаған адал адам, айтулы тұлға болды, немесе елін сатқан опасыз еді, жемқор, алаяқ, кәнігі қылмыскер» еді деген бағалау тұжырымдарын айтудан қорықпайды.

Сана иесінің ақылдың күшімен таппайтыны, жетістікке жетпейтіні жоқ. Алайда болмыстың ішінде не болып не қойып жатқанын айта алмайды. Бұл дүниенің елес екенін, барлық нәрсенің санаға сыймас сипатта болатынын көңілімен сезеді. Осы күні ғалымдар саналы ақылмен көзге көрінбес электрон мен протонның арасына кіріп кетеді дейді ғылыми ізденіспен тұжырымдағанда. Керек болса телескопқа ілінбейтін қашықтағы жұлдыздарды ақылдың күшімен зерттей береді. Сөйте тұра өзгенің не ойлап тұрғанын, тіпті қасындағы әйелінің ойын, ішінде не болып жатқанын біле алмайды. Жалпы, адамның дүниеге келген сәтінде кейін кім болатыны, алдағы тағдыры бір Аллаға ғана аян деген қорытынды жасауы ғажап емес.

Жалпы, әулие, данышпан, кеменгер, қайраткер, небір ғұлама тұлғалардың көзі тірісінде тұтынған бұйымдарын ұрпағы сақтап қойып, әспеттейтін себебі неге дейсіз. Өйткені сол тұлғалардың қолы тиген бұйымдары кейін ерекше рухани сипатқа ие болып тұрады. Соларды кейінгі жұрт тәберік көріп, шетелдерде ғасырлар

бұрынғы бұйымдар мен құнды суреттерді миллиондаған долларға сатып алып жататыны бар. Демек, философтардың пайымдауынша, дүние адамға емес, адам дүниеге қадір дарытады деген ұғым осыдан қалған.

Қарап отырсақ, қиын уақыт күшті адамдарды тудырады, ал күшті адамдар жеңіл уақытты тудырады екен. Жеңілдік әлсіз адамдарды әкеледі, мысалы кейбір қолында билігі бар бірінші басшылардың ұл-қыздары көбінесе ерке-тотай, топастау, мінезі нашар, өмірге бейімсіз келетіні бәріне оңай қол жеткізуінен, тегінің нашарлығынан, тәрбиенің кемшіндігінен болса керек. Осы күні қай банкіде қанша ақшасы барын да ұмытып қалған, тіпті үйіндегі әйнек банкасында тыққан ақшасы бар екенін де есінен шығарып алғандар кездеседі екен. Әлеуметтік дүниеде тым астамсып бара жатқандардың соңы не болғанын естіп жүрміз. Жаман істерге бір зауал келер-ау, ұдайы бұлай болып жалғаса беруі мүмкін емес қой дейтіндер көп.

Ал мен елді басқардым, менен асқан данышпан жоқ деп тірісінде жағымпаздары арқылы өзіне ескерткіш орнаттырып жанталасқан, көше, қала, әуежай, ел астанасы атауларын алғысы келгендер көп уақыт өтпей-ақ масқарасы шығып жататыны бар. Қазір сол ел тонаған диктаторлардың да үрейге бой алдыруы белең алды. Демек, ендігі жерде осындай паразит арамтамақтарды емес, ерік-жігері мықты, қиындықпен шыңдалған ұл қыздарды тәрбиелеу керек.

Бүгінде әлем тамсанған, бай өлкеге айналған Дубайдың негізін қалаушы шейх Мухаммедтің айтқандары ойландырмай қоймайды. Ол: атаң түйе мінсе, ұлың мерседес мінеді. Ал немерең не шөберең қайтадан түйе мінуі әбден мүмкін деген пәлсапалық ойды ортаға салады. Демек, елдің болашағы санасыздыққа бой алдырып, думандатып, тойлатып, ала жаздай ән салумен дамымайды. Адал еңбек, маңдай терін төккендер өсіп, өркендейді. Алма-кезек дүние. Әбден тойынған, әлемдегі алып империя да құлайды, мәңгі ештеңе жоқ. Осындайда «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын», деп данышпан Абайдың айтып кеткені белгілі [1].

Бүгінде бағзы замандағы пайғамбарлар мен ғұламалардың өмірі бізге өнеге. Тойымсыз басшыларды көрген соң олардың орынбасар, көмекші, кеңесші уәзірлері де қалыспай қолынан келгенінше қарпын қалуға тырысады. Біразы тексерушілерге ұсталып абықтыға түседі. Тергеу кезінде әлгілерден: «сендер бұл абақтыға қалай түстіндер, не жазықтарың, қандай қылмыстарың бар?» -деп сұрағанда: біз әділетсіз, жемқор басшының кесірінен осындай қалге түстік. Егер олар байлықты жұртпен тең бөлісіп, қомағайланып, тойымсыздық көрсетпегенде, біз де әділеттілікті үлгі тұтып, ештеңе ұрламас едік деген екен.

Біз де бақытты, бақуатты өмір сүргіміз келеді. Алайда сол құрғыр сағым сияқты ұстатпай-ақ қойды. Сондықтан тіршілігімізді қалай бастасақ болады деп бас қатырады көбі. Егер көңіл көзің, арың таза болса, күнә мен қылмыстан ада болып, ілім-білім қуып, он ойланып, тоғыз толғанып, ізденіп, ғылымды дамыта білсең, өмірің нұрланып, өркендейсің деген екен кезінде Жүсіп пайғамбар. Адам дене еңбегімен ғана емес, оймен, ізденумен, ақылмен дамып, өркендей алады. Ал жатыпшыер жалқау пенде шабан ойлы, борсып кеткен сумен тең. Бұрынғы ғұламалар осындай ғибрат айтап кеткен екен.

Бір заманда, Жүсіп пайғамбардың тұсында Нілдің жағасына диқандар егін салып, жыл сайын мол астық алып, жұрт қарық болыпты. Өйткені, олар құнарлы жерді таңдай алған. Әсілі, астық құрт-құмырса, тышқан, торғайы көп жерге бітік шығады екен, міне диқандар соны білген. Оны ата-бабасының еңбегін, тәжірибесін зерделеп, көкірегіне түйген жан ұғады. Содан не керек, жылда мол астыққа қарық болып, олар аста төк тамаққа тойынып, тіпті иттері де семіріп кетіпті. Осындай тойынғаннан алдымен адам баласы ешкімді танымай есіреді. Соңында азғындап, іріп-шіріп құрыған.

Бір кездері әлемдегі держава атанған алып мемлекеттерді басқарғандардың кейбірінің қисынсыз қылықтары мен басқыншылық әрекеттері және бүгінде жұрттың көбі білетін өзге де республика басшыларының біразының ұрпақтары әбден бұзылып кеткені белгілі. Әлгілердің моральдық-этикалық қарекеттері

халықтың көзалдында болды. Солардың әкелері «кұдайдан сәл төмендеу» ғұмыр кешсе, ал ұл-қыздары қандай болғанын жұрт біледі. Ал әлгі тым тойынғандардың ұрпақтары, егер адал жолға түсе алмаса нендей күй кешерін кім білсін...

Демек, әркімнің немере, шөбересі «шүкір, тәубе» деп, адал жолға түсе алмаса болашағы бұлыңғыр. Ендеше әркімнің өмірі таусылмас той-думан, ән салумен дамымайды. Адал еңбек, маңдай терін төккендер ғана өркендейді. «Көйлегі көктік, тамағы тоқтық аздырар адам баласын, деп данышпан Абай айтқан ғибратты ұмытпау керек.

Осы арада демократия дегенге бір ауыз тоқтала кетейік. Америка секілді алпауыт елде бір-біріне жетеқабыл, деңгейлес екі партия бар. Міне солар ешкімге бұратартқызбайды, соның нәтижесінде әділ сайлау өтеді деп жүрміз. Президенті де төрт жыл елді басқарады. Егер халық үдесінен шыға алса, тағы бір мәрте билікте отырады. Одан артыққа жол жоқ. Алайда кейінгі жылдары солардың демократиясына сенім селдіреп, әлемнің көңілі қала бастады. Алып елдер шағын мемлекеттерді баса-көктеп, басып-жаншып, жуан жұдырығын көрсетіп, жаулап ала бастағаны алаңдатады. Әлгілердің әділеттің туын асқақтатады деген демократиясы осы ма?! Дегенмен, бұл жерде кей башылардың байлықтың күшімен билікке келіп, әлемді басқарғысы келуін әлем тағы көріп отыр. Ал мұндай әділетсіздіктің ұзаққа бармайтыны тағы аян.

Алайда ХХІ ғасырда өз күші мен ақыл қабілетіне сенетіндер көбейіп келеді. Демек, біздің ұрпақ та заман талабынан қалыспай ұдайы ізденіс пен даму жолында күреспесек артта қалып қоямыз. Кемшілкті өзгелерден емес, өзімізден ізденуіміз керек. Эмоцияға берілуден гөрі парасат пен тәжірибеге сүйену бағалы. Бүгінгі заманды әлеуметтану мен философиялық ой тұрғысынан бағамдасақ, осындай тұжырымға келеміз.

Қазақ елінің дамып, өркениетке құлаш сермеуі үшін елімізде жұрт көңілінен шығатын, халық жылдар бойы аңсап, күтіп жүрген Ұлттық идеологияны қалыптастыру ауадай қажет. Ғалымдар мен философтардың пайымдауынша, ондай мемлекетте қоғам өмірінің

барлық саласында халыққа қызмет ететін, әркімнің жүрегіне жол тапқан идеология болуы тиіс. Барша халықты бір тудың астына топтастыратын, жұртты үйіріп әкететін, әркімнің көңілінен шығатын Ұлттық идеологияны халық көптен аңсап, сусап жүр. Сондай идея берік орын алса, ел мүддесінен шығатын әділетті заң қалыптасса, ол мемлекет дамуында маңызды рөл атқарар еді.

Елді дамытатын, өркениетке бастайтын, заманауи тұлғаны қалыптастыратын саланың бірі – білім. Иновацияға қадам жасаған мемлекет қана ілгері дамып, алға қадам басады. Халықымыздың жастары техникалық білімге ұмтылған жайғдайда ғана заман ағымынан қалып қоймаймыз. Бұл туралы таяуда ірі кәсіпкерлердің басы қосылған жиында Президент Қ.Тоқаев қазақтың ұл-қыздары техникаға бейім болу керек деді. Осыған орай Үімет басқосыуында да техникалық мамандарды дайындау үлесі 40 пайыздан 60 пайызға көбейетінін сөз етті [2].

Азаматтық қоғамның негізгі алғы шарттарының бірі – құқықтық мемлекетті нығайту. Енді сол құқықтық мемлекетке жету үшін алдымен ұлттың бірегейлену сапасына назар аударуымыз керек. Азаматтық қоғамда ұлттың тегіне емес, адалдығына мемлекеттің дамуына қосқан үлесі маңызды болады. Өйткені ол қоғамның ілгерілеуіне өз құндылығын ұсынып отыр.

Елдегі бейбітшілікті, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудағы жауапкершілікті сезіне отырып, Мемлекет басшысы Жаңа Қазақстанды құрудағы жүйелі бастамаларын іс жүзінде орындауда барлық азаматтарды топтасуға шақырамын деді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazaqstan» ұлттық арнасына берген сұхбатында.

Ал біз, қазақтар қайдан шықтық, бабаларымыз кім болған деген ой да әркімнің қиялына орала береді. Генетик ғалым Мақсат Жабағиннің пікірінше өзінің бес мың жылдық тарихы бар қазақтардың хромосомына байланысты зерттеулері көпті қызықтырады. Генетикалық зерттеулердің негізінде ұлтымыздың шежіресі таратылады. Текті білу – ұрпақтар сабақтастығы ғана емес, үлкен ғылым. Мысалы үйсіндер ұрпағының дені Майқы

биден тараған деседі. Алғашқы адамның геномын зерттеуге АҚШ ғалымдары қарқынды кірісіпті. Ол әлемдік деңгейде зерттеу жүргізілуде. Сол үшін лабораториялық зерттеулерге Америка қаржыны аямайды. Осы бағыт қарқынды дами берсе болашақта адамзат баласы қайдан, қалай пайда болды деген сауалға да жауап табудың мүмкіндігі алыс емес [3].

Түркі тілдес елдер өздерінің рухани байлығына терең зер салып, ғылыми зерделеуге бет бұра бастады. Сонымен қатар қазіргі кезеңде еліміз дүниежүзілік экономикалық кеңістікке лайықты түрде кіру үшін алдымен экономикалық құрылымын ілгерілету арқылы қайта құрып, технологиялық артта қалушылықты жеңуге тырысуда. Соңғы уақытта қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламалар осы басымдықты алға шығарады. Дегенмен, қоғамдағы рухани өмірдің рөлін төмендетуге болмайтыны да анық, оның маңызын арттыру да өмірлік қажеттілік болып отыр.

Рухани дүниеге жете мән бермеу, немесе оған үстірт қараушылық қоғамдағы дүниетанымдық дағдарысты туындатады, ол өз кезегінде көптеген кикілжіңдердің бастауы, негізі болуы мүмкін. 2022 жылдың қаңтар оқиғасының түп негізі тек қана әлеуметтік мәселелерді көтеру немесе саяси мағынадағы үдерістерге түзетпелер енгізу ғана емес, ол негізінен рухани мағынадағы мәселелер мен құндылықтық негіздерді қайта жасақтауға талаптану екені байқалды. Елімізде өткізілген саяси Референдум, конституциялық реформалар шытуайтына келгенде рухани платформаның да жаңғыруын талап етті. Сондықтан өркендеудің кілті осы мәселеге мамандардың барынша дәйектілікпен келіп, маңызды мәселелерге рухани-адамгершілік ынтамен назар аударынында, қоғамдағы барлық маңызды қадамдарды этикалық сараптамадан өткізетін уақыт та келді.

Руханияттың үйлесімді дамуы барлық жағынан алғандағы әлеуметтік-мәдени өркендеуімізге де байланысты екеніне дау жоқ. Мазмұндық жағынан алғанда рухани дүниенің жүйелік-танымдық байланысын біртұтас құбылыс ретінде ашып көрсету өте маңызды. Осы тұрғыдан алғанда отандық философия тарихын, еліміздің

саяси тарихын жаңа әдіснама және әдістеме тұрғысынан зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Басты мәселе – халқымыздың рухани мәдениетінде қордаланған ауызша және жазбаша әдебиеттің, тарихи құжаттардың, құнды деректемелік негіздердің жан-жақты зерделенуі. Осымен қоса тарихи және мәдени ескерткіштерді ғылыми зерттеуде, әлеуметтік кеңістікте, тәрбие мәселесінде қалай қолдануды нақты анықтамайынша, бұл процесс күрделене түсуі мүмкін. Қазақ халқының сан ғасырлық рухани әлемінің жәдігерлерін танып-білуде инновациялық, жаңашыл тәсілдерді қолдану қазіргі ғылыми таным үшін маңызды. Қазіргі цифрлы технологияның мүмкіндіктерінің рухани мұраны игеруде қолданатын уақыт та келді. Бұл тәсіл жастар ортасына барынша жақынырақ деп бағалауға болады.

Шығыста поэзияның көбісі философиялық астарлармен көмкеріліп келгенін мойындауымыз керек. Қазақ поэзиясының да мазмұндық сипаты да философиялық тереңдікке толы. Міне, сондықтан поэзияның этикалық қыры құндылықтық келбетін танытады. Әсіресе, араб, парсы және түркі әлемінің поэзиясы тарихи тұрғыда мамандар тарапынан ерекше зерделенуде. Қазіргі отандық мәдениет тарихи және заманауи интеграциялық процестер аясында өмір сүріп, тарихи мәселелерге жаңғырудың өзіндік түптамыры ретінде қарастыруға ден қоюда. Жоғарыда аталған руханият қырларын қазақстандық бірегейленудің көрінісі және ұлттық саясаттану мен философияның жетістіктері ретінде қарастырып, оның дамуына кедергі келтіретін әдіснамалық айшықтарды белгілеп, олардың әр қилы рөлін ашып көрсету – қазіргі тарихи кезеңдегі гуманитарлық білім үшін басты міндеттердің бірі болып отыр. Сыни талдаудың көмегінің бұл мәселеде көп нәрсе ашылмай қалатыны анық. Мәселен, еліміздің гуманитарлық сала мамандары біріге, өзара тығыз байланыста кешенді зерттеулер жүргізуді ілі күнге дейін қолға алмай келеді. Ғылымдардың әрқайсысы өз кәсіби шеңберімен шектелу дәстүрі заманауи кезеңде байқалып отыр.

Қазақтың ойшылы, бас ақыны және философиялық тереңдікті ізденуші Абайдың рухани мұрасында, дана адамдағы білім,

ақыл және жігер жақсылыққа, ізгілікті істерге, адамдарға деген сүйіспеншілікке бағытталуы тиіс деген қағида айқын байқалады. Әрине, бұл ойлар, идеялар Абайға дейін де айтылғаны белгілі. Бірақ даналықты барынша әлеуметтік практика жақын кейіпте жеткізе білу де үлкен өнер. Осы тұрғыдан алғанда әлеуметтегі даналық негіздері нұрлы жандылықпен, арлы ақылдылықпен, әділеттілікпен және ақиқатпен ұштасып жатуы керек. Онсыз әлемнің, өмірдің мәні солғын тартатыны анық, адам ғұмырының мағынасы бірте-бірте күйрей бастайды, жалпы адамзат тарихының келбеті сүреңсізденеді, әлеуметтік ортада және руханиятта алға қарай жылжудың көрінісін байқамаймыз. Кез келген қоғам осындай рухани және әлеуметтік қақпанға түсіп қалу қаупінен, үрдісінен толықтай еркін және алшақ бола алмайды. Жаңғырып отыру әрбір мемлекетке ауадай қажет құбылыс.

Рухани кеңістіктің негізін құрайтын тарихи және заманауи элементтер мен маңыздылықтар көп деуге болады. Солардың ішіндегі оның мәнін терең де ауқымды анықтайтындар – ұлттық философия мен әдебиет, мәдениет пен оның түрлері, рухани қазынаның басқа да элементтері осы екі үлкен тұғырлардың айналасында өрбиді, дамып отырады. Олардың даму деңгейі, қоғамдық өмірге тигізетін әсері және қоғамдық сананы белгілеудегі алатын орны ерекше. Дамыған елдердің тәжірибесі осы ойды айғақтап, бекітіп отыр, оған көптеген мысалдар келтіруге болады. Мәселен, Шығыс елдері арасынан Жапония елінің саяси-әлеуметтік және руханияттық тәжірибесі басқа елдерге үлгі боларлықтай қабілеті бар, бастысы тұлғаны үйлесіді қалыптастырады.

Абай заманымен салыстырғанда қазіргі кезде көптеген ғылыми және адами мәселелерге түбегейлі жаңаша қарауға мүмкіндіктер туды. Философиядағы бұрынғы жетістіктерімізді толық жоққа шығару емес, тек жана дүниетанымдық тұрғыдан тарихи құндылықтарға сараптау жасау, ақиқатты шынайы, нақты сипатта іздеуге ұмтылу болып табылады. Қазақ ұлттық менталитетінің негіздері мен дәстүрлі саяси мәдениеттің іргелі категорияларын талдай келе, қазіргі қазақстандық қоғамдағы билік қатынастары

жүйесіндегі саяси дәстүрдің рөлін менталитет пен тарихи сананың өзара байланысы ауқымында ашып көрсетуге болады. Ұлт менталитет негізінен халықтың рухани өміріндегі бейімділіктер мен таптаурындық негізде қалыптасқан ұстанымдардан тұрады. Ал тарихи сана соның белгілі тарихи кезеңдегі және кеңістіктегі әлеуметтік және ғылыми-танымдық көрінісі деуге болады.

Жалпы қоғамдағы адамаралық, қауымдастықаралық қатынастарда өзара келісімге, ымыраға келу менталитеті – қазақ халқының руханиятындағы негізгі этикалық ұстанымдардың бірі. Осы этноәлеуметтік құбылыс гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан алғанда жан-жақты зерделеуді қажет етеді. Бұл құндылықтық бағдарлар қазақ ұлтының бірнеше ғасырларға созылған тарихи дамуы барысында саяси дүниетанымдық феномен ретінде қалыптасты. Әсіресе, тарихи санада этникалық ағзаны, құрылымды жою механизмін жүзеге асыруға жол бермейтін факторларды күшейту қадамдары жасалып отырылды, солардың қатарына қоғамдағы рухани және діни жүйелердің, саяси-құқықтық құрылымдардың тетіктерінің тиімді қызмет етуі жатады. Қазақ халқы өзінің ұлттық иммунитетін осы қадамдар арқылы өз тарихында нығайтып отырған. Бірақ белгілі бір әлеуметтік институттардың жетілмеуінен тарих тезінде халық талай қиыншылық замандарды, зобалаңдарды басынан кешіргенін де білеміз. XX ғасырдағы аштық жылдарын басынан өткізу, этнос өкілдерінің өздерінің туған өлкесінен үдере көшуі өзінің рухани зардабын тигізді және ұлттың мінезіне, этнопсихологиялық келбетіне біршама нұқсан тигізді.

Абай өз заманында сыни ойлау тұрғысынан өз халқымыздың өмір сүру салтына біршама ескертпелер жасады. Бұл тұжырымдар өз халқын шексіз сүюден, болашағы үшін қам жеуден туындаған әрекет болатын. Кейінгі дәуірлерде өмір сүрген ұлттың зиялылары ішінен де ұлт санасына қатысты сыни талдаумен өз пікірлерін сомдағандар көптеп кездеседі. Біздің пайымдауымызша, халықтың ділінде әртүрлі кейіптегі әлеуметтік-психологиялық таптаурындар мен құндылықтар жүйесі астасып жатады. Ал, енді қазақ

халқының ұлттық санасы ешбір халықтан кем де емес, артық та емес. Сондықтан тарихи үдеріс пен кеңістікте ерекше орынды анықтау өзіміздің болашаққа сенімімізді арттыратыны анық.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік қызметіндегі негізгі қағидаларының бірі келісім мен саяси тепе-теңдікті орнату болып табылады. Басқаша айтқанда, жоғарғы мемлекеттік биліктегі қызметке орналастыру мәселесі билік субъектілерінің өзара келісіп шешуі арқылы құпия түрде жүзеге асады, ал бұл өз кезегінде саяси үдерістің қатысушыларын консенсусқа келуге немесе әрбір «ойыншының» өзін қалай ұстау керектігін анықтайтын белгілі бір әлеуметтік келісімге қол қоюға итермелейді. Сондықтан да, Қазақстандағы билік сипатын ұғыну үшін қазақтардың дәстүрлі саяси мәдениетін, құндылықтар иерархиясын, саяси дәстүрін және олардың қазіргі еліміз өміріндегі рөлін терең зерттеп, толық білу қажет. Оның руханиятының тарихын сатылап, шебер өрнектеп, ғылыми байыптаған орынды.

Дәстүрлі қазақ ділін, қоғамдық үдерістерді және күнделікті өмірді нақтылы-тұтастық тұрғысынан түсіну қазақстандық тарихи сананы жаңғыртудың міндеттеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар, ұлттық тарихтың ұлы өкілдері жайлы аңыз-әңгімелерде басты кейіпкердің руластары мен жерлестерінің мүддесі үшін өзінің немесе жақындарының ұстанымынан бас тарта алғанына немесе алмағанына қарап, мемлекеттің басқарушыларының қандай болғандығына баға беріліп отырды. Осылардың барлығының жиынтығын қарастырсақ, қазақтардың көнбістігі мен ымыраға келу қасиеттері өзара ортақ істің негізінде келісімге келуден де әлдеқайда жоғары тұрғанын дәлелдейді.

Ұлы ойшыл, өз заманының философы Абайдың рухани мұрасында жан мен рух, адамның мәңгілік өмірі, өмірдің мәні мәселелері қомақты орын алады. Оның үстіне Абайдың философиялық көзқарастары діни, этикалық, эстетикалық идеялар мен гуманистік идеяларға, ұлтты біріктіру идеясына тұнып тұрғаны белгілі. Ойшылдың шығармаларында барлық әлем мен адамның өзара рухани байланысын, бүкіл болмыстың, оның ішінде

адам болмысының да ерекше деңгейлілігі сипатталған. Сонымен қатар, осы аталған қырлар данагөй ақынның шығармашылығы арқылы жалпы қазақтың этнофилософиялық ойының терең тамырларын, оның әмбебаптылығын, өміршеңдігін білдіреді. Абайға орала беруіміздің ең алғашқы себебі, ол алғашқы түрде әлеуметке қатысты сыни талдаудың үлгісін көрсетті. Орыстың көптеген ақын-жазушылары одан ертерек осындай қадамдар жасаған еді. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген мақаланың өзі бекер емес.

Ұлттық санаға, ұлттық болмысқа рухани жаңғырып отыру үшін алдымен не керек деген сауал туындайды? Әлеуметке қандай жолмен дамыған тиімдірек? деген сауалдар қай халықтың болса да алдынан шығып тұратыны анық. Зияткерлік пен зайырлылық жолын таңдау ұлт үшін өте маңызды. «Қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы», – дейді ҚР президенті Қ.К.Тоқаев [4]. Осы айтылған ойларға ұқсас тұжырымдарды қырғыздың кеменгер жазушы Шыңғыс Айтматов Мұқтар Әуезов туралы жазған «Слово об Ауэзове» деген мақаласында тамаша суреттейді. Ол «М.Әуезов айқындап берген Абай барлығымыз ортақ Абай, ол адамзаттың Абайы» деген ойды тұжырымдайды. Ұлтты айта отырып жалпыадамзаттың мәселесіне үн қату жалпы данагөйлердің әдеті екені рас. Әрине, Абай де пенде, оның да кез келген адамға ұқсас тұлғалық, зерттеушілік кемшіліктері бар екенін мойындаймыз. Мәселе, данагөй меңзеген терең танымдық иірімдерді көре білуде және ойшылмен бірге жасампаз ізденістер жасауға ұмтылуда болып отыр. Демек, Абайды әрі қарай дамыта алсақ, қоғамды, адамды жетілдіру бойынша жаіаша сөз, ойтолғау, әлеуметтік тетіктер туралы айта алсақ, сонда ғана тарихи тұлғаның рухани және мәдени мұрасын игілікті игергеніміз.

XIX ғасырдың заңғар биігі, ерекше тарихи тұлғасы, өз ұлтының қамын ойлаған ойшыл (ақынды тек «ағартушы» деп оның бір қырымен ғана шектеуге де болмайды, ол өз заманының әмбебап сипаттағы бүкіләлемдік деңгейдегі тұлғасы) Абай Құнанбаевтың шығармашылығы (оның өлеңдері, поэмалары, аудармалары, қара сөздері) қазақ мәдениеті үшін ғана емес жалпы адамзаттың рухани байлығы үшін де орасан зор құндылығы бар тарихи дүниелер. Данышпанға тән көрегендігі бар ғұлама бабамыз өзінің әрбір ойын, тұжырымын, түсінігін өте нақты, дәлелді ойлармен және көркем образдармен бейнелеу арқылы жеткізуге тырысқан. Абай өзінің лирикалық өлеңдерін философиялық ойтолғаулар түрінде жеткізе білген және оның қандай шығармасын алсақ та адамды жақсылыққа, асыл дүниеге ұмтылуға, әсемдікке сүйсінуге баулиды, азаматтарды өзара сұқбатқа шақырады, қоғамда үнемі тәрбиелік міндетін атқарып отырады.

Абай өз заманында бұл дүниенің рухани тұтқасы махаббаттан, шынайы іңкәр қатынастан тұратыны туралы пікірін жан-жақты пайымдаған еді. Абайдың «Үш сүюден» құралған рухани әлемдегі адами қарым – қатынастың ішкі механизмі – алдымен Алланың адамзатты сүюінен, сосын адамның Алланы сүюінен және соңынан – адамның адамзатты сүюінен тұрады. «Бұл айтылған үш хаслеттің иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң – хақимдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар» – дейді Абай, «толық адамның» жетілуі деңгейлерін сатылай көрсете келіп [5, 103 б.]. Міне, осы жіктелеулерден пендеге кәміл мұсылман деңгейіне жетудің өзі біршама сатылардан тұратынын байқаймыз. Кез келген адам үшін осындай белестерді игеру өмір міндеті іспетті. Адами даналықтың көкжиегі осындай талаптарға оңды жауап беруден тұратынын аңғарамыз.

Жоғарыдағы сөздердің астарында ойшылдың пайымдауынша, өзгелерге ғана емес, өзіңе деген сыни көзқарасың – тіршілікте үздіксіз рухани жетілуге негіз болады, Ақиқатқа қарай ұмтылуға мүмкіндіктер ашады дегендей. Өзінің қателіктерін, тіпті кейже күнәларын шынайы мойындамаған жан тәкаппарлықтың құрбаны

болады, рухани тоқырауға, жетілмеушілікке ұшырайды. Адам өз бойындағы жақсы қасиеттерді, өзінің рухани әлемінің құнды тұстарын сыйлауы тиіс, сонда ғана өзінің жеке басының шынайы болмысының мүмкіндіктерін анықтай алады. Бірақ өзінің кемшілігін көрмеген, осал тұстарын байқамаған, оны жеңуге ұмтылмаған кісі рухани кемелденуден алшақтай түседі. Ақын «тіршілікте адам қателіктерге толы жолға түсіп кетуі де ғажап емес-ау» деген ойды ортаға салады, көпшілікті бұл мәселе төңірегінде үнемі ойланып, қырағы болуға шақырады. «Қара сөздердің» 15-шісіне назар аударсақ, онда әрбір тұлғаны жауапкершілікке, қырағылыққа шақырғанын байқаймыз [5].

Кейінгі ұрпаққа қаншама жоғарғы деңгейдегі нақыл сөздерін, рухани тағылымдарын айтқанмен ойшыл өзінің де басқалар сияқты қарапайым табиғи қырлары бар екенін, рухани жетілу әркімге де парыз екенін жасырмайды. Міне осындай әлеумет алдындағы ашықтыққа бару үшін адамға нағыз азаматтық тазалық қажет, рухани шынайылық керек. Ал енді өзінің ғұмырында басқаларға тек ақыл айтуды, басқаларды сынауды ғана мақсат еткен адам өзін өзге жұрттан біршама биіктете түседі. Бұл тәкаппарлықтың белгісі. Даналардың ілімі өзінің дүниетанымдық адалдығымен, әлеуметтік дамудағы рухани заңдылықтарды айқындаудағы шынайылығымен, қарапайым ақпейілділігімен, көңілінің жомарттығымен кейінгі ұрпаққа құнды және үлгі.

Абай ұстанған «Адамзаттың барлығын сүй, бауырым, деп» деген қағидаға сәйкес келу қарапайым азамат үшін қиынның қиыны сияқты және ал қазіргі заманның дараланған жандары үшін орындалуы күрделі асқақ міндет іспетті. Прагматизм мен технократиялық даму жолындағы пенде бір-біріне рухани қатынастан алшақтай түскендей.

Одан әрі қарай Абайдың адамсүйгіш көзқарастарына тағы да назар аударсақ, онда ол ғылымның адам өміріндегі орны туралы өз тұжырымдарын төмендегі жолдар арқылы келтіреді: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр . Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат –

хұрмет таппақ секілді нәрселердің махаббаты мен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды» [5, 104 б.]. Абай үшін Ақиқаттың сырын ұғуға тырысу – нағыз әлемге деген риясыздықтан, шынайылықтан басталады және одан туындайтын іс-әрекет жасампаздық қасиетке ие болады.

Әрине Абайды біз қазақ халқының маңдайына біткен алтын жұлдызы іспетті жеке дара, алып әрі қайталанбас кемеңгер тұлға дейміз. Абай шығармашылығындағы дүниетанымдық-философиялық мәселелердің аксиологиялық қырларына тоқталу қашан да орынды. Қоғам бір орында тұрмайды, үнемі өзгерісте болады және ол өзінің даму кезеңдерінде әртүрлі әлеуметтік-саяси, экономикалық қиыншылықтарды басынан өткізеді. Дегенмен, сол дағдарыстардан шығудың бірден-бір жолы алдымен руханият әлемін ретке келтіру болып табылады, яғни азаматтардың рухани құндылықтарға бет бұруы. Сондықтан құндылықтар әлемі үнемі өзекті мәселелер санатында екенін мамандар байыптауда [6].

Абай өзінің: «Қара сөздерінде» руханияттың нақты дүниедегі көріністерін сыни-жасампаздық сипатта пайымдап, халыққа рухани өсиеттер түрінде жеткізген. Ойшыл өз шығармашылығында этникалық қауымдастыққа тән ділдік негіздердің сан қырлы тіндерін, астарларын құндылықтық бағалаулар тұрғысынан айшықтаған, сонымен қатар бұқара көпшілік барынша үйреніп, әдеттеніп кеткен әрекеттердің осал тұстарын көрсетіп береді. Әдеттенген таптаурын болып кеткен дүниелердің қайшылықты табиғатын сыни тұжырымдау тезінен өткізеді және олардың әлеуметке прогреске қызмет етпейтіндерін анықтап, шынайылықпен талдаулар жасайды. Әрине осындай талдаулар және қоғамның дамуы үшін қажет және осы әрекеттердің әдіснамасы заманауи қоғамдық сана үшін де маңыздылығын жойған емес.

Абай өз шығармашылығында орыс мәдениетінің озық үлгілері арқылы Батыс мәдениетінің мәйегінен сусындауға шақырады және философия саласындағы классикалық Батыс стиліндегі ұғымдар мен түсініктерді көп қолданбағанымен, ол халықтың ішкі мәдени

дамуының нәтижесінде қалыптасқан ауыз әдебиеті, фольклор сипатындағы рухани-құндылықтық және этнолингвистикалық байлығын игеруге тырысты. Шығыстың араб-парсы мұсылман мәдениетінің қазақ жеріне жетіп, ұлттық болмыс-бітімімізге барынша сіңісіп кеткен дәстүрлі пайымдауларын, тұжырымдарын барынша ұтымды және дарынды пайдаланып, шығармашылығын адамсүйгіштік, этикалық-гуманистік негізде өрнектегенін атап өтуге болады [7].

Абайдың дүниетанымына қайнар көз болған негіздерге тоқталғанда жоғарыда аталған екі сыртқы бастаумен қатар халқымыздың ішкі дүниесінің мәйегін құрайтын негізгі халықтық рухын, дәстүрін сақтаған фольклордың маңыздылығына тоқталу қажет. Осы орайда Ғарифолла Есімнің орынды пайымдауынша, сан ғасырлық далалық тарихымызда «... халық рухы тарихи сергелдендер заманында өшіп жойылмай, көркем сананың ерекше формасы фольклорда сақталып қалды» [8, 356 б.]. Әрине, халықтың тіл мәдениеті өзінің сан қырлы көріністері арқылы үнемі дамып, кемелденіп отырды, қазақ даласында басқа көрші мемлекеттердегідей қалалық мәдениет кең етек алмағанмен рухани мәдениеттің ерекше саласы – ауыз әдебиеті халықты біртұтастандырушы, рухани құндылықтарды қордалаушы негізгі тетікке айналғанын атап өту керек. Абай осы рухани байлықтан, тамырлардан толықтай сусындаған, оны өзінің дүниетанымында сыни талдаулар жасау арқылы игерген тарихи тұлға.

Қазақтың өмір салты, этникалық дара келбеті ғасырлар бойы дәстүрлі құндылықтар негізінде қалыптасқаны белгілі. Әрине, оның дүниетанымдық, этногенезистік, тарихи эволюциялық, онтологиялық және элеуметтік-психологиялық қырларын Абай өз шығармашылығында «терең ғылыми тұрғыда игермеді, зерттемеді» деп талап қоюшылық – үлкен рухани әбестік, кәсіби үстірттік болар еді. Өйткені, Абай жеткен рухани және шығармашылық жетістіктің өзі ғаламат зор дәреже және оның маңыздылығы өз замандастарының мәдени деңгейімен салыстырғанда көш ілгеріде тұрғандығын мойындауымыз керек. Абайдың дүниетанымдық

көкжиегінің көтерілген шамасы өткен ғасырдағы қазақтың этникалық санасын сипаттайтын тарихи дерек ретінде жалпы халқымыздың рухани әлемінің кейбір даму векторларын, деңгейін танытады, рухани құндылықтық бағдарларынан ақпараттар береді.

Ойшылдың құндылықтар жүйесінде, дүниетанымдық әлемінде озық үлгідегі нағыз гуманистік, рухани бағдарлар көркем образдар және танымдық түсініктер сипатында көрініс бергені және басымдық танытқаны белгілі. Сондықтан ақынды таза поэзияның ғана өкілі деп атамаймыз, ол «адамзаттың даналық әлемінің көрнекті тұлғасы» деген атқа лайықты. Осыған орай төмендегідей ғылыми сараптамалық тұжырымдарымен келісуге болады: «Абайды ақын деп сөзсіз мойындап отырғанымызбен, оның дүниетанымында қай сананың (философиялық немесе көркемдік сананың) басым екенін айыру мүмкін емес. Абай өмірге бірде тек ақын көзімен, бірде тек ойшылдықпен қарамаған, оның дүниеге көзқарасы өзін қоршаған ортаны тұтас қабылдаудан туған. Ақын өз заманының тұнып тұрған әлеуметтік қайшылықтарын тұтас қабылдап, «ауыр ойды көтеріп ауырған жан» [9, 360 б.].

Абайдың тұтастанған дүниетанымында негізінен дәріптеген рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесінің құрылымы өзара тығыз байланысты үш салаға бөлінеді. Алдымен ойшыл өзінің құндылықтар жүйесі иерархиясында адамзат үшін, жеке адамның тұлғалық рухани жетілуі үшін маңызды құбылыс ретінде ғылым мен білімді бәрінен жоғары қояды, одан кейін дін мен мәдениеттің маңызды орындарын өз шығармашылығында көркем сөздермен нақты анықтап береді. Шын мәнінде Абай тұлғасы мен көзқарастары заманауи әлемге нендей сипатымен құнды деген сауалдар туындайтыны анық. Ол қоғамды бөлшек-бөлшек етпей, тұтастай қарастыруға шықырады. Демек, дін, мәдениет және ғылым өзара біріге отырып адамның рухани кемелденуіне қызмет ететіндігі тұжырымдалады. Қазіргі Қазақстанның игілікті мақсаттарының бірі – интеллектуалды ұлтты қалыптастыру болса, осы жерде жоғарыдағы формула ұлттық кодымызға айналуы тиіс. Әрине, мемлекетіміз көптеген өркениетті елдер іспетті зайырлылық

қағидатын әлеуметтік кеңістікте барлығынан жоғары қояды, бірақ ол діннен бас тартпайды және оны әрбір азаматтың жеке таңдауы деп біледі. Дегенмен, білім мен сенім бір-бірін толықтыратын рухани феномендер екені бекер тұжырымдалып отырған жоқ.

Адам болам десеңіз бес нәрседен: яғни өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақтық (ысырап) аулақ бол, керісінше, бес нәрсеге: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым деген қасиеттерге ие бол! деп тайға таңба басқандай қылып жаман мен жақсыны, адамдық пен арамдықты, кісілік қасиет пен жануарлық тірлікті, бір-біріне қарама-қайшы түсініктерді ажыратып береді. Бұл құрылымдарға «асыл іс пен дұшпан» деген ат беріп, жастарға қайсысынан үлгі алу керектігін ашып көрсетеді. Осындай тұжырымдардың түп негізін, терең астарларын философиялық сыни көзқарас тұрғысынан қарастырған маман үшін де, немесе ақынның құндылықтар жүйесіне бойлаған оқырман үшін де маңызды. Ақынның даналыққа толы гуманистік түйіндері ізденушіні алдынан айқын көрініс беріп отырады. Дүние егер ақпарат пен қуаттан құралған болса, онда осы қуаттың маңыздылығы оның жасампаздықтың кілтiне айналғанында екені пайымдалғандай әсер қалдырады.

Абайдың жоғарыдағы келтірілген «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің дүниетанымдық, құндылықтық маңызын бағалай келіп, қазақтың белгілі жазушысы Мұқтар Әуезов былай деп тұжырымдайды: «Ел ішіндегі жас желеңге Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы да програмдық бір өлеңі осы деуге болады. Бұнда Абай адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы – ғылым дейді. Осы өлеңнің әр кезінде сол ғылымды Абай шап-шағын дүние деп бағаламайды. «Ғылым» деген сөзді әдейі бірнеше қайырып қолдану арқылы ұзақ өрісі бар терең білім деп таниды. Сол ғылымға талпыну жолында үгіттеп, тәрбиелемек болған жастарды айналадағы көпшіліктің сорақы, бұзық мінездерінен жирентіп өсірмек» [9, 15-16 бб.]. Осындай поэзия мен философия қалыптары ұштасқан, «терең білім» деп аталған рухани құндылықтар әлемін дәріптеген, игерген

және өрбіткен елдің ғана болашағы кең және жаңаланған ұлысын қалыптастыра алатыны айқын.

Әдебиеттер:

1 Абай. Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын // Құнанбаев А. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Жалын, 1998. – 343 б.

2 Тоқаев Қ.К. Тілшілерге берілген сұхбат // Егемен Қазақстан. 17 ақпан, 2022 жыл.

3 Жабағын М. Шежірені жан-жақты зерттеудің маңызы неде? // Jibek Joly TV 02.08.2024 ж.

4 Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. 2020. 9 қаңтар.

5 Құнанбаев А. Қара сөздер. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 154 б. 38 сөз.

6 Қажыбек Е. Тысячеленняя мудрость Абая // Казахстанская правда. 2020. 30 января.

7 Бижанов А.Х., Барлыбаева Г.Г. Абай в современном мире // Казахстанская правда. 17 января 2020 год.

8 Ғарифолла Есім. Абай хәкім // Абай Құнанбайұлы. Ұлы Дала Тұлғалары сериясы. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. – 500 б.

9 Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20 том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 110-136 б.; Абай Құнанбаев. «Қалың елім қазағым...». – Астана, 2006. – 160 б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғамдағы өзгерістерді пайымдай отырып төмендегідей қорытындылар жасауға болады: тұлға тарихи дамудың жемісі, белсенді объективті қызмет пен қарым-қатынастың нәтижесі. Адамның қасиеттері оның өмір салтының әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени және субъектілік-әрекеттік ерекшеліктеріне байланысты.

Тұлға қоғамдық қатынастардың объектісі ғана емес, субъектісі болып табылады. Ол автономиямен, қоғамға қарсы тұру қабілетімен, жаңа әлеуметтік қажетті функциялар мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастырумен сипатталады. Тұлғаның жан-жақты дамуы – «әр адамның тану, мақсаты, міндеті» өзінше алғанда жеке тұтастық. Сонымен қатар, тұлғалық дербестік пен шығармашылық белсенділік өзін-өзі танудың, рефлексия жасау қабілетінің – интроспекцияның, өзін-өзі бағалаудың, өзін-өзі бақылаудың болуын және оларды қоғамның объективті жағдайларымен үйлестіруді болжайды.

Әлемде болып жатқан мәдени ерекшеліктер мен өзгерістер туралы білімді үнемі жаңартып отыру керек. Бұл мәдени айырмашылықтарды түсіну басқа мәдениет өкілдерімен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға көмектесіп қана қоймайды, сонымен бірге әлемді әртүрлі көзқараспен қабылдауға және түсіну көкжиегін кеңейтуге көмектесетін дүниетанымды байытады.

Шығыс философиясы әдетте, адам мен әлемнің үйлесімділігіне жету үшін өзін-өзі тануға және рухани тәжірибеге баса назар аударады. Батыс философиясы қазіргі аналитикалық ақыл-ой мен логикаға назар аударады, рационалды тұжырымдамалар мен дәлелдер арқылы әлемді түсінуге ұмтылады. Екі дәстүр де тұлғаның қалыптасуы және дамуына әсер етеді, бірақ бұл процеске деген көзқарастардың айтарлықтай өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін.

Заманауи тұлға еркіндік пен жауапкершілік принциптерінің синтезі арқылы шығыс ілімдеріндегі өзіндік сана мен үйлесімділікті батыстық жеке дербестік пен парасаттылықты біріктіре отырып қалыптасады. Жеке дамуда үйлесімділік пен тұтастыққа жету үшін екі философиялық дәстүрді де зерттеу маңызды. ұлғаның дамуындағы Шығыстың өзіндік санасы мен рухани үйлесімділігі және Батыстың жеке еркіндігі мен жауапкершілігі екі философиялық дәстүрдің синтезін білдіреді.

Заманауи кезеңде қоғамның рухани өміріндегі құндылықтардың өзіндік келбеті мен сипаты көп өзгерді. Бұл құбылысты қоғамдық, тарихи процестегі әртүрлі көріністер, көрнекті тұлғалардың іс-әрекеттерімен байланыстырмай терең түсіндіру мүмкін емес. Соңғы кезде белсенділік танытып отырған діни құндылықтардың ерекшеліктерін, олардың ғылыми, этникалық дүниетанымға тигізген ықпалын жаңаша сараптау керек. Осы жолда еліміздің мұсылман қауымы атқаратын істер өте ауқымды және ғалымдардың көмегінсіз оны атқару қиындыққа түседі.

Рухани тәуелсіздігіміз басқа елдің зерттеушілерінің бізді бағалаған еңбектеріне тәуелді болуы шарт емес. Осы уақытқа дейін рухани құндылықтарымызды солардың айтқан ойларына сәйкес пайымдаушы едік, әлі де сол үрдіс жалғасуда. Өзімізді өзіміз бағалайтын, өз пайымдауларымызды бөтен жұртқа телітін кезіміз жетті. Қазақтың болмысына, мәдениетіне, табиғатына сай келетін, соны айғақтай түсетін рухани тәуелсіздік дәрежесіндегі дүниетанымдық көзқарас тәжірибелеріне, әлемдік және ұлттық мәдени тарихына арқа сүйегенде зерттеу мазмұндырақ шығары сөзсіз.

Әрине, қазақ халқы өзінің рухани келбетін, ғасырлар бойы қордалаған мәдени мұрасын көршілес, үзіңгілес өмір сүріп келе жатқан түркітілдес және славян ұлт өкілдерімен біріге отырып нығайтып, жаңа заманға сәйкес өзінің ұлттық және азаматтық бірегейлігін паш етуі тиіс. Абай өз заманында заманға қатысты сыни ойлау тұрғысынан өз халқымыздың өмір сүру салтына, кейбір кертартпа дүниетанымдық түсініктерге біршама ескерт-

пелер жасады. Бұл қадамдарды өз халқына деген құрметпен қараушылықтан, оның болашағы үшін қам жеуден туындаған әрекеттер деп бағалаған жөн. Кейінгі дәуірлерде осы сыни қатынас қазақ зиялылары арасында жиі кездесе бастады. Жалпы қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық таптаурындар мен құндылықтар жүйесі өзара астасып жатады.

Қазіргі Қазақстандағы биліктің қызметін пайымдау үшін, құндылықтар иерархиясының, саяси дәстүрінің маңызын жоғарыда айтылған рухани, саяси-мәдени мұраны ескерген жөн. Қазақтардың дәстүрлі саяси мәдениетінің өркениеттік дамуымызда, руханияттық тарихымызда барынша ескерген және ғылыми байыптаған орынды.

Кез келген этникалық болмыстың құндылық жүйесін, рухани байлығын бағамдауда сыни талдаудың маңызы зор. Әсіресе, соңғы кездердегі ғылыми зерттеулерде философиялық пайымдаудың ұлттық типін айқындау түсу міндеті алға шыға бастады. Өйткені, философ-маман, мәдениетті игеретін зерттеуші өзі халқының менталитетінен, яғни ділінен, ұжымдық бейсаналық дәстүрлерінен алыстап кете алмайды және оны ғылыми сараптау арқылы ақиқатты табуға ұмтылуы тиіс. Сөйтіп, этникалық сана түкпірінде орналасқан тарихи субъект әлемінде қалыптасқан этикалық-эстетикалық өлшемдердің басымдылықтары мен жүйесі заманауи зерттеушінің сапалы аксиологиялық сараптамаларына да өз әсерін тигізетіні анық.

Қазіргі заманның басымды міндеттердің бірі – жоғарғы саяси-мәдени және құқықтық тетіктерді барынша мықты деңгейде қалыптастырып, оларды тарихи қалыптасу барысында тиімді пайдалану болып табылады. Рухани иммунитетті нығайту арқылы әлеуметтегі жауапкершіліксіздік, жағымпаздық, жемқорлық сияқты теріс мағынадағы қоғамда орнығып қалған қоғамдық мінез-құлықтардың көлеңкелі беттерін жену міндеті тұр.

Жоғарыдағы аталған құбылыстармен қатар этикалық құндылықтарды этникалық сананың құрылымында толығымен сақтап отыру керек. Тарихи эволюцияның сан түрлі соқпақтарының

әсерінен өзгерістерге ұшырап отырған құндылықтар да бар. Сондықтан кейбір моральдық деформациялар қоғамдық санада орын алуы да мүмкін. Әрине, қазақ халқы өзінің рухани келбетін көршілес, үзінгілес өмір сүріп келе жатқан ұлт өкілдерімен біріге отырып нығайтып, жаңа заманға сәйкес өзінің ұлттық және азаматтық бірегейлігін паш етуі тиіс. Рухани интеграциялану Орталық Азия халықтары үшін өте маңызды құндылықтық және тұлғақалыптастырушылық бағдар екені анық.

Ғылыми басылым

**ҚОҒАМНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ КЕЗЕҢІНДЕГІ
ТҮЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Ұжымдық монография

Мұқабаның дизайны: ***Б. Леспек***

Беттеу: ***Ж. Рахметова***

ҚР ҒЖБМ ҒК «Философия, саясаттану
және дінтану институты» ШЖҚ РМК

Басуға 07.08.2025 ж. қол қойылды.
Таралымы 100 дана. Пішімі 60x84 1/16.
Шартты баспа табағы: 18,25.

ЖК «2VLab» баспасында басылып шығарылды.
Алматы қ., Қожамқұлова көшесі, 229 ғимарат, 37 кеңсе.